


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
Х.Б.ТАБЫЛДИЕВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХЫ,
АРХЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯСЫ ҒЗИ



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫ
САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIX-XX ғғ.)»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР
ЖҰМЫСЫНЫҢ**

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

АТЫРАУ, 2025 Ж

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ18

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Утепкалиева К.М., Кайргалиева Г., Ахмет А.Қ., Сапанов С.Ж., Аймуратов С.Б., Алипова Д., Бердіғожин Л.Б., Қуаныш С.О.

Құрастырушылар: Сапанов С.Ж., Абдулов А.Д.

ISBN 978-601-262-580-6

Жинақ *«Қазақстанның Батыс аймағы саяси тарихының өзекті мәселелері (XIX-XX ғғ.)»* халықаралық ғылыми семинар жұмысының материалдар жинағы. «ASU Press» баспасы, Атырау. 2025 ж. - 251 б.

Қазақстан тарихындағы Азаттық қозғалыстар тарихын және тарихнамалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді халықаралық және республикалық деңгейде кеңінен насихаттайды.

Сонымен қатар отандық ғалымдардың, оқытушылар, магистранттар мен докторанттардың ғылыми мақалалары енгізілген.

Жинақтың материалдары жоғары оқу орындарының ғалымдары, студенттері, магистранттары және докторанттары үшін және көпшілік оқырмандарға арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарған тарап жауап бермейді.

ISBN 978-601-262-580-6

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2025
©Издательство ASUPress

«АЙҚАП» – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖУРНАЛЫ

Сүндетұлы Қ.,
тарих ғылымдарының кандидаты,
«Атырау облысы білім және ғылым
қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ-і,
Атырау қаласы

Аңдатпа. Автордың аталған еңбегінде «Қазақ», «Сарыарқа» және «Айқап» журналының жаңа факсимилдің нұсқасының тарихи маңызы сөз болады.

Негізгі сөздер: факсимил, баспахана, уиез, ахун, цензура.

Өткен жылы еліміздің тарих ғылымы саласында, дәлірек айтқанда баспасөзінде сүйіншіленген үлкен жаңалық болды. Белгілі алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнестың жетекшілігімен он кітап – әйгілі «Қазақ» газетінің 1913 – 1918 жылдарды қамтитын 7 томы, 5 томды құрайтын «Айқап» журналының 1911 – 1912 жылдардағы факсимилді 2 томды нұсқасы және Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің қолда бар сандары толық жинақталған 1 томдық басылымдары қолымызға тиді.

Бұған дейін де 1995 жылы ғалымдар Үшкөлтай Субханбердина, Сәрсенбі Дәуітов құрастырып, академик Рымғали Нұрғалиевтың редакторлығымен жарыққа шыққан «Айқап» кітабы да бар бола-тұғын. Дегенмен де, бұл жолғы шығарманың жүгі ауыр болып тұр. Кітаптың құндылығы сол екі жылда шыққан журналдың барлық саны толығымен жарияланып отыр.

Жасыратыны жоқ, өткен ғасырдың 30-шы жылдарына дейін біздің газет-журналдарымыз араб қарпінде жарық көрді. Бұл альфавитті білмейтін ғылымға бет бұрған мен сияқты ізденушілер осы тілдің білікті мамандарының көмегіне сүйенді. Әсіресе, Қазақ Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек қорлар бөлімінің бас маманы болған Толқын Замзаеваның еңбегіне ризашылығымды білдіремін және осы кітаптарды құрастырушылар құрамында болғанына қатты қуандым.

Қазақ баспасөзінің шоқтығы биік журналы – «Айқап», Троицк қаласында татар ағайындарының көмегімен «Энергия» баспаханасында ақын, журналист Мұхамеджан Сералиннің басшылығымен жарық көрді. Профессор Ғарифолла Әнестің «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «Айқап» басына бақ қонған басылым десек болады. Сірескен кеңес заманында да оған тиым болмады, 88 саны көпке қол жетімді болды. Сол себепті оның материалдарын негіз етіп ондаған диссертация қорғалды, басылым мен оның шығарушысы Мұхамеджан Сералин туралы кітаптар да шықты. Бірақ ешкімнің ойына оның факсимилді нұсқасын шығарайық деген ой келмеді. Бұл біздің өткенге, мәдени мұраға деген жадағай көзқарасымыздың көрінісі», – деп, татарлық баспахана қызметкерлері барын салып, қолдарындағы барша ою-өрнек, қаріп кассаларын тегін беріп, журналды түрлі түсті етіп шығарғанына

ризашылдығын білдіреді [1].

«Айқап» журналының 1911 жылғы 12 және 1912 жылғы 14 сандарында ХХ ғасырдың басындағы қазақ қауымының экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалын, тұрмыс тіршілігі мен рухани-мәдени деңгейі кеңінен жарияланды. Журналдың негізгі тақырыптары бұқара халықты – оқу-ағарту мен отырықшылыққа үндеді. Қала болып отырса қазақ балалары үшін мектеп пен медреселер салынып, олардың сауаттылығы ашылар деген үміт болды.

Журналдың төңірегіне ұлтымыздың зиялы азаматтары Сакен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнетаев, Бейімбет Майлин, Бақытжан Қаратаев, Мағжан Жұмабаев және басқа жазушылар мен публицистер жинақталды. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаевтардың шығармалары көптеп басылды. Қазақ баспасөзінің тарихын тұңғыш зерттеуші Хайыржан Бекхожин «Айқап» журналының қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, өнері мен тілінің дамуына зор үлес қосқан қызметіне жоғары баға бере келіп былай дейді: «Оның бетінде халыққа білім беру, мәдени-ағарту мәселелері көтерілді. Медицина, агротехника, ғылым мен техниканың табыстарына недәуір көңіл бөлінді. Журналда, сонымен қатар, әйелдердің намысын қорлайтын (қалың мал, бірнеше әйел алу, теңсіз неке сияқты) феодалдық қалдықтарды жою туралы көптеген мақалалар жарияланды» [2].

«Айқап» журналының беттерін парақтай отырып, бір кездері Орал губерниесінің құрамында болған Гурьев уезі туралы мол деректерге кездестім. Солардың бірқатарына тоқтала кеткенді жөн санадым. Журналдың тілшілері халықты отырықшы болып, егіншілікпен айналысуға, мал шаруашылығын дамытуға назар аударды.

«Айқап» журналының 1912 жыл №3 санынан бастап жарияланған тілші Қозбағар Жастабановтың «Тағы да қазақ жері жайынан» атты мақаласының жалғасын тапқан № 5-6-7 сандарында «Гуриев үйезі» атты мақала бар. Оқып көрелік: «Гуриев үйезі құбыла жағынан Атырау теңізі Закаспи облысы, күн шығыс жағынан Темір үйезі, темірқазық жағынан Ілбішін үйезі, күнбатыс жағынан Бөкейлікпен шектес. Гуриев уезінің жерінің беті судың толқынындай ойлы-қырлы. Көбіне тегістік, биік тау жоқ. Жемнің төменгі жағында оң бетінде Иманқара, Қойқара һәм Сарыниаз деген төбелер бар. Сонан басқа жерлері кілең тегіс дала, өзен-сулардан Жемнің айағы, Шындәулет моласынан төмен қарай (125 шақырымдай) Қайнар (ұзындығы 45 шақырымдай), Тайсойған құмының шымын Ойылға құйатұғын Қарабау ұзындығы (80 шақырым), Сағыздың топырақ сағасының төменгі жері (ұзындығы 145 шақырым) солар бар.

Гуриев үйезінде Тайсойған деген құм бар. Ұзындығы Жанкелдінің басының тұсынан Ойылға шейін 85-90 шақырымдай, ені 50 шақырымдай тағы Сағыздың төменгі жағында бір бөлек кішкентай құм һәм Жемнің оң жақ етінде жағалай бір азырақ құм бар» [3].

Автордың бұл мақаласы журналдың №6 санында да жалғасын табады. Сол кездері үйезде 17 болыс бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, Қызылқоға, Кермеқамыс, Қарабау, Есбол, Сенберді, Гуриев, Қаратөбе, Бұлан, Қарабайлы, Жаршық, Жем, Ақбас, Жем-Атырау, Қарашағыр, Ақжал һәм Бестөбе,

Қарашағыр болысы Шорын (Әлім), Ақжал һәм Бестөбе болыстары Кете. Сондай-ақ, басқа болыстар Байұлына кіреді дей келіп, оның ішінде Жаршық һәм Жем-Атырау болыстары Таз, Қарабау болысы Есентемір Тайсойған, Сенбірді болыстарының көбі Беріш, Ысық, Шеркеш дейді.

Гуриев үйезіндегі қазақтардың пайдасындағы жер 5 385 522 десятиана. Жоғарыда көрсетілген 17 болыстағы адамдардың саны – 125 384, ал 25 077 үй болған екен.

Тілші өз мақаласында үй басына қанша мал бар екенін білмегендігін алға тартып, «Гуриев үйезінің елін шетінен бай деуге болмайды, қарасы жоқ жарлысы да бар һәм шетінен жарлы деуге де болмайды, мың қарасы бар байы да бар» [4] деп, малшы қауымның тағдырына алаңдаушылық білдіреді. Сөйтіп Гуриевтің көшпелі елі малдарын жайлап отырмаса қиыншылыққа тап болатындығын ескертеді.

Журналдың беттерін ақтара отырып, сол кездегі ауыл тұрмысынан көп хабарлар басылғанына куә болдым. Солардың арасында оқу-білімге бас қойған азаматтар туралы да деректер бере кетеді. «Айқап» журналының 1912 жылдың № 12 санында тілші Жұбакін Тілеубергенов «Опат болғандар» атты мақаласын жариялапты. Автор: «Өткен сентиабыр (мизам) жұлдызының 5-нде Бейсенбай ахун Жанетұғлы дүниадан қайтты. Алла тағала топырағын да жеңіл қылып, қалғандарына көркем сабыр берсін. Марқұм Шеркеш ұрығы, Қылышкескен тайпасы, Қарақалпақ аймағының Гурьев уезі, Қызылқоға болысының 9-ншы ауылының адамы болады. Жасынан атасының ыждағатымен мұсылманша жамияты да «Мәулім» ишан, Алаша да, «Едіге» хазіреттен дәріс алып, солардың хатшысы. Міне, Хиуаға барып бес жыл жатып, ғылым тахсил етіп қайтқан бір задтар. Елге келген соң мектеп, медресе ашып, дәріс етіп дүнианың бір түбегіндегі жатқан халық үшін жанын, малын сарп етіп, һәм жерге зор, зор ғылымдар тартуға себеп болған. Мынау Қызылқоға болысындағы марқұм ахун Жанасев, Тұрғали ахун Сәулетпаев, Қаракөл болысында Құрманғали ахун, Тайсойған болысында Ахмет Түйекұлақов деген ахундар, барлығы да осы кісіден ғылым ғасыл еткен. Бұлардан да байтақ моллалар дүниаға таралып, халық арасына ислам төрінің орнасуына себеп болып тұр» [5], – деп жазып, одан әрі дүниеден баз кешкен ғұлама жанның жақсы мінезі, көркем келбеті, табиғатының кеңдігі, халық үшін еңбек еткенін мақтаныш етіп, «осындай бір ғалымның халық арасынан жоқ болуы халық үшін зор шығын» деп өкініш білдіреді.

«Айқап» журналы қазақ даласына кеңінен таралып, қиын-қыстау заманда қыруар қиындықпен дүниеге келді. Патша цензурасының өрттей қаулап тұрған кезінде айыппұлға ілікпей, үкіметтен бір тиында алмай жеке адамдардың қаржысымен жарыққа шықты. Журнал қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайы, тарихы, мәдениеті мен оқу-ағарту ісі, тілі мен әдебиеті қақында келелі сөз қозғаған, шығармаларының денін ғылыми әрі көркем туынды түрінде жариялады.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы, «Халық мұғалімі» атанған Спандияр Көбеев «Орындалған арман» атты кітабында журналдың алғашқы саны қолына тигендегі қуанышын жасыра алмай «менен артық қуанған адам болды ма

екен?» деп, тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көргеніне риза болған. «Біздің тарихшыларымыздың да, әдебиет зерттеушілеріміздің де «Айқап» журналын әлде де тереңірек зерттеп, оған дұрыс баға беретіндігіне менің ешқандай күмәнім жоқ» [6], – деген сөзі, міне шындыққа айналғанына уақыт куә.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Октябрь А. «Арналы мұра ұлтпен бірге жасайды». // – «Егемен Қазақстан». 16 желтоқсан, 2023 жыл.
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860 – 1958). // – Алматы, «Мектеп». 1981. – 230 бет (50 б.).
3. Жастабанов Қ. «Гуриев үйезі». // «Айқап» журналы. 1912 жыл. / Құраст.: Ғ.Әнес, Т.Замзаева, А.Мырзағали. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 672 бет (217 б.).
4. Жастабанов Қ. «Гуриев үйезі». // – «Айқап». № 7. – 1912.
5. Тілеубергенов Ж. «Опат болғандар». // – «Айқап». № 12. – 1912.
6. Көбеев С. Орындалған арман. // – Алматы, «Жазушы». 1988. – 270 бет (164 б.).

БҰРЫНШЫҚ ЛАГЕРЛІК ПУНКТИ ТАРИХЫНАН (1934-1950 ЖЖ.)

Ахметова У.Т.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,
Атырау қаласы*

КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы 1932 жылдың 5 қыркүйекте №858/с бұйрығымен Каспий теңізіндегі Прорва аралында Прорва еңбекпен түзету лагерін құру туралы шешімін қабылдады [1]. Провлаг Кеңестер Одағындағы 14-ші құрылған лагер болатын [1, 32б.].

1934 жылы 1 маусымдағы құжатта Провлагтың Прорва, Астрахан, Бурунчук, совхоз, жинақталған рота, Бірінші мамыр совхозы, №1, 2, 3 Шаланд, ВОХР өзге де бөлімшелері көрсетілген. Оларда 9347 ер, 843 әйел адам тіркелген. Соның ішінде Прорвада 2974 ер, 187 әйел адамдар, Астраханда 2229 ер, 214 әйел адамдар есепке алынған [2].

1935 жылдың 23 қаңтарындағы Лагерьлердің бас басқармасының басшысы М. Берман өз есебінде Прорва лагерінде 10 583 адам болғанын жазады[2]. Осы жылдары Гурьевтегі тұтқындарды әкелу және әкету Астрахань теңіз жолы арқылы еңбекпен түзету лагерінің пароходтары арқылы жүргізілген. Лагерде сотталған саяси қылмыскерлер жалпы контингенттің 10-15%-ын құраған.

Провлагтың 1937 жылғы есепті жылында лагерь құрамында: 1-ші Прорва бөлімшесі (Прорва аралы), 2-ші бөлімшесі Астрахань қаласында, Бұрыншық лагерь пункті Бозашы жартыаралының Бұрыншық мүйісінде,

Гурьев лагер пункті, өңдеу секторы, өндіру секторы, Басқарма қаржылық бөлімі және көлік бөлімі Гурьев қаласында орналасқан [3,10п.]. Осы жылы теңізде тұрып балық аулайтын кемелер 4 орында Гурьевте, Астраханда, Мумрада және Бұрыншықта тұрып, қыстап балық аулаған [3,12п.].

1939 жылға арналған КСРО НКВД Прорвлагтың өнеркәсіптік жоспарын қарау жөніндегі хаттамасында лагерь басқармасы Гурьев қаласында орналасқан және 4 лагерлік пункттен: Астрахань, Гурьев, Бурунчук, Мумрадан тұрған. Лагерь орташа есеппен 5000 адамды қамтыған [4, 96 п.].

2021 жылы 21-25 шілде күндері «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» атты ғылыми жобасы аясында жоба мүшелері және «Торус» компаниясының қызметкерлері «Сарайшық – Прорва – Бұрыншық – Атырау – Сарайшық» экспедициясына шықты. 21-22 шілде күні Атырау облысы Жылыой ауданындағы «Морской» кен орны маңында зерттеу жұмыстарын жүргізілді. Зерттеуге алынған аумақта 1932-1950 жылдар аралығында сталиндік жазалау мекемесі – «Прорва лагері» орналасқан [5].

Экспедиция мүшелері 23-24 шілде күні Маңғыстау облысы аумағында орналасқан Бұрыншық лагерлік пунктiнiң (4 бөлімінің) орнын іздестірдік. Прорвлагтың Бұрыншық 4 бөлімінің орнын табуға жергілікті 1976 жылғы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе аудан орталығының тұрғыны азамат Үркімбаев Амантайдың жол бастауымен және жергілікті тұрғындардан сұрастыра келе, лагерь орнын біледі деген 1950 жылы туған Бұрыншықтың байырғы тұрғыны Дауылбаев Смағұлмен кездесіп, оның айтуынша да «қарттардан естігеніміз бұрын ұсталғандар отырған осы жер деп, ертіп келіп көрсеткен болатын. Айтуынша кейін лагерь жабылғанда бұл орынға әскерилер қоныстанған.

Ал архив құжаттарында Бұрыншық лагерлік пунктi 1934 жылы 1 маусымда ашылып жұмыс жасаған [6, 15 п.]. Кейін Бұрыншық лагерлік пунктi 4-ші бөлім атанып, одан соң 1943 жылдан 1950 жылға дейін командировочный пункт болған.

Кеңес дәуірінде жаңа колхоз ұйымдастырылып, «Жандауыр» (ол «Жаңа дәуір» колхозы туралы айтып отыр) деп атаған бұл жерді», дейді Смағұл ағай. Ал лагерь неге «Бурунчук» аталды деген сауалға бұл жерді о баста қазақтар теңіз аралының тұмсығын Мұрыншық деп атаған яғни, теңіздің мүйісі, тұмсығы, қолтығы деген мағына береді, лагерьге келген орыстар «Мурунчук» деп, кейін құжатқа «Бурунчук» деп түскені ғой деп түсіндірді. Одан әрі лагерь тарағаннан кейін әскерилер келгенін айтады. Біз жақындаған лагерь орны қоршау ішінде қалған.

Қазіргі таңда бұл объектіде 1979 жылы ашылған «Арман» газ-мұнай кен орны, қазірде қазақ-қытай бірлескен компаниясы орналасқан. «Арман» мекемесінің басшысы Сүйірбаев Алмембет Қаршығаұлының рұқсатымен мекеме аумағына еніп, зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Лагерь орны түпкілікті жойылған. Жаңа мекеме ескі орынның көп бөлігін күреп, жаңа өндіріс ғимараттарын салып, асфальттап тастаған. Бұрынғы мұнайшы Алмембет Қаршығаұлының Сүйірбаевтың айтуынша, бұл жерде құпия әскери лагерьдің

орны болған және жаңа мекемені салар кезеңде бұрынғы қоныстан әскерилердің күзет мұнарасы, бес жұлдызды бейіт және лагерь құдығы қалғанын айтты.

Таушық елді мекенінің тұрғыны Қанбибі Қосшықызымен кездесіп видеоқұжатқа түсірген болатынбыз. Қанбибі Қосшықызы 1928 жылы Құлтайда дүниеге келген. Қазіргі уақытта Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Таушық кентінде тұрады. Құлтай мекені ол Бұрыншық лагерлік пунктінен (4 бөлім) 40 шақырым жерде орналасқан. Тұрмысқа шыққаннан кейін Жандауырға келген. Қанбибі Қосшықызының айтуынша, Бұрыншық лагерлік пункті - «Арман» газ-мұнай кен орнына салынған [5].

Қанбибі апай лагерді көзімен көрген. Бұрыншық л/п ғимараттары мен құрылыстары қарағай ағашынан және кірпіштен салынғанын айтты. «Күзет мұнарасы ағаштан салынған. Шатырлары үшбұрышты пішінді болды. Ғимараттар мен құрылыстардың саны шамамен 40-50 болған, онда шамамен 100-150 тұтқын ұсталды. Орталықтың лагерьмен байланысы негізінен суда, кейде ұшақпен жүзеге асырылды. Көптеген пароходтар мен кемелер жүзіп жүрген порт айлағы болды. Прорвада порт айлағы бірнешеу болған. Лагерь оқшауланған, жергілікті тұрғындар балық аулауға тартылмаған. Лагерьде тұщы жер асты суы бар құдық болатын, жергілікті тұрғындар сол құдықтан лагерь рұқсатымен ішіне кіріп су алған, өйткені, бұл жерде ауыз су тапшылығы болды. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындар лагерьдің дәрігерінен ауырғанда көмек сұрап, ем қабылдаған. Шұбат пен арақты лагерь жұмысшыларының киіміне алмастырғандығын», - деп еске алды Қанбибі Қосшықызы.

Одан әрі «Дүйсекеннің кемпірі» атанған Қанбибі әжеміз естелігінде бейіт туралы «Бұрыншық» лагерінің басшысы шет елге радиостанциямен хабар беріп отырған жерінен ұсталып, орнынан алынғанын жеткізсе, ал ауыз екі мәлімет бойынша өз-өзін атып өлтірген деседі. Сол лагерь басшысының бейіті сақталғанын айтты. Лагерь орнын аралау барысында басына қызыл жұлдыз орнатылған бейітті таптық. Кірпіштен салынған күзет мұнарасы да әлі бар, мекеме қақ ортасында жер асты құдығы қазірде сақталған.

Бұл құдықтың қазіргі мекеме қақ ортасында орналасқандықтан, барып көруге рұқсат етілмеді. «Бұрыншық» лагері туралы білетін көнекөз қариялардан осылайша сұхбаттар алынды. Зерттеу жұмыстары барысында көптеген күнделікті тұрмыс бұйымдары, ауға салатын грузила тастар, шегелер, лагерь аумағын қоршаған тікенек сымдар және жеркепе (подвал, блиндаж) орны, басқа да жәдігерлер табылды. Жәдігерлер жинағы сипатталып, жүйеленіп музей қорына тапсырылды. Қосымша Н-де берілген.

Бозашы түбегінің солтүстік жағалауында (қазіргі Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының аумағы орналасқан және Каспий теңізіне тікелей шығатын жері бар (географиялық координаттары: 45°24' с.е. 51°47' ш.б.)). Бурунчук лагерлік пункті ең алыс бөлім болып табылады. Астрахань қаласынан кемелердің тура жүру бағыты бойынша қашықтық шамамен 780 км құрады [7] (Қосымша Қ).

Көріп отырғанымыздай, лагерь пункттері мен бөлімшелерінің географиялық орналасу ерекшеліктері Каспий теңізінің солтүстік және

солтүстік-шығыс бөліктерінде ЕТЛ балық шаруашылығы қызметін тиімді ұйымдастыруға бағытталған Прорвлагтың (Астраханлагтың) аумақтық-ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыруға ықпал етті.

Мысалы, Бұрыншық лагерінің орналасуының физикалық және географиялық факторларының бірі-1930 жылдардағы Г.Н. Панин бастаған зерттеушілер: «Бозашы түбегінің жағалауы едәуір аз кесілген, әсіресе, оның солтүстік бөлігі, Бұрыншық түбегіне батыс бағытта 20 км тереңдікке дейін созылған жалғыз шығанағы бар. Жағалаудың көптеген жерлерінде тұщы құдық суы бар, жеке ағаштардың шағын топтары кездеседі, одан әрі оңтүстік-батыста, жағалаудың әртүрлі жерлеріне жеке ағаштар шашыраңқы орналасқан. Мұнда қамыс өте аз, бірақ жердегі өсімдіктер Гурьев жағалауына қарағанда бай екенін көрсетті», - деген тұжырымға келген [8, С.3.].

Прорва (Астрахань) ЕТЛ балық шаруашылығы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің балық ресурстарымен тікелей байланысты болды. Жоғарыда сипатталған табиғи-климаттық жағдайлар Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде вобла, сазан, көксерке, майшабақ, табан, пузанка, белуга, бекіре, шоқыр, тікен, ақ балық, жер, шортан, мысық, алабұға, чехон, шпагат және өзге де тұщы су балықтарының түрлеріне қолайлы жағдай жасауға ықпал етті [80, С.157].

Сонымен қатар Каспий теңізінің бұл бөлігінде кәсіпшілік құндылығы бар итбалықтар мен шаян тәрізділер мекендейді. Дәл осы физикалық-географиялық жағдайлары Прорвлагтың, соның ішінде Бұрыншықтың аумақтық-ұйымдастырушылық құрылымына және шаруашылық қызметіне әсер етті.

И. ТАЙМАНОВ ПЕН М. ӨТЕМІСОВ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХАНЫНДА

Нығметов Б.С.,

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Атырау қаласы

Андатпа. Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған ұлт-азаттық қозғалысты зерттеу әдіснамасының проблемалары. Өзінің саяси тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу отандық тарихтың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының тарихында И.Тайманов пен М.Өтемісовтің басқарған қазақ халқының 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыс, азаттық үшін күрестің жаңа деңгейге көтерілуіне мұрындық болды. Елдің азаттығы жолында ұлттық сана мен сенім қалыптастырып, шыңдады. Еліміздің өркениет жолын таңдауда, оны жүзеге асыруда зор маңызға ие болды.

Негізгі сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, Қазақстан тарихының тарихнамасы, отарлау, тарих ғылымының әдіснамасы, зерттеу әдісі, өркениетті тәсіл.

XIX-XX ғасырлардағы Қазақстанның Батыс өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарының шыңы 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің көтерілісі екендігі ешкімнің таласы жоқ екендігі бәрімізге аян. Көшім Есмағамбетовтың Махамбеттің 200 жылдығына арнаған «Азат рухтың күрескері» атты жинағында «Махамбеттің қарадан тусын, ханнан тусын, ел мүддесіне қызмет еткен, оның азаттығы үшін жанын пидә еткен адам артық, оның құндылықтары мен өмірлік мұраттары осымен ғана өлшенеді»-деп, ұлт-азаттық қозғалысының негізгі қағидаттарын дәл көрсетті.

Біздің ойымызша, Көшім Лекерұлы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарының классикалық методологиясын, тарихнамасын бірізділікке келтірген, ақиқатында негізін қалаушылардың бірі деп айтуға толық негіз бар, өйткені оның еңбегінде айтылған тұжырымдар – соның айғағы. Назар аударайық: біріншіден, тарихи құжаттарға мойынсұнбай, кеңес заманында жасалынған тұжырымдардың бәрін бірдей қайта қарау, ақты қара, қараны ақ деп жазу және оны «жаңа методологиялық ізденіс нәтижесі» ретінде көрсетуге тырысушылық ғылыммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Екіншіден, орыс философиясы тарихында «құдайізденімпаздық» және «құдайжасамдық» деген ағым болды. Сол сияқты хан шапанын жамылған «орыс ойлы» адамнан тарихи тұлға жасауға ұмтылушылық Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов күресінің мақсаты мен мұраттарын айналып келгенде теріске шығаруға саяды. Тірісінде бітіспеген антиод екі күштің екеуін де мадақтап, оларды бөліп жатқан терең ордың үстінен бүгінгі заманда көпір салуға талпыныс – тарихи шындыққа қанжар сұғумен бірдей. Қай заманда да тарих ғылымы саясатқа қызмет етіп келді, алайда тарих ғылымын көпе-көрнеу оның құлақкесті құлына айналдыруға болмайды» - деген «тарихи концепциясы» өміршеңдігімен таң қалдырады [1,164-б.]. Ақиқатында сол дәуірдің оқиғаларын шынайы тарихи әдістерді қолдану арқылы баяндау қажеттілігі, кәсіби тарихшылардың міндеті екендігі айдан анық. Зерттеуші өзіндік тәжірибеге сүйене отыра, объективтік және субъективтік жағдайларды талдай отыра, эмоцияға берілмей, «таптық күрес» идеологиясы тарапынан қарамай, төл тарихымызды өркениеттілік әдістер арқылы сараптаудың маңызы зор.

Профессор Талас Омарбеков өзінің пікірін былай деп баяндайды: «Тарихты жазу тарихнама деп аталатын тарихтың өзінің тарихын зерттеуін, ғылымның әдістемелік негіздерін және деректану деп аталатын сан-салалы жазба деректерді, тарихи, археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық мәліметтерді, шетелдік ғалымдар ізденістерін, адамдар естеліктерін және т.б. ғылыми деректерді салыстырмалы айналымға түсіретін ғылымнан жан-жақты хабардар болуды қажет етеді. Сонымен қатар, тарихты жазуға талаптанушылар тарихымызды кімнің көзімен, яғни қандай көзқараспен жазамыз? –деген сауалға беретін өздерінің жауаптарын да айқындап алғандары жөн.

Бұл - тарихымызды жазудың аса маңызды алғашқы мәселесі» - деп орынды айтқан [2,7 - 8 б]. Батыс өңірдегі И.Тайманов пен М.Өтемісов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс, олардың көшбасшылары жөнінде ізденістер Ресейде XIX ғасырдың 30-40 жылдарында бастау алып, көптеген зерттеушілердің ұстанымдары дворяндық-буржуазиялық бағытта болған, Е.П. Ковалевский,

Я.В.Ханыков, Н.Ф.Савичев өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын құжаттарда қалдырғаны белгілі [3].

Ал, Қазан төңкерісінен кейін ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін Қазақстан тарих ғылымына маркстік методология тұрғысынан зерттеу әдістері ендіріле бастады. Бұл бағыттың өкілдері мен олардың негізгі еңбектерін атасақ: Г.Сербариновтың 1925 жылы жарық көрген «Исатай Тайманов 1836-1838 жылдары Бөкей Ордасындағы халық қозғалысының очеркі», Х.Досмұхамедовтың 1924 жылы «Қазақ батырлар: Исатай, Махамбет» мақаласының «Сәуле» журналында жариялануы, А.Ф.Рязановтың 1926 және 1927 жылдары жарияланған «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік үшін қырық жылдық күресі (1797-1938ж.)» және «Исатай Таймановтың көтерілісі (1836-1838ж.)» деген жұмыстары дәлел бола алады.[4.]

ХХ ғасырдың 30-50 жылдар аралығында Батыс өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыстарға тың идеялар мен ізденістер жағынан ерекшеленген зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Бұл кезеңдегі зерттеулер мұрағаттық құжаттарға негізделген біздің ойымызша көтерілістің негізгі себептері, отарлық саясат, жер мәселесі бірізділік бағытында тыңғылықты баяндалды. С.Мұқанов азаттық үшін күресті сипаттайтын поэзияның рөлі туралы, С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы: Зерттеулер мен құжаттар» деген еңбектерін атауға болады. Сонымен бірге М.Вяткиннің, В.Шахматовтың, С.Зимановтың еңбектерінде ұлт-азаттық қозғалыстың барысындағы таптық күрес, шиеленістің күшеюі сарынында баяндалды [5]. Өңірдегі ұлт-азаттық қозғалыс жөніндегі ізденістер ХХ ғасырдың 70- жылдарынан күні бүгінге дейін тарихи кеңестікте өз зерттеушілерін тауып, көлемді монографиялар, келелі еңбектердің жариялануына алып келді. Қазақ тарихында бұл тақырыпқа әлі де талай жас тарихшылар, ізденушілер өздерінің сүбелі үлестерін қосады деген ойдамыз.

Дегенмен де, тарихта өздерінің оймақтай орындарын қалдырған, еңбектері талай зерттеушілердің ізденістерінің нысаны болатын, аға буын өкілдерінің есімдерін атауға болады. Атап өтсек, С.З.Зимановтың, И.Кенжалиевтің басқа да ғалымдардың еңбектерінде Батыс өлкедегі И.Тайманов пен М.Өтемісов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихы жүйеленді, көптеген мәселелер ой елегінен өткізіліп, жаңаша сарапталды [6]. Бүгінгі күні де ұлт-азаттық қозғалыс туралы елімізге белгілі тарихшылар өз ойларын білдіріп, бұл тақырыпты ғылыми тұрғыда зерделеп, өз тұжырымдарын жеткізуде.

Академик Мәмбет Қойгелдиев «Жәңгір хан Ресей патшасының экспанциялық саясатын қазақ қоғамы арасына жүргізуші, әрі өткізуші тұлға», «Исатайдың тұлғасын бүкіл қазақ, орыс қоғамы мойындады, соны ұмытпайық»- деген пікір білдірді. Махамбеттің 200 жылдығына арналған, тарихи деректердің мол қоры негізінде жазылған монография авторы, тарихшы-ғалым Көшім Есмағамбетов Жәңгір ханға орыс тарихнамасында екі түрлі баға берілгендігін саралай келіп, «Патша өкіметіне Жәңгір, өз халқының мұң-мұқтажына жаны жақын адам емес», «барикаданың» өз жағындағы «хан» аталған өкілі, қазақ даласының «тәжірибе алаңы» етіп алған бір бөлігіндегі басқарушы сияқтысы

ретінде ғана керек болды»,-деп ой қорытты. Зерттеушінің «Жәңгір қайталанбас тұлға» ретінде емес, еуропалық тұрмыс-салтқа көшу жөніндегі бастамалармен белгілі күрделі тұлға ретінде тарихта қалатындығына шүбә жоқ»-деген пікірі тарихи таластарға нүкте қойды,- деп тұжырымдаған профессор Лесқали Бердіғожиннің пікірі орынды [7].

XIX ғасырдың барысында қазақ халқы объективтік жағдайларға байланысты күрделі жағдайларға тап болып, сол дәуірде патшалық Ресейге, Қытайға, әлде Орталық Азия хандықтарына бағынышты болу альтернативасы тұрды. «XIX ғасырда қазақ қоғамы шұғыл өзгерістерге түсті және бір тұтастығынан айырылды. Еуразия даласының соңғы ірі мемлекеті Ресей мен Қытай арасындағы қыспақта бұдан әрі «не өмір, не өлім» дилеммасын шешудің алдында тұрды.» [8, 230-б.] Елдің батыс өңірінде патшалық Ресей өз саясатын кеңінен жүргізе бастады. Сол кезде хандық биліктің Ресейге бағыныштылығы артып, оның себептері де баршылық еді. Қазақ халқы неліктен өз болашағын Ресеймен орыс халқымен байланыстырды. Бұл мәселені уақытында еңсеру қарапайым халық үшін өте қиын болды, елдің жақсылары мен жайсандары қырық пышақ болған кез еді. Патшалық Ресей өзінің отаршылдық саясатын қатаң түрде жүргізіп, қазақ халқын менсінбей, жоғарыдан шешіп, өз ойларынша «тон пішіп», шұрайлы жерлерге ие болды. Патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ халқының қарсыласу қозғалысының өршуіне алып келіп, патшалық Ресейге деген заңды талаптар күшейді.

XIX-XX ғасырлар Отан тарихы үшін шешуші кезең болды. Өйткені, қазақ халқының жүз елу жылға тағдырын анықтап берді. Қазақ мемлекеті тәуелсіздігінің символы болған хандық билік отаршыл саясаттың құрбанына айналды. «Астрахан губернаторының үйінде тәрбие алған Жәңгір хан далаға кейбір салт-дәстүрден бастап, жер қатынастарын, салық саясатын және хан сарайын қоса, хандықтағы қоғамдық тұрмыс пен саяси құрылысты қайта құрудың «аристократиялық-өркениетті» жоспарларын ойластырып оралды. Ол өзіндік салт-дәстүрі бар жартылай көшпелі қазақ қоғамының негізінде хан билігі мен патша тағының саясатына бірдей дәрежеде құлақ асатын, өзінше бір «сауатты» аймақтық хандық құруды ойластырды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі қауымдар ханның бұл «жаңалықтарын» қабылдауға әзір емес еді.» [9, 337-б.]

Батыс өлкедегі XIX ғасырда Исатай мен Махамбет басқарған ұлт-азаттық қозғалысына назар аударған зерттеуші Жәңгір ханға неге қарсы болғандығын, не үшін жан алысып, жан беріскендігі жөнінде сұрақтарға жауап іздейтіні айдан анық. Біз академик Көшім Есмағамбетовтің пікірлерімен толық келісеміз. «Жәңгір атасы Айшуақтан бастап қазақ даласында орыс саясатын жүргізуші, отарлық тәртіпті нығайтушы болды. Жәңгір заманында жат жұртшылық езгісі күшейіп, хан билігі орыс әкімшілігі жүйесімен ұласып кеткенді. Хан орыс самодержавиесінің шаруашылықты жүргізудің помещиктік жүйесінің, дворяндық білім мен мәдениеттің жақтаушысына айналды. Алым-салық халықты ақсирақ етті. Оған қоса ар мен әділеттілікті аяқ асты етушілік сұлтандар мен хан төңірегіндегі сайлаулы билерге, Қарауыл секілді қожаларға дағдылы іске айналды. Әсіресе, жерден айырылуы халықты хатты ашындырды.

Осы кезде ел тәуелсіздігі мен жер мәселесі ажырамас ұғымға айналды. Жайшылықта қой мінезді қараша батырлардан пана іздейтін ежелден бері келе жатқан дәстүр бойынша Исатай мен Махамбетке мұңын төкті» [10, 163-б.]. Қазақ халқының ұлттық санасына өзіндік із қалдырған, Толыбайұлы Қожаберген (1663-1763) – XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген жыраудың

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезің деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді,

Хан, сұлтан, төре күні өткен деді. - деген толғауы қазақ халқының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының жадында еді. Осы кезден бастап халқымыздың ақсүйектерге, төре, қожаларға деген көзқарастары өзгере бастады. Батыс өлкедегі 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс барысында бұл тұжырымдардың аясы кеңіп, ақырында хандық билік, төрелерге деген сенім азайып, олардың билік құрылымы ретінде жойылуына итермеледі. Ақырында, билік қарапайым халық арасында өз беделінің төмендеуіне жол берді. Бұл болашақта тарих аренасынан хандық биліктің жойылуына алып келді.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтерілістің жеңіліске ұшырауы заңды еді, бірақ та басты құндылығы, тарихи маңызы - өшіп бара жатқан халықтың рухын көтеріп, азаттық үшін күресте жандарын пидә еткен көтерілісшілер халықтың жадында қалып, күні бүгінге дейін тарихымыздың ең бір талқылауға түсетін кезеңдері екені және тарихи санамызды қалыптастырушы фактор екендігі даусыз. Иә, көтерілістің дұрыс ұйымдастырылмауы, нақты мақсатының болмауы, басқа көтеріліс ошақтарының басшыларымен байланыстың жолға қойылмауы, патша жендеттерінің мұздай қарулануы көтерілісшілерді жеңіліске ұшыратты. Және де көтерілісшілер екі бағытта - әрі патша үкіметіне, әрі хан билігіне қарсы күресуі өте қиын болып, жеңіліске ұшырауға мәжбүр болды. Қорыта келе, біріншіден, көтерілістің ұлт-азаттық сипатын барша зерттеушілер мойындады. Екіншіден, өскелең ұрпақты тарихты қадірлеуге тәрбиелеу басты мақсатымыз. Үшіншіден, егемендік алғаннан кейін ұлт-азаттық көтерілістердің тарихына деген жас ұрпақтың құштарлығын арттыру. Ұлттық мүддеміз - тәуелсіздігімізді сақтап, оны ұрпақтар санасында мәңгілікке қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Көшім Есмағамбетов К.Л. Азат рухтың күрескері. «Өркениет» баспасы, Алматы, 2003. 176 бет.
2. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
3. Ковальевский Е.П. Странствователь по суше и морям. СПб, 1843. Ханыков Я.В. Очерк состояния Внутренней орды в 1841 году// Записки РГО. Кн. 2. 1847. Савичев Н.Ф. Исатай Тайманов, старшина Внутренней орды в

1841 году // Уральские Войсковые ведомости.1876.№43-45,47-51;1877.№1.Сербаринов Гр.Исатай Тайманов (очерк народного движения и Букеевской орде в 1836-1838гг.)Оренбург,1925.

4. Сербаринов Гр.Исатай Тайманов (очерк народного движения и Букеевской орде в 1836-1838гг.) Оренбург,1925. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. А.,1998. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1938г.)В 2-х книгах,КзылОрда,1926.

5. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер.А.,1942.Вяткин М. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова.//М.Вяткин.Очерки по истории КазахскойССР.ТомI. Госполитиздат,1941;Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и востание Исатая Тайманова.А-А,1946.Зиманов С. О политическом строе Букеевской орды// Вестник АН Казахской ССР.1951.№10(79).

6. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. А-А., 1946. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. А., 1979; соныкі. Тайманұлы Исатай. А.,1977;

7. <http://taisoigan.rz/>

8. Артықбаев Ж.О., Жаркешов Е.С. Қазақ мемлекеттілігі: тарихы, саяси және әкімшілік құрылымы,басқару институттары.- Астана:Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016.336 бет.

9. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 бет.

10. Көшім Есмағамбетов К.Л. Азат рухтың күрескері. «Өркениет» баспасы, Алматы, 2003. 176 бет.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ: ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Турдалиев Ә.О.,
т.ғ.к. профессор.

*Атырау инженерлік-гуманитарлық
институты ректоры,
Атырау қаласы*

Қазақстанда Кеңес өкіметінің қоныс аудару саясатын жүргізу мәселесі айшықталған. Орталық билік органдарының қолдауымен осы саясаттың заңнамалық базасын қалыптастыру процесі жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ, немістерді, корейлерді, поляктарды, қалмақтарды және басқа да халықтарды қазақ даласына заңсыз көшіру және кейінгі жылдары Қазақстан аумағына жоспарлы және күштеп қоныс аударуды жүргізудегі Кеңес өкіметінің шаралары туралы айтылады.

Кеңес Одағы көлемінде ХХ ғасырдың 20-40 жылдары орын алған күштеп қоныс аудару, саяси репрессиялық шаралар тарихы мәселесінің саяси астары мен танымдық жағынан тәуелсіздік жылдары жаңа көзқарас тұрғысынан зерделенуде.

Еліміздің тарихшылары, саясаттанушылары, этнологтары, социологтары мен психологтарының ұлт мәселесін зерттеуге қызығушылық танытуы уақыт талабынан туындаған құбылыс. Бұл мәселенің саяси жағынан басқа, ұлттық саясат мен Қазақстан халықтарының өткен тарихы, олардың өзара қатынастарының, қазіргі кездегі және алдағы мерзімдегі дамуы, бұрынғы КСРО аумағындағы халықтар мен дүниежүзінің әр түкпіріндегі ұлтаралық қатынастардың алуан түрлілігіне байланысты туындайтын ойтүйіндер, осы мәселеге байланысты соңғы кезде көптеген ғылыми еңбектердің жарық көруіне қарамастан, тарих ғылымында қиын, әрі өзекті, күрделі тақырып болып табылатындығына күмән жоқ.

Кеңестік билік тұсында бұл мәселелерді зерттеудегі кемшіліктер туралы көптеген еңбектер жарық көрген. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысынан бастап, “ұлт мәселелері түбегейлі шешілген КСРО” аумағында ұлт мәселесінің өзектілігі басты орын алып, бұл тақырыпта саяси және теориялық тапсырыстардан арылған шығармалар жазыла бастады. Мұндай шығармалардың көбеюіне әсер еткен жағдай, кезінде құпия түрде сақталған құжаттардың жарық көруі еді. Жарық көрген фактілерді бір-біріне байланыстыра зерттеу тарихи процестерге объективті көзқарастар қалыптастыруға, қазіргі кезде дамып келе жатқан ұлтаралық мәселелердің тарихын түсінуге септігін тигізіп, тарих ғылымының теориялық қорын одан әрі молайтты. Соңғы кездерде жарық көрген тарихи құжаттардың қатарында КСРО құрамында өмір сүріп репрессияға ұшырап, күштеп қоныс аударылған, “жазаланған халықтар” жөнінде деректердің көптеп саналады. Оның көптеп жарық көруінің себебі, КСРО-дағы Сталин билігі тұсында жүргізілген ұлт саясатының саяси, психологиялық салдарынан туындайтыны түсінікті жағдай.

КСРО құрамында өмір сүрген көптеген ұлттардың тағдырына өз әсерін тигізген сталиндік ұлт саясаты, кейін одақ көлеміндегі өткен ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысынан басталған ұлт мәселерінің шиеленісуінің бірден-бір себебі болды.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысынан бастап бір ұлттың мүддесін көздеп, “бір халықты” қалыптастыруға ұмтылған ұлтшыл – болшевизм ұлт саясатын жүргізудің басты құралы ретінде патша заманынан қалған күш көрсету, қорқыту, жазалау әдістерін қолданып бақты. Осы кезден бастап-ақ, ұлт саясатын жүргізудің бір формасы ретінде қоныс аудару немесе күштеп қоныс аудару түрлері қолға алынған. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары қоныс аудару ерікті түрде жүзеге аса бастағанымен, Сталиннің билігі тұсында аталған шаралар таптық сипат алып, тарихта “байларды тап ретінде” жойып жер аударған соң, 30-шы жылдарының екінші жартысынан бастап этникалық сипат алып, “этноцид” саясатын жүргізуге көшіп, белгілі бір халықтарды күштеп қоныс аударуға көшті.

1936 жылы қараша айында фашистік Германия мен оның одақтастары өзара саяси келісімге келіп, “Антикоминтерндік пактіге” қол қоюы, аталған саясатты іске асыруды одан әрі үдетті. Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Кеңес өкіметінің ұлт саясатында шұғыл бетбұрыс жасалып, “сатқын, опасыз элементтердің” көбеюін желеу етіп, халықтарды күштеп қоныс аударуға көшті.

Халықтарды күштеп қоныс аудару 1936 жылы басталып, соғыс жылдары аталған шаралар күшейе түсті. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 28 қазан 1936 жылғы қаулысына орай, Белоруссия мен Украинаның шекаралық аудандарынан көптеген поляк халқының өкілдері көшіріле бастады. Бұл жылы Қазақстанға 35820 поляк, ал 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссия аумағы жаулап алынғаннан кейін, жоғарыдағы жерлерден Қазақстанға қосымша тарихта “қоршаудағы поляктар”(польские осадники) аталған поляк ұлты өкілдері көшірілді [1.С.279-380].

Қазақ даласында патша заманында жүргізілген қоныс аудару саясаты кездеріндегідей, қоныс аударушыларға арнайы жер аумақтары белгіленіп, 30-шы жылдары Қазақстан егіншілік комиссариатының, сонан соң республикалық Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) жанынан республикалық Қоныс аудару басқармасы жасақталған.

1937-1939 жылдары елімізге КСРО түрлі шекаралық аймақтарынан азербайжан, курд, түрк, армян т.б., халықтардың өкілдері күштеп қоныс аударылып, Алма-Аты, Ақтөбе, Қызыл-Орда, Оңтүстік Қазақстан, Атырау облыстарына орналастырылды. Жергілікті жерлерде оларды орналастыру жөнінде шаралар жасалып, КСРО ХКК 1939 жылғы 6 қаңтардағы қаулысы мен Қазақ КСР Халкомның 11 қаңтардағы құпия №200 бұйрығына сәйкес оларға белгілі-бір мөлшерде азық-түлік қорынан көмек қарыз (ссуда) беріле бастаған [2. 2-3 пп]. Қоныс аударушыларды орналастыру ісімен Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының ІХК (НКВД) еңбекшілер қоныстары, абақтылар және лагерлер бөлімі айналысты, қоныстанушыларға қоныстанған аудандардан шығуға тиым салынған.

1937 жылы шілде айындағы Қытаймен шекарадағы жапон милитаристерімен қақтығыстан соң Қиыр шығыстан корейлер қазақ даласына көшіріле бастады республика аумағына 95421 адам корей халқы өкілдері күштеп көшірілген [3.С.275-295]. Күштеп қоныс аударылған корейлерді КСРО ХКК 1938 жылғы 20 ақпандағы құпия №201 –34-с, Қазақ КСР Халкомның 3 наурыздағы қаулысына сәйкес, 20 100 отбасыны Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Алма-Аты, Ақтөбе Қостанай, Қызыл-Орда облыстарында орналастыру көзделген. Аталған қаулыға сай, Гурьев облысында 150 отбасы мүшелері өлкенің 1322 балық кәсіпшілігі орындары мен балық зауыттарына, 294 отбасының мүшелері 1028 мемлекеттік кооперативтік кәсіпорындарында орналастыру жоспарланған[4.С.42-51]. Қаулыны жүзеге асыру барысында 1938 жылдың 19 мамырындағы деректерге сай, Гурьев облысының Денгіз ауданында 229, Бақсай ауданының “Вперед” колхозында - 59, “Верный Путь” колхозында - 16, “III Интернационал” колхозында - 36, “Путь Ильича” колхозында - 101, , Еспол ауданының “Сталин” колхозында - 31, “Елтай” колхозында - 10, “Социализм” колхозында - 11, “Передовик” колхозында - 14, “Красин” колхозында - 23, барлығы 323 корейлер шаруашылығы жасақталып, колхоздарға азық-түлік көмек қарызы бөлініп, ақшалай көмек қарыз беру арқылы, оларға арналып үйлер салынып, сатып алынды [4.42-51 пп]. Мұндай заттай, ақшалай көмектің көлемі күштеп қоныс аударушылар көбейген сайын азая түсіп, соғыс жылдары оны мөлшері ең төменгі деңгейге жетті. Аталған

саясат қыруар қаржы қажет етіп, қазына қорын одан әрі азайтқаны белгілі, осыған орай күш көрсету саясаты күшейіп, ішкі істер әскерлері жұмылдырды.

1940 жылы сәуір айында болшевиктердің Бүкілодақтық коммунистік партиясы (ВКП(б)) Орталық Комитеті мен КСРО ХКК шешімімен Солтүстік Қазақстан аумағына 25 мың шаруашылықты көшіру ұйғарылған. 1940 жылы тамыз айында қазақ жеріне 19 408 шаруашылық (90 007 адам) көшіп келген. Орталықтың шешімімен Ақмола облысына 3753 шаруашылық (90 007 адам), Шығыс-Қазақстан облысына 1641 шаруашылық (7445 адам), Қостанай облысына 4279 шаруашылық (21 079 адам), Павлодар облысына 3900 шаруашылық (16 646 адам), Солтүстік Қазақстан облысына 4059 шаруашылық (19 601 адам), Семей облысына 633 шаруашылық (3340 адам), Жамбыл облысына 336 шаруашылық (1567 адам), Алма-Аты облысына 771 шаруашылық (3323 адам) орналастырылды.

1941 жылдың аяғына таман республикада 24 239 қоныс аударушылар шаруашылықтары орналасқан, ол жерлерде 110 мың адам өмір сүрген. Сонымен бірге жоспарлы түрде 13 262 адам көшіріліп, 10 997 отбасы өз ыркымен көшіп келген екен. Жоспарлы түрде Украинадан - 6478, Белоруссиядан - 203, Воронеж облысынан - 1142, Курскі облысынан - 1415, Рязань облысынан - 574 отбасы, Татар АКСР-нан - 917, Чуваш АКСР-нан - 917, Мордва АКСР-нан - 917 отбасы, КСРО-ның басқа аумақтарынан - 1068 отбасы көшірілген [1. 387 с].

1941 жылы 1 сәуіріне таман Қазақстанда жер аударылған 180 015 “еңбекпен жазасын өтеуші” (трудпоселенец) кулактар орналасқан. 1941-1948 жылдар арасында немістер қоныс аударылды. Соғыс жылдары шығыс аудандарға 1 209 430 неміс көшірілген, оның 444 005 адамы респуликамызда орналасып, 27 724 неміс халқы өкілдері майданда шайқасқан [5.С.108]. Көптеген соғыс тұтқындары жергілікті жерлерде орналастырылып, жұмыстар жасаған. Аталған жылдары «Қазақстан халықтар лабораториясы» ретінде қалыптасып, онда жоғарыда көрсетілген «сұмдық тәжірибелер» жасала басталды. Оның нәтижесі - көп ұлтты Қазақстан екені тарихта аян.

1943 - 1944 жылдары Қазақстанға қалмақтар, шешендер, ингуштар, қырым татарлары, болгарлар, армяндар, месхеттер, курдтар, хемшиндер, лазылар, гректер, азербайжандар т.б. халықтар мен олардың өкілдері күштеп қоныс аударылды. Тек қана 1944 жылы Қазақстанға Грузия мен Армениядан 40 мың курдтар жер аударылды. Бүкіл кеңес халқымен бірге соғыс азабын тартқан халық жағдайы есепке алынған жоқ. Соғыс басталған кезде-ақ, курд ер азаматтарын майданға алып, 1944 жылы кеңес аумағы жаудан тазартылып, жеңісті аңсап күткен солдат жесірлері, қарттар мен балаларды қыс кезінде жер аударды. Жол азабына шыдай алмаған 6 мың отбасының әрбір сегіз адамының біреуі қаза болды [6. 58 с].

Соғыс қимылдары біткеннен соң, репрессиялық шаралар, күштеп қоныс аудару саясаты жалғаса түсті. 1949 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша Қазақстанда арнайы қоныс аударылғандар саны 820 165 (112 102 отбасы) адамға жеткен [1. 387 с]. Оның қатарында 21 мың балқарлық т.б., Солтүстік Кавказ халықтары республиканың 145 ауданына орналастырылды. Адам

төзгісіз жағдайда олардың қатарында адам өлімі көбейе түсті 1943-1946 жылдар арасында статистикалық мәліметтер бойынша 73 мың адам қаза болды. Соғыс аяқталғаннан кейін әртүрлі қылмыстар үшін тұтқындалғандар мен еліне қайтқан адамдар саны 31 632 адамға жеткен.

1946 жылы 1 шілдеге таман Қазақстанда арнайы қоныс аударылғандар саны 111 980 отбасы болған. Мектеп жасындағы 89 102 баланың ішінде тек қана 22000 оқушы оқытылды [7. 46 п]. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасы М.Оңдасыновтың КСРО ІІМ министрлігіне 29 тамыз 1946 жылғы хатында арнайы қоныс аударылғандардың 162 865 адамы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласында жұмысқа тартылғандығын жаза келе, олардың үйсіз-күйсіз жағдайына тоқталып, 634 отбасы мал тұратын жерлерде, 11 966 қазақ колхозшылары үйінде тұратындықтарын жазып, оларға тез арада көмек қажет екенін жазған [8. 244 с]. 1949 жылғы деректерге сай Қазақстанда хатында арнайы қоныс аударылғандар саны 820 165 адам болған, оның ішінде 393 537 неміс, 302 526 шешен мен ингуш, 33 08 қарашай, 28 130 поляк, 17 512 балкар, 7513 «оуновшы», 5466 қырымдықтар, 2042 қалмақ, 854 «власовшы», 29 497 Грузиядан күштеп қоныс аударғандар. 1950 жылы мыңдаған ассириялықтар Грузияның астанасы Тбилиси қаласынан Қазақстанға күштеп қоныс аударылған [9. 269 с].

1956 жылы көптеген халықтар ақталып еліне қайта бастағанымен республикада «арнайы есепке алынған» әлі ақталмаған 8028 арнайы қоныс аударылған адамдар орналасқан аудандар көп еді. Мәселен, 1961 жылдың өзінде республикада 56 мың арнайы қоныс аударылған адамдар тұрған екен.

Кеңес билігі кезінде халықтарды күштеп қоныс аудару КСРО халқының құқықтарының қорғалмауының көрсеткіші ретінде, сталиндік ұлт саясатының нәтижесі болды. Халықтарды күштеп қоныс аудару елдегі әлеуметтік қайшылықтарды шешкен жоқ, керісінше, жаңа саяси, экономикалық, идеологиялық, ұлтаралық мәселерді туғызды. Осы жылдардағы деректер, бойынша - ресми мақсат шешендер мен ингуштар террорлық әрекеттерін басу болғанымен, оларды көшіргеннен кейін бұл әрекеттердің өрши түскені белгілі. Сөйтіп ел экономикасын модернизациялап, “даму деңгейін деңгейлестіру” ұранымен халықтарды унификациялауға, этникалық шекараларды жоюға бағытталған саясатты жүргізген “социалистік құрылыстың” барысында болашақ ұлтаралық қайшылықтар негіздері жасақтала бастады. Аталған саясатты жүргізу барысында ұлтшыл-коммунизм, алдын ала жүргізілген шаралар нәтижесінде ұлттық демократияны жеңіліске ұшыратып, заңсыздық пен күш көрсету арқылы федерализм және конфедерализм идеялары бұрмалауға қол жеткізді. Оның зардаптары көп күттірген жоқ, олар әлі де бұрынғы КСРО аумағының кейбір жерлерінде әлі де шешілген күйінде қалды. Осыған орай, сол жылдардың жаңғырығы әлі де естілуі, сол жылдардағы кереғар отарлау саясатының зиянды әсері ХХІ ғасырға жетіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культуры. Алматы, 2000.
2. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты/АОММ/. 885 қ. 1 т. 4 іс.
3. Ким Г. Советские корейцы// История Казахстана: белые пятна. Сборник статьи. Сост. Абылхожин Ж.Б. Алма-ата. Казахстан, 1991.
4. АОММ. 855 қ. 1 т. 36 іс.
5. Белан П.С. Малоизвестные страницы истории советских немцев в годы Великой Отечественной войны//История немцев Центральной Азии: Материалы Международной научной конференции. Алматы, 1998.
6. Надиров Н. Мы, курды – казахстанцы. Алматы, 2003.
7. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты. 708 қ. 15 т. 234 іс.
8. Иосиф Сталин – Лаврентию Берии: “Их надо депортировать”. Документы, факты, комментарии. Сост. Н.В.Бугай. М. 1992.
9. Дымов О. Тепло казахстанской земли. Алматы, 1999.

СЕРІК ҚУАНЫШ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Кайргалиева Г.,

тарих ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

XX ғасырдың соңы және XXI басындағы Қазақстандағы қоғамдық ой-сана үлкен өзгерістерді басынан өткеруде. Бұған еліміздің тәуелсіздігінің нығайып, әлемдік беделінің өсіп, кеңестік құрылымнан арылуы ықпал етті. Осы кезде тәуелсіздіктің негізінде тарихи зерттеулерде өзгерістер болып, жаңаша көзқарастағы зерттеулер пайда болды. Бұндай зерттеулерге Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің де профессор-оқытушылар құрамы да, оның ішінде тарихшылар да өз үлесін қосты. Тәуелсіздік кезіндегі жаңа зерттеулердің кешенді жүргізілуіне жергілікті аймақтық университеттердің ғалымдары да үлес қосты және көптеген әріптестеріміз бар. Олардың қатарында университеттегі еңбек жолын 1991 жылы бастаған тарих ғылымдарының кандидаты Серік Қуанышты атап өтуге болады. С.Қуаныштың өлке тарихының зерттелуіне қосқан қомақты еңбегі «Атырау - Маңғыстау аймағы 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында» деп аталады. Бұл еңбек 2010 жылы Алматыда «Өлке» баспасынан жарық көрген. Бұған дейінгі зерттеулерде кеңестік идеологияның тапсырмасымен Қазан революциясын жағымды тенденция, өлкені алға дамытушы ретінде көрсеткен болса, бұл еңбек 1917 жылғы екі революция кезеңін жаңаша көзқарастағы азаттық идеясы тұрғысынан зерттеу болып табылады.

Кітап 3 тараудан тұрады және олар «Атырау – Маңғыстау аймағы бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңы мен тұсында», «Ақпан төңкерісі және Атырау-

Маңғыстау аймағында жаңа қоғамдық-саяси жағдайдың қалыптасуы», «1917 жылғы қазан төңкерісі Каспий теңізінің қазақстандық аумағында. Азаматтық қарсыласудан азамат соғысына өту» деген маңызды тарауларды қамтиды.

Атырау-Маңғыстау өлкесі Қазақстанның батыс өңіріндегі табиғи байлығы мол, бүгінгі таңда мұнай-газ саласының орталығына айналған қазақ даласының бір бөлігі. Оның көлемі 277600 кв-м құрап, көршілес Өзбекстанның Қарақалпақ автономиясымен, Түркіменстан республикасымен, Ресей федерациясының Астрахан облысымен шекаралас орналасқан. Автор аймақтың әкімшілік-саяси басқаруындағы ерекшеліктерін сипаттау барысында осы жердегі географиялық көптеген атауларды, мысалы, Атырау облысына қарасты Нарын, Тайсойған, Бүйрек, Қарақұм, Маңғыстау облысына қарасты – Сам, Ұялы, Қарынжарық, Түйесу, Қызылқұм, Жылымшық құмдарын атап өтеді [Қуаныш, 2010:8]. Сонымен қатар өзен-көлдері бойынша Жайық, Ойыл, Сағыз, Жем, Үлкенөзен, Кішіөзен, Ақсай, Боқсай, Бүгілөзен, Индер, Жамансор, Айғыркөл, Қарашек атаулары бар. Осы бағытта алғанда бұл еңбекті топонимикалық атауларды зерттеулер барысында да қолдануға әбден болады.

Автор аталған екі өңірдің XIX-XX ғасырлардағы саяси өзгерістеріне талдау жасайды және оның басты себептеріне тоқталады. Аталған кезеңге дейін негізінен біртекті этникалық құрамда болған өңір ресейлік отарлау саясатына байланысты ұлттық құрамында және шаруашылығында өзгеріске ұшырады. Кіші жүздің рулары 1801 жылы Бөкей Ордасының құрылуымен Жайық өзенінің оң жағалауына қарай қоныстану аумағын кеңейте түсті. Әкімшілік өзгерістерге және ресейлік отарлау және қоныстандыру саясаты өңірде орыстардың, украиндардың, татарлардың және басқа да ұлт өкілдерінің пайда болуына әкелді. С.Қуаныш еңбектерінен ізденушілер Бөкей Ордасына және Маңғыстау және Гурьев уездеріне қатысты деректер ала алады. Мысалы, Гурьев уезі әкімшілік жағынан Орал облысының құрамына кеіріп, 1868 жылы қазан айында «Уақытша ереже» негізінде құрылады да құрамында «17 қазақ болысынан (Жаршы, Ақбас, Ембі, Ақжол, Бестөбе, Қарашығыр, Ембі-Атырау, Семберлі, Есбол, Қаратөбе, Гурьев, Қарабайлы, Былан, Кермек, Қарабау, Тайсойған, Қызылқоға) барлығы 177 ауыл, 1 орыс болысынан (Жылқосы) және 3 теңіз жағалауындағы поселкеден (Жилая Коса, Ракуша, Прорва) құралды» [Қуаныш, 2010:11].

Жалпы зерттеуші бұған дейін біркелкі болып келген этникалық құрамның өзгеруіне аймақтағы шаруашылық өзгерістердің пайда болуы, яғни балық шаруашылығы мен мұнай өнеркәсібінің дамуы ықпал етті деп тұжырым жасайды. Осылайша қос өңірді қамтыған аймақта қос революция қарсаңында жұмысшы табы қалыптасты деп айтуға болады.

Ал Маңғыстау уезі алдымен Кавказ әскери округында, кейіннен 1899 жылы Түркістан генерал губернаторлығына қарайтын Закаспий облысының құрамында болған еді. Маңғыстау уезінің құрамында әкімшілік тұрғыдан 10 болыстықтан тұрған: бірінші және екінші Маңғыстау, бірінші, екінші, үшінші Бозашы, Түркімен-Адай, Жеменей, Райымберді, Түпқараған, Түркімен, Николаев, Долгое, Завороть, Құлалы поселкесі мен 89 ауылдан құралып, барлығы 74112 адам тұрған [Қуаныш, 2010:14,15].

Гурьев және Маңғыстау уездерінен басқа бұл аймақта Жайық казак әскерлері тұрды. Олар аймақты 1591 жылдан бастап мекендеп, 6,4 млн десятина жерді алып жатты. 1917 жылы Жайық казак әскерлері 3 бөлімнен – Орал, Гурьев және Калмыково бөлімінен және 33 станицадан тұрған. Гурьев уезінің құрамына Гурьев, Сарайшық, Жаманқала, Орлово, Кулагино 5 станица кірді. Зерттеуші осы Жайық казактарының ішінде Гурьев казактарының ең реакцияшыл болғанын «Гурьев уезінің құрамына кіргенімен де өзіндік автономиясын сақтап қалған казактар ең кертартпа, ең реакцияшыл күш болды», - деп атап өтеді [Қуаныш, 2010:16].

С.Қуаныш қос революция қарсаңында Атырау-Маңғыстау өңірі халоқы негізінен ауылдарда тұрғанын атап өтіп, қалалық қоныстар құрамында Гурьев, Форт-Александровск және Хан ордасы болғанын жазады. Зерттеушінің пікірінше, қала тұрғындары санының артуына негізінен шаруалардың қалаға қонаыс ауаруы, саяси жер аудару, әскери бөлімдердің тұрақты контингенттерінің тұрақтауы, жатақтар санының артуы себеп болды. Осылайша қалаларда этникалық құрамда өзгерістер орын алады. Басқа елдермен салыстырғанда қала халқы саны Қазақстанда өте төмен болды және ол тек 7 пайыз құраған. Мысалы, өткен ғасырдың басында Англияда 75 пайыз, Германия, Франция, АҚШ елдерінде 40-50 пайыз, ал Ресейде 15 пайыз тұрғындар қала тұрғындары болған еді.

Осы кездегі білім саласына да талдау жасаған тарихшы ХХ ғасырдың басында Маңғыстау уезінің орталығы форт Александровскіде етікшілік шеберхана, интернаты бар 1 бастауыш училище жұмыс жасады деп жазады [Қуаныш, 2010:20-21]. Николаев поселкесінде екі кластық училище, бір кластық қыздар училищесі, долгое селосында екі кластық училище, 9 казак және 1 түркімен болыстарында 72 мектеп, 44 медресе болғанын жазады. Ал Бөкей ордасы бойынша осы кезеңде 40 бір кластық, 4 екі кластық мектеп, Хан ставкасында қалалық училище болған. Гурьев қаласында 1915 жылы жоғары төрт кластық бастауыш училище, екі кластық орыс-казак училищесі, бастауыш училище, бірінші медресе жанындағы орыс класы, екінші медресе жанындағы орыс класы, жеке төменгі оқу орны, ерлердің бір кластық училищесі, екі кластық қыздардың училищесі, үш шіркеу жанындағы діни мектептер, казак балаларына арналған екі діни мектеп-медресе жұмыс жасаған [Қуаныш, 2010:22]. Бұлардан басқа Жылқосыда, Есподда, Кермекте екі кластық орыс-казак училищелері, Қарабауда, Ракушада, Соколотта бір кластық орыс-казак училищелері, Есполда, Қызылқоғада, Тайсойғанда, Көбайдарлыда - бастауыш орыс-казак, Жайық казактарының Горькое, Зеленый, Орлово, Редут, Сарайшық, Сорочино, Тополино, Харкино, Жаманқала станицаларында бастауыш училищелер болса, Гурьев қаласында 11 оқу орны болған.

Зерттеушінің еңбектерінде Гурьев уезінің балықшылықпен айналысуы бойынша да ақпараттарды алуға болады. Гурьев уезінің теңізге жақын тұстарында балық кәсібімен айналысқан Дубский, Голенковский, Даньков, агафонов, Шараев, Воровьев, Бөкей ордасында Базилевский, Сапожниковтер, Осокин, Жиденев, Матяев, Гусев, Рытман, Пасенков, Платонов, Гордеев секілді ірі балық кәсіпкерлері болған. Сонымен қатар казактардан шыққан балық

кәсібін дамытушылар қатарында Танашев Өтеғали, Ибраһимов Салық, Дауылбатыров, Шарипов және басқаларын атап өтеді [Қуаныш, 2010:51].

Тарихшы зерттеген тағы бір тақырып – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тақырыбы. Ол бойынша аталған кезеңдегі дін өкілдерінің қудалануы бойынша бірқатар зерттеулерді жүргізді. «Атырау өңірінің мешіттері мен мешіт ұстаған молдалары» мақаласында архив деректері мен өлкетанушылардың зерттеулері бойынша 1917 жылға дейін, тек қана, Гурьев уезінде 70-ке жуық мұсылмандық мектептер мен медреселер қызмет еткен екен. Олардың әрқайсысындағы оқушылардың саны 50 мен 100 аралығын құраған. Ал, Башқұртстанның Уфа қаласындағы Ұлттық архивте сақталған «Қырғыз Ордасындағы мешіттер мен мұсылман дінбасыларының тізімдемесі» мәліметтері бойынша Бөкей Ордасында 1840-1845 жж. Жәңгір ханның рұқсатымен 20 мешіт салынса, 1848 ж. – 2, 1850-1859 жж. – 2, 1860-1869 жж. – 7, 1870-1879 жж. – 6, 1880-1881 жж. – 17, 1890 ж. кейінгі уақыттарда – 21 мешіт салынған екен. Бұдан басқа 36 мешіттің кімнің рұқсатымен және қай жылдары салынғаны белгісіз [2: - 182].

Атырау облысында сақталған мешіттердің басым бөлігі Жылыой ауданының аумағында орналасып, атауы мешітті тұрғызған адамның есімімен Жем бойында Дүйсеке, Желтауда Шерліғұл, Қайнарда Досжан ишан мешіті аталған. Мұсылмандық ілім мен білімді насихаттаушы орталық рөлін атқарған мешіттер ХІХ ғасырдағы қазақ қыстаулары мен зираттарының жанынан бой көтергендігі Жылыой және басқа өңірдегі мешіттер туралы «Жылыой жылнамасы» энциклопедиялық жинағында [3, 77-78], өлкетанушы Аманғали Әміржанұлы еңбектерінде [4, 27-31] жазылған.

С.Қуаныш осы деректерге Атырау облысы Полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының арнайы мемлекеттік архивінің №27 қорынан алған мәліметтерді қосады:

Жылыой өңіріндегі 28 мешіт – Бекет атаның Ақмешіті, Құлшан ата мешіті, Аймұрат Жайықовтың Аймұрат (Уықбай) мешіті, Нығметолла Ермұқамедовтың Айранкөл мешіті, Құмтоғайдағы Қауан Білімбетовтың Аққұдық мешіті, Қарақұмдағы Қосжан Өтегеновтың Аққұдық мешіті, Тілеумағамбет Тасмұқамбетовтың Арықкөл мешіті, Әби Өтемағамбетовтың Ақтайлақ мешіті, Бисембай Қожахметовтың Ашыкөл мешіті, Бегімбет Қосжановтың мешіті, Ботақан мешіті, Дүйсеке Дәндіғұлов мешіті, Дүйсенбай Бектұров мешіті, Ермұқанбет Имановтың Еркебай мешіті, Прорвадағы Мәмбетәлі Шүйішбековтың Ермағанбет мешіті, Есалы Сәтековтың мешіті, Рахмет ахунның Жалпақшағыл мешіті, Жармұқанбет Қалминның Жареке мешіті, Жилая Косадағы Ешмағамбет Аңсатбайовтың қазақ мешіті, Жилая Косадағы Қасым мен Сираж имамдардың татар мешіті, Қосақырдағы Әбдірахманның Кенже мешіті, Тәңірберген Наурызәлиевтің Қарағай мешіті, Қарашүңгілдегі Балмұқамбет Шоңғараевтың Қарақұм мешіті, Қосжан Төлегеновтың Қызылкөл мешіті, Төлеген Ерсаринның Сарықасқа мешіті, Қарашадағы Аманжол Маңдайовтың Сұпы ата мешіті, Бегайыс Дүкенбайовтың Тұздықөл мешіті, Измұқанбет Еламановтың Шошқалы мешіті.

Индер өңіріндегі 10 мешіт – Бекмұқанбет Сүлейменов мешіті, №1 ауылдағы Жиенғали мешіті, Әйіп Бекеновтың Көк мешіті, Қожақмет Әділовтың медресесі, Тегісбай Әлімбаев мешіті, Қызылжырадағы Тоғайбай мешіті, №8 ауылдағы Уәлиахмет Құрмановтың медресесі, Бөдене ауылындағы Тасжан Есжанов мешіті, Толыбай ауылындағы Нұғман Хасанов мешіті, Орпа ауылындағы Пазыл Тұрланов мешіті.

Қызылкоға өңіріндегі 7 мешіт – Қабақтықұдықтағы Базарғали мешіті, Шибұлақтағы Абдолла Жаналинның Көк мешіті, Қарабаудағы Қарабала Есенов мешіті, Еркінғали ахун мешіті, Құбаш қыстағындағы Құбаш мешіті, Хасан Нұрмұхамедовтың Тайсойғандағы Хасан хазірет мешіті, Тұрғали Сәулебаевтың Ақшаттағы Тұрғали қалпе мешіті.

Теңіз өңіріндегі 4 мешіт – Бекмұқанбет Айтбаевтың Сүйіндіктегі мешіт-медресесі, Нұржау ауылындағы Абділмәжит Айдыналиев мешіті, Сафоновка селосындағы Шамбыл Мурзин мешіті, Өлеңді ауылындағы Кәрім Шекмұкамбетов мешіті;

Нарын өңіріндегі 3 мешіт – Ахмет Қабыловтың Бегайдар мешіті, Мұқыш Мұңайтпасовтың мешіті, Тұщықұдықтағы Құрманбек Нұрманов мешіті;

Бақсай өңіріндегі 4 мешіт – Бисенғали Жанбасаров мешіті, Шойтас Бөдіков мешіті, Ғаббас Елеуов мешіті, Жалғансайдағы Жарылқап Дейланов мешіті; Ойылдағы Сарымұқан байдың Көк мешіті;

Гурьев қаласындағы хазірет Мырзағали Иманғазиев басқарған Ақмешіт және Уәли мен Ибрагим Ахмировтар салған татар мешіті; *Мақат өңіріндегі* Қитарбай Ақтауовтың Қитеке мешіт-медресесі [2: 182-183].

Зерттеуші Атырау өңірінің азаматтық (сайлау-сайлану) құқығынан айырылған 941 дін өкілдерінің тізімін жасаған және олардың «отбасы мүшелерін қоссақ, тізімдегі адам саны 4-5 есе көбейетіні анық» деп атап өтеді.

Қорыта айтқанда, тарихшы С.Қуаныштың еңбектерінен Атырау және жалпы еліміздің батыс өңірінің тарихына қатысты құнды ақпараттар алуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қуаныш С. Атырау-Маңғыстау аймағы 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында. – Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.

2. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі атырау уөңірлік комиссиясы мүшелерінің мақалалар жинағы. – Атырау: «ASSEM», 252 Б.

3. Жылыой жылнамасы. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Өлке, 2008. – 448 бет + 32 жапсырма бет

4. Әміржанұлы А. Атыраудың алғашқы ағартушылары (Атырау өлкесінде Ұлы Қазан төңкерісінен бұрын жүргізілген халық ағарту ісі тарихының кейбір парақтары). – Ақтөбе: «М-Стиль» ЖШС, 2016. – 164 б.

АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ РӨЛІ

Куандыков Д.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты,*

Атырау қаласы

Аңдатпа. Мақалада Алаш қозғалысының тұлғалары мен олардың ұлттық мемлекет құрудағы рөлі қарастырылады. Алашорда үкіметінің құрылуы мен қызметі, оның тарихи маңызы талқыланады. Сонымен қатар, Алаш қозғалысының идеяларының бүгінгі күнге дейінгі өзектілігі баяндалады.

Негізгі сөздер: Алаш қозғалысы, ұлттық мемлекет, Алашорда, тәуелсіздік, тарих.

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің қызметі қазақ халқының ұлттық мемлекет құрудағы талпыныстарының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл қозғалыстың басында тұрған зиялы қауым өкілдері қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде терең із қалдырды [1]. Алаш қозғалысының көрнекті тұлғалары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және басқа да қайраткерлерінің еңбектері қазақ халқының ұлттық санасының оянуына үлкен ықпал етті [2].

Алаш қозғалысы ХХ ғасырдың басында пайда болған ұлт-азаттық қозғалыс болып табылады. Бұл қозғалыстың негізгі мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, ұлттық мемлекетті құру және қазақ жерін қорғау болды. Алаш қозғалысының жетекшілері қазақ халқының мәдениеті мен тілін сақтау, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру және қазақ қоғамының саяси құқықтарын қорғау мәселелерін көтерді [3].

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов сынды қайраткерлер Алаш қозғалысының басты тұлғалары болды. Олар өздерінің білімдері мен тәжірибелерін қазақ халқының мүддесіне арнап, ұлттық мемлекеттің негізін қалауға тырысты [4]. Бұл қайраткерлердің әрқайсысы өз саласында зор еңбек сіңіріп, қазақ қоғамының дамуына үлкен үлес қосты.

Бұл мақалада Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің көрнекті тұлғаларының ұлттық мемлекет құрудағы рөлі қарастырылады. Алаш қайраткерлерінің қазақ халқының мүддесін қорғаудағы еңбектері мен олардың тағдыры жайлы деректер талданады.

Бұл зерттеудің мақсаты Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің көрнекті тұлғаларының ұлттық мемлекет құрудағы рөлін анықтау және олардың қазақ халқының мүддесін қорғаудағы еңбектерін талдау болып табылады. Зерттеудің жаңалығы – Алаш қайраткерлерінің қызметін қазіргі заман тұрғысынан қайта қарастыру және олардың идеяларының бүгінгі Қазақстан үшін маңыздылығын көрсету.

Алаш қайраткерлерінің қызметі.

Әлихан Бөкейхан.

Әлихан Бөкейхан - Алаш қозғалысының жетекшісі және Алашорда үкіметінің басшысы. Ол 1866 жылы Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Әлихан Бөкейхан Ресей империясының Мемлекеттік Думасының депутаты ретінде қазақ халқының мүддесін қорғауға тырысты. Ол өз қызметінде қазақ халқының құқықтары мен автономиясын қорғауға баса назар аударды. Әлихан Бөкейханның саяси қызметі қазақ қоғамының дамуына зор үлес қосты. Ол қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын талап етіп, ұлттық мемлекеттің негізін қалауға ұмтылды. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейхан Алаш партиясының бағдарламасын әзірлеуде белсенділік танытып, Алаш автономиясының құрылуына үлкен еңбек сіңірді. Оның саяси қызметі мен ұлттық мүддені қорғаудағы рөлі қазақ халқының тарихында ерекше орын алады [3].

Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімінің негізін салушы, ағартушы және Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Ол 1872 жылы қазіргі Қостанай облысында дүниеге келген. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін реформалау және ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлі ерекше болды. Ол араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасап, оны "Төте жазу" деп атады. Бұл әліпби қазақ халқының сауаттылығын арттыруға және ұлттық білім беру жүйесін дамытуға үлкен үлес қосты. Ахмет Байтұрсынұлы сонымен қатар қазақ тілінің грамматикасын зерттеп, "Тіл-құрал" атты оқулықтар сериясын шығарды. Бұл еңбектері қазақ халқының мәдени және рухани дамуына үлкен ықпал етті. Оның ағартушылық қызметі қазақ халқының білім деңгейін көтеруге және ұлттық санасының оянуына ықпал етті [4].

Міржақып Дулатов.

Міржақып Дулатов - жазушы, публицист және Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Ол 1885 жылы Торғай облысында дүниеге келген. Міржақып Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты еңбегі қазақ халқының ұлттық санасын оятуға бағытталған. Бұл кітап қазақ қоғамында кеңінен таралып, ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиялық негізін қалады. Міржақып Дулатовтың шығармашылығы мен қоғамдық қызметі қазақ халқының азаттық күресінде маңызды орын алды. Ол өзінің публицистикалық мақалаларында қазақ халқының әлеуметтік және саяси мәселелерін көтеріп, ұлттық мүддені қорғауға шақырды. Сонымен қатар, Міржақып Дулатов Алашорда үкіметінің құрамында қызмет етіп, оның саяси бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысты. Оның еңбектері мен қызметі қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына және азаттық күресіне үлкен әсер етті [5].

Алаш қайраткерлерінің қызметі қазақ халқының ұлттық санасының оянуына, саяси және мәдени дамуына үлкен үлес қосты. Олардың еңбектері мен қызметі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, қазақ халқының тарихында ерекше орын алады.

Халел Досмұхамедов

Халел Досмұхамедов - дәрігер, қоғам қайраткері және Алаш қозғалысының көрнекті мүшесі. Ол 1883 жылы Атырау облысында дүниеге

келген. Халел Досмұхамедов медицина саласында үлкен жетістіктерге жетіп, қазақ халқының денсаулығын сақтау және медициналық көмек көрсету мәселелерінде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, ол Алашорда үкіметінің құрамында қызмет етіп, ұлттық мүддені қорғауда белсенділік танытты. Халел Досмұхамедов ұлттық білім беру жүйесін дамытуда және ғылыми зерттеулер жүргізуде үлкен үлес қосты. Оның ағартушылық қызметі қазақ халқының мәдениеті мен ғылымының дамуына зор ықпал етті [8]. Халел Досмұхамедов «Аламан» атты еңбегінде қазақтың батырлық эпостары мен аңыздарын жинақтаған, «Мұрат ақынның сөздері» еңбегінде қазақ ақындарының шығармашылығын зерттеген. Сонымен қатар, «Шернияз шешен» еңбегі арқылы қазақ шешендерінің сөз өнерін зерттесе, «Исатай-Махамбет» атты еңбегінде Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы тарихи зерттеу жүргізген. Сонымен қатар, оның «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» еңбегі қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Жаһанша Досмұхамедов.

Жаһанша Досмұхамедов - заңгер, қоғам қайраткері және Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Ол 1886 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Жаһанша Досмұхамедов заң саласында жұмыс істеп, қазақ халқының құқықтары мен мүдделерін қорғауға тырысты. Ол Алашорда үкіметінің құқықтық негіздерін әзірлеуде және заңнамалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Жаһанша Досмұхамедовтің құқық саласындағы қызметі қазақ халқының заңдық сауаттылығын арттыруға және ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыруға үлкен үлес қосты [8].

Алашорда үкіметі.

Алашорда үкіметі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін құрылған уақытша үкімет болып табылады. Бұл үкіметтің құрылуы қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау және ұлттық мемлекетті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылды. Алашорда үкіметінің негізін қалаушылар мен басшылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Ахмет Бірімжанов, Бақтыкерей Құлманов, Әлімхан Ермеков және басқа да қазақ зиялылары болды [6].

Алашорда үкіметінің құрылуы.

Алашорда үкіметі 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен Екінші Жалпықазақ съезінде құрылды. Бұл съезде қазақ халқының саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелері қарастырылып, Алаш автономиясын жариялау туралы шешім қабылданды. Алаш автономиясы қазақ жерін біртұтас ұлттық мемлекеттің құрамына енгізуді мақсат етті. Алаш автономиясының құрамына қазақтардың тарихи жерлері кірді, олар: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Маңғыстау, Жетісу және Сырдария облыстары болды [7].

Алашорда үкіметінің қызметі

Алашорда үкіметінің басты міндеті ұлттық мемлекетті құру, қазақ халқының құқықтарын қорғау және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру болды. Үкіметтің құрамына ұлттық зиялы қауымның өкілдері мен саяси қайраткерлер енді. Олар қазақ халқының мүддесін қорғау үшін бірқатар

шараларды қолға алды, оның ішінде:

1. Ұлттық әскер құру: Алашорда үкіметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ұлттық әскер құруды қолға алды. Бұл әскер қазақ халқын сыртқы және ішкі қауіптерден қорғауға бағытталды.

2. Білім беру реформалары: Алашорда үкіметі ұлттық білім беру жүйесін дамытуға үлкен көңіл бөлді. Олар қазақ мектептері мен оқу орындарын ашып, ұлттық білім беру бағдарламаларын енгізді. Бұл қазақ халқының білім деңгейін көтеруге және ұлттық санасының оянуына ықпал етті.

3. Әлеуметтік-экономикалық реформалар: Үкімет қазақ халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсарту үшін бірқатар реформалар жүргізді. Олар жер мәселесін шешуге, ауыл шаруашылығын дамытуға және өнеркәсіпті құруға бағытталған шараларды жүзеге асырды.

4. Ұлттық мәдениетті сақтау: Алашорда үкіметі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға ерекше назар аударды. Олар ұлттық әдебиетті, өнерді және мәдени мұраны қорғау шараларын қолға алды.

Алашорда үкіметінің маңызы

Алашорда үкіметінің қызметі қазақ халқының тарихында ерекше орын алады, себебі ол ұлттық мемлекетті құрудың алғашқы қадамдары болды. Алашорда үкіметі қазақ халқының ұлттық санасының оянуына, саяси және мәдени дамуына үлкен үлес қосты. Бұл үкіметтің қызметі қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын қорғау және ұлттық мүддені жүзеге асыру жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады [7].

Алашорда үкіметінің қызметі 1920 жылы Кеңес үкіметінің орнауымен аяқталды, бірақ оның тарихи маңызы мен мұрасы қазақ халқының жадында мәңгі сақталды. Алашорда қайраткерлерінің еңбектері мен қызметі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына және дамуына ықпал етуде.

Алаш идеясының бүгінгі өзектілігі

Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясының тарихи маңызы

Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлері қазақ халқының ұлттық санасын ояту, ұлттық мүддені қорғау және қазақ жерінде ұлттық мемлекет құру жолында үлкен еңбек сіңірді. Олар ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру, қазақ тілін сақтау және дамыту, ұлттық мәдениетті қорғау және насихаттау мәселелерінде елеулі жұмыстар атқарды. Бұл идеялар қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін маңызды болды.

Алаш идеясының қазіргі заманғы маңызы

Бүгінгі таңда Алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында ерекше

маңызды рөл атқарады. Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін ұлттық бірлік пен тұтастықты қамтамасыз ету қажет. Алаш қозғалысының ұстанымдары мен мақсаттары бүгінгі қоғамда да өзектілігін жоғалтпай, керісінше, жаңғырып, жаңа мазмұнға ие болуы тиіс. Бұл идеялар қазіргі Қазақстанның әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінде маңызды бағыттарды анықтайды.

Ұлттық бірлік пен тұтастық

Алаш идеясы ұлттық бірлік пен тұтастықты қамтамасыз ету үшін маңызды. Бүгінгі күннің өзінде Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде өз бірлігін сақтау жолында түрлі сынақтардан өтуде. Ұлттық сананың жаңғыруы, ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтау үшін Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. Олардың еңбектері мен қызметі ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Білім беру және мәдениет

Алаш қайраткерлері ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда, қазақ тілін сақтау және дамытуда үлкен үлес қосты. Бүгінгі таңда да бұл мәселелер өзектілігін жоғалтпайды. Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды сақтау және дамытуға бағытталуы тиіс. Қазақ тілі мен мәдениетін қорғау және насихаттау арқылы ұлттық сананың қалыптасуын қамтамасыз ету маңызды.

Саяси және әлеуметтік даму

Алаш қозғалысының саяси және әлеуметтік ұстанымдары қазіргі Қазақстанның дамуына үлкен ықпал етуде. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстанның саяси жүйесі мен әлеуметтік құрылымы жаңғыртылды. Бұл үрдісте Алаш қайраткерлерінің демократиялық ұстанымдары мен әлеуметтік әділеттілік идеялары маңызды орын алды. Олар қоғамның әрбір мүшесінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытынды. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің қызметі қазақ халқының ұлттық мемлекет құрудағы маңызды кезеңі ретінде тарихта ерекше орын алады. Бұл қозғалыстың көрнекті қайраткерлері, атап айтқанда, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов және басқа да зиялылар қазақ халқының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде терең із қалдырды. Олардың еңбектері мен қызметі қазақ халқының ұлттық санасының оянуына, өзіндік мәдениеті мен тілін сақтап қалуға және ұлттық мемлекеттің негізін қалауға зор үлес қосты.

Алашорда үкіметі ұлттық мемлекетті құру, қазақ халқының құқықтарын қорғау және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында құрылды. Алашорда үкіметінің қызметі қазақ халқының ұлттық санасының оянуына, саяси және мәдени дамуына үлкен ықпал етті. Бұл үкіметтің қызметі ұлттық мүддені қорғау жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Алаш идеясы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның дамуы үшін де маңызды. Ұлттық бірлік пен тұтастықты қамтамасыз ету, ұлттық білім беру жүйесін дамыту, қазақ тілін сақтау және ұлттық мәдениетті қорғау мәселелері қазіргі таңда да өзекті. Алаш қозғалысының ұстанымдары мен мақсаттары бүгінгі

қоғамда жаңғырып, жаңа мазмұнға ие болуы тиіс. Бұл идеялар Қазақстанның әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінде маңызды бағыттарды анықтайды.

Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен қызметі қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына және дамуына үлкен әсер етті. Олардың мұрасы бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етудің берік негізі болып табылады. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайтынын естен шығармағанымыз абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256б.
2. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 303б.
3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. Алматы: Жалын, 2004. 400б.
4. Бисенова Ғ. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы. Автореферат. Алматы: Ғылым, 2002. 32б.
5. Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев. Тарих тағлымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208б.
6. Алаш ақиықтары: мақалалар, деректер, құжаттар, аудармалар. Алматы: Алаш, 2006. 228б.
7. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
8. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. Алматы: Жеті жарғы, 1998. 192б.

1773-1775 ЖЖ. Е.ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ОРЫС ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ

Ихсан Д.,

*Ақтау қаласының №1 жалпы білім
беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі,
Ақтау қаласы*

Андатпа. Мақалада Е.Пугачев бастаған Ресей шаруаларының көп ұлтты көтерілісіне Кіші және Орта жүз қазақтарының қатысуы және көтеріліске қазақтардың қатысуына түрткі болған негізгі себептері сараланады. Пугачев бастаған шаруалар соғысының барысы мен көтеріліс кезеңдері қарастырылады.

Негізгі сөздер: Орта жүз, Кіші жүз, патша үкіметі, орыс шаруалары, көтеріліс, казактар, бекініс, отыршыл билік, әскер.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей патша үкіметі Есіл өлкесінің далалық белдеуіне бекінуге белсенді әрекет жасады. 1752 жылы Сенат генерал Киндерменнің Омбы бекінісінен Пресногорковская немесе Горкая деп аталатын көптеген ащы-тұзды көлдерден Звериноголовскаяға (Бағланды. – Д.И.) дейінгі жаңа бекініс линияларын салу туралы жобасын бекітті. 1752 жылы маусымда

Луцк және Вологда полктерінің драгундары мен Нотбург полкінің жаяу әскерлері, Есіл казактары мен шаруалары, барлығы 2 мыңға жуық адам Утятская қонысынан шықты. Бұл әскери экспедиция 1752-1753 жылдары үш бекініс - Әулие Петр (Петро - Павловская), Полуденная, Лебяжье және сегіз редут салуы керек еді. Жаңа бекіністерді ескі бекініс линиясымен байланыстыру үшін пошта станцияларының тізбегі құрылды.

Қазақ даласына үлкен әскери жасақтың енгені туралы хабар халық арасында дүрбелең туғызды. Патша әскерлерінің жорығынан үрейленген қазақ шаруалары қоныстарынан ауып көше бастады [1]. Осы кезде жоңғарлардың шабуылына ұшыраған Қазақ хандығы орыс әскерлеріне қарсы тосқауыл бола алмады. Орта жүз билеушісі Абылай сұлтан жерден айырылу мәселесімен ымыраға келуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, Жоңғарлардың әлсіреуіне байланысты Ертіс пен Тарбағатай бойындағы жерлерді қазақтарға қайтару мүмкіндігі туды. Жаңа-Есіл әскери бекініс линиясының құрылысының жүзеге асуына байланысты жерлерінен айырылған абақ керей, уақ, найман рулары Ертіс пен Тарбағатай бойындағы жерлерге қоныс аудара бастады.

1770 жылға дейін Жайық пен Еділ өзендері бойындағы қазақтар мен қалмақтардың арақатынасы күрделі болды. 1771 жылы 30 мыңнан астам қалмақтардың бұрынғы Жоңғарияға қарай көшіп кетуі жер тапшылығын бәсеңдетті. Қазақ рулары өз иеліктерін қайтарып алудан үміттенді. Алайда патша өкіметінің мақсаты қазақтарды ығыстырып, казак әскері мен орыс помещиктерінің иеліктерін кеңейту болды. Патша өкіметінің билігіне қараған Қазақ даласында келеңсіз саяси ахуал қалыптасқан болатын.

Е.Пугачев басқарған 1773-1775 жылдардағы орыс шаруалар соғысына Еділ мен Жайық бойындағы башқұрт, татар, Орта және Кіші жүз қазақтары қатысты.



Емельян Пугачев көтерілісі қамтылған аймақтардың картасы

Қазақтардың қарсылығын туғызған жағдайлар: Патша үкіметінің Каспий теңізінің солтүстік-батысындағы шұрайлы жерлерді орыс помещиктеріне бөліп беруі. Бұл-бір; Екіншіден, Петербург билеушілерінің осы аймақты жазалаушы топтармен ойрандатуы; Үшіншіден, Жайық, Тобыл, Ертіс өзендері бойында патша үкіметінің бекіністерді көптеп салуы. Қазақ шаруаларының мал жайылымы мен дәстүрлі маусымдық көштің маршрутын бұзды. Мұның зардабы, мал жайылымынан айырылған шаруалардың дәстүрлі мал шаруашылығының патша үкіметі қолдан жасаған дағдарысын туғызды. Малдан айырылған қазақ шаруасының әлеуметтік тұрмысында нашарлап, малдан айырылған орта шаруаның өзі күйзеліп кедей шаруаға айнала бастады.

Қазақтардың отаршылдыққа қарсы күресінің шиеленісуі орасан зор аймақты – Еділ бойын, Жайық пен Сібірдің бір бөлігін қамтыған Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісімен тұспа-тұс келді. Пугачев бастаған шаруалар соғысы, көтеріліс басшысы – Емельян Пугачев (1740 – 1742/75) «Жеті жылдық» (1756 – 1763) және орыс-түрік (1768 – 1774) соғыстарына қатысқан, әскерден қашып, түрмеге түскен. Түрмеден қашып шыққаннан кейін Жайық казактарымен байланыс жасап, өзін сарай төңірегінде өлтірілген Петр III деп жариялап, астыртын қол жинады. Осы аумақтарда тұратын Екатерина II билігіне халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының наразылығын пайдаланды. Пугачев: «... шаруаларға мәңгілік бостандық беруге, жер иеленуші қожайындардан азаттық әперуге, помещиктерді жазаға тартуға, жерді шаруаларға беруге және 10 жылға салықтардан босатуға уәде берді».

Орыс шаруаларының 1773-1775 жылдардағы Е. Пугачев бастаған соғысына қазақтар да қатысты. Ресейдегі Е.Пугачев бастаған көтеріліс қатыгез басыбайлылық тәртіпке қарсы бағытталса да, оған үлкен ынта-жігермен және үмітпен Еділ-Жайық бойындағы башқұрт, татар және қазақтар да қатысты.

Пугачев үндеуінің Кіші жүзде таралуы қазақтарды стихиялы түрде көтеріліске тартты. Өйткені патша үкіметінің Жайық, Ертіс өзендерінің оң жағасындағы шұрайлы жерлерді орыс-қазақтарға беріп, қазақтардың бекіністер орналасқан өңірге жақындауына тыйым салуы халықтың ашу-ызасын тудырды. Ал Пугачев болса езілген халық бұқарасын «жермен қамтамасыз етуге» уәде берген еді. Орта жүз, әсіресе Кіші жүз қазақтары патша үкіметінің жер мәселесіндегі отаршыл саясатына қарсылық танытып, шаруалар көтерілісіне қосылды. Профессор Н.Бекмаханованың дерегінше, бұл көтеріліске Орта жүз қазақтарымен бірге Тобыл өзенінің бойын бірге жайлаған Кіші жүздің жеке рулары - тілеу, тама, рамадан, жағалбайлылар да қатысты. Қазақ жасақтарының басында негізінен белгілі ру басшылары және қарапайым халық өкілдері де болды. Құлсары тархан ауылының қазақтары Пугачев отрядына қосылмай, Құдайменді сұлтан мен Дәуітбай тархан және Алшыбай старшындар жасағына қосылған [1, 87 с.].

1773 жылғы қазанда қазақтар Пресногорьковск бекінісіне, Троицк, Гагарьевск редуттарына шабуылдады. 1774 жылы жазда қазақтар арасында Звериноголовск бекінісі төңірегінде Пугачев тығылып жүр деген лақап тарады. Торғай өзенінің бойында старшындар Құдайменді мен Тайыр басқарған шаруалар ашық қақтығыспай, қыр көрсетумен шектелді. Орынборды

қоршаудағы сәтсіздік Пугачев күштерінің Троицк бекінісіне шегінуіне себеп болды. Орта жүзден Дәуітбай тархан Жәнібекұлы Пугачевтің үндеуіне қолдау білдіріп, старшындармен бірігіп, соғысты қолдайтын шешімге келді. 1774 жылғы күзде Сібір шептеріне шабуылдаған қазақтар патша әскерінің қысымымен Сырдария бойына ығысты. Бұхар хандығына дейін барған Орта жүз қазақтары Тобыл мен Есіл өзендері бойына қайтып оралды. Орынбор қоршауына және Елек (Илецк) қорғанысына шабуыл жасауға Орта жүз қазақтары да араласты, Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары Пугачев армиясына азық-түлікпен және материалдық жағынан да жәрдем көрсетті.

1773 жылы Құдайменді мен Тайыр сұлтандар және старшындар Дәуітбай тархан мен Алшыбайлар Озерный бекінісінің және Завируевск форпостысы маңындағы Озерный бекінісіне мылтық, қылыш, садақ, қанжарлармен қаруланған 200 адаммен шабуыл жасап, бекіністегі адамдарды тұтқынға алып, малдарын айдап әкеткен. Оларға қарсы капитан Пучков бастаған 14 дала әскерилер жасағын және капитан Лилигреинов бастаған әскерді жібереді. Қазақ жасақтары сондарына түскен әскерден құтылу үшін, казактардың дайындаған маяларына от қойды. Озерный бекінісі мен Завируевск форпостысының арасындағы жерге өрт жіберіп, құтылып кеткен. Дәуітбай тархан бастаған қазақ жасақтарының бекіністерге шабуылдары жоспарлы және орыс әскерлерінің қолына туспей, құтылып кетулері олардың белгілі соғысу тактикаларын жақсы меңгергенін және жоспарлы жаттығу дайындықтарының болғанын көрсетеді. Е.Пугачев Дәуітбай тарханмен келіссөздер жүргізген өзінің полковниктері Усман Ертагулов, Чагира Иликманов және Суюргул Яманачевтерге Орта жүзге Дәуітбай тархан мен Абылай султанға елшілер жіберуді ұйымдастыруларын тапсырған. 20 башқұрт сарбаздарынан құралған Е.Пугачев елшілері Дәуітбай тарханмен кездесіп, линиялық бекіністерді талқандауды тапсырған. Е.Пугачев жасақтары мен Дәуітбай тархан жасақтары жоспарлы түрде ұрыс қимылдарын ойдағыдай жүргізген. Сарытоғай езенінің жағасында Пугачев жіберген башқұрт Упак пен Шүкір Оразовтар бастаған елшілері мен 30 қазақ старшыны бас қосқан кеңес етеді. Кеңесте Дәуітбай тархан мен Ембетем бастаған старшындар Пугачев әскерімен бірлесіп қимыл жасау жоспарларын талқыға салып, келіседі. Өзара келісімнен кейін, Е.Пугачев жасақтары 1774 жылы қазақ шекарасынан кеткеннен кейін, уақытша тыныштық бұзылды. Құдайменді және Тайыр сұлтандардан басқа Сарыжетім Шақшақ болысының старшыны Құлсары тархан, сондай-ақ Итега, Алшабай, Дәуітбай тархандар өздеріне қарасты Қыпшақ және Қарауыл болыстығының адамдарымен патша бекіністері мен форпостыларына шабуыл жасады. 1778 жылы «Қазақ даласынан Ресейдің ішкі жағына қоныс аударған қазақтарға қатысты» құжат бойынша генерал поручик Огоревке берілген нұсқауда - патша үкіметімен қарым қатынастағы белгілі қазақ старшындарына ғана ақшалай және астықпен жалование тағайындауларын атап тапсырған. Бұл деректен патша үкіметінің қазақ старшын-тархандарын орыс әкімшілік билігіне қарсы болмауларына көндірудегі отаршылдық саяси айдалары болатын [2].

Тобыл өңірінен әскери жорықтарға белсене араласқан Сары жетім, Шақшақ руларының ауылдарымен бірге көшіп-қонып жүрген Абылай ханның

күйеу баласы Кіші жүз ханы Батырдың ұлы Құдайменде сұлтан Тобылдың дала бетіндегі өзіне қарасты ауылдарынан арғындардан Дәуітбай тархан, қыпшақтардан Төртқар мен Ізбасты, Ақжігіт, керейлерден Қосдәулет пен Балбек, уақтардан Сарғалдақтар белсене қатысты. Орталық Қазақстаннан Тобыл қазақтарына көмекке Абылайдың тағы бір күйеу баласы Барақ ұлы Дайыр сұлтанның жасақтары келіп қосылған [1, 176-177 с.]. 1774 жылдың жазында қазақтардың Үй және Ново-Ишим линияларына шабуылы күшейді. Жағдай әсіресе Исет губерниясы мен Үй шебінде қиын болды. Мұндағы бекіністерде «күн сайын жау шабуылдары орын алды. Қазақтар мен жергілікті тұрғындармен болған шайқастарда адамдар өлді. Тірі қалғандарды тұтқынға алып көптеген бас малмен бірге тұтқындарды айдап әкетті» [1, 176-177 с.].

1774 жылы маусымда қазақтар Алабұға редутын толық талқандады. Редуттың бүкіл гарнизонын қазақтар басып алды [3, 219 с.]. Осы кезеңде Пугачев көтерілісшілері Троицк бекінісін қоршады. Редуттан қашқан босқындар қазақ жасақтарынан бірте-бірте алыстап, Еділ бойына барды. Пугачевтің қазақ даласында болуы туралы қауесеттер Сібір шебінде тарады. Сонымен, 1774 жылы маусымда тұтқынға алынған Азов полкінің қашқын драгуны Мезенцев: «Пугачев Башқұртстандағы барлық әскерді айналып, шекараны кесіп өтіп, қырғыз (қазақ – авт.) даласында, Звериноголовская бекінісінен 50 верст жердегі Абуچه өзенінен жоғары (Обаған-авт.)» қарамақарсы жерде жатыр [1, 176-177 с.], деп жеткізді.

Патша үкіметі ұлт арасында алауыздықты өршітті. Бірақ патша үкіметінің мұндай арандатушылық саясатына қарамастан, орыс пен қазақ шаруаларын ортақ жаулары Ресей патша үкіметінің қанаушық, отаршылдық саясатына қарсы ортақ күрес мүддесі біріктіріп одақтастырды. Қазақтардың көтеріліске қатысуы әр кезеңінде әр түрде сипатта болды. Адамдарды тұтқындау, малын тартып әкету сияқты жекелеген жағдайлар «шекаралық барымта», деп аталды. Бірақ қазақтар әрекетінің түп тамырын айқындаған бұлар емес-ті. Қазақ халқының күресі шаруалар соғысы жылдарында жаңаша түрге енді. Олар - кішігірім қалашықтармен бірге жақсы нығайтылған әскери бекіністерді қоршауға алып, ұйымшылдықпен шабуылдады. Тұтасымен алғанда, шаруалар соғысы жылдарындағы қазақ халқының қозғалысы Пугачев армиясымен байланыста болсын-болмасын немесе көтерілісшілердің негізгі әскери күшінен бөлек жағдайда әрекет жасасын, әйтеуір Ресейдің самодержавиясына және оның езгісіне қарсы бүкіл халықтық күрестің құрамдас бөлігіне айналды [4, 24 б.].

Кіші жүз қазақтарының қозғалысы үш кезеңге бөлінеді: 1) Пугачев үндеулері Кіші жүзде жиі тарап, қазақтардың көтеріліске стихиялық бағытта тартылуы (1773 жылдың қыркүйек айы - 1774 жылдың наурыз айы). 2) Көтерілістің кең таралуы (1774 жылдың наурыз айы - 1774 жылдың күзі). 3) Қозғалыстың басылуы (1775 жылдың қыркүйек айы - 1776 жылдың ақпан айы) [4, 24 б.].

Пугачев көтерілісі тоқтағаннан кейін, Кіші жүз жерінде бір жылға жуық уақытқа созылған «Көрінбес» қозғалысы 1776 жылдың жазында тоқтады. Оның бірнеше себебі болды. Сапура Мәтенқызының үндеулерін қолдауда өз ішкі

есептері болған Досалы мен Сейдалы сұлтандар көп ұзамай оны қолдауды тоқтатты. Губернатордың оларды жазамен қорқытуы және басқа да себептерден олар қарсылықтардың соңғы кезеңінде «Көктемірдің» өзін айыптай бастады. Көтерілістің тоқтауының келесі бір маңызды себебі – оның негізгі қозғаушы күші, ұстанымы, халықтың арманы мен сенімі болған азат етуші «жаңа патшаның» келмеуі болып табылды. Сапар Мәтенқызы 1775 жылдың қыркүйегінен бастап, келер жылдың көктеміне дейін Пугачевтің келетініне, оның «20-30 мың қолмен келе жатқанына» елді сендіріп келгенімен, оның орындалмауы халықтың көтеріліске деген ынта-жігерінің азаюына үлкен әсер етті. Бұдан бөлек, қозғалысқа басынан қарсы болған Нұралы ханның үкіметтен әскер шығарып, көтерілісші ауылдарды жазалауды дүркін-дүркін сұрауы да себеп болды. Осындай әрекеттердің салдарынан Сапар Мәтенқызының ауылдары 1776 жылы жазда Қобда бойынан Қиыл өзенінің бойына көшіп, қозғалыс тоқтады. Оның кейінгі тағдыры белгісіз [5].

Орта жүз қазақтары қозғалысы үш кезеңге бөлінді: Бірінші кезеңі Пугачев шабармандарының Орта жүзді аралап, көтеріліске шақыруы (1773 жылдың қыркүйек айы – 1774 жылдың сәуір айы). Екінші кезеңі Орта жүз кезеңі жасақтарының жоғарғы Жайық және Ой бекіністері төңірегінде Пугачев күштерін қолдауы (1774 жылдың сәуір – маусым айлары) Екінші кезеңі Орта жүз қазақтарының Ертіс және Оңтүстік Сібірдегі әскери шептерге қауіп төндіруі (1774 жылдың жазы – 1776 жыл) [4, 24 б.].

Қорытынды. 1774-1775 жылдары Сібір шегінде орналасқан патша әскері 3500 болса, 1775 жылы қосымша 626 адам, кейін 409 солдат әкелінді. 1775 жылы Жайық бойындағы шаруалар соғысы әлсіреді. А.В. Суворов бастаған күш Пугачев көтерілісінің басты орталықтарын талқандады. 1773-1775 жылдардағы шаруалар соғысына қазақ халқының белсене қатысуы орыс-қазақ байланысындағы тарихи маңызды оқиға болып қалды.

Е.Пугачевтің жеңілгені туралы хабардан кейін шептегі толқулар ұзақ уақытқа созылды. Қазақтардың отрядтары бекіністерге, редуттарға және казак патрульдеріне шабуыл жасады. Алайда, олардың Ресейдің әскери экспансиясына қарсы тұруға нақты күштері жеткілікті болмады. Жайылымдардан айырылғандарына шыдауға мәжбүр болды. Ресей отаршыл билігінің шекаралық әкімшілігі белгілеген белгілі бір шарттармен шекара бойында көшіп-қонып жүруге рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бекмаханова Н. Легенда о невидимке (Участие казахов в крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773-1775 годах). – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – С. 158; Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVIII - начале XX века. – Алматы, 1981, – С. 87

2. Исенов Өтеген. Арғын Дәуітбай тархан. // Қостанай таңы, 2013 ж., 20 қыркүйек (№ 105), б. 4-5.; Өтеген Исенов. Арғын Дәуітбай тархан. <https://old2.kspi.kz/ru/library/publications-mass-media/4036-argyn-dauitbaj-tarkhan> (Әлеуметтік ресурстан 10. 06. 2024 жылы алынды).

3.История Казахстана с древнейших времен до наших дней: в пяти томах; Редкол.: Козыбаев М.К.; Алдажуманов К.С.; Асылбеков М.Х.; Касымбаев Ж.К. – Алма-Ата: Атамұра, Т.3. 2000. – Казахстан в новое время – 768 с.

4. Өтеген Исенов. И. Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қазақтардың қатысуы: кезеңдері [Мәтін] / Ө. Исенов // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. – 2020. – №8 (185). – 22-24 б.

5. Жұмазия Қуанова. Көрінбес Көктемір көтерілісі. <https://temirnews.kz/archives/1967#:~:text=,18.01.2023> ж. (Әлеуметтік ресурстан 10.06.2024 жылы алынды).

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ:ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Бердіғожин Л.Б.,

*тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қаласы*

Еліміз үшін ауыр да сын болған 1941-1945 жылдардағы 1418-күнге созылған Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына Қазақстандық жауынгерлер ерекше үлес қосты. 2024 жылы 15 наурызда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.«Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркениетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. "Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін" ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор. Сол үшін мұрағат материалдарын мұқият зерттеу қажет. Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасады деп сенемін. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды.». Ұлы Отан соғысы тарихына қатысты мәліметтер кеңес тарихнамасында соғыс жылдарынан бері осы соғыстың себебі, зардабы туралы ғылыми еңбектер мен құжаттық жинақтар жеткілікті жазылып келеді.

Жалпы, Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеуді негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең - соғыс жылдарынан – 1950-шы жылдар арасын қамтиды;
Екіншісі - XX ғасырдың 50-шы жылдарының екінші кезеңінен – кеңес үкіметінің ыдырауына дейін;

Үшінші кезең - Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең.

Алғашқы кезеңде Қазақстан тарихнамасында қазақтандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, еңбек тылындағы кеңес адамдарының даңқты істері сол кезеңнің өзінде мерзімді баспасөз беттерінде, оның ішінде одақ көлеміндегі түрлі баспасөз және бұқаралық насихат құралдарының беттерінде жариялана бастады.

Сонымен қатар, КП ОК үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері, ғалымдар мен жазушылар бірігіп жазған, 1943 жылы басылып шыққан екі жинақта Қазақ КСР-нің соғысқа қатысуы және республика экономикасының соғыс жағдайына бейімделуі, сондай-ақ майдандағы қазақстандықтардың ерліктері талданып жан-жақты баяндалған.

«Қазақ КСР тарихының» бірнеше рет жарық көрген басылымдарында және 1964-1967 жылдары аралығында Ұлы Отан соғысы тарихына арналған екі томдық еңбекте Қазақстандықтардың ерлік істері, тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбектері, ел экономикасының майдан мүддесіне сай құрылуы және соғыс тарихына қатысты құжаттар мен материалдар берілді.

Соғыс кезіндегі республика тарихын зер сала зерттеп, алғаш көлемді монографияларды жазған ғалымдар - Ғ.Әбішев және М.Қ.Қозыбаевтар болды. Тарихшы-ғалымдардың зерттеулерінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан, Қазақстан халқының майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты баға беріліп, «Қазақстан-майдан арсеналы» деген қорытынды жасалды.

1965 жылы жарық көрген тарихшы В.Я.Басиннің еңбегінде соғыс жылдарындағы ауыр өнеркәсіп салаларының қызметі жан-жақты талданып, кең көлемде қарастырылды. Еңбекте Батыс Қазақстан өңіріне эвакуацияланған Мәскеу рентген заводы, 1943 жылы іске қосылған Ақтөбе ферроқорытпа заводы мен Гурьевтегі мұнай өңдеу заводтарының қызметтері жалпылама баяндалды.

Жалпы, тарихшы Т.Балақаев пен К.Алдажұмановтың мәліметтері бойынша Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы туралы 1941 жылдан бастап 1979 жылға дейінгі аралықта 25 монография, 11 мақалалар жинағы, құжаттар мен естеліктер, 200 – ге жуық ғылыми мақалалар, 20-дан астам естеліктер мен шағын кітапшалар жарық көрген.

Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеу 80-шы жылдары да өз жалғасын тапты. Осы жылдары тарихшылар Т.Балақаев және Қ.Алдажұмановтардың еңбектерінде, жалпы Қазақстан еңбекшілерінің Жеңіске қосқан үлестері қарастырылса, Г.Д.Нурбекова Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің майданға қосқан үлесін барынша объективті баяндауға ұмтылды.

1990-шы жылдары Ұлы Отан соғысы тақырыбын зерттеу аймақтық мәселелерге айнала бастады. Республиканың және жекеленген аймақтардың соғысқа қосқан үлестері, жеке тұлғалардың ерліктері зерттеле бастады. Олардың негізінде арнайы тарихи-әдеби еңбектер мен Жеңістің

мерейтойларына арналып арнайы естелік кітаптар шығарылды. Атырау өңірінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихының зерттелу деңгейіне жеке тоқталар болсақ, өңірдің соғыс жылдарындағы тарихы Қ.Досқалиев, Қ.Ахметов және П.С.Беланның еңбектерінде қарастырылады. Еңбектерде Батыс Қазақстан аймағының Сталинград майданының жақын тылы болғанын, өңірдің жеңіске қосқан үлесі, соғыс экономикасындағы маңызы айқындалып, құнды мәліметтер келтірілген. Зерттеуші-ғалымдар Қ.Ахметов пен Қ.Досқалиев «Қазақстан-Сталинград майданының арсеналы» деген қорытынды жасайды. Еңбекте Сталинград майданына қатысты мәліметтер қарастырылып, өңірдің соғысқа қосқан үлестері толық қамтылмай, бір жақты сол заман талабына сай баяндалды.

Соғыс жылдарындағы Атырау қоғамдық ұйымдардың қызметі В.Б.Салкиндер, В.Ф.Якушева, Г.Мажитова мен М.Мухамбетовтердің еңбектерінде қарастырылды. Еңбектерде комсомол және пионер ұйымдарының қызметі, мектеп оқушыларының жеңіске қосқан үлестері Батыс Қазақстан облысы турасында ғана берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аймақ облыстары тарихына арналған бірден-бір көлемді еңбек - оралдық тарихшы П.Р.Букаткиннің Батыс Қазақстан облысы тарихына арналған еңбегі болып табылады. Еңбекте соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан облысының тарихы, 152-ші жеке атқыштар бригадасының майдан жолы, батысқазақстандықтардың майдан мен тылдағы ерен ерліктері, 1943-1945 жылдардағы майдан мен тылдағы қызметтері қарастырылып, көптеген құнды мәліметтер келтірілген. Дегенмен аталған еңбекте халықтың әлеуметтік тұрмысы қарастылмайды.

Ұлы Жеңістің мерейтойларына байланысты облыстарда «Естелік кітабы» мен өңірдің соғыс жылдарындағы ахуалын баяндайтын түрлі еңбектер жарық көрді. Бірақ бұл еңбектер аймақ тарихын кешенді баяндай алмады.

Батыс Қазақстан өңірінің тарихын ерте заманнан бүгінге дейін кешенді баяндайтын, еліміздің егемен тұсында жарық көрген бірден-бір еңбек – екі томдық «Батыс Қазақстан тарихында» Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан өңірінің жеңіске қосқан үлесі қысқаша түрде баяндалған. Сонымен қатар, соғыс жылдарындағы өңір тарихы негізінен тек қана Батыс Қазақстан облысының деректерімен шектелген.

Мәселенің тарихнамасын құрайтын тікелей тарихи еңбектерді талдайтын болсақ, олар негізінен кеңестік дәуірде жарық көріп, Кеңестік кезеңдегі идеология бойынша тек жағымды жақтары баяндалған. Халықтың әлеуметтік жағдайы мен ауыр тұрмысы туралы мүлдем айтылмады және де соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан өңірінің жағдайын тұтастай толық баяндайтын тарихи еңбектердің жоқтың қасы екенін көруге болады.

Қазақстанда Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты арнайы зерттеулер ХХ ғасырдың 50 жылдарда жүргізіле басталды. Кеңестік замандағы қазақстандық ғалымдардың осы тақырып аясында 1950-90 жылдар аралығында қорғаған докторлық және кандидаттық диссертацияларын екі бағытқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші бағыт бойынша К.Аманжолов, П.Белан, К.Е.Стамбеков,

И.И.Маляр, А. Мухамеджанов диссертациялық зерттеулерінде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы мен жасаған ерлік істері қарастырылса, екінші бағыт бойынша Ғ.Әбішев, Т.Балақаев, У.Абдуллаев, М.Ақынжанов, К.Алдажұманов, Л.Балақаева, А.Жұмасұлтанова, С.Утешов, Ж.Сергазин ғылыми зерттеулерінде тылдағы қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлестері, Қазақстан еңбекшілерінің неміс-фашист басқыншыларынан азат етілген аудандарға берген көмектері, өнеркәсіп орындарының соғыс мүддесіне сай құрылуы, эвакуацияланған тұрғындар мен материалдық ресурстардың орналасуы мәселелері қарастырылып талданған.

Атырау аймағына қатысты мәселелер П.Р.Букаткиннің диссертациясында соғыс жылдарындағы партия және кеңес ұйымдарының әскери-ұйымдастырушылық қызметтері, батысқазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі, Ж.И.Ишмұратовтың зерттеуінде Гурьев облысының соғыс жылдарындағы экономикасы, облыс еңбекшілерінің ерліктері мен жеңіске қосқан үлесі баяндалады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тақырыбына Р.И.Бейсембина, Л.Т.Қожакеева, А.Б.Есимова, Б.К.Көшербаева, Ж.У.Қыдыралина сынды тарихшылар өз зерттеу жұмыстарын арнады. Р.И.Бейсембинаның кандидаттық диссертациясында соғыс жылдарындағы Қазақстандағы тамақ өнеркәсібі саласының қызметі, Л.Т.Қожакеева соғыс қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық құрылымы, А.Б.Есимова Қазақстандағы демографиялық процестерді және Б.К.Көшербаева Қазақстандағы ұлттық әскер құрамалардың жасақталуы мен жауынгерлік жолын арнайы зерттесе, Ж.У.Қыдыралинаның диссертациясында соғыс жылдарында Батыс Қазақстанға арнайы келушілер мен еңбек армиясының жағдайы туралы мәселелер қарастырылады. Жалпы, соғыс жылдарындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы осы күнге дейін Кеңестік идеология қысымында жазылған санаулы еңбектерде сынаржақты зерттеліп келді. Бұл туралы соғыс тарихын жүйелі зерттеген ғалым М.Қозыбаев: «...Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы болып зерттеліп келеді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық», - деген тұжырымы, Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты әлі де толық зерттелмей келе жатқан мәселелердің бар екенін білдіреді. Ұлы Отан соғысының шежіресін мұрағат негізінде қағазға түсіргендердің бірі, ғалым Хисмет Бозанұлы Табылдиев. Х.Табылдиев үш томдық «Боздақтар», «Жеңісті жақындатқан жандар» «Атырау облысы отты жылдарда» (1941 - 1945 жж.) еңбектерінің авторы. Халық батыры Бауыржан Момышұлының мына қанатты сөздері әркімнің жүрегінде:

Мен істеді дегенше, Мың істеді десеңші, Мың істеді дегенше, Ер істеді десеңші, Ер істеді дегенше, Ел істеді десеңші, Мен мыңдікі болмасам, Ер елдікі болмаса, Кім істеді дер едің? (Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. - Алматы, 2004. - 480 б).

Шынында, Ұлы Жеңіске бүкіл еліміз, барша халқымыз үлес қосты. Соғыс даласында мыңдаған боздақтар құрбан болса, тылдағы тарландар талай тамаша ісімен таңқалдырды. Майданда қан кешіп жүрген жауынгер еліміздің туы

болса, тылда тер төгіп жүрген жұмыскер ту қадайтын тұғыр еді. Ерсіз елі жоқ, елсіз ері жоқ. Елі бірігіп, ерің шындамаса, ері қосылып, елін қорғамаса абыройдан жұрдай болғаны.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балақаев Т.Б., Алдажұманов Х.С Казакстан еңбекшілері — майданға. Алматы, 1985.
2. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной вой-не. Алма-Ата, 1965.
3. Белан П.С. Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечест-венной войны. (январь - май 1945 г.г.) Алма-Ата, 1979.
4. Белан П.С. Участие казахстанцев в сражениях Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1973.
5. Бердіғожин Л.Б. Атырау облысы соғыс жылдарында: тарихнамалық талдау. \\ «Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (29 сәуір, 2020 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020 – 254 б
6. Едигенов Н.Е. Участие казахстанцев в партизанском движении Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1973.
7. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941—1945 г.г. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1975.
8. Казахстанцы - Герои Советского Союза. в 2-х томах. Алма-Ата, 1975-
9. Козыбаев М.К Казахстан - арсенал фронта. Алма-Ата, 1970.
10. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы, 1995. – 122 б.
11. Қуаныш С.О. Мәлім де, беймәлім Ұлы Отан соғысы. \\ «Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (29 сәуір, 2020 жыл) // Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. - Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020 – 254 б
12. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы, 2004. – 480 б.
13. Совет Одағының казакстандық Батырлары. 1-2-том. Алматы, 1969.
14. Таңатарова Ж.Т. Профессор Х.Табылдиев еңбектеріндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбы. \\ «Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (29 сәуір, 2020 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020 – 254 б

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Молдашева С.К.,

тарих магистрі, аға оқытушы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Андатпа. Қазіргі білім беру процесінде мультимедиалық технологиялар мен интерактивті оқыту әдістерін қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, тарихи ақпаратты түсінікті және есте қаларлық етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Бейне материалдар тарихи оқиғаларды визуализациялау арқылы оқушылардың назарын аударып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бейнелерді пайдалану білім беру процесін жекелендіруге, әртүрлі оқу деңгейіндегі оқушыларды қамтуға, сондай-ақ сабақтарды интерактивті әрі қызықты етіп ұйымдастыруға көмектеседі. Мақалада бейнематериалдарды таңдаудың критерийлері, оларды қолданудың әдістері мен практикалық ұсыныстар талқыланады.

Негізгі сөздер: ақпараттық технология, инновациялық әдістер, бейнебаян, тарихи білім.

«Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасы приоритетінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясымен және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруіне сипатталатын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информациялық қоғамға, яғни, негізгі рөлді информацияны алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатыр [1, 25 б.].

Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, адамгершілікке, елжандылыққа, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

Осы тұста пән мұғалімнің міндеті – сабақтарда тақырыпқа сай бейне материалдар, бейнеүзінділер, телехабарлар, жаңа ақпараттық технологиялар негізінде жасалған бағдарламаларды күнделікті қолдану. Оларды қолдана отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулу және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, сабақты жан-жақты сипаттай алатын мәліметтерді жинақтау, оқушыларды бірлескен жұптық, топтық жұмыстарға тарту секілді іс-әрекеттерді ұйымдастыра алады. Алайда жинақталған мәліметтер оқушының жас ерекшелігіне сай, нақты тақырыпты аша алатын, уақыт межесінен аспайтын, оларды жалықтырып алмайтындай болуын мұғалім тарапынан саралануы қажет.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты бейне материалдарды пайдалану, әр түрлі желілер арқылы соның ішінде YouTube, Tik-tok арқылы дәріс беру, түсіндіру белең ала бастады. Оқушылар күнделікті өмірде қолданып жүрген гаджеттерден көрген бейнелерді негізгі ақпарат көзі ретінде қабылдайды. Олардың арасында ақпаратты меңгеру барысында жазбаша дереккөздерге қарағанда, жарқын және түрлі-түсті көрнекі бейнелерді қарау әдетке айналып барады [2]. Осы тұста заман талабына сай мұғалім өз пәнін оқытуда оқушылардың ынтасын арттырғысы келсе, бейне материалдарды сабақта белсенді қолдануы қажет.

Бейне сабақтың ең басым жақтарының бірі – көрермендермен эмоциялық және танымдық деңгейде сөйлесуі [3]. Оқушыларға әсер ету қабілеті арқылы бейне сабақтар, оқыту барысында оқуға деген мотивацияға да, тиімділікке де күшті оң әсер ете алады. Сыныпта бейне материалдарды пайдалану келесі міндеттерді шешуге ықпал етеді, олар: қолайлы оқу ортасын құру, уақытты тиімді ұйымдастыру, оқу іс-әрекеттің мазмұндылығын және сапасын арттыруға және т.б. Жоғары ақпараттық технологиялар әлемінде өмір сүре отырып, қоғамның өзі барлығын ақпараттандыру үдерісіне еріксіз тартады.

Сондықтан да адамның қоғамда өз орнын алу қажеттілігі заманауи ақпараттық технологияларды тәжірибеде қолдану қажеттілігіне әкеледі және ақпараттандыру мүмкіндіктерін жоғары бағалай отырып, оларды күнделікті сабақта қолданудың қажеттілігі деп есептейді [4].

Профессор Г.М. Коджаспирова бейне материалдарды күнделікті сабақ үдерісінде қолдану оқушыларға тек көріп, естіп, сезінуге ғана емес, сонымен бірге оларды есте сақтау мүмкіндігін арттыратынын атап өткен. Күнделікті сабақтың сапасын жақсарту бойынша бірқатар еңбектер жазған К.В. Петрованың зерттеулері бейне материалдарды сабақ барысында қолдану оқушылардың эмоционалдық байланысын күшейтіп, іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыратынын, ақпаратты есте сақтау қабілетін жақсартып, оны болашақта қайта еске түсіру ықтималдығын жоғарылататынын көрсеткен [5].

Сондықтан оқушылардың тақырыпты терең меңгеруіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, олардың білімге деген қызығушылығын арттыратын қолайлы атмосфера құру маңызды. Бұл ретте, оқушыларды ізденіске, зерттеуге және шығармашылық әрекетке ынталандыру ерекше рөл атқарады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін кез-келген бағытта және кез-келген формада қызықты ете отырып, олардың қызығушылығын арттырудың түрлі жолдары мен әдістерін қарастыру қажет. Осылайша, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылар мен мұғалімдерге жаңа тақырыпты тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін маңызды құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Әсіресе, тарих сабағында бейне материалдарды қолдану оқу материалын терең түсінуге, оқушылардың тарихи оқиғаларды көзбен көру арқылы елестетуіне, тұлғаларды және мәдени құндылықтарды шынайы әрі түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бейнематериалдар оқушыларға сол дәуірдің атмосферасын сезінуге көмектесіп, тарихи фильмдер мен деректі фильмдер арқылы оқушылар белгілі-бір оқиғаларды визуалды түрде қабылдауға әсер

етеді. Білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырады. Мысалы, Қазақстаннан табылған Алтын адамдар, тұлғалардың бейнежазбалары, көшпелілердің өркениеті сияқты деректі фильмдерді қарау барысында оқушы материалдың жалпы мәнмәтіне ғана емес, сонымен бірге бұл деректі фильмнің қайда, қашан және кім түсіргеніне назар аударылып, оқушыларға өткен туралы объективті түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Стандартты дәріс оқу тәсілімен салыстырғанда, бейне форматта ұсынылған ақпарат білім алушылардың назарын көбірек тартады. Тарих сабағында соғыс сахналарын, археологиялық қазбаларды немесе маңызды тарихи оқиғалардың бейнелерін көрсету сабаққа шығармашылық серпін береді. Сондай-ақ, оқушыларға эмоциялық әсер етіп, олардың тарихи оқиғаларға деген қарым-қатынасын қалыптастырады. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс туралы деректі фильмдерді қарау оқушыларға сол кезеңдегі халықтың ауыртпалығын сезінуге мүмкіндік береді. Бұл тарихи оқиғаларға деген терең түсінік пен құрмет қалыптастырады.

Бейнематериалдарды қолдану мұғалімдерге күрделі тақырыптарды қысқа уақытта түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, бірнеше сағаттық тарихи оқиғаларды қысқаша роликтер арқылы көрсету білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сол заманның мәдениеті, сәулеті, өнері арқылы жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Бейнематериал сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарына сәйкес келіп, тарихи шындыққа негізделуі және сенімді дереккөздерден алынуы маңызды. Сондай-ақ, берілген ақпараттың ғылыми тұрғыда дұрыс әрі объективті болуын қамтамасыз ету қажет.

Бейнебаяндыны сабақ басында қолдану оқушылардың қызығушылығын оятып, жаңа тақырыпқа назар аударуға мүмкіндік береді және бейненің ұзақтығы 5-10 минуттан аспағаны тиімді, себебі берілген ақпарат білім алушылардың зейініне сақтау мүмкіндігіне сәйкес болуы қажет. Қысқа әрі маңызды ақпарат беретін бейнематериалдар оқушылардың назарын жоғалтпауға көмектеседі.

Бейнематериалды көріп болған соң, топтық немесе жұптық талқылау ұйымдастырып, талдау, рефлексия немесе шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырған маңызды. Оқиғаның себеп-салдарын анықтау, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалау, өз көзқарастарын жазбаша немесе ауызша түрде баяндау сияқты тапсырмаларды беру білім алушылардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Бұл білім алушылардың жаңа бейнематериалды қаншалықты түсінгенін анықтауға болады.

Тарих пәндері бойынша білім алушыларды сабақтарда тарихи деректерді талдау және цифрлық құралдарды пайдалана отырып өз зерттеулерін жүргізуге ынталандыру маңызды болып табылады. Осы мақсатта сабақтарда бейне презентациялар немесе жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалану сияқты мультимедиялық жобаларды қолдану ұсынылады. Бұл сыни ойлауды дамыту, ақпаратты талдай білу, коммуникативті дағдылар мен шығармашылық сияқты заманауи талаптарға сай келеді. Тарих сабақтарында білім алушыларға тарихи оқиғалар, тұлғалар және дәуірлер туралы қосымша ақпарат алуға

мүмкіндік беретін чат боттарды немесе виртуалды көмекшілерді пайдалану ұсынылады. Мәселен, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне арналған тарих сабақтарында педагогтер білім алушыларға ұлттық мүдделерді қорғаудағы көзқарастарын, идеялары мен қызметін тереңірек түсінуге көмектесу үшін тарихи тұлғалардың өздерімен диалогқа келтіретін чат боттарды пайдалануға болады. Тарихи тұлғаларды зерттеуге танымдық қызығушылықты дамыту үшін тарих сабақтарында фотосуреттерде анимациялары бар бейнелер жасау және Deep Nostalgia шынайы бейнесін көру технологиясын қолдануға болады. Технология тарихи тұлғаның шифрланған анимациясын жасауға мүмкіндік береді. Оны білім алушы жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен бірге табуға кеңес беріледі. Білім алушыларға тарихи тұлғаны нейрондық желіге қарағанда тезірек болжауы оларға қосымша мотивация береді. Осылайша, жасанды интеллект пен нейрондық желілер мотивациялық және білім беру жағынан оқытуда тамаша көмекші бола алады.

Сабақтарда тарихи оқиғаны баяндауда визуалды (видео, скрайбинг, майнд-мэп, инфографика), толықтырылатын сандық әңгімелеуді (storytelling) қолдансақ, білім алушының жеке көзқарасы қалыптасады. Мысалы, «8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру», «8.2.3.4 Қ.Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру», «9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау» оқыту мақсаттарын іске асыру кезінде сандық әңгімелеудің артықшылықтарын көрсету ұсынылады. Ақпаратты іздеу және жүйелеуді ұйымдастырудың бұл әдістері тарихи процестер мен оқиғаларды шынайы мысалдармен табу, талдау, іріктеу, қайта құру, сақтау, түсіндіру және баяндау, сондай-ақ ақпаратты заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүйелеуге мүмкіндік береді [6, 67 б.].

Американдық педагог Эдгар Дейлдің зерттеулері бойынша адамдар естігендер 20%-ын, көргендерінің 30%-ын есте сақтайды, ал айтқандары мен жазғандарының 70% есте қалады екен. Сабақтарда бейне материалдарды қолдану арқылы бейне баяндар дайындау немесе тарихи кинофрагменттерді көрудің тиімділігі оқушылар жаңа тақырып бойынша алған білімдерін, өздері көз алдарына келген суретті, бейнефильмде ұсынылған суреттермен салыстыра алуында.

Қорытындылай келе, оқу жүйесін жетілдірудің заманауи мақсаттары мен міндеттері оқу бейне бағдарламаларын қолданудың кешенді тәсілін қолдануды талап етеді, өйткені ең үлкен педагогикалық әсер ол дәстүрлі визуализация құралдарымен бейне материалды жақсы үйлестіре отырып қалыптастыра алу. Бейнебаянды біріктіру, зерттеу, практикалық жұмыс, кестелер мен графиктер, оқулық мәтінімен жұмыс, қарау және дәстүрлі аудиовизуалды оқыту құралдарын тыңдау және т.б. сабақты белсенді әрі жігерлі етуге мүмкіндік береді және оны оңтайландыруға ықпал етеді. Мұғалім сабақта жазба үзінділерін тақырып сұрақтарына жауап бере алатындай, жаңа сабақ тақырыбын аша алатындай етіп таңдау қажет. Бейнебаян көрсетілгеннен кейін мұғалім өткізілген талқылауда оқушылардан алдын-ала қойылған сұрақтарға, бейне материалды көргеннен кейінгі жауаптарымен өзара бөлісуін сұрайды.

Мұндай технологияларды пайдалану ұжымдық иммунитет қалыптастырып, оқушылардың қызығушылығын артырады сөзсіз.

Бейнематериалды сабақта дұрыс және жүйелі қолдану оқушылардың тарих пәніне қызығушылығын арттырып, оқыту тиімділігін жақсартады. Ол тек көру құралы ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған әдіс ретінде қолданылады, тарихи білімді жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Буkenова С.С. Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын дамыту // Әдіскер мұғалім. – 2015. - №4 (5). – 25 б.

2 Бидайбеков Е. Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері/ Оқулық.– Алматы, 2014. -352 б.

3 Нұғысова А. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. / Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 130 б.

4 Ахметова Г., Исаева З.Ә., Әлқожаева Н.С. Педагогика/Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 220 б.

5 Нурматова Г. Ж. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану тиімділігі // Педагогика – 2018. № 5(6). – 27 б.

6 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». - Астана, 2024.- 67 б.

«АТЫРАУ Өңірінің Топонимикасы және Өлке Тарихын Зерттеу Мәселесі»

Шарафиденова В.У.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

«Қазақстан және дүниежүзі тарихы»

кафедрасының 2 курс магистранты

Атырау қаласы

Андатпа. Мақалада жалпы Атырау өңірінің топонимикасы және сол өңірдің жер су атаулары айтылады. Жалпы мәлімет барысында, толық жұмыс өңірдің атауларына арналады. Алда қарастыратын мәселе, топонимканың құрылымы мен түрлері.

Негізгі сөздер: топонимика, жер сау атаулары, қолданыстағы сөздер, өңірлер, Атырау қаласы, ауыл, мекен аймақ.

Атырау өңірін ондаған жылдар бойы ғалымдарды толғандырып келе жатқан топонимика мәселелерін бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Ең бастысы, географиялық атаулардың ономастикалық лексиканың ерекше бөлігін

құрауында ғана емес, сонымен бірге географиялық жалқы атаулардың, зерттеушілер дұрыс атап өткендей, этнос тарихы мен мәдениетінің көрінісі болып табылатындығында. Сондай-ақ ұлтаралық тілдік байланыстар жағдайында белгілі бір аймақтың даму тарихына әкеледі [1].

Елімізде 1990 жылдан қазіргі уақытқа дейін жарық көрген әдебиеттерге талдау жасау географиялық атауларды зерттеудің әртүрлі мақсат-міндеттерді көздеп, сан алуан бағытта жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Осыған қарамастан, топонимика бойынша көптеген жарияланымдарда тіл ғылымының әртүрлі аспектілері бойынша арнайы зерттеулерде белгілі бір дәрежеде басым болатын негізгі мәселелердің үш блогын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші блокқа қатысты жалпы есептерді қамтиды тілді жүйе ретінде түсінетін білімді. Мәселенің бұл тұжырымына сәйкес топонимдер өзіндік жүйе құрайтын және сонымен бірге жалпы тілдік жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше сөздер табы ретінде қарастырылады.

Екінші блок ономазиология мәселелеріне қатысты. Оған топонимиканың негізгі принциптері, сөзжасамдық модельдер мен олардың өнімділігі, топонимдердің құрылымы бойынша типологиясы, төл және жалғанған топоформанттар сияқты мәселелер қамтылған.

Үшінші блокта семасиология мәселелері, оның ішінде топонимнің мағынасы мен оның ішкі формасы, географиялық атаулардың әртүрлі типтерінің мағыналық байланыстары, топонимонның ұйымдастырылуы, т.б.

Сонымен, соңғы жылдардағы топонимикалық зерттеулерде топонимиканың жалпы теориялық мәселелері де, ономазиология мен семасиология мәселелері де қарастырылатын негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады.

Сонымен қатар, әдебиеттерге шолу көрсеткендей, зерттеудің теориялық негізіне қарай тілдік материалды талдаудың екі негізгі тәсілін бөліп көрсетуге болады. Олардың бірі топонимдерді лексикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қазіргі дәстүрлі зерттеуді дамытуды жалғастыруда. Мәселені түсінуге ұқсас көзқарас 70-80 жылдарға тән. Тіл лексикасы мен оның жеке категорияларын, атап айтқанда топонимдерді жүйелі ұйымдастыру ғалымдардың назарында болған ХХ ғ. Белгілі бір дәрежеде шарттылықпен топонимикалық лексиканы талдаудың мұндай тәсілі дәстүрлі деп аталады[2].

Бірқатар зерттеулерде де атап өтуге болады: антропоцентристік лингвистиканың, мәтін лингвистиканың және ғылыми танымның когнитивтік-дискурсивті (коммуникативтік) парадигмасының мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін жаңа көзқарас. Тақырыптары біршама алуан түрлі бұл еңбектерде ғалымдар тілдің лексикалық қорын сипаттаудың негізгі бағыттары ретінде ономазиология мен семасиология мәселелеріне де тоқталады.

Осы мақала аясында біз дәстүрлі тамырда жүргізілген еңбектерді талдауға тоқталып, топонимикалық лексиканы зерттеуде біз анықтаған мәселелердің жекелеген авторлардың еңбектерінде қалай шешілгенін қарастырамыз.

Ономастика саласындағы беделді тұлға А.В.Суперанская жалқы есімдердің өзіндік ерекшелігіне және олардың басқалардан айырмашылығына

тоқталады. Осындай еңбектерге мысал ретінде Қазақстанның Атырау облысының топонимикалық жүйесінің пайда болу, даму және қызмет ету тарихын сипаттаған, оның лексика-семантикалық көздерін, негізгі сөз-қалыптасу үлгілері мен этнолингвистикалық қабаттары турады айтылған.

Бұл өлкенің географиялық атауларын басқа облыстары мен көршілес түркі республикаларының топонимдерімен салыстырмалы талдау авторға өзбек тілінің қазақ, қырғыз, орыс тілдерімен байланысына қатысты мәселелерді нақтылап, қалыптасқанын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Зерттелетін өлке топонимикасының, сондай-ақ өзбек тілінің таралу аумағында топонимикасының дамуы түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық заңдылықтары бар.

Географиялық зерттеулердің осы бағытына физикалық атаулар топонимдердің жекелеген категорияларының онда алатын орнын анықтау үшін лексикалық ішкі жүйе ретінде топонимиканы зерттеудің нақты мәселелерін де қамтуы мүмкін. Мұндай жұмыстардың мысалы ретінде зерттеулерді келтіруге болады С.М.Хантимирова мен И.В.Топоркова топонимдердің әр түрінің өзіндік қалыптасу және қызмет ету заңдылықтары бар екенін растайды[3].

Топонимиканың өзіндік ерекшелігін анықтау мақсатында белгілі бір лингвистикалық мәдениеттегі жүйе мен оның ішкі жүйелері, жақын туыс емес тілдердің салыстырмалы зерттеулері жүргізіледі. Мұндай зерттеулер әрбір тіл мәдениетіндегі топонимиканың жүйелік сипатын ғана емес, оның құрылымдық-семантикалық ерекшелігін де нанымды түрде дәлелдейді.

Топонимиканың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі жүйелерді әртүрлі тілдерде және аймақтарда салыстырмалы түрде зерттеу кезінде, әсіресе ономазиология мәселелерін көрсету кезінде, географиялық атаулардың қалыптасуының негізгі құрылымдық модельдері мен топонимика принциптерін сипаттау кезінде, географиялық аймақтағы топонимикалық қабаттарды анықтау кезінде айқынырақ болады. ел, аймақ, өлке, шет атаулары.

Әр түрлі салалардағы және тілдердегі топонимдердің белгілі бір түрлерін салыстыруға болады. Сонымен, Т.В.Лиш-Зерттеуде Байкал және Леман көлдері алаптарының гидронимдері салыстырылады [4], ал Ли Иньиннің зерттеуінде салыстыру пәні елді мекендердің орысша және қытайша атаулары – ойконимдер болып табылады. Ойконимдер облыстың топонимикалық жүйесінде, атап айтқанда Бұғы өңірінде де гидронимдермен салыстырылады. Топонимикалық зерттеулерде номинация мәселелері маңызды орын алады. Көптеген жұмыстардың авторлары атап өткендей, номинация актісіне әртүрлі факторлар әсер етеді, оларды анықтау және сипаттау топонимика критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді. Топонимиканың табиғи-географиялық критерийі, әдетте, аталған объектіге тән белгілерге негізделеді[5].

Қазіргі уақытта белгілі бір аймақ топонимдерінің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері белсенді түрде зерттелуде. Мұндай аумаққа сондай-ақ кең-байтақ аумақ – республика, облыс, облыс, өзен бассейні – Атырау өңірі.

Қорытынды. Дегенмен, топонимика мәселелері негізінен белгілі бір

тілдік аймақтың географиялық атауларының материалы бойынша қарастырылады. Бұл негізгі проблемаларды талқылау перспективасының аймақтық топонимикаға бет бұрғанын көрсетеді.

Осымен қатар белгілі бір тілдегі және аймақтағы топонимдердің этноспецификалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін және тілді мәдениет фактісі ретінде талдайтын қазіргі тіл білімінің сұранысын қанағаттандыратын топонимиканы салыстырмалы түрде зерттеу жұмыстарының артуы байқалады.

Жұмыстардың көпшілігінде тілдік құбылыстарды талдаудың синхрондық тәсілі басым, дегенмен диахрондық тәсіл аясында жүргізілетін арнайы зерттеулер де бар. Топонимикалық лексиканы және оның құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін зерттеу негізінен Ресей Федерациясы мен бұрынғы Кеңес Одағы халықтары тілдерінің материалдары бойынша жүзеге асырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мурзаев Е.М. Топонимика және география / Е.М.Мұрзаев. – М.: Наука, 1995. – 304 б.

2. Суперанская А.В.. Ғасырлар мен елдер арқылы атау / А.В.Суперанская. – М.: Наука, 1990. – 192 б.

3. Самтақова Қ.Б. Алтай республикасының оңтүстік-шығыс аймақтарының моңғол топонимдерімен салыстырғандағы топонимикасы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. ғылымдарҚ.Б.Самтақова. – Новосибирск, 2008. – 24 б.

4. Закиров А. Қазақстан өңірлерінің топонимикасы: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / А.А. Закиров. – М., 1991. – 20 б

5. Бойцов О.Н. Бұрынғы және қазіргі Смоленск облысының топонимикасы: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / О.Н.Бойцов. – Смоленск, 2003. – 14 б.

6. Давыдова Т.В. Сібір мен Ресейдің Қиыр Шығысының солтүстік халықтарының топонимикасы: тарихнамалық аспект: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Давыдова Т.В. – Петербург, 2003. – 22 б.

7. Жамсаранова Р.Г.Шығыс Забайкалье топонимикасы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Р.Г. Жамсаранова. – Улан-Удэ, 2002. – 22 б.

8. Манжуева Ф.. Айналым-Байкал аймағының гидрономиясы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Ф.Манжуева. – Улан-Удэ, 2003. – 22 б.

АРХИВ ҚОРЛАРЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Әлкенова А.К.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

университетінің магистранты,

Атырау қаласы

Атырау Жайық өңірінің шежіресі бай, қойнауы сарқылмас табиғи қазына-ырысқа толы, елі қонақжай, халқының ән мен күйге әуесқойлығы көпшілікке мәлім болған тарихына қоса, өлкенің тарихы мен етене бітискен, оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне сүбелі үлес қосқан аға буын азаматтардың есімдері мен өмір-еңбек жолдарын жинақтап, Егеменді еліміздің болашағы-кейінгі жас ұрпақтың туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, атаулы зерттеуге сол аға буын туралы қысқаша мағлұматтар енгізіліп отыр. Қазіргі таңда ата-бабамыздың тарихы жүйелену үстінде. Төл тарихтың терең түкпіріндегі қилы кезеңдер жаңаша көзқарасқа сай қайта қалыптастығымен, тәуелсіз саналық сүзгісінен өтуде.

Архивтік мұрағат өткен өмірдің сан-алуан тәжірибесінің жазба куәсі, жинақталған дерек. Оның ішінде мемлекеттік құрылым, басқару жүйесі туралы деректер, өткен өмірдің жалпы даму үрдісінің тәжірибесі, оның жетістіктері мен ағаттықтарының көрінісі, бүкіл экономикалық ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік, рухани болмыстық дәлелді деректері. Өкінішке орай, біз көп жағдайда архив қазынасына күнделікті өмірге тікелей араласып, шамалы өткен уақыттан қалған түрліше ақпарат, іс қағаздарының жиынтығы ретінде ғана қараймыз. Ең шауып шыққанда тек тарих ғылымы үшін қажетті мұрағият деп шектелеміз. Мұндай көзқарастың өркениеттік деңгейден де, мәдениеттілік өлшемнен де ауылы алшақ екені сөзсіз. Ал тарих жүйесінің, мұрағияттық қорлардың тек ғылым ауқымындағы мән-мағыналығын алғанның өзінде оның орны ерекше, өте маңызды. Ал енді архивпен, бұл жүйеде жинақталған мұрағиятпен тарих ғылымының ара байланыстылығына келсек, онда бұл байланыстылық болмыстық ауқымы да, ғылыми заңдылық негізде дер едім.

Осы ғылыми заңдылықта, болмыстық, сәйкестікте ұлттық төл тарихымызды зерттеудің де, ұлттық тарихи санамыздың қалыптасып бой түзеуінің де негізінде жатыр дер едім. Әрине бұл пікірмен кейбіреулердің келіспеуі, немесе толықтыра түсулері мүмкін. Орынды ұмытылмас болса құба-құп. Не дегенмен де, тарихи сана біздің адами құндылығымыздың, азаматтық ар-ожданымыздың, ұлттық намысымыздың шынайы сәулесі, әділеттік таразысы болмақ деймін. Шындық сол, қай кезде қандай ұлы тұлға болмасын өмірдің нағыз сын сағатында құдайға, тарихқа жүгінген, менің тіршілігімнің, ісімнің ақ-қарасын бір құдай біледі, тарих анықтайды деп табынғанды. Ал тарихтың ғылыми дәлелі деректік қорда, архив қазынасында. Осыған байланысты көп жылдар бойы күрделенген, бірақ тиісті шешімдерін таппай келген мәселелерді жан-жақты да нақтылы ойластырып, қажетті шараларды іске асыру қажет. Бұл ғылыми жаңаша пайымдауды да, жинақталған іс-тәжірибені саралауды да,

қарқынды іскерлік қимылды да талап ететін мәселе. Еліміздің өмір шындығына сай тарихын жазу ісінде тарих ғылымының деректану саласына үлкен міндет жүктелуде. Мұны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихты топшылау барысында нақтылы айғақ болмағанда ғана мистика бел алады. Біз үшін мистикалық күштерге жүгінудің ешқандай мұқтажы жоқ»– деп атап көрсетуінен де аңғаруға болады. Отандық тарих ғылымында тарихи тұлғалардың шығармашылық ғұмырнамасы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу тәуелсіздік жылдары батыл қолға алынып, жалғасын тауып келеді. Көптеген атаусыз, ескерусіз, тасада қалған тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметтерінің тарихы соны деректермен зерделенді. Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай шаруа емес. Өйткені, олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей архив құжаттарының іздестіріліп, табылуына және сол тарихи дерек арқылы қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

Бүгінгі таңда ел тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделеніп, талданып һәм сараланып жазылар тұста ұлтымыз үшін жан аямай еңбек еткен, тәуелсіздік жолында жанқиярлықпен күрескен тарихи тұлғалардың еңбегі жеке-жеке талданып жазылса деген ой бар.

Халқымызды ұлттық мемлекеттік идеясы төңірегінде топтастыру формалары мен әдістері, осы жолда ұланғайыр қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми арнада жүйелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу егеменді еліміздің ішкі, сыртқы саясатына толықтай сай келеді.

Қазақ тарихындағы тұлға тану мәселелерінде өз арыстарымызға өз деңгейінде тарихи бағаларын беруді үйренетін кезі келгені даусыз әрі басы ашық мәселе деп қараған жөн.

Сондықтан да, еліміздің өткен тарихында өзіндік орыны бар тарихи тұлғаларға кеңестік жүйе кезеңнен қалыптасып қалған қасаң да қатып қалған біржақты баға беруді доғару қажет-ақ. Ең бастысы бұрынғы ескі тұжырымдар мен атүсті көзқарастар негізге алынбауы керек. Осыған орай әрбір тарихи тұлғаның өз заманында елі мен халқы үшін атқарған оң істері мен жіберген кемшіліктері бірдей тарих таразының басына түскені жөн болар. Тарихи тұлғаларға жаңаша баға беру, жаңаша түйін жасау қазіргі күннің тарих ғылымының алдына қойып отырған басты талаптарының бірі екендігін естен шығармаған жөн деп білеміз. Сонда ғана келешек ұрпақ олар туралы толықта, жан-жақты мағлұмат алып, тарихтың шын бағасын бере алмақшы. Бұрын тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарадық, ал бүгінгі күні тарихқа көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Маркстік методология болған тарихи оқиғаларды, оған қатысты тарихи тұлғалардың еңбектерін есепке алумен ғана шектелді. Оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші және тұлғалардың шығу тегін қарастыра отырып, таптық қайшылықтар көрсетілді.

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің өткен тарихы жазылады. Төл тарихымыз ата-бабалар жолымен жүріп өткен ұрпақтар

сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Халқымызда елдің өткен тарихын әйгілі ұлт тұлғалары арқылы зерделеу таным-түсінігінде қалыптасқан үрдіс. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс тауып, зерделенеді. Халқымыздың шежірелік зердесінде адам – тарихтың басты тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың негізгі қозғаушы күші. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны да және олардың қоғамдық-саяси қызметтері де сан түрлі болғандығы да шындық. Сондықтан жеке тұлғаның еңбегін төл тарихымызда айшықтап көрсете білуіміз қажет.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы танып білу тарихи заңдылық. Ұлттың атақты тұлғаларын төл тарихымызбен танып-түсіну, ең алдымен – тарихи ақиқатқа бастар жол.

Қазақ тарихындағы тұлғатану мәселесі қарастырылғанда зерттеудің методологиялық іргетасын тарихи процестерді анықтайтын факторлардың бірнешеуі екендігі туралы теория және оған негізделген плюралистік зерттеу әдісі құрайды деген пікірдеміз. Бірақ отарлық жағдайдағы халықтың қоғамдық дамуы мен саяси өмірінде этникалық фактордың басым ықпал жасайтындығын танумен сипатталады. Басқаша айтқанда, халықтың жалпы мәдениетінің қай бағытта дамидығы. Тарихты зерттеу методологиясы сөз болғанда объективтілік, тарихилық, сұрыптау, салыстырмалық және талдау сияқты ғылыми таным принциптері басшылыққа алынуы қажет.

Уақытында Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында мемлекет және қоғам қайраткері М.М.Тәжин тарих ғылымына феноменология және герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатын едәуір өзгертіп жібергендігіне басты назар аударған болатын. Бұл әдістер яғни, феноменологиялық тәсіл мән мен мағынаның адамдар арасындағы рухани ықпалдастығы мен санадағы өзгерістерінің қаншалықты екендігін анықтайды. Ал, герменевтикалық тәсіл құбылыстар мен мәтіндердегі шешілуі қиын мәселелерді шешу, түсіндіру жолдарын көрсетеді. Тарихшы ғалымдардың пайымдауынша жаңа методологияның негізі, халық, екіншіден көшбасшы, көсемдер, яғни тарихи тұлғалар болса, онда тұлғатану мәселесі толық ашылар түсер еді деген пікірдеміз. Заңгер-ғалым С.Сартаевтің пікірі бойынша қазіргі методология дегеніміз – ол марксизм-ленинизм классиктері емес, ол халықтың өзі, жан-дүниесі. Тарихты халық, тұлғалар және геосаяси факторлар жасайды. Белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы Х.М.Әбжанов өз кезегінде «Біз тарихқа материалистік, идеалистік, формациялық, өркениеттік, т.б. с.с. көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Дегенмен, өткеннің барысын, тағылымы мен тәлімін тұлға, халық, геосаяси фактор аясында, солардың ықпалдастығына орайластыра зерттесек, Отан тарихының жаңа мазмұны мен келбетін дұрыс әрі тартымды қалыптастырамыз деген ойдамыз», - деп тұжырымдаған пікірі құптарлық. Себебі, өзінің төл тарихына өзгенінің көзімен емес, қазақтың көзімен қарауына мүмкіндік берері сөзсіз.

Сондықтан да, халқымыздың рухани, ұлттық санасының қалыптасуына зор үлес қосқан тұлғалардың қызметтерін зерттеу отандық тарих ғылымының

алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Тарихи тұлғалардың қызметтерін кеңінен зерттеу, ұстанған бағыттарын айқындап көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса қажет.

Бүгінгі таңда ел мен өлке тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделеніп, талданып һәм сараланып жазылар тұста ұлтымыз үшін жан аямай еңбек еткен тарихи тұлғалардың еңбегі жеке-жеке талданып жазылса.

Қазақ тарихындағы тұлға тану мәселелерінде өз арыстарымызға өз деңгейінде тарихи бағаларын беруді үйренетін кезі келгені даусыз әрі басы ашық мәселе деп қараған жөн.

Сондықтан да, еліміздің өткен тарихында өзіндік орыны бар тарихи тұлғаларға кеңестік жүйе кезеңнен қалыптасып қалған қасаң да қатып қалған біржақты баға беруді доғару қажет-ақ. Ең бастысы бұрынғы ескі тұжырымдар мен атүсті көзқарастар негізге алынбауы керек. Осыған орай әрбір тарихи тұлғаның өз заманында елі мен халқы үшін атқарған оң істері мен жіберген кемшіліктері бірдей тарих таразының басына түскені жөн болар. Тарихи тұлғаларға жаңаша баға беру, жаңаша түйін жасау қазіргі күннің тарих ғылымының алдына қойып отырған басты талаптарының бірі екендігін естен шығармаған жөн деп білеміз. Сонда ғана келешек ұрпақ олар туралы толықта, жан-жақты мағлұмат алып, тарихтың шын бағасын бере алмақшы. Бұрын тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарадық, ал бүгінгі күні тарихқа көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Маркстік методология болған тарихи оқиғаларды, оған қатысты тарихи тұлғалардың еңбектерін есепке алумен ғана шектелді. Оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші және тұлғалардың шығу тегін қарастыра отырып, таптық қайшылықтар көрсетілді. Тарихи зерттеу принциптері мен әдістерінің ішкі байланыстылығы, құжаттар мен тарихнамалық ортақ арна-жалпы методологиялық жүйе арасындағы байланыстылық; тарихты дәуірлеудегі ғылыми негіздер мен принциптер, зерттеудің ақиқаттығы мен құндылық өлшемі туралы қалыптасқан ғылыми қағидалар мен болжамдарды орынды пайдалану да назардан тыс қалмады. Қазақстан тарихшылары да тарихнамалық методологиялық проблемаларды зерттеді. Белгілі тарихшылар С.Ж.Асфендияров, Е.Б.Бекмаханов, А.Н.Нүсіпбеков, Г.Ф.Дахшлейгер, М.Қ.Дулатова, М.Қ.Қозыбаев, К.Л.Есмағамбетов, Х.М.Әбжанов, А.Ахмет. Ә.Мұқтар, Ұ.Ахметова. еңбектерінде жеке тарихи тақырыптармен қатар, жалпы методологиялық, оның ішінде қазақ халқы тарихын дәуірлеу, зерттеу принциптері мен әдістерінің өзіндік ерекшелік қырлары, тарих ғылымының қалыптасып даму барысы туралы өзекті мәселелер қозғалды. Мұрағат ісін дамытудың кейбір мәселелері жайында К.Л.Есмағамбетов, З.Алдамжар зерттеулері ақпарат ғасырына аяқ басқан қоғамымызда халқымыздың мәдени мұрасының мәйегі болып табылатын мұрағаттарға аса жауапкершілікпен қараудың қажеттілігі туралы ой қозғайды. Соны зерттеулерден А.Ахметтің Қазақстандағы мұрағат ісінің ұйымдастырылуы, мұрағат ісін басқару органдарының және мұрағаттық мекемелер жүйесінің, ондағы мұрағат қорларының жинақталу тарихы, мұрағаттардағы құжаттарды сақтау, олардың

ғылыми құндылығын анықтау мен пайдалану, мұрағатшы маман кадрлар құрамы, материалдық-техникалық базасы мәселелері қарастырылған докторлық диссертациясының архив қорларының деректанулық мәні теориялық түрде ғылыми тұжырымдалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. \ \ Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл.

2. Алдамжар З.А. Мұрағат хақында. \ \ Мұрағат деректері-Халық қазынасы. Алматы, 2004. -274 б.

3. Абдулкадирова М.А., Абилова М.Х. Центральный государственный архив Казахской ССР // Советские архивы. -1968. -№ 5. -127 с.

4. Рамазанова Б.Р. 60 лет Советскому архивному делу. -Алма-Ата: Общество Знание, 1978. - 20 с.; Она же. Некоторые итоги и перспективы развития архивного дела в Казахской ССР // Советские архивы. - 1977. - № 4. -128 с.

5. Абилова Т.Е. Личные фонды в государственных архивах Казахской ССР. Конец 1950-х - начало 1980-х гг. (Проблемы комплектования и научной организации): Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1986. - 22 с.

6. Байжанов С. Архив-Айғақ. - Алматы: Қазақстан, 1988. -240 б.; Соныкі. Абай және архив. - Алматы: Ғылым, 1995. -216 б.

7. Әуезов және архив. (Құрас: З.Ижанов, Г.Исахан, М.Сандыбаева, Ж.Сатаева). - Алматы : Атамұра, 1997. -130 б.

8. Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалар). -Архив и история (статьи, выступления). - Алматы : Арыс, 2004. -292 б.

9. Сариева Р., Абдулина А. Очерки по истории организации архивного дела в Казахстане (1918-1945). -Алматы: Арыс, 2006. -324 с.

10. Ахмет А. Қ.Қазақстандағы мұрағат құрылысының тарихы (1918-1991 жж.). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. Орал, 2010.40 б.

ИЗ ИСТОРИИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ КАЗАХСТАНА В 1920-1930 ГОДЫ

Мурзагалиева Д.М.,
магистрант
Атырауского университета им.
Халел Досмухамедова,
город Атырау

В 1925 году решением Высшего Совета Народного Хозяйства для строительства узкой линии железной дороги Гурьев-Доссор при тресте Эмбанефть организовано строительное управление.

Начальником строительства был назначен талантливый инженер железнодорожного транспорта Алексей Максимович Денисов.

Работа проводилась в особенно тяжелых условиях. Не было никакой техники, не хватало специалистов-рабочих, обеспечение питьевой водой тоже требовало больших сил. Местные органы партии, совета играли большую организационную роль в усилении темпов строительства дороги, в обеспечении строительством рабочей силой. Под руководством председателя уездного исполкома Залиева Нугмана были организованы добровольцы со всех волостных аулов. В результате в мае-июне месяцах на стройке были созданы 30 трудовых артелей. В каждом из них было по 30-35 человек. Трудовые артели состояли, в основном, из представителей местной национальности.

Они не имели практику работы на железной дороге, тем более все были безграмотными. Поэтому наряду со строительством шли работы по профориентации строителей и работы по грамотности.

В ускорении строительства железной дороги особенно была роль исполкомов Гурьевского уезда и Доссорского района. На их заседаниях неоднократно рассматривался вопрос строительства и принимались конкретные решения. Намеченные меры смело реализовались. В результате строительство набирало ход.

Трудовой артель Ишанова Жумана из 21 человек работал в промежутке каждых 30-35 км. Так же в 30-35км. работал артель Синева Виктора из 26 человек, в 40-45км. – Оразбаев Ауэз с 25 человек, в 45-50км. – Кайранбаев Исангали с 31 человек, в 50-55км. – Апраксин Иван с 26 человек, в 55-60км. – Ысмаков Гусман с 35 человек, в 70-75км. – Биисбеков Айтжан с 22 человек.

Если в июле 1925 года на строительстве работали всего 255 человек, то в августе их число достигло 545 человек, в сентябре – 980 человек.

Скорому завершению строительства узколинейной железной дороги Гурьев-Доссор свою лепту добавили и промышленности. Заводы Коломенска и Луганска выдали паровоз, железнодорожные отделения Москва-Курск вагоны, заводы Брянска и Екатеринбурга рельсы. По трассе строились и линии телеграфа-телефона.

Вся работа выполнялась вручную. Несмотря на это, в результате бесценного труда дорожников узколинейная железная дорога Гурьев-Доссор

дана на эксплуатацию 18 декабря 1926 года. Вдоль дороги были подключены 3 крупных станции (Гурьев, Ескене, Доссор), 3 разъезда (рынок Сокол, Цех, Дангар)

19 декабря 1926 года в поселке Доссор в честь прибытия поезда прошел многолюдный митинг. Выступал А.М.Денисов, который в своем докладе подчеркнул важность железной дороги для нефтяного края. Ответственный секретарь уездного исполкома Казмукаш Ибрашев, от имени жителей Доссора Е.Ф.Серова отметили, что данная дорога поможет в установлении связи нефтяного края во всех отраслях.

Это подтверждает опубликованная статья начальника строительства Денисова: «Что даст краю и нефтяным промыслам Желдорога Гурьев - Доссор» 18 декабря 1926г. «Перевезет из Гурьева в Доссор и обратно все грузы нефтяным промыслам в любом количестве, даже если потребуется до 100 000 тонн. Перевезет из Гурьева в Доссор и обратно все грузы всех лиц и учреждений.

Снабдит дешевой солью из сольных Карабатинских озер и Искине рыбопромышленность Гурьевского района.

Будет перевозить из Гурьева в Доссор и обратно всех пассажиров: служающих, рабочих, их семьи и частных лиц.

В перевозке даст срочность, регулярность, непрерывность и быстроту перемещения.

Внушит рабочему населению Доссора уверенность в возможности свободно въехать и выехать из промыслов со всем имуществом (теперь выезжающий внужден его ликвидировать). Эта уверенность свяжет теснее работающего с промыслами и поспособствует поднятию производительности труда.

Вдвое-втрое понизит стоимость переезда пассажиров из Гурьева в Доссор и обратно.

В развитии нефтяного района в 1930-е годы имело большое значение проведение нефтяных трубопроводов Каспий-Орск и железной дороги Атырау-Кандыгаш. По поручению народного комиссара тяжелой промышленности в 1935 году 68 инженеров-техников под руководством В.Ф.Копылева исследовали дорогу, был утвержден проект новой железной дороги. Строительство было поручено отличникам организациям строителям, участвовавшим при строительстве дороги к Магнитогорскому металлургическому комбинату и железной дороги Уфа-Ишим. Начальником стройки назначен инженер А.Ф.Дегтярев, руководивший строительным управлением Магнитогорска, главным инженером - А.М.Денисов, строивший узкоколейную жеезную дорогу Гурьев-Доссор.

Работа началась с двух сторон – Кандыгача (северный участок) и Гурьева (южный участок).

Южный участок должен был положить дорогу от города Гурьева до Маката. Начальником участка назначили опытного инженера Гаврийла Ивановича Комаровского, проектировавшего раньше железные дороги Уссурий-Восточный Китай, Рыбинск-Красноуральск и нефтепровода Орск-

Каспий. В этом участке трудился одна из гордостей казахского народа, первый инженер железнодорожник Мухаметжан Тынышбаев. С направлением сюда на строительство железной дороги прибыли 2 тысячи казахов, участвовавших при строении нефтепровода Гурьев-Орск.

В таких тяжелых условиях строители железной дороги активно работали, состязаясь в трудовом с коллективом Среднеазиатского строительного треста. Для обмена опытом группа отличников побывала у строителей железной дороги Урал-Елек.

Организационная работа, проведенная разносторонне, начала давать свои результаты. В 1936 году из всех сотрудников строительства 22% участвовали в социалистических соревнованиях, в 1938 году- 64%, в 1939 – 79%. Если 1 сентября 1936 года было 65 стахановца, в ноябре того года их число подросло до 500, а в июле 1938 года достигло 970 человек. На передовых позициях новшество несли первые дорожники Жумабай Кузембаев, Злиха Умирбаева, А. Мырзагалиев, Ж.. Курмангазиев, Ж. Жангожин, Р. Коптлеуов, Е.Андреев, Ж. Мамбетов.

Дорожники встретились с большими трудностями. Трасса проходила безводными, пустынными местами. Не хватало строительных материалов, кадров специалистов. Для строителей из-за 120км. расстояния 60 верблюдный караван из тележек таскала питьевую воду. В конце 1936 года в строительстве работали 4186 рабочих и инженеров-техников. Из них 2592 были казахи, 948 русских. В разгар летнего времени (включая водовозов с верблюдами) 75% дорожников составляли представители местной нации.

В активное участие в строительных работах старожилы местности положительно отразились каждодневная помощь местных органов администрации и благоприятный настрой знающего свое дело руководителя Г.К.Комаровского.

На строительстве внимание акцентировалось на проведение культурно-общественных работ. Здесь особенная была роль секретаря штаба партии Ф.И.Стрельцова. В 1934 году по трассе работали 4 клуба, 7 красных уголков, 17 библиотек. 120 агитаторов работали среди дорожных строителей. В декабре 1939 года дорога Кандыгагач-Гурьев была временно дана на эксплуатацию, а в 1942 подключилась к постоянной работе. Стальная магистраль длиной в 517км. была включена в состав Оренбургской железной дороги.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Аксенов А.В. (1958). Строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги (1901-1905 гг). Ученые записки Оренбургского государственного пединститута. Серия историческая, филологические науки. Вып.13. Оренбург.

2. Асфендияров С.Д. (1993). История Казахстана (с древнейших времен). 2-ое издание. Алма-Ата.

3. Асылбеков М.Х. (1962). Некоторые вопросы истории строительства Оренбургско-Ташкентской ж.д. Известия АН КазССР. № 2(19).

4. Базанова Н.Б. (1977). Формирование этнического состава населения дореволюционного Казахстана. Вестник АН Казахской ССР. №7.

5. Бердыгужин Л, Б. Нефтегазовая промышленность Казахстана: кадровый потенциал. Алматы 2012.-368 стр.

6. Борзунов В.Ф. (1959). Рабочие Сибирской железнодорожной магистрали 1991-1904 гг. История СССР. № 4.

7. Дахшлейгер Г.Ф. (1955). Из истории рабочего класса в период I русской революции. Коммунист Казахстана. № 8.

8. Табылдиев Х, Нигметов Г. Белые пятна истории края. Атырау 1998. - 99 стр

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА

Жумабаева Б.Ж.,
магистрант 2 курса
Атырауского университета им.
Халел Досмухамедова,
город Атырау

Аннотация. В статье показана история народного движения 1836-1838 годов в творчестве Махамбета Утемисова. Творческое наследие Махамбета – около ста стихотворений. Стихи Махамбета являются программными произведениями, определяющими цели и задачи восставших. В его замечательных импровизациях создаются образы народных заступников – в том числе героический образ Исатая Тайманова (1791-1838), как вождя крестьянского восстания. Фольклорные материалы и традиции повествования устной истории казахского народа представлены в сочетании с произведениями Махамбета Утемисова. В своих исследованиях казахские учёные отмечают, что обилие и эпический характер героических песен является основной особенностью фольклорного наследия, зарождающегося в Западном регионе. Регион Западного Казахстана ценен не только с территориальной точки зрения или как место, где происходили сложные исторические события, но и как регион с неразрывной золотой цепью фольклорной традиции. То есть поэты и певцы, воспевающие эпические сказания и передающие их из поколения в поколение, не рождаются в один день. Оно может вырасти только на благодатной почве доброй традиции, которая не прерывается

Ключевые слова: Дореволюционный Казахстан, западный регион, фольклор, Исатай Тайманов, Махамбет Утемисов, историзм фольклора.

Восстание казахского народа в Букеевском ханстве в 1836-1838 гг. было направлено против феодальной эксплуатации и колониального гнета Русского царизма. Это было прогрессивное крестьянское восстание, основной движущей силой которого являлось угнетенное казахское крестьянство. Восстание возглавили Исатай Тайманов и Махамбет Утемисов. Исатай Тайманов родился

в 1791 году. В 1812 году он стал старшиной одного из отделений рода-берш. Неоднократные и настойчивые протесты Исатая против насилия над крестьянами, находившимся под его управлением, вызывали недовольство хана Букеевской орды Джангир Букеева и его окружения. Враги Исатая несколько раз обвиняли его в уголовных преступлениях, и несмотря на их необоснованность, он дважды был арестован (в 1817 г. и в 1823 г.). В 1835 г. Исатай резко выступил против ханского ставленника Караул-Ходжи Бабаджанова, требуя удаления его с занимаемого поста за лихоимство, незаконные поборы и произвол. «Народ желает владеть своей собственностью, – писал Исатай хану, – а не другой кто, и никто не имел бы права налагать поборы. А если мы не получим на сие ответа..., то будем думать, что нет над нами никакого начальника. Тогда лучше будет старшинам оставить их жилище, а бедному народу нашему бросить свое имущество и скот и потом удалиться». В ответ хан Джангир прислал Исатаю письмо, в котором упрекал его в подстрекательстве народа к неповиновению и требовал прибыть в ставку для объяснений. Никаких мер к тому, чтобы ограничить произвол Караул-Ходжи Бабаджанова хан не предпринял. Исатай Тайманов продолжил борьбу.

В феврале 1836 года Исатай Тайманов встал на путь открытого сопротивления распоряжениям хана. С этого и начинается крестьянское восстание. Одна из особенностей крестьянских движений в Казахстане заключалась в том, что борясь против «своих» феодалов, ханов, султанов и баев, народные массы вместе с тем боролись против Русского царизма, которому служила казахская феодальная верхушка, тесно связанная с царским колониальным аппаратом. Вступая против ханов и султанов, крестьяне угрожали разрушить систему колониального управления краем, созданную царским правительством путем включения в нее местной феодальной верхушки. Поэтому в ходе восстания против народных масс выступили не только местные феодалы, но и вооруженные силы царизма. Таким образом, антифеодальное крестьянское восстание 1836-1838 г.г. в Букеевском ханстве являлось в то же время восстанием антифеодальным и антиколониальным. Возглавив крестьянское восстание, Исатай Тайманов в схватке с карательным отрядом героически погиб на берегу реки Акбулак в 12 июля 1838 года. Изучая историю восстания Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова ученые выделили два его этапа: восстание на территории Букеевского ханства (1836 года до 13 декабря 1837 года) и массовое антиколониальная борьба казахского народа на территории Западного региона Казахстана после переправы Исатая Тайманова реку Урал на ночь 12-13 декабря 1837 года и до гибели Исатая 12 июля 1838 года.

Крупный вклад в изучение историю восстания Исатая Тайманова внес Никита Федорович Савичев (1821-1886 г.г.). Офицер Уральского казачьего войска Н.Ф.Савичаев работал архивариусом, собирал практические материалы, и в 1876-1877 годах на страницах газеты «Уральские войсковые ведомости» написал обширную статью «Исатай Тайманов – старшина Внутренней Орды» и «О неповиновении начальству двух киргизов Внутренней Орды». Это была первая попытка в дореволюционной русской историографии правильно

объяснить сущность национально-освободительного восстания казахских шаруа. Пламенным певцом восстания, сподвижником предводителя восстания Исатая Тайманова был поэт Махамбет Утемисов (1803-1846), произведения которого и поныне пользуются большой популярностью. Махамбет привлекал к себе людей своим личным мужеством и отвагой, преданностью интересам простого народа, своей последовательностью в защите их интересов и своим незаурядным поэтическим талантом. Одной из особенностей творчества Махамбета является изображение человеческого характера Исатая Тайманова. После гибели друга, Махамбет стал сравнивать его с эталонами мужественности в природе, с грозными птицами и зверями, являющимися символами благородства.

Неистовый мой, подобно кулану,
Как архар с грозными рогами!..
Львом-то был ведь Исатай...

Творческое наследие Махамбета – около ста стихотворений. Как известно, он свои стихи не записывал. Акыны Шернияз, Бекет, Мурат сохранили поэтическое наследие Махамбета для последующих поколений.

Стихи Махамбета являются программными произведениями, определяющими цели и задачи восставших. В его замечательных импровизациях создаются образы народных заступников – в том числе героический образ Исатая Тайманова, как вождя крестьянского восстания. По свидетельству русского ученого-писателя Е. Ковалевского (1811-1868), познакомившегося с Утемисовым ввремя путешествия по казахской степи, он отличается мужественным характером, честностью, красноречием.

Ковалевский пишет: «Я понял его как натуру героического склада, подлинного патриота, страстно ищущей души и большого обаяния». Махамбет Утемисов признан также как автор многочисленных песен, как талантливый кюйши-домбрист. Стихотворения поэта не раз были переведены на русский язык и неоднократно издавались отдельными сборниками. Поэзия Махамбета до сих пор считается трудно переводимой. Махамбет Утемисов как повстанческий поэт был воспитан на живительных традициях героических поэм. Он искренне любил свой народ и вдохновенно воспевал сокровенные мечты народа о свободе. Его реалистические стихи проникнуты духом времени, подсказаны классовой борьбой простого народа. Его вольнолюбивые стихи передавались, передаются и будут передаваться потомками, вдохновляя и одухотворяя их жизнь.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бердыгужин Л.Б. Интересные встречи // Прикаспийская коммуна. 1996. 4 апреля.
2. Большаков Л.Н. По следам Оренбургской зимы.-Челябинск, 1968;его же: Отыскал я книгу славную. – Челябинск, 1983
3. Кереева-Канафиева К. Дореволюционная русская печать о Казахстане. – Алма-Ата, 1963. – 275 с.

4.Макшеев А.И. Путешествие по киргизским степям и туркестанскому краю // Т.Г. Шевченко в воспоминаниях современников. Кн. 1. М. 1962. - С. 196-198.

5. Савичев Н.Ф. Исатай Тайманов – старшина внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. 1876. N46-51; 1877. N1.

6.Ханыков Я.В. Очерк состояния внутренней орды // Зап. ИРГО. КН. 1-2. 1849.с 121-148.

7.Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.).Очерки по истории национального движения Казахского народа // Труды Общества изучения Казахстана. 1927. Вып. IV. I. VIII.

ҚАЗАҚСТАН - ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН

Заулкашев Б.А.,

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің 1 курс магистранты,

Атырау қаласы

Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы өркендеу жылдары оның басқа елдермен сыртқы байланыстарының жаңа мағына-мазмұнда орнығуымен және дамуымен сипатталады. Бұл, әрине, табиғи процесс. Кез келген егемендікке ие болған мемлекет қысқа мерзімде өзін басқа мемлекеттердің, халықаралық қауымдастықтың мойындауына, тең деңгейде қарым-қатынастар жасауына қол жеткізу үшін күреседі. Бұл — тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саясаттағы логикасы. 2000 жылға дейін Қазақстанның тәуелсіздігін 138 ел, яғни әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің жартысынан астамы таныды, оның ішінде 120 елмен дипломатиялық қатынастар орнатылды, 64 халықаралық ұйымның мүшелігіне өтті. Әлемнің 32 елінде Қазақ-стан Республикасының елшіліктері ашылды. Бүгінде шетелде 32 елшілік, 1 тұрақты өкілдік, 2 дипломатиялық миссия, 3 бас консулдық, 10 консулдық және 1 телқұжат-виза қызметі және Қазақстанда 44 шетел елшіліктері мен миссиялары, сондай-ақ 12 халықаралық ұйымдардың өкілдері жұмыс істейді.

Жаңа Астанамыз да халықаралық байланыстар орталығына айналуға күш салуда. Қазақстан 2000-ден астам мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасады, көптеген әлемдік, еуропалық, азиялық саяси және экономикалық ұйымдар мен одақтарға кірді, қысқа тарихи мерзім ішінде әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі атанды. Рес-публиканың сыртқы байланыстар жүйесі географиялық, идеологиялық, сондай-ақ этнодіни ауқымда шектелмеген, ол демократия, нарықтық, экономика, адам құқықтарын сақтау негіздеріне сүйенеді, осы негізде әлемнің барлық аймақтарына таралып келеді.

Қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстан мемлекеті өзінің көп ғасырлық тарихын жаңғыртуы, қазіргі дүниедегі өз орнын анықтауы, ұлттық айқын-даманы белгілеуі, ішкі және сыртқы саясаттағы басым бағыттарды айқын-дауы тиіс болып отыр. Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға болған мемлекеттік тәуелсіздікті алу дербес сыртқы саясат жүргізуге жол ашты. Тәуелсіздіктің

алғашқы жылдарындағы сыртқы саясатымызды бағамдай отырып, Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуын, оны таратпау кепілдігіне берілгендігін атап өту ерекше маңызды. Қауіпсіздік, ізгі көршілестік және достық ахуалын қамтамасыз ету жолында ресейлік, қытайлық, орталықазиялық, американдық, еуропалық және басқа бағыт-тардағы Қазақстан дипломатиясының күш-жігері табысты болды. Еліміздің егемендігін нығайту, оның экономикалық мүдделерін ілгерілету үшін қажетті сыртқы жағдай жасалды.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған кез-ден бастап-ақ оның Бас Ассамблеясының жыл сайын қыркүйекте өтетін сессияларына, басқа да мәжілістеріне қатысып, бүкіл қоғамдастыққа ортақ мәселелерге байланысты ұсыныстарын білдіріп келеді. 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы айта келіп, екі түрлі ұсыныс жасады. Оның біріншісі — барлық ел үкіметтерінің ізгі ниет білдіру тәртібімен «бір+бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерінің қорын күруді бастау. Бұл формула бойынша әрбір мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінен бір пайыз бөліп, жыл сайын оны бір пайызға ұлғайтып отыруды көздейді.

Екінші ұсынысы - Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шақыру. Елбасы Н.Назарбаевтың бұл баста-масы көпшілік елдер тарапынан, сондай-ақ БҰҰ-дан қолдау тауып Қазақ-станның сыртқы саясатын айықындауда айтарлықтай рөл атқарды.

1994 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқыту-шы құрамымен және студенттермен кездесуінде жария еткен Еуразиялық одақ туралы идеясы қазіргі уақытта өзінің өміршендігімен белгілі болып отыр. 2000 жылы 10 қазанда Астана қаласында Қазақстан, Ресей, Бело-русь, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің қатысуымен құрыл-ған Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа 2006 жылы 25 қаңтарда Өзбекстан мемлекеті қосылды. Бұл ұйымның басты мақсаты өзіне мүше елдер аумағында еркін сауда аймағын құру, бірыңғай кедендік тарифтер қолдану, ДСҰ-ға мүшелікке кіруге келісілген ұстанымда болу, сыртқы шекаралар қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері барысында келісілген бағдарламалар қабылдау, энергетика мен көлік са-лаларында ортақрынок құру және т.б. мәселелерді қамтиды. Қазақстан Республикасы сонымен бірге 2002 жылы құрылған Орталық Азия Ынтымақтастық Ұйымына (ОАЫҰ), 2000 жылы алғашқыда «Шан-хай бестігі» болып құрылған, қазіргі уақыттағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ), 2003 жылы 19 қыркүйекте Ялта қаласында құрыл-ған Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) ұйымына мүше болып саналады.

Қысқа тарихи мерзім ішінде басшылықтың, ең алдымен, тәуелсіз Қазақ мемлекетінің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тұрақты да байсал-ды саясатының нәтижесінде республика едәуір зерделі, ұйымдық және моральдықтегеурін талап еткен күрделі міндетті шеше білді. Дербес мем-лекеттіліктің қалыптасу процесі күрделі ішкі саяси, терең экономикалық және

әлеуметтік дағдарыс жағдайларында өтті. Барлық қиындықтарға қара-мастан аз ғана уақыт ішінде Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде қалыптасты. Оныңсаяси ерекшелігі - сыртқы сая-саттын бірқатар бағыттарының көп қырлылығы мен ұстамдылығында болды.

Түркиямен мемлекетаралық кең көлемді қатынастарды орнату - Қазақстанның халықаралық саясатының басты міндеттерінің бірі. Мұның бірқатар себептері бар, ол халықтардыңтарихи және этнолингвистикалық жақындық, геосаяси және экономикалық алғышарттармен айқындалады.

Қазақстан Түркиямен қысқа тарихи мерзім ішінде тең құқықты өзара сыйластық және сенім принциптеріне негізделген берік достық қарым-қатынастар орнатты. Еуразиялық ірі мемлекеттер бола отырып, Қазақстан мен Түркия осы континент елдері арасындағы интеграциялық процестердің жеделдетілуіне мүдделі. Олар әлемдік және аймақтық саяси және экономикалық құрылымдардағы қарым-қатынаста бірлесіп іс-әрекет етуде, бір-біріне халықаралық саясаттың өр түрлі мәселелерінде сая-си қолдау көрсетуде.

Аз уақыттың ішінде, дипломатиялық жұмыстың және мемлекеттік деңгейдегі қызу қарым-қатынастың нәтижесінде екі жақты қатынастар-дың қалыптасуы мен дамуы үшін тиянақты заңды база қалыптасты, оған мемлекеттер, үкіметтер, министрліктер және ведомстволар басшылары деңгейінде қол қойылған шарттардың, декларациялардың, келісімдердің және міндеттемелердің тұтас жүйесін айтса да жеткілікті. Екі ел парла-менттері екі жақты қол қойылған құжаттарды бекіту және заңдылықтар-ды келісу жөнінде ауқымды жұмыс атқарды, бұл қарым-қатынастың іс-жүзінде шынайы қолданылуын қамтамасыз етті.

Қазақстан - Түркия қатынастарын дамытудағы табан тірейтін түйінді мәселелердің бірі-екі елдің тарихи, этникалық, тіл және мәдени ортақ-тығыболмақ. Мәдениет,өнержәнебілімберусаласындағыынтымақтас-тық халықтардың бір-біріне жақындасуына, қатынастардағы татулық пен сенім ахуалының қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстанға және ТМД-ның басқа түркі тілдес мемлекеттеріне қара-ғанда, Түркияның экономикалық әлеуеті айқын, халықаралық рынокқа шығатын жолы бар, Еуропалық қоғамдастықта жеткілікті беделі бар, ол Қазақстан экономикасын реформалаудың икемді үлгісі болып табылады. Қазақстанныңэкономикасындағы, геосаясатындағы жәнедемографиясын-дағы өзіне тән ерекшеліктер - жас мемлекет алдында тұрған экономика-лық және саяси проблемаларды шешуге өзіндік жол табуды талап етеді. Экономикалық саяси және мәдени салалардағы қарым-қатынасты дамыту екі ел экономикасының және әлеуметтік саласының нығаюына жағдай туғызады. Олардың мәдениет, білім, экология, медицина, бірлескен бейбітшілік бағдарламаларында өзара ықпал ету, аймақтық экономика-лық одақтарды нығайтуға деген үмтылыс - аймақта түркі мемлекеттерінің халықаралық беделінің өсуіне және гүлденуіне әсер етер еді. Екі мемлекеттің еуразиялық интеграция принциптерін жүзеге асыруға деген үмтылысы, олардың осы бағыттағы бірлескен күш-жігері бүкіл еуразия-лық континентте бейбітшіліктің сақталуына және гүлденуіне ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Қазақстанның өлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің ката-рына кіру стратегиясы// Егемен Қазақстан, 2006, 1 наурыз.
2. Абдулпаттаев С. Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру бастамасының маңызы// Ақиқат, 2005, № 5.
3. Абдулпаттаев С. Интеграциялық саясат// Ақиқат, 2003, № 6.
4. Абдулпаттаев С. Қазақстан — Қытай қарым-қатынастары// Ақиқат, 2004, № 8.
5. Мухамедов М. Қазақстан әлемдік қауымдастықта. Алматы, 2000.
6. Нурақым Райхан. Қазақстан мен Ресей қарым-қатынастарының жаңа буыны// Ақиқат, 2004, № 1.
7. Өтебаев Н Орталық Азиядағы геосаяси үрдістері// Ақиқат, 2003, № 9.
8. Қарасаев Ғ. Еуразиялық бірлестік және қауымдастық//Қазақ тарихы, 2003, № 4.
9. Ерманов В.А. Қазақстан қазіргі дүние әлемінде. Алматы, 2002.

АТЫРАУ Өңірінің Топонимикасы және Өлке Тарихын Зерттеу Мәселесі

Қайырғалиева Г.К.,
т.ғ.к.қауымд., профессор,
Шарафиденова В.У.,
Магистрант,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қаласы

Аңдатпа. Мақалада жалпы Атырау өңірінің топонимикасы және сол өңірдің жер су атаулары айтылады. Жалпы мәлімет барысында, толық жұмыс өңірдің атауларына арналады. Алда қарастыратын мәселе, топонимканың құрылымы мен түрлері.

Негізгі сөздер: топонимика, жер сау атаулары, қолданыстағы сөздер, өңірлер, Атырау қаласы, ауыл, мекен аймақ.

Атырау өңірін ондаған жылдар бойы ғалымдарды толғандырып келе жатқан топонимика мәселелерін бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Ең бастысы, географиялық атаулардың ономастикалық лексиканың ерекше бөлігін құрауында ғана емес, сонымен бірге географиялық жалқы атаулардың, зерттеушілер дұрыс атап өткендей, этнос тарихы мен мәдениетінің көрінісі болып табылатындығында. Сондай-ақ ұлтаралық тілдік байланыстар жағдайында белгілі бір аймақтың даму тарихына әкеледі [1].

Елімізде 1990 жылдан қазіргі уақытқа дейін жарық көрген әдебиеттерге талдау жасау географиялық атауларды зерттеудің әртүрлі мақсат-міндеттерді көздеп, сан алуан бағытта жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Осыған қарамастан, топонимика бойынша көптеген жарияланымдарда тіл ғылымының әртүрлі

аспектілері бойынша арнайы зерттеулерде белгілі бір дәрежеде басым болатын негізгі мәселелердің үш блогын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші блокқа қатысты жалпы есептерді қамтиды тілді жүйе ретінде түсінетін білімді. Мәселенің бұл тұжырымына сәйкес топонимдер өзіндік жүйе құрайтын және сонымен бірге жалпы тілдік жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше сөздер табы ретінде қарастырылады.

Екінші блок ономазиология мәселелеріне қатысты. Оған топонимиканың негізгі принциптері, сөзжасамдық модельдер мен олардың өнімділігі, топонимдердің құрылымы бойынша типологиясы, төл және жалғанған топоформанттар сияқты мәселелер қамтылған.

Үшінші блокта семасиология мәселелері, оның ішінде топонимнің мағынасы мен оның ішкі формасы, географиялық атаулардың әртүрлі типтерінің мағыналық байланыстары, топонимонның ұйымдастырылуы, т.б.

Сонымен, соңғы жылдардағы топонимикалық зерттеулерде топонимиканың жалпы теориялық мәселелері де, ономазиология мен семасиология мәселелері де қарастырылатын негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады.

Сонымен қатар, әдебиеттерге шолу көрсеткендей, зерттеудің теориялық негізіне қарай тілдік материалды талдаудың екі негізгі тәсілін бөліп көрсетуге болады. Олардың бірі топонимдерді лексикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қазіргі дәстүрлі зерттеуді дамытуды жалғастыруда. Мәселені түсінуге ұқсас көзқарас 70-80 жылдарға тән. Тіл лексикасы мен оның жеке категорияларын, атап айтқанда топонимдерді жүйелі ұйымдастыру ғалымдардың назарында болған ХХ ғ. Белгілі бір дәрежеде шарттылықпен топонимикалық лексиканы талдаудың мұндай тәсілі дәстүрлі деп аталады [2].

Бірқатар зерттеулерде де атап өтуге болады: антропоцентристік лингвистиканың, мәтін лингвистиканың және ғылыми танымның когнитивтік-дискурсивті (коммуникативтік) парадигмасының мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін жаңа көзқарас. Тақырыптары біршама алуан түрлі бұл еңбектерде ғалымдар тілдің лексикалық қорын сипаттаудың негізгі бағыттары ретінде ономазиология мен семасиология мәселелеріне де тоқталады.

Осы мақала аясында біз дәстүрлі тамырда жүргізілген еңбектерді талдауға тоқталып, топонимикалық лексиканы зерттеуде біз анықтаған мәселелердің жекелеген авторлардың еңбектерінде қалай шешілгенін қарастырамыз.

Ономастика саласындағы беделді тұлға А.В.Суперанская жалқы есімдердің өзіндік ерекшелігіне және олардың басқалардан айырмашылығына тоқталады. Осындай еңбектерге мысал ретінде Қазақстанның Атырау облысының топонимикалық жүйесінің пайда болу, даму және қызмет ету тарихын сипаттаған, оның лексика-семантикалық көздерін, негізгі сөз-қалыптасу үлгілері мен этнолингвистикалық қабаттары турады айтылған.

Бұл өлкенің географиялық атауларын басқа облыстары мен көршілес түркі республикаларының топонимдерімен салыстырмалы талдау авторға өзбек тілінің қазақ, қырғыз, орыс тілдерімен байланысына қатысты мәселелерді нақтылап, қалыптасқанын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Зерттелетін өлке

топонимикасының, сондай-ақ өзбек тілінің таралу аумағында топонимикасының дамуы түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық заңдылықтары бар.

Географиялық зерттеулердің осы бағытына физикалық атаулар топонимдердің жекелеген категорияларының онда алатын орнын анықтау үшін лексикалық ішкі жүйе ретінде топонимиканы зерттеудің нақты мәселелерін де қамтуы мүмкін. Мұндай жұмыстардың мысалы ретінде зерттеулерді келтіруге болады С.М.Хантиминова мен И.В.Топоркова топонимдердің әр түрінің өзіндік қалыптасу және қызмет ету заңдылықтары бар екенін растайды [3].

Топонимиканың өзіндік ерекшелігін анықтау мақсатында белгілі бір лингвистикалық мәдениеттегі жүйе мен оның ішкі жүйелері, жақын туыс емес тілдердің салыстырмалы зерттеулері жүргізіледі. Мұндай зерттеулер әрбір тіл мәдениетіндегі топонимиканың жүйелік сипатын ғана емес, оның құрылымдық-семантикалық ерекшелігін де нанымды түрде дәлелдейді.

Топонимиканың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі жүйелерді әртүрлі тілдерде және аймақтарда салыстырмалы түрде зерттеу кезінде, әсіресе ономазиология мәселелерін көрсету кезінде, географиялық атаулардың қалыптасуының негізгі құрылымдық модельдері мен топонимика принциптерін сипаттау кезінде, географиялық аймақтағы топонимикалық қабаттарды анықтау кезінде айқынырақ болады. ел, аймақ, өлке, шет атаулары.

Әр түрлі салалардағы және тілдердегі топонимдердің белгілі бір түрлерін салыстыруға болады. Сонымен, Т.В.Лиш-Зерттеуде Байкал және Леман көлдері алаптарының гидронимдері салыстырылады [4], ал Ли Иньиннің зерттеуінде салыстыру пәні елді мекендердің орысша және қытайша атаулары – ойконимдер болып табылады. Ойконимдер облыстың топонимикалық жүйесінде, атап айтқанда Бұғы өңірінде де гидронимдермен салыстырылады. Топонимикалық зерттеулерде номинация мәселелері маңызды орын алады. Көптеген жұмыстардың авторлары атап өткендей, номинация актісіне әртүрлі факторлар әсер етеді, оларды анықтау және сипаттау топонимика критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді. Топонимиканың табиғи-географиялық критерийі, әдетте, аталған объектіге тән белгілерге негізделеді [5].

Қазіргі уақытта белгілі бір аймақ топонимдерінің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері белсенді түрде зерттелуде. Мұндай аумаққа сондай-ақ кең-байтақ аумақ – республика, облыс, облыс, өзен бассейні – Атырау өңірі.

Қорытынды. Дегенмен, топонимика мәселелері негізінен белгілі бір тілдік аймақтың географиялық атауларының материалы бойынша қарастырылады. Бұл негізгі проблемаларды талқылау перспективасының аймақтық топонимикаға бет бұрғанын көрсетеді.

Осымен қатар белгілі бір тілдегі және аймақтағы топонимдердің этноспецификалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін және тілді мәдениет фактісі ретінде талдайтын қазіргі тіл білімінің сұранысын қанағаттандыратын топонимиканы салыстырмалы түрде зерттеу жұмыстарының артуы байқалады.

Жұмыстардың көпшілігінде тілдік құбылыстарды талдаудың синхрондық тәсілі басым, дегенмен диахрондық тәсіл аясында жүргізілетін арнайы зерттеулер де бар. Топонимикалық лексиканы және оның құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін зерттеу негізінен Ресей Федерациясы мен бұрынғы Кеңес Одағы халықтары тілдерінің материалдары бойынша жүзеге асырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мурзаев Е.М. Топонимика және география / Е.М.Мұрзаев. – М.: Наука, 1995. – 304 б.
2. Суперанская А.В.. Ғасырлар мен елдер арқылы атау / А.В.Суперанская. – М.: Наука, 1990. – 192 б.
3. Самтақова Қ.Б. Алтай республикасының оңтүстік-шығыс аймақтарының моңғол топонимдерімен салыстырғандағы топонимикасы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. ғылымдарҚ.Б.Самтақова. – Новосибирск, 2008. – 24 б.
4. Закиров А. Қазақстан өңірлерінің топонимикасы: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / А.А. Закиров. – М., 1991. – 20 б
5. Бойцов О.Н. Бұрынғы және қазіргі Смоленск облысының топонимикасы: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / О.Н.Бойцов. – Смоленск, 2003. – 14 б.
6. Давыдова Т.В. Сібір мен Ресейдің Қиыр Шығысының солтүстік халықтарының топонимикасы: тарихнамалық аспект: автореферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Давыдова Т.В. – Петербург, 2003. – 22 б.
7. Жамсаранова Р.Г.Шығыс Забайкалье топонимикасы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Р.Г. Жамсаранова. – Улан-Удэ, 2002. – 22 б.
8. Манжуева Ф.. Айналым-Байкал аймағының гидрономиясы: реферат. дис. ...мүмкіндік. Филол. Ғылымдар / Ф.Манжуева. – Улан-Удэ, 2003. – 22 б.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ӨМІРІНІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ

Кауден И.А.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2-курс магистранты,
Атырау қаласы*

Қызылорда қазақ халық ағарту институтында қоғамдық пәндерден дәріс берген Бурабаев Дүйсенғали Бурабайұлының іс қағаздарында, оның Орал облысы Қарабау жерінде №8 ауылда 1885 жылы туылғаны, Гурьевте орыс-қазақ училищесін, Орынбор мұғалімдер мектебін бітіргені және Қызылқоға жерінде кеңес үкіметінің орнауына қатысып құқық қорғау саласында жұмыс істегені көрсетілген. Ал «сталиндік нәубет» құрбандарына арналған Ұлттық қауіпсіздік басқармасы анықтамасында Бурабаев туралы төмендегі мәліметтер бар.

«Бурабаев Дүйсенғалий (Дүйсенғали) [1885 - ...] Родился в Кустанайском уезд; казах; Окончил 3-годичную вол. Рус-кир. школу Окончил 2-классное рус-кир. уч-ще, 2 г. Учился 2 года в казахской учительской школе, не закончил. Член ВКП с 1.06.1922 С 19 лет работал - учитель аульной школы (? - 1920 гг.); сотрудник Гурьевского уоно (1920-22 гг.); пом. прокурора Уральской губернии по Калмыковскому уезду - уездный прокурор (09.1922-25 гг.); зав. казахской школой семилеткой (1925-26 гг.); инспектор Наркомпроса КССР (1926-27) пред. ГрамЧК (Чрезвычайной комиссии по борьбе с неграмотностью) при НКП КССР (=11.28=); + с 11.11.1928 - член (коллегии) Политико-просветительского комитета КССР /на правах наркомата/ первый секретарь. Проживал: Кустанайская обл. пос. Тургай. Арестован 20 ноября 1932 г. Актюбинская облпрокуратура. Приговорен: Выездная сессия Актюбинского облсуда 2 декабря 1932 г., обв.: 58-7 УК РСФСР. Приговор: 10 лет ИТЛ Реабилитирован 18 сентября 1968 г. Пленум Верховного суда СССР. за отсутствием состава преступления». (Источник: Сведения ДКНБ РК по Костанайской обл). Бұл деректерді тарқату мақсатында қазір Қостанай облыстық ішкі істер департаментінің мұрағатындағы №02718 іспен танысуға тура келді. Бурабаев Дүйсенғали 1931 жылдың ақпан айынан 1932 жылдың шілдесіне дейін Ақтөбе аймағы Торғай ауданының аудандық атқару комитеті төрағасы, ал 1932 жылдың шілдесінен қазан айына дейін Торғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Жанұялы, бес ұл-қызы болған. Мұрағатта жолдасы мен балалары туралы мәлімет жоқ. Айыптау ісінде Ақтөбе аймағы ОГПУ (біріккен саяси басқарма Л.Б) мәліметінде «Бурабаев Дүйсенғали 1924-25 жылдары Жымпитыда (Батыс Қазақстан облысы Л.Б) аудан прокуроры болған кезде інісі Бурабаев Бисенғали атақты бай Жанқараев Сүлейменнің қызына үйленгенін, қалың мал ретінде ағасы Дүйсенғали 400 сом бергені көрсетілген. 1926-27 жылдары Орал қаласындағы жетіжылдық мектепте дәріс берген, кейін Қызылордаға қоныс аударған. Бурабаевтардың жеке меншігінде 100 қой, 40 ірі қара және 10 түйесі болған. 1929 жылы малдары тәркіленіп Бурабаев Бисенғали

жер аударылған. Ұжымдастыру науқаны кезіндегі қателіктері үшін Бурабаев Дүйсенғали 20 қараша 1932 жылы тұтқындалып 02 желтоқсан 1932 жылы 10 жылға сотталған. 1967жылғы 07 шілдедегі №1\3271 анықтама бойынша Бурабаев Дүйсенғали айдаудағы уақытын толық өткізген және кейінгі тағдыры белгісіз. Батыс Қазақстан облысындағы мұғалім мамандар туралы зерттеулерде Дүйсенғали Бурабаев есімі көрсетіледі. Өлкетанушы Тілекқабыл Сағыновтың «Меценат» атты мақаласында: «1880 жылдары Орал губерниясында 100 мектеп жұмыс жасап, оның 40-ы ауыл-аймақта ашылған» деген дерек сақталған. Солардың бірі – қазіргі Базаршолан ауылындағы «Қызылжар» аталған мектеп 1888 жылы ашылған көрінеді. Ол мектепте алғашқылардың қатарында Палмұқан Өзбекқалиев, Ғабдолла Махамбетов, Аманғали Асылбеков, Хұсайын Қарабалин, Жұмағали Есжанов, Мамырбай Ерубасев, Байсары Шағатаев, Нұрмағанбетов, Көптілеуов, Асылғалиев, Костин, Жұмашевтар оқыған.

Ұлағатты ұстаз, сол мектепті көп жыл басқарған Махмет Жәрдемұлы 2008 жылы «Туған топырағыңның тарихы – өзіңнің тарихың» атты кітап шығарған еді. Естелік кітапта айтылғандай, Базаршолан ауылында 40 ша-малы оқушы оқыған мектеп 1904 жылдан «Соналы болысының орыс-қыр-ғыз училищесі» деп өзгертіліпті. Қазақ ауылдарында болыстық жүйенің іс-қағаздары орыс тілінде жүргізілгендіктен, жергілікті басшыларды орысша сауаттандыру, іс жүргізуші, аудармашылар даярлау мақсаты қойылған. Училищеде Мұхан Күпсеғалиев, Әуелбай Төребеков, Ақбас Ақатов, Дүйсенғали Бурабаев, Рахметолла Қаржаубаев, Керей Тоғайбаев ұстаздық еткен. Оқушылар қатарында Хамит Ермеков, Сисен Еспағанбетов (Өзек ауылынан), Мұрат Қаратаев (Ақбақайдан) Сәлім Аманшин, Көшербай Сарғожин, Сәлеке Құтқожин, Әміре Сарғожин, Ықсан Тапаев, Темірхан, Нұғыман Сарбөпин, Шәриполла Нұрмағанбетұлы, Жәңгір Сарғожин, Баймұхан Бейбітов (Жақсыбайдан), Ұлықпан Кереев, Аманғали Баяшев және басқалары болған. Училище бір басқышты, 4 жыл бойы сабақ орыс тілінде оқытылған» деп баяндалады.

Орал қаласындағы №11 Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп тарихында да Дүйсенғали Бурабаев есімі кездеседі. Орал қаласында 1920 жылдары ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп интернатта Каратаев Гали, Камалов Суйиндик, Варлов Лев Михайлович, Баймухамедов Абдрахман, Шагиев Исмензен, Кондрахин Александр, Казиев Хайджи, Бурабаев Дүйсенғали жұмыс жасады деп көрсетілсе, ал мектеп директоры Муньянов Хусни болған. Бурабаев Дүйсенғалидың 1929-31жылдардағы өмірі мен қызметі, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлымен тікелей байланысты. Бауыржан Момышұлы (1910-1982 жж.).

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданында дүниеге келген. 1932 жылдан 1956 жылға дейін армия қатарында болған. 1990 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Момышұлының атағы Мәскеу қаласын қорғау түбінде тарих беттерінде жазылды. Батырдың «Офицер жазбалары (1962 ж)», «Артымызда Москва (1963)», «Генерал Панфилов (1965)», «Куба әсерлері (1969)», «Ұшқан

ұя (1974)», «Соғыс психологиясы (1990)» атты еңбектері бар.

1976 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын алған. Бауыржан Момышұлы туралы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты деректі кітабы жазылды. Осы кітап беттерін қайыра парақтасақ Дүйсенғали Бурабаев туралы көп мәліметтер берілген.

«IV - Рас, ол кітап менің ең алғаш рет орыс мектебіне оқуға келгеніммен аяқталады, - деп бастады Бауыржан әңгімесін. - Ол менің он екіні - «дбанасат», он алтыны - «шешнасат», он тоғызды - «дебатнасат» деп жүрген кезім болатын. Гончаровтар семьясы маған жабыла көмектесіп, тілімді жұмсартты. Бірге оқып жүрген орыс балаларымен күн сайын жақындасып, достаса бердім. Өстіп, Евгеньевка селосында мен бір қыс оқыдым. Келесі жылы Жамбыл қаласына, ол кезде Әулиеата деп аталады, келіп Аса интернатына түстім. Онда үш жыл оқып, бастауыш мектепті тәмамдадым. Ол кезде орта мектеп деген атымен жоқ. Жетіжылдықтың өзі алғаш рет 1924 жылы Шымкентте ашылды. Оған төрт кластық білімі барларды алады екен. Бірақ ондай білімді шәкірттер аз. Сондықтан үшінші класс бітірген бізді соған алды да кетті. Келсек, біз сияқты балалар Шымкентке жан-жақтан жиналып калыпты. Қызылордадан Әбділда Тәжібаев келіпті. Казалыдан келген бірнеше бала бар. «Қазақстан коммунисті» журналының қазіргі редакторы Кұрманбек Сағындықов бәріміз сонда бірге оқыдық. Біз оқыған тұңғыш жетіжылдық мектептің үйі Шымкентте әлі күнге дейін бар. Бүгінде ол Совет Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атындағы қазақ орта мектебі. Жетіжылдықты біз 1928 жылы бітіріп шықтық... Автор. Осы арада бір жанама сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, Бауке.

Бауыржанға былай деп бірінші сұрағымды қойдым: - Сіз бала күніңізде қандай кітаптарды қызыға оқыдыңыз, Бауке? Бауыржан. Сен бұл сұрағынды «бала күнінде және ересек кезінде» деп қойғын. Мен бәріне бір-ақ жауап берейін. Автор. Солай болсын онда. Бауыржан. Мен жас кезімде де, ересек күнімде де кітапты көп оқыдым. Осы күнге дейін кітаптан бас алмаймын. Құныға оқығандарым француз, орыс және испан классиктерінің кітаптары. Диккенсті түсінбедім, аяғына дейін оқи алмадым. Менің кітапты көп оқуыма негізгі себеп қызмет бабына байланысты үнемі жалғыз жүруім болды. Мәселен, мен бес жыл Қиыр Шығыста, Тайгада жүрдім. Күндізгі қызмет біткеннен кейін кешке үйде жалғыз қаласың. Осы жалғыздықты жою үшін әдебиетті көп оқуға машықтандым. Қазақ жазушыларының арғы-бергілерінің бәрін де оқыдым. Жә, енді мен саған жанағы негізгі әңгімемнің желісін жалғастырайын.

1928 жылы Шымкентте жетіжылдық мектепті бітірдім дедім ғой. Осы күнгі КазПИ ол кезде Орынборда еді. Аздап оқудың дәмін татып алғаннан кейін енді соған түсіп оқығым келді. «Ойладың - орындадың» деген сөз бар емес пе орыста. Сол айтқандай, ойға алуым-ақ мұң екен, Орынборға тарттым да кеттім. Орынбор деген жер суық болады екен. Жұқа киіммен барған мен дірдектеп, жанымды қоярға жер таба алмай жүрдім. Институттың директоры Тоқтыбаев деген қазақ екен. Бір күні бүрсеңдеп институтқа кіріп келе жатыр едім, сол кісі кездесе кетті де: - Әй, қарағым, бері келші,-деп мені кабинетіне ертіп апарды. Тоқтыбаевтың үнемі маған көзі түсіп, күйсіз жайымды аңғарып жүреді екен. Ол бірден өз ұсынысын айтты. - Мына киіміңмен, шырағым, сен Орынборда оқи

алмайсың, ауруға шалдығуың мүмкін. Адамға алдымен денсаулық керек. Мә, мына қағазды бухгалтерге апарып, ақша ал да, еліңе қайт. Мінеки, мен ВУЗ-дың есігін осылай жаптым. Сонымен, сорайыш Жуалыдағы ауылға қайтып келдім. Келе сала әкемнің 2-3 қойын сатқызып, кебіс кидім, пальто, малақай сатып алдым. Өстіп, шыт жаңа болып киіндім де, гүбірналық (ол кезде Жамбыл, Шымкент, Кызылорда үшеуі бір гүбірна болатын) оқу бөлімінің бастығы Әшіров деген кісіге келдім. Оған өзімнің жеті класс бітіргенімді, тұрмыс жағдайыма байланысты Орынбордан қайтып келгенімді айтып, қызмет сұрадым. Әшіров қуанып кетті. - Сен сияқты білімі бар қазақ баласын іздеп таба алмай жүрміз ғой, шырағым-ау. Кәне, мен сені мұғалім етейін, - деп қолыма бір жапырақ қағаз жазып берді. Сөйтіп, екі жыл бастауыш мектепке мұғалім болдым. Ол тұс ел басқару ісіне баулу үшін жергілікті ұлт адамдарын жоғары қызметтерге көтеріп жатқан шақ еді. Біздің Бурныйда да икемі бар қазақтарды жоғарылата бастады. Бір жақсысы олардың орынбасарлары мамандар, орыстар болатын. Білімі аз басшыға істің мән-жайын солар үйретіп отыратын. Сол тұста бір күні менің де жоғарылап шыға келгенім бар емес пе. Ол былай болды. Ол кезде райкомда да екі-ақ адам: секретарь мен есепші, райисполкомда да екі-ақ адам: председатель мен жауапты секретарь жұмыс істейтін. Райкомымыздың секретары Кабаков деген кісі де, райисполком председателі Дүйсенғали Бурабаев деген семинария бітірген бұрынғы мұғалім еді. Аудандық атқару комитетінің жауапты секретары Губанов деген адам орнынан түсіп қалды да, райком мен райисполком оның орнына кандидатура таба алмай састы. Бурабаев өзі бұрын мұғалім болған соң ба, кім білсін, әйтеуір, маған тоқтаса керек. Сонымен мені, ай-шайға қаратпастан, аудандық атқару комитетінің жауапты секретары етіп тағайындап кеп жіберді. Жауапты секретарьдың жұмысынан еш хабарым жоқ. Әйтеуір, оңаша кабинетім бар. Қалқиып сонда отырамын. Оңаша отырғаннан кейін менің не істеп, не тындыратынымды ешкім біліп жатқан жоқ. Сырт жұрт осы бірдеңе бітіріп отыр деп ойлайтын шығар. Ал ештеңені де ұқсата алмағаным өзіме аян. Бурабаев маған анна мәселе, мына мәселе жөнінде аудандық атқару комитетінің қаулысын, шешімін шығар, ана жерге қатынас жаз, мына жерге жарлық жібер дейді. Мен олардың қалай жазылатынын да білмеймін. Бірдеңелерді нобайлап, осылай болар деп тұспалдап, Бурабаевқа алып барамын. Бурабаев ұстамды педагог еді. Менің жазғандарымды алдына алып отырып, маған ұрыспастан, ренжіместен ерінбей соларды бірі қызыл, бірі көк түсті қарындашпен түзететін де отыратын. Мен Бурабаев қып-қызыл ала етіп берген документтерді қайта көшірумен күн өткізетінмін. Содан кейін әр документтің соңына аудандық атқару комитетінің председателі Бурабаев деп қол қояды, жауапты секретары Момышұлы деп мен қол қоямын. Ал шындығына келгенде, аудандық атқару комитетінің председателі де, секретары да Бурабаев еді. Не керек, ақыры Бурабаев мені үйретіп шығарды. Сөйтіп, мен үш жыл аудандық атқару комитетінің секретары болдым. Мен сол Бурабаевты күні бүгінге дейін ұмытпаймын. Менің орысша сауатты болуыма, іс қағаздарын дұрыс жазуыма сол кісі көмектесті. Жалғыз іс қағазы емес, менің газет, кітап оқып өсуіме де сол кісі жетекшілік жасады. Оқитын кітаптардың тізімін беріп, не оқығанымды

тексеріп, газеттерден не оқып, не қойғанымды үнемі қадағалап, өзімді ысылдырып адам етті» («Ақиқат пен аңыз» кітабынан Л.Б).

Бауыржан Момышұлы өзінің кейінгі жазбаларында киім кию мәселесінде де Дүйсенғали Бурабаевтың жақсы ұстаз болғанын көрсетеді «(агроном Мұстафа Бұралқиев» атты әңгімесі Л.Б). Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіндегі Бауыржантану ғылыми орталығы жазбаларында 1929-31 жылдардағы құжаттарды Момышұлы мен Бурабаев қолдары бар екенін дәлелдейтін дәйектер бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балақаев Т.Б., Алдажщанов Х.С Казакстан еңбекшілері — майданға. Алматы, 1985.
2. Басин В.Я. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной вой-не. Алма-Ата, 1965.
3. Белан П.С. Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечест-венной войны. (январь - май 1945 г.г.) Алма-Ата, 1979.
4. Белан П.С. Участие казахстанцев в сражениях Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1973.
5. Едигенов Н.Е. Участие казахстанцев в партизанском движении Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1973.
6. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941—1945 г.г. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1975.
7. Казахстанцы - Герои Советского Союза. в 2-х томах. Алма-Ата, 1975-
8. Козыбаев М.К Казахстан - арсенал фронта. Алма-Ата, 1970.
9. Совет Одағының казакстандық Батырлары. 1-2-том. Алматы, 1969.

ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ В ПРИКАСПИЙ

Рамазанова А.Т.,

магистрант,

Насиполла А.С.,

магистрант,

Латипова Л.Л.,

магистрант,

*Атырауский университет им. Х.Досмухамедова
город Атырау*

В 1930-е годы молодые люди Казахстана начали получать нефтяную специальность в высших учебных заведениях СССР.

Говоря о нефтяниках, мы предпочли привести как пример мнение о нефтяниках-инженерах отца Союзной нефти, известного академика, ректора Московской горной академии И.М.Губкина.

«Основным типом инженера, которые готовят ныне и должны готовить по нашему мнению высшие технические школы для обслуживания нужд нашей промышленности-это инженер-специалист в какой либо определенной отрасли техники и промышленности, основательно изучавший как теорию, практику и экономику производства в своей специальности, так и основные общеинженерные и теоретические науки, на которые данные отрасли опираются или формируя кратко, это должен быть полноценный инженер-специалист определенной отрасли промышленности с широкой научно-технической подготовкой.

Инженер должен иметь определенный комплекс специальных знаний и навыков на широкой научно-теоретической основе.

Учебный план школы должен быть построен так, чтобы эти два момента ему были обеспечены в необходимой наиболее благоприятной пропорции» [5, 27 с]. Бесценна помощь России в подготовке национальных инженерных кадров и в развитии казахстанской нефтяной промышленности.

Одним из первых выпускников Московского института нефти был Нарен Орынбайулы Имашев (1908-1972).

Н.Имашев родился в 1908 году в ауле №13 Темирского района Актюбинской области. Окончив в 1925 году семилетнюю школу в Темире, в 1926-1929 годы учился на рабфаке. После его окончания талантливый молодой человек поступает 1930 году в Московскую горную академию. В тот период академия была расширена и делилась на 6 индивидуальных институтов. По собственному желанию он был оставлен в нефтяном институте, и в 1934 году получает специальность горного инженера и геолога. Многие годы работал в промысле Байшонас геологом, главным геологом в Казахстанском нефтяном комбинате. За труды в открытии нефтегазовых месторождений в Мангистауском полуострове удостоен 20 апреля 1966 года Ленинской премии [4, 113 с].

Человек, чье имя навсегда остались в истории казахстанской нефтяной промышленности, выпускник Московского института нефти - Жолдаскали Ахметулы Досмухамбетов (1916-1977).

Ж.А. Досмухамбетов родился 15 сентября 1916 года в сельской местности Ракош Макатского района Гурьевской области. Учился в 1932-1934 годы в Гурьевском нефтяном техникуме, в 1940 окончил Московский нефтяной институт имени академика И.М. Губкина. Получил специальность горного инженера и геолога. Трудовой путь начал в Эмбе.

Работал в 1940-1942 годы главным геологом предприятия Байшоонас; в 1942-1943 годы заместителем главного геолога комбината «Эмбанефть»; в 1943-1947 годы директором предприятия Байшоонас; в 1947-1950 годы управляющим треста «Казнефтеразведка». Окончив в 1953 году академию в Москве стал главным геологом «Казахстаннефть», а в 1957-1971 годы успешно проработал управляющим, в последние годы вернулся к должности главного геолога.

Таким образом с 1940 года Жолдаскали Ахметулы все свои силы и возможности направил на развитие нефтяной промышленности, прилагал все усилия для развития геологической науки, ставил задачи внедрения новых технологий в производство, до последних дней упорно занимался вопросами нефтепромысла и геологии. Он был одним из первых, поддержавших использование сейсмических методов в разведовании нефтяных площадей и слоев.

В 1950-1960 годы два раза избирался депутатом Верховного Совета Казахстана, и в эти годы ставил научные, производственные, экономические и социальные проблемы области (тогда Мангистау и Гурьев входили в состав одной области) на повестку дня, чем смог обратить внимание членов правительства [2, С. 139 - 141].

Следующий выпускник Московского нефтяного института Кузембай Баспаев, пришедший на производство в 1938 году. В своих тезисах для казахских инженеров писал: «Я родился в 1910 году в Бозашы (Мангистау.) В том году семья переехала в Макат. В Доссоре учился в четырехклассной школе. Потом был принят учеником в мастерскую. В 1928 году поступил на Оренбургский рабфак, в 1929 году был принят на 1 курс факультета. В 1931 году, окончив его, работал в комсомольском комитете Доссора, после чего по представлению Казахстанского правительства в 1932 году поступил в Московский институт цветных металлов. После нескольких прошений в 1934 году Казахстанское посольство в Москве помогло перевестись в институт нефти. В 1935-1937 годы проходил практику в Бакинском предприятии, где набрался опыта от азербайджанских нефтяников. Так, окончив учебу в марте 1938 года вернулся в Макат инженером. Проработал там до 1942 года, после уехал на фронт. С тех ужасных пор я инвалид II группы. После всего я трудился в министерстве коммунальных хозяйств, в политехническом институте, в Алма-Ате на грузовом машиностроительном заводе. Хотя и поступил в аспирантуру Казахской академии наук для проведения исследовательских работ в сфере нефти, по состоянию здоровья пришлось прервать учебу» [3, 86 с].

Еще один выпускник Московского нефтяного института Исенов Мухамбет (1909-1993) не только инженер-нефтяник, внесший большой вклад в развитие района, но и умелый организатор, государственный деятель [6, 216 с].

Он родился в ноябре 1909 года в поселке Доссор Атырауской области. В 1937 году окончил Московский нефтяной институт имени Губкина. Трудовой путь начал в 1918 году рабочим в рыбном предприятии. Потом занимался скотоводством, в 1925 году отучился на Оренбургском рабфаке. После института работал инженером-наладчиком тяжелой промышленности народных комиссаров СССР, затем начальником отдела.

В 1941 году добровольцем был принят в ряды защитников Отечества, стал командиром взвода и 25 ноября 1941 года под Москвой первый раз участвовал в бою. Был командиром полка, заместителем командира дивизии. Но в 1943 году решением госкомитета СССР был освобожден от военных обязанностей и подключен к работе по специальности.

В 1943-1947 годы служил в комитете нефти СССР. В 1947 году перевелся на ответственные должности в ЦК Компартии Казахстана, в Совете народных комиссаров Казахстана, в Совете Казахстанских профсоюзов.

В 1963 году был вторым секретарем компартии Западно-Казахстанского края, в 1964 году первым секретарем компартии Гурьевской области.

Бергалиев Калкай Бергалиулы (1893-1970) горный инженер, выпускник Московского института нефти (1933). До Великой Отечественной Войны был нефтяником на месторождении Доссор,Макат. В 1942-1952 годы был заведующим отделом промышленности ЦК КП Казахстана, начальником отдела технической безопасности «Эмбанефть».

Среди первых нефтяников-инженеров были и яркие личности казахстанской науки.

Один из них, окончивший в 1938 году Московский институт нефти, ученый экономист Тарыбай Шаукенбаев (1913-1985) [1, 3 с].

Таким образом, 1930 годы положительно характеризуются не только в развитии нефтяного края, но и в формировании национальных инженерных кадров.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бекмаханов Е. Полезный труд по экономике нефтяной промышленности Казахстана. // Казахстанская правда. – 1960. – 10 мая. - 4 стр.
2. Каспий : нефть и культура. Фотокнига.- Алматы.2011.- 192 стр.
3. Муктар А.К.История казахстанской нефти. – Атырау.2004. -188 стр.
4. Нурсултанова Л.Н.Нефтяная промышленность казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941 – 1945 гг.). –Алматы.2010. – 256 стр.
5. Отзывы деятелей промышленности, науки и техники / Под ред. И.И.Ходоровского. – Москва-Ленинград, 1928. – 178 стр.
6. Чердабаев Р.Т.Нефть:Вчера,сегодня,завтра. – Алматы.2009. – 352 стр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫ ТАРИХЫНАН

Мурзагалиева Д.М.,

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің 2-курс магистранты

Атырау қаласы

Өлке тарихында теміржол құрылысының салынуы мен дамуы ерекше мәнге ие. Бұл бағытта, көрнекті тарихшылар Ғиниятolla Нығмет (1933-2013) және академик Хисмет Табылдиев еңбектері ғана бар екенін айтқан жөн.

Қазан төңкерісіне дейін (25 қазан 1917 жыл) өлке мұнай өндірісінде оншақты компания жұмыс жасады. Мұнайлы ауданның балашағынан үлкен үміт күткен. «Ембі» мұнай қоғамы Үлкен Ракуша-Ескене-Доссор-Мақат аралығын байланыстыратын ұзындығы 90 (верст) км. болатын Декилов тар табанды темір жол салу үшін мемлекеттік жер мүлігі комитеті Самара-Орал басқармасынан рұқсат сұрайды. Гурьевтегі Блан болысы (1912 жылдың 12 қарашасына дейін Концессионный болысы) Мақат ауданы жеріне жататын, болашақ темір жол құрылысы аймағын зерттеу үшін комитет арнайы өкіл Петрелевич пен топограф Розанов «Ембі» қоғамына жібереді.

Дегенмен бұл жоспар елде қалыптасқан ірі саяси оқиғалардың: бірінші дүниежүзілік соғысқа Ресейдің тартылуы, 1916 жылғы азаттық қозғалысы, 1917 жылғы ақпан революциясы, қазан төңкерісі және оған ілесе келген азамат соғысы темір жол салуға мүмкіндік бермеді.

1919 жылы 24 желтоқсанда РСФСР халық комиссарлар кеңесі төрағасы В.И. Ленин Александров Гай-Ембі темір жолын салу үшін қаулыға қол қойды. Құрылысқа қызыл әскерлер тартылды. Мақсаты Ембі мұнайын орталыққа жеткізу болатын. Баку мен Грозныйдың ақ әскерінен азат етуіне байланысты құрылыс тоқтатылды.

1925 жылы КСРО халық шарушылығы жоғарғы кеңесінің шешімімен Гурьев-Доссор тар-табанды темір жолын салу үшін Ембі мұнай тресінің жанынан құрылыс басқармасы ұйымдастырылды.

Құрылысқа басшы болып, темір жол қатынасының талантты инженері Алексей Максимович Денисов тағайындалды.

Жұмыс ерекше күрделі жағдайда жүргізілді. Ешбір құрылыс техникасы болмады, маман жұмысшылар жетіспеді, жол бойын ауыз сумен қамтамасыз ету де үлкен күшке түсті. Жергілікті партия, комсомол және кеңес ұйымдары жол салу қарқынын арттыруда, құрылысты жұмысшы күшімен қамтамасыз етуде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс атқарды. Гурьев уездік атқару комитетінің төрағасы Нұғыман Залиев басшылығымен барлық болыстар мен ауылдардан еріктілер ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде 1925 жылы мамыр, маусым айларында құрылыста 30 еңбек артелі құрылды. Олардың әрқайсысында 30-35 адамнан болды. Еңбек артелдері негізінен жергілікті ұлт өкілдерінен жасақталды. Олар бұрын темір жол құрылысында істемеген, әрі түгелдей сауатсыз еді. Сондықтан жол салумен бірге құрылысшыларды мамандыққа баулу және сауат ашу жұмыстары қатар жүргізілді.

Темір жол құрылысын жеделдетуде Гурьев уездік және Доссор аудандық аткомдарының рөлі ерекше болды. Олардың мәжілістерінде құрылыс мәселесі әлденеше рет қаралып, тиянақты шешімдер қабылданды. Белгіленген шаралар батыл жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде құрылыс қарқын ала бастады.

Гурьев-Доссор тар табанды темір жол құрылысының тез аяқталуына өнеркәсіп орындары да сүбелі үлес қосты. Коломенск және Луганск зауыттары паравоз, Октябрь және Москва-Курск темір жол бөлімшелері вагон, Брянск мен Екатеринбург зауыттары рельс жіберді. Трасса бойында телеграф-телефон желілері қатар салынды.

Бүкіл жұмыс қол күшімен істелді. Соған қарамастан жолшылардың ерен еңбегі нәтижесінде Гурьев-Доссор тар табанда темір жолы 1926 жылы 18 желтоқсанда пайдалануға берілді. Жол бойында ірі үш бекет (Гурьев, Ескене, Доссор), үш разъезд (Сокол базары, Цех, Даңғар) іске қосылды.

1924 жылы 19 желтоқсанда Доссор кентінде поездың келу құрметіне көп адам жиналған митинг болды. Онда мұнайлы өлке үшін темір жолдың маңызын А.М.Денисов баяндап берді. Уездік аткомның жауапты хатшысы Қазмұқаш Ыбрашев, Доссор тұрғындары атынан Е.Ф.Серова пайдалануға берілген жолдың мұнайлы аймақтың бүкіл қатынас жағдайына үлкен көмегі тиетіні атап көрсетті .

Бұны баспасөзде жарияланған құрылыс басшысы Денисовтің төмендегі мақаласы айғақтайды. «Гурьев – Доссор теміржолы өлке мен мұнай кәсіпшіліктеріне не береді?» (18 желтоқсан 1926 жыл).

«Гурьевтен Доссорға және кейін қарай мұнай кәсіпшіліктерінің барлық жүктерін қажетті көлемде жеткізеді, тіпті 100 000 тоннаға дейін. Гурьевтен Доссорға және кейін қарай барлық адамдар мен мекемелердің жүктерін тасып жеткізеді. Гурьев ауданының балық шаруашылығын арзан Карабатан көлі тұзы мен Ескенеде өндірілетін тұзбен қамтамасыз етеді. Гурьевтен Доссорға және кейін қарай барлық жұмысшыларды, қызметшілерді және олардың жанұяларын, басқа да адамдарды тасымалдайды. Тасымалдауға шұғыл, бір қалыпты, тез және үзіліссіз жұмыс жасайды. Доссор жұмысшы тұрғындарына еркін жүріп тұруға, кәсіпшіліктен бар мүліктері мен көшіп қонуға сенім береді. Бұл сенім жұмысшылардың кәсіпшіліктермен байланысын нығайтып және өндіріс өнімін көтеруге мүмкіндік береді. Жүк тасымалы бағасын 5-10 тиынға арзандатады. Қазір ол 45 тиын болса, енді 25 тиыннан кем болмайды. Жолаушылар тасымалы бағасын Гурьевтен Доссорға және кейін қарай 2-3 есе арзандатады» .

1930 жылдары мұнайлы аудан дамуында Каспий-Орск мұнай құбыры және Атырау-Қандыағаш темір жолының салынуы ерекше маңызды болды.

1932 жылы 16-маусымда КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі ұзындығы 709 шақырымға созылған Каспий-Орск мұнай құбыры мен Орск қаласында мұнай айыру зауытын салу жөнінде қаулы қабылдайды.

Каспий-Орск мұнай құбырын салу үшін 122 млн. сом ақша, ал Орск мұнай өңдеу зауыты салу үшін 42 млн. сом бөлінді.

Сондай-ақ, арнайы «мұнайқұбырқұрылыс» тресті ұйымдастырылды. Оны білікті инженер Е.Рогачев басқарды .

Каспий-Орск мұнай құбырын салу өте үлкен міндет еді. Себебі, құрылыс барысында кездесетін 13-өзен мен сулардан, әр түрлі ойпатты-қырлы жерлерден, көптеген кеуіп кеткен және жартылай кепкен көлдерден тартылған темір жол қиылысынан өту қажет еді. Оның үстіне құрылыс жұмыстарын өте ауыр табиғи-климаттық жағдайға жүргізуге, сонымен қатар жабдықтау қоймалары мен халық тұратын орындардан алшақ жерлерде салуға тура келді. Құрал-жабдықтарды жүздеген шақырым жерден тасып тұру қажет болатын. Автокөлік, трактор, экскаватор, т.б. механикалық құрал-жабдықтар жетіспеді. Негізгі еңбек құралы қарапайым күрек пен арба еді.

1932 жылы маусым айында құрылыс жұмыстары басталды. Өзінің көлемі жағынан Каспий-Орск мұнай құбыры 1907 жылы салынған Ресейдегі ең үлкен Баку-Батуми мұнай құбырынан кейінгі екінші орынға ие болды. Сөйтіп Днепро ГЭС пен Сталинград трактор зауыты және Түркісіб сияқты соғысқа дейінгі бой көтерген алыптардың қатарына қосылды. Құрылыс жұмысы өнімді жүргізілді. 1932-1935 жылдары 453 шақырым қашықтыққа құбыр тартылған. Қазақстан үкіметі бұл объектіге 3-4 мың адам жұмылдырған болатын. Жұмысшылардың көбісі қазақтар еді. Олар қызмет ете жүріп, әр түрлі мамандықтарды игеріп шығады.

Құбыр төсеушілерге жергілікті халық азық-түлікпен, жылы киіммен және көлікпен ұдайы жәрдемдесіп отырған. 1933 жылдың бірінші жартысында осы құрылысқа жүк тасу үшін жергілікті тұрғындардың 177 аты мен түйесін, 650 арба пайдаланыпты.

1935 жылы 11 қарашада таңертеңгі сағат 09.30 да Қосшағыл кәсіпшілігінің мұнайы құбырмен айдала бастайды. Араға 26 күн салып, 7-ші желтоқсан күні Ембі мұнайы Орск мұнай айыру зауытының шикізат сақтайтын қазандарына құйылды.

Осыдан бастап ұзындығы 847 км. болатын Құлсары-Байшонас, Ескене-Байшонас кәсіпшіліктерін жалғаған Каспий-Орск мұнай құбыры Жайық-Ембі ауданының дамуына зор үлес қосып 1968 жылға дейін мұнайды Гурьев-Орск құбырына жөнелту жұмыстарын Батыс Қазақстан мұнай құбырлары басқармасы құбыр бойында тұрған жеті мұнай айдау станциялары арқылы іске асырды. Сонымен бірге эстакада арқылы мұнай цистерналарына құйылып жөнелтілді. Эстакадалар негізінен Мақат ауданының: Ескене, Мақат, Доссор жерінде орналасты. Мақат станциясы цистернамен де, құбырмен де мұнай жөнелтіп отырды. Сол кезде Ақтөбе мұнайы Сарқамыс-Қаратон-Қосшағыл арқылы Гурьев-Орск желісіне қосылатын. КСРО Еңбек және Қорғаныс кеңесі 1935 жылғы 21 ақпанда Жайық-Ембі мұнайлы ауданында темір жол салу туралы арнайы қаулы қабылдады.

Ауыр өнеркәсіп халық комиссарының тапсыруымен 1935 жылы инженер В.Ф.Копылев бастаған 68 инженер-техник болашақ жол бойын зерттеп, жаңа темір жолдың жобасы бекітілді. Құрылысты жүргізу озат ұжымдар – Магнитогорск металлургия комбинатына жол салуға және Уфа-Ишим темір жолын төсеуге қатысқан құрылысшыларға тапсырылды. Құрылыс бастығы болып, бұрын Магнитогорск құрылыс басқармасын басқарған инженер А.Ф.Дегтярев, бас инженерлікке Гурьев-Доссор тар табанды темір жолын

салған А.М.Денисов тағайындалды.

Жұмыс екі жақтан – Қандыағаш (солтүстік учаске) пен Гурьевтен (оңтүстік учаске) басталды. Оңтүстік бөлімше Гурьев қаласынан Мақатқа дейін жол салуға тиіс болды. Бөлімше бастығы болып, бұрын Уссурий-Шығыс Қытай, Рыбинск-Красноуральск темір жолдары мен Орск-Каспий мұнай құбырының жобасын жасаған тәжірибелі инженер Гавриил Иванович Комаровский тағайындалды. Осы учаскеде халқымыздың мақтаныштарының бірі, теміржолшы инженер Мұхаметжан Тынышбаев еңбек еткен. Жолдамамен Гурьев-Орск мұнай құбырын төсеген 2 мың қазақ темір жол құрылысына келді.

Жол салушылар үлкен қиыншылықтарға кездесті. Трасса сусыз, шөлейт жерлермен өтті. Құрылыс материалдары, маман кадрлар жетіспеді. Құрылысшылар үшін 60 түйе арбалы керуен 120 шақырым жерден ауыз су тасыды. 1936 жылдың аяғында құрылыста 4186 жұмысшы мен инженер-техник істеді. Олардың 2592-і қазақ, 948-і орыс, 268-і украин және басқа ұлт өкілдері еді. Жаз айларында мерзімдік жұмыс қызған кезде (түйе арбамен су тасушыларды қосқанда) жолшылардың 75 пайызы жергілікті халық өкілдері болды. Байырғы тұрғындардың жол құрылысына белсене араласуына ол кездегі жергілікті әкімшілік - басқару органдарының күнделікті көмегі мен іскер басшы Г.К.Комаровскийдің қамқор көзқарасы игі әсерін тигізді.

1939 жылы желтоқсанда Қандыағаш-Гурьев теміржолы уақытша пайдалануға беріліп, 1942 жылы тұрақты іске қосылды. Ұзындығы 517 шақырымдық болат магистраль Орынбор темір жол жүйесінің құрамына енгізілді.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары Маңғыстаудан уран кені табылғаннан кейін үлкен өндіріс ашып, қала салу жоспарланды. Одақтың орта мәшина жасау министрлігі Мақат Ақтау темір жолын салуға қаржы бөлді. Бұл жол Қоңыратқа дейін тартылып, жергілікті халықтың арман-мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік туды. Осындай үлкен құрылысты салу үшін КСРО көлік министрлігі бұйрығымен 1963 жылы №99 құрылыс басқармасы құрылды. Жан-жақтан келген құрылысшыларды орналастыру, ұйымдастыру облыс басшыларына оңай болған жоқ. Ұзындығы 700 шақырымдық темір жол Қарақұм мен Үстіртті басып, Ақтау мен Қаратауды жарып өтіп, төрт жылда межеге жетіп, 1966 жылдан өлкенің әлеуметтік-экономикалық проблемаларының шешілуіне көп жәрдемін тигізді. Теміржол Мақат-Бейнеу-Қоңырат, Мақат-Бейнеу-Шевченко-Өзен аралығын байланыстырды.

Келесі белес, ол Гурьев - Астрахань темір жолы болатын. Сол кезде Аққыстаудан 20-30 шақырым жердегі Каспий теңізі беткейінде орналасқан Мартышый, Камышитовый, Ровное кен алаңдарын мұнай барлаушылар қазып жататын, кейін теміржолшылар жол тартып, тәулік бойына әрлі-берлі мұнай тиеген эшалондар жүйткі бастады. Әлі күнге дейін маңызды қатынас жолы болып тұрған 333 шақырымдық Гурьев – Астрахань темір жолы 1970 жылы 31 желтоқсанда пайдалануға берілді. 1980 жылдары Мақат-Индер темір жолы салынды.

Атырау қаласында 1947 жылы 16 сәуірде Жилгородок-ескі базар арасында, Жұмыскер поселкесі арасында алғаш автобус қатынасы жүрді.

1972 жылы жаңа үлгідегі темір жол вокзалы, 1973-79 жылдары атырау аэропорты салынды. 1949 жылы Жайық өзенінен өтетін пантон көпір салынса, қазіргі орталық көпір 1962-65 жылдары салынды, ұзындығы 259 метр, биіктігі 10 метр, ал екінші көпір қала сыртында салынып 1986 жылы пайдалануға берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аксенов А.В. (1958). Строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги (1901-1905 гг). Ученые записки Оренбургского государственного пединститута. Серия историческая, филологические науки. Вып.13. Оренбург.
2. Асфендияров С.Д. (1993). История Казахстана (с древнейших времен). 2-ое издание. Алма-Ата.
3. Асылбеков М.Х. (1962). Некоторые вопросы истории строительства Оренбургско-Ташкентской ж.д. Известия АН КазССР. № 2(19). Базанова Н.Б. (1977). Формирование этнического состава населения дореволюционного Казахстана. Вестник АН Казахской ССР. №7.
4. Бекмаханов Б. (1940). Капиталистік өнеркәсіптің тууы мен Қазақстанда жұмысшы қозғалысының пайда болуы. ҚазКСР ҒА Хабаршысы. № 6.
5. Борзунов В.Ф. (1959). Рабочие Сибирской железнодорожной магистрали 1911-1904 гг. История СССР. № 4.
6. Велецкий С.Н. (1910). Железная дорога в Семиречье. Верный.
7. Дахшлейгер Г.Ф. (1955). Из истории рабочего класса в период I русской революции. Коммунист Казахстана. № 8.
8. Дильмухамедов, Маликов Ф. (1963). Очерки по истории дореволюционного рабочего класса. Алматы.
9. Исингарин Н.И. (2004). Железные дороги Казахстана: становление и развитие. Алматы.
10. Исингарин Н.И. (2006). Хроника магистрали: К 75-летию Туркестано-Сибирской железной дороги. Алматы. Казахская ССР за 20 лет. (1940). Статистический сборник. Алма-Ата.
11. Кислинский Н.А. (1902). Наша железнодорожная политика по документом архива Комитета Министров. Исторический очерк / под ред. Куломзина. Санкт-Петербург. Т.2.
12. Материалы по Киргизскому землепользованию. (1912). Сыр-Дарьинская область, Перовский уезд. Ташкент.
13. Материалы по обследованию казенных железных дорог. (1913). Ташкентская ж.д. Санкт-Петербург. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. (1903). Т. ХУІІІ. Киргизский край. Санкт-Петербург.
14. Сибирская железная дорога в ее прошлом и настоящем. (1903). Исторический очерк / под ред. А.Н. Куломзина. Санкт-Петербург.
15. Суворов А.В. (1962). Очерки историко-экономического развития Туркестана (1880-1917 гг. по материалам строительства железной дороги). Ташкент.

16. Чуланов Г. (1960). Промышленность дореволюционного Казахстана. Алматы. Шмидт Р.З. (1960). Влияние Средне-Азиатской железной дороги на развитие торговли Туркестанского края с Россией (1880-1914 гг.). Научные труды. Самарск. Мед. Инст. Им. И.П. Павлова. Т. ХУП. Самарканд.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ ЗУЛХАРНАЙ АЛДАМЖАР

Бердыгужин Л.Б.,
доктор исторических наук, профессор,
Мурзагалиева Д.М.,
магистрант,
Кауден И.А.,
магистрант,
Атырауский университет им. Х.Досмухамедова
город Атырау

Abstract. The article examines the history of the region in Kazakhstan's historical science and the theoretical and methodological foundations of the issue. Zulharnay Aldamzhar was a person who actively developed the university. His name is associated with the formation of Kostanay University named after Akhmet Baitursynov as a powerful educational platform. After all, they not only teach specialties there, but also have great scientific potential. And it was Zulharnay Aldamzhar who stood at the foundation of this potential and helped to reveal it. He actively restored pages in history that were specifically forgotten during the Soviet Union. Pages about the worthy sons of the Kazakh people - Baitursynov, Altynsarin, Dulatov. And Zulharnay Aldamzhar played a major role in this as a scientist and historian.

Key words: History of Kazakhstan, theoretical and methodological issues, industry of the region, heroism.

A person who serves the nation, his people, is fascinated by his hard-working work and social-political activity. As life passes, it is kept in the memory of the generation. One of such public figures is a great teacher, scientist, owner of the "Parasat" order Zulkharnay Aldamzhar (1937-2005).

Throughout the years we gained independence, domestic historians have been able to accurately disclose and evaluate the issues that are complicated in the historiography of Kazakhstan.

One of the most important tasks is to analyze novelties in the field of social sciences, the location and contribution of individual figures and bright personalities who have taken these steps, and to evaluate their work. A historic community that conducts extensive research into the history of our people and makes conclusions. It would be a mistake to say that the history of the history of the deserved people, the history of the Kazakh society, and the determination of their place in history, are among the historians.

In the twentieth century, one of the main qualities of the leaders, who led the people to the civilization, was the face of every one of them - "eight-sided, one-sided". A patriot and a scientist, a master of the sacred tradition and an expert in his profession - is an example for the younger generation.

Kazakh historical science has yet to be understood by scientists who have contributed to the history of the country's history. The historiography of Kazakhstan still does not fully answer the question of who wrote and left what was left in the post-Soviet era. It is the duty of today's generations to recognize the invaluable researchers who have suffered from the ideological iron suppression and have been persecuted during our independence, locked into closed warehouses, and have been deprived of their eyesight.

Zulkharnay Aldamzhar works in high school and historical science in the Atyrau region. In 1960-90 he worked as a lecturer at the Guryev (Atyrau) Pedagogical Institute, and from the very first days of independence he was a rector of the Kostanay Pedagogical Institute, and in the northern region he was the first to form a fundamental university named after Akhmet Baitursynov. The tradition of educational traditions, starting with Ybrai Altynsarin, continues to date with the continuing continuity of generations. Examples for younger generations. The great enlightener Ybrai Altynsarin has opened a school, but the great teacher has become the initiator of a useful business. He created his own institution of higher education according to the requirements of time and made it a blessing to the country. Graduates of educational institutions are working in the field of education in the country. A great scientist, scientist, public figure, who is a great scientist, patriotic figure, social activist and patriot of Zulkharnay Aldamzhar, devoted his life to education and upbringing of younger generation. the name of the association. The study of the personality of the deputy of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the honorable citizen of Kostanay region and the State of Texas of Texas, Professor Aldamzhar Zulkharnay, is a scientifically detailed study of the history of Kazakhstan from the ancient times to the present day, continuity "is scientific thought. Here, the merits of the historian-scientist to the development of domestic science, his research, his creative work can be the basis of the relevance and relevance of the topic.

It is important to analyze and evaluate the social, scientific and creative activity of the historian-scientist, and to show value. This issue is one of the most difficult issues at this stage. Firstly, the assessment of the individual's (in this case, the historian's) life and activity is a horizontally attractive challenge to the researcher's quest for many historical, philosophical, ethical, moral issues. Especially, it is obvious that the study of the history, science, and history of the historical science, which has undergone major changes and modernization of routes, is much more important than other areas. Secondly, the names of some historians who want the cornerstone of the history of Kazakhstan are unknown to the public and are readily available to many historians and their writings in terms of "Marxist-Leninist", preventing the mood of passivity and passion, there is still another. Historians of Kazakhstan, their works are analyzed for their scientific and creative activity. Among them are the outstanding historian of S. Mazhitov Ermuhan Bekmakanov [1],

Z.M.Tolenova's academician ManashKozybayev [2], S. Essaliyev, academician BekSuleimenov [3]. The research materials of AldamzharZulkharnay The first group include memoirs and articles written during the life of the contemporaries, the second group - the research which analyzed their scientific works, the third group - the pupils and their relatives.

The spiritual leader of Alash - AkhmetBaitursynuly wrote in the letter: "A letter from a historical event, or a part of what is inside, is called a modern letter. It is a habit to write down stories and to record the events that have taken place in the life of a civilized person. The letter of the time is not a transcript, but systematic. Only those who know the letters of the chronicles can register. Modern letters are written by readers. That's why it is not written here in the mouths of the people. It is written in a modern letter that it will not be written down in time. " So, the epistle is the story of the hero's passing past. In the modern history of ZulkharnayAldamzhar, his traces of civic identity are sung. These issues were raised in the collection published in 2012 [4]. The collection includes scientific articles, interviews with journalists in various periodical editions, as well as the International Scientific and Practical Conference "Aldamzhar Readings" (2007-2011), traditionally held at Kostanai Social and Technical University named after AldamzharZulkharnay. Republican Scientific and Practical Conference "The Problems of Motherland's History" (2008), held at the Kh.DosmukhamedovAtyrau State Universityintegrated set of materials. The collection has been selected based on the topic of chapters and has been created in chronological order of the year of publication.

The first part includes the articles published by periodicals on professor Zulkharnay Aldamzhar's problem of methodology of historiography of the history of independent science of the Republic of Kazakhstan;

In the second part of the interview, mass media correspondents interviewed university leaders on innovative reforms in the training of future specialists in higher education institutions. The third part consists of articles about ZulkharnayAldamzhar as a teacher, a novice leader, a prominent public figure and a great contribution to the development of higher education in Kostanai region.

The fourth part is devoted to the works of famous historian scientists and colleagues, contemporaries, as well as ZulkharnayAldamzhar's works on the contribution of the scientist to the development of historical science. The purpose of the collection is to create a collection of works by prominent historian scientists such as HankeldiAbzhanov, KhismetTabyldiyev, AmanzholKuzembayevich, Abilseit Mukhtar, LeskaliBerdigozhin, ErkinAbil, UlzhanAkhmetova, AidarAitmukhambetov, ZhiyenbayBakty, and the book by ZulkharnayAldamzhar. scientific work and social and political activities, is certainly a blessing for many people.

Also, a number of research papers published in 2006 and articles included in the memorial book published in 2007 [6], AbilseitKapizuly, "In the Name of a Parent There is Parity" [7], Alma Sabyrova's " (8). In his article A. Mukhtar studied the growing environment and family of ZulkharnayAldamzhar, A. Sabirova wrote that the students of Guriyev Pedagogical Institute in 1981-86, Z. Aldamzhar, had a great deal of help. In the study of scientific significance, we were guided by L. Berdigozhin's reports on the international "Shoqan-11" [9] and "Second Turkestan

Forum" [10].

At the time of publication of the article the documents kept in the funds of the archives of the Republic of Kazakhstan, periodicals in the press, the research, Z. Aldamzhar's works from 1962-2005 were widely used. The list of documents stored in the archives of the Kazakh National University, Atyrau and Kostanay State University, as well as the history of the scientist as a student stage and teacher, the information about the activities and scientific works of the scientist in the Institute, and in the Uniform departmental archives of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan). In the Atyrau regional archive, Z. Aldamzhar's personal case is preserved [11]. The materials of the personal archive of Z. Aldamzhar's family were also taken into consideration by the researchers later. In 2012, in the Bulletin of the Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, an article by O. Isenov and B. Dulatov entitled "Doctoral dissertation academician Z. Aldamzhar" was published [12]. Modern and important task in the field of historical science. We need to focus on Soviet ideologies and opinions in the study and evaluation of historical science and in bringing it to the younger generation, with emphasis on the fragmentary and historical features of our world history. One of the main tasks of today's national science is to educate our present generation in the spirit of Kazakh patriotism. And in the spirit of patriotism, it is impossible to shape the historical consciousness that connects the past and present of society. Therefore, studying the history of the country and bringing it to the next generation is one of the main tasks today. In this work, we tried to show that Zulkharnay Aldamzhar, a scientist, a teacher, a person who made an indelible mark in the scientific evaluation of the Kazakh history, was the basis for the formation of the historiography of Kazakhstan. It is clear that today's society is the most important issue for the younger generation to build a country of independence and to bring up a younger generation through the historical, cultural, spiritual heritage of its people as a patriotic citizen and to become a patriotic person. Thus, the abundant historical and scientific heritage of Z. Aldamzhar will never lose its significance to bring the national-historical consciousness of the younger generation to the civilized level.

REFERENCES:

1. S. Mazhitov. The problem of history of Kazakhstan in the second half of the XIX - XX century. in the work of E. Bekmahanova: The author's commentary. disc the historic science Almaty, 1992;
2. Z. Tolenova. Academician M. Kozybaev: Life, public activity and scientific heritage. The abstract of abstracts of dissertation. Almaty, 2005. 34b.
3. B. Isabek. Academician R. Suleimenov: The au. disc the historic science Almaty, 1999. Iskaliyev is the life and scientific heritage of S. Akimat B. Suleimenov. Interview with Candidate of Philosophy. Almaty, 2000. 28g.
4. L. Berdigozhin. Smart work about our countryman. \ Sahara. 10.01.2003; Munay Astana. 10.01.2013.
5. On the scale of knowledge. collection of articles. Atyrau 2006. - 313p.
6. Z. Aldamzhar: The Book of the Memorial. Almaty 2007. - 228p.

- 7.А. Mukhtar. There would be parity in the tag. \\Native language. 29.11.2012.
- 8.А. Sabirova. Your wish is forever. \\ Atyrau.25.12.2012.
9. L. Berdiguzhin. The historical historiography of Kazakhstan. \\ Material international conference conference "Shokan reading-11".Koksaytau, 2006.-с38-40. (333)
- 10, BerdigozhinL.Kornicky is a historian of science. Materials of the II International Conference "Turkestan Forum". Turkestan, 2006. pp. 264-266.
11. Atyrau regional state archive: fund 1, list 2, 8660 cases; People. Fate. Collection of documents. Almaty, 2005.-52-53bb (304)
- 12.Isenov U., DulatovB.Drdsкая's dissertation academician Z. Aldamzhar. // Journal of Kh. DosmukhamedovAtyrau State University, 2012.№ 3.-101-109с.
13. Z. Aldamzhar. The continuity of generations is a historical problem. // Motherland. 2000 October. Number 29.

ИСТОРИЯ КРАЯ В ПРЕССЕ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ В 1950–1991 ГГ

Сатенова А.Х.,

магистрант,

Асанова А.А.,

магистрант,

Баком И.С.,

магистрант,

*Атырауский университет им. Х. Досмухамедова
город Атырау*

Аннотация. В данной статье рассматривается история края, освещённая в прессе Атырау в период с 1950 по 1991 годы. В этот временной отрезок в публикациях затрагивались вопросы экономики, культурной и общественной жизни, а также проблемы окружающей среды региона. Атырауская пресса 1950-1991 гг.-настоящее зеркало истории региона. Эти источники предоставляют ценные данные для исследователей исторических событий на местном уровне. На страницах газет можно увидеть политические, экономические и культурные особенности того периода. Перестройка исторического сознания общества через понимание роли прессы в формировании общественного мнения и исторического сознания позволяет повысить чувство ответственности за прошлое.

Ключевые слова: история края, пресса Атырау, нефтедобыча, Гурьевская область, «Коммунистический труд», «Социалистическое строительство».

История Атырауской области, её социальное, экономическое и культурное развитие в советский период были насыщены важными изменениями и событиями. В период с 1950 по 1991 годы пресса Атырау играла значимую роль в предоставлении информации жителям области, формировании общественного мнения и участии в политических процессах. История края, его

культура, искусство, промышленность, аграрный сектор и социальное положение населения представлялись широкой общественности в рамках советской идеологии. С одной стороны, публикации в прессе служили источником сохранения информационных документов, связанных с развитием региона, с другой — инструментом формирования общественного сознания. Исследование роли прессы в формировании общества и методов отражения исторической действительности остаётся актуальным и в наши дни. Политико-экономическое развитие края в прессе

Волна индустриализации, начавшаяся в 1950-х годах, оказала значительное влияние на регион Атырау. Пресса активно освещала темы, связанные с развитием нефтегазовой промышленности, коллективизацией сельского хозяйства и увеличением производственного потенциала региона. На страницах газет публиковались планы по развитию народного хозяйства, достижения и проблемы в производственной сфере. Например, статья «Берекелі белес» («Плодородная вершина»), опубликованная в 1987 году в газете «Коммунистический труд», рассказывает о жителях реки Кигащ, чья основная деятельность заключалась в рыбной ловле. Исторические данные свидетельствуют, что село Сафон появилось в 1830–1840 годах. С 1879 года управление рыбных и тюленьих промыслов в Астрахани включало улов сафонцев в свои планы. Однако рыба принималась по низким ценам, а доставлять её в Астрахань требовалось на личных лодках.

После военных лет колхозная экономика начала активно развиваться. В 1950–1970-е годы в регионе появились возможности для одновременного развития рыбного, зернового и животноводческого хозяйств. В колхозах отмечались успехи по выполнению планов сдачи мяса и молока государству. Пресса выделяла таких передовиков труда, как М. Нуртаева, С. Магзомова, Б. Абатова и З. Газизов. В колхозе было 16 соток овощей и 18 соток садовых грядок. Из них ежегодно производилось более 5650 центнеров продукции. Отражение культурной и общественной жизни Атырауская пресса показала неотъемлемую часть культурных мероприятий и общественной жизни. Статьи о сохранении национальных традиций, открытии домов культуры и библиотек, достижениях творческих коллективов позволяют проследить культурный аспект жизни общества. В номере газеты «коммунистический труд» от 8 апреля 1989 года опубликована статья А. Избасова «первый город на полуострове». В статье рассказывается о развитии народного просвещения в 40-е годы XX века. «Раньше в городе была только одна школа, а сейчас открыто семь школ, - говорит он. Работают клубы «Юный моряк», «Яхт». Жителей обслуживают четыре клуба и дома культуры, три кинотеатра, семь автоклубов, одиннадцать библиотек с почти 190 тысячами книготорговцев, несколько самодеятельных кружков. Агитационный коллектив «Ак Парус», ансамбль женских вокальных инструментов «Акбобек», а также семейный ансамбль Жолдыбаевых пользуются популярностью у общественности области и Республики. В последние годы социально – экономический потенциал города растёт», - сказал он. Проблемы экологии и окружающей среды.

В 1970-1980-е годы в Атырауском регионе возросла актуальность

экологических проблем. На страницах прессы часто обсуждались такие темы, как экологическое состояние Каспийского моря, влияние добычи нефти на окружающую среду. Местные газеты пытались поднять экологические проблемы и предложить способы их решения. В номере газеты «социалистическое строительство «от 25 ноября 1957 года опубликована обширная статья» Гурьевская область за 40 лет". В статье отмечается, что во всех областях Советского Казахстана промышленность и сельское хозяйство процветали в беспрецедентной степени. В частности, при царской России можно отчетливо наблюдать подъем одной из самых отсталых темных уголков казахской степи - Гурьевской области. Благодаря родственным отношениям партии и правительства, промышленное производство, особенно добыча нефти, в Гурьевской области растет быстрыми темпами. Вместо 2-х промыслов по закачке нефти до ревалюции появилось 5 нефтепромысловых управлений, оснащенных новой техникой. В результате в Эмбе с каждым годом увеличивается количество очагов нефтяной промышленности и нефтепродуктов. За 40 лет существования советской власти в Эмбе сформировалась и выросла большая группа казахских национальных рабочих. В результате непрерывного процветания нефтяной промышленности из Центра Гурьевской области был построен крупный нефтеперерабатывающий завод, Машиностроительный завод имени Петровского. Общественно-политические изменения накануне независимости

Конец 1980-х и начало 1990-х период перестройки и борьбы за независимость. В это время в прессе ярко проявились темы демократических движений, пробуждения национального сознания, восстановления исторической справедливости. В Атырауской прессе опубликованы статьи о мнениях жителей региона, взглядах на перемены, а также стремлении казахского народа к независимости. Историческое значение материалов прессы

Атырауская пресса 1950-1991 гг.-настоящее зеркало истории региона. Эти источники предоставляют ценные данные для исследователей исторических событий на местном уровне. На страницах газет можно увидеть политические, экономические и культурные особенности того периода. Перестройка исторического сознания общества через понимание роли прессы в формировании общественного мнения и исторического сознания позволяет повысить чувство ответственности за прошлое. Особенно в современных условиях, когда формируется историческое сознание, это исследование важно для формирования правильного отношения общества к истории. Результаты исследования по истории края в Атырауской прессе будут способствовать сохранению и пропаганде культурного наследия региона, воспроизводя историческую память для местных жителей. Это исследование помогает признать историко-культурное наследие региона и тем самым укрепляет национальное самосознание местных жителей.

Сегодня, копая архивный материал, мы смотрим на нашу глубокую историю. Любая информация, опубликованная на страницах прессы, является для нас сокровищем. У нас есть возможность услышать, прочесть и прочувствовать историю прошлого, не переживая тех времен, а только через

страницы книг и материалы, опубликованные в прессе.

Атырауская пресса играет особую роль в понимании истории развития региона с 1950 по 1991 годы. Материалы, опубликованные в эти годы, позволяют глубже изучить жизнь жителей региона, проблемы и достижения того периода. Изучение истории края через Атыраускую прессу – ценный исторический урок для современного поколения.

Я думаю, что каждое подрастающее поколение будет изучать и изучать нашу ценную историю, хранящуюся в нашем архиве. "Будущее нации, не знающей истории, туманно" добавив, что если бы в прошлом и настоящем появилась молодежь, которая шагнула бы в будущее, то развитие нашей страны значительно продвинулось бы.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ашенова С.В. Журналистика во взаимодействии с политикой // Монография. – Алматы: Эверо, 2016. – с.192.

2. Барлыбаева С. Х. Информационный фактор евразийской интеграции // Современная периодическая печать в контексте коммуникационных процессов (Будущее Евразии (медийно-политический дискурс) № 3(12) / отв. ред. Г. С. Мельник, Б. Я. Мисожникова, И. А. Щербо. СПб.: Институт «Высшая школа журналистики и массовых коммуникаций», 2017. – с. 240 – С.67-82.

3. Барлыбаева С. Х. Информационная парадигма европейской интеграции // Диалог: политика, право, экономика. – А: КазНу. – 2017. № 4. – с. 117.

4. Дуванов С. Независимые СМИ и власть: борьба за зрителя. СМИ в СНГ: сумерки свободы? // Тезисы докладов на Алматинской международной конференции «Состояние и проблемы СМИ в странах СНГ». - Алматы. - 1998. 128.с.

5. Доклад на семинаре по вопросам содействия развитию независимых и плюралистических средств массовой информации в Азии //ООН и ПРООН по вопросам образования, науки и культуры. – Алматы. – 1995. – с. 70.

6.Газета «Коммунистический труд», 1987 год

7.Газета «Коммунистический труд», номер от 08.04.1989

8.Газета «Социалистическое строительство», номер от 25.11.1957

9.История становления информационного рынка в Казахстане <http://medialaw.asia/node/9139> (дата обращения 8 января 2019).

ТОПОНИМИКА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ КРАЕВЕДЕНИЯ

Шарафиденова В.У.,

магистрант,

Махахова А.С.,

магистрант,

Баком И.С.,

магистрант,

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова

город Атырау

Аннотация. В статье рассматривается топонимика Атырауского региона в целом и топонимы его водоемов и земель. В общей информации работа будет посвящена изучению географических наименований региона. Основное внимание уделяется структуре и типам топонимов. История топонимики Казахстана и, в частности, Атырауской области является одной из сложнейших и интереснейших проблем современной науки Казахстана. Так как именно через ее изучение решаются многие комплексные задачи по истории края, его этнического расселения начиная с древнего периода и заканчивая современностью.

Ключевые слова: топонимика, географические названия, существующие слова, регионы, город Атырау, село, населённый пункт.

В настоящее время, в эпоху глобализации, в известной степени ослабляются национальные особенности, размываются этнокультурные границы, происходит перемешивание и переоценка нравственных ценностей. Невозможно представить себе современный мир без географических названий, так как жизнь человека тесно связана с различными местностями, которые обозначаются с помощью специальных слов — топонимов, или географических названий. Отсюда и топонимика — учение о географических названиях, их происхождении, закономерностях образования, смысловом содержании, грамматическом оформлении. Географические названия для культуры человечества — неоценимые памятники культуры, переходящие из поколения к поколению, передающие новому поколению прошлое народа, его святое наследие. Вот что говорит об этом академик, ученый В. В. Бартольд «среди родственных тюркских народов топонимы священных мест удивляют своей находчивостью, точностью, простотой и историческими дерективами». Топонимы тесно связаны с народной социально-экономической историей, с прошлым народа, его краем, культурой отечества, историей языка. Топонимия любого региона мира представляет собой совокупность географических названий и характеризуется некоторыми своими особыми чертами. История топонимики Казахстана и, в частности, Атырауской области является одной из сложнейших и интереснейших проблем современной науки Казахстана. Так как именно через ее изучение решаются многие комплексные

задачи по истории края, его этнического расселения начиная с древнего периода и заканчивая современностью. Топонимика отражает в себе особенности ландшафта, в целом экологию, историю края.

При этом Атырауская область является одним из важных звеньев такого ареала как Западный Казахстан, если же брать шире – Аралокаспийского региона. Данная территория испокон веков является в какой-то степени стыковочным, контактным звеном между такими крупными континентами как Азия и Европа, здесь проходили маршруты движения населения «Великого Пояса степи». Безусловно, данный регион тесно связан с этногенезом казахского народа, в частности, с историей родов Младшего жуза. Безусловно, наиболее важной для этногенеза населения Западного Казахстана является эпоха ранних кочевников (VIII в. до н.э. – I тыс. н.э.). Это период окончательного утверждения кочевого скотоводства на большей части территории Казахстана, включая и ее западную половину. Так как именно с этого времени происходит ариадизация (осушение) казахстанского климата, сокращение объемов открытых водных источников, включение в маршруты кочевков полупустынь и пустынь за счет использования копаней и первых облагороженных колодцев, особая адаптация домашнего вида скота, выведение народной селекцией более приспособленных к суровым условиям пород лошадей, овец, верблюдов. Бронзовые орудия труда начинают вытесняться более легким в обработке, но твердыми по структуре железными изделиями, что привело к некоторым изменениям в целом конской упряжи и сбруи, предметов вооружения. Широко внедряются в повседневный быт кочевников легкие, мобильные, покрытые войлоком с деревянным каркасом жилища типа современных казахских юрт. «В Казахстане в этот период расселялись крупные племена (союзы племен) саков, массагетов, исседонов, сарматов, дахов, аланов и др., которых ученые обычно относят к индоиранской языковой группе.

Вместе с тем, тюркомонгольские группы кочевых племен достаточно рано проникают на территорию Казахстана – уже на рубеже нашей эры» [Ажигали С.Е., 2000, с. 45]. Усилившаяся кочевая аристократия оставила в казахской степи множество крупных «царских курганов», размеры некоторых из них достигают в диаметре более 200 м, высотой более 20 м. В частности, крупные курганы эпохи ранних кочевников нами фиксировались на Устюрте (Кызылуйык), на Эмбе (Башенколь, Маулимберди), а одна из холмов близ с. Жаркамыс Байганинского р-на сохранила свое старое название Массагат-тобе, которое местное население называет на современный лад, как Маслихат-тобе – холм, якобы на котором проходило совещание казахских батыров в период казахско-жонгарских войн, что, безусловно, является калькой более поздних событий. Данный период казахской истории был зафиксирован и в письменных источниках, в частности, в древнеперсидских в связи с походами царя Кира II (530 г. до н.э.) и легендарному противостоянию его войскам кочевых племен массагетов во главе с царицей Томирис. Данный исторический факт был также отложен и в древнегреческих источниках, например в книгах «отца истории» Геродота. История похода другого персидского царя Дария (519–518 гг. о н.э.) на степные племена была вообще выбита на скале – Бехистунская надпись. В

этот же период долину рек Илек, Хобды, среднего течения Урала занимали такие племена как сарматы и совроматы, которые помимо курганных могильников оставили более сложные культовые и ритуальные комплексы – жертвенные площадки, алтари и многое другое (комплексы Танирберген, Целинный и т.д.). Несомненно, территория Западного Казахстана являлась свидетелем складывания и прохождения гуннского племенного союза (I в. до н.э. – II в. н.э.), отголоски которого явились причиной распада Великой Римской империи на европейском континенте в начале нашего тысячелетия. Топонимика Атырауского региона является предметом изучения учёных уже много десятилетий, что объясняется несколькими причинами. Во-первых, географические наименования составляют особую часть ономастического лексикона и, как верно отмечают исследователи, являются отражением этнической истории и культуры.

Кроме того, в условиях межнациональных языковых контактов они являются связующими звеньями, которые ведут к более глубокому пониманию истории развития определённых территорий. Анализ литературы, опубликованной в стране с 1990 года, показывает, что изучение географических наименований осуществляется в различных направлениях и с различными целями. Однако в большинстве публикаций по топонимике можно выделить три основных блока проблем, которые занимают важное место в исследованиях. Первый блок включает общие вопросы, касающиеся понимания языка как системы. В соответствии с этим подходом топонимы рассматриваются как особые слова, которые составляют собственную систему и являются частью общей языковой системы. Второй блок затрагивает вопросы ономазиологии, в том числе основные принципы топонимики, словообразовательные модели, типология топонимов, а также проблемы происхождения и модификации топоформантов. Третий блок включает семасиологические проблемы, связанные с пониманием смысла и внутренней формы топонима, его смысловыми связями, структурой и организацией географических наименований.

Таким образом, в последних исследованиях топонимики можно выделить три ключевых направления, которые рассматривают как теоретические вопросы топонимики, так и проблемы ономазиологии и семасиологии. Кроме того, анализ литературы показывает, что в зависимости от теоретической основы исследования можно выделить два основных подхода к анализу языкового материала. Один из них продолжает развивать традиционный подход, рассматривающий топонимы как часть лексической системы языка, что характерно для 70-80-х годов XX века. В данном контексте топонимическая лексика анализируется как неотъемлемая часть общей системы языка и в определённой степени этот подход называется традиционным. В некоторых исследованиях также прослеживается новый взгляд, связанный с антропоцентрической лингвистикой, лингвистикой текста и когнитивно-дискурсивными (коммуникативными) парадигмами, где рассматриваются проблемы ономазиологии и семасиологии. В данной статье мы остановимся на анализе трудов, выполненных в традиционной парадигме, и рассмотрим, как

решаются вопросы топонимической лексики в работах отдельных авторов. Авторитетный исследователь в области ономастики А.В. Суперанская обращает внимание на особенности собственных имен и их отличия от других слов.

Одним из примеров таких работ является исследование топонимической системы Атырауской области, в котором рассматривается её историческое происхождение, развитие и функционирование, а также лексико-семантические источники, основные модели словообразования и этнолингвистические слои. Сравнительный анализ географических наименований этого региона с топонимами других областей Казахстана и соседних тюркских республик позволил автору уточнить проблемы взаимодействия узбекского языка с казахским, киргизским и русским языками, а также подтвердить их взаимодействие. Изучение топонимики региона, а также распространение узбекского языка в этом регионе позволяет подтвердить фонетические, морфологические и словообразовательные закономерности тюркских языков. В этом направлении также исследуется физическая топонимия, где важно определить место каждого типа топонимов в лексической системе, что может быть результатом детального анализа работы таких исследователей, как С.М. Хантимирова и И.В. Топоркова, которые утверждают, что у каждого типа топонимов существуют свои законы формирования и функционирования. Для определения уникальности топонимики также проводятся сравнительные исследования между системами в разных лингвистических культурах, что позволяет доказать, как системную природу топонимики, так и её структурно-семантические особенности в различных языках.

Топонимика становится всё более актуальной для сравнения, особенно когда рассматриваются ономаσιологические проблемы, модель формирования географических наименований, принципы топонимики и топонимические слои на уровне страны, региона и округа. Примером таких исследований является работа Т.В. Лиш, где рассматривается гидронимия Байкала и Леманского озера, а также работа Ли Иньина, где рассматриваются китайские и русские топонимы, такие как ойконимы, в контексте сравнения. Ойконимы также рассматриваются в контексте гидронимии в топонимической системе региона Буг. Исследования топонимики также касаются акта номинации. В работах авторов подчеркивается, что на акт номинации влияют различные факторы, что позволяет более детально определить критерии топонимики. Естественно-географический критерий, как правило, основывается на характеристиках объекта, которому даётся наименование. В настоящее время активно исследуются структурно-семантические особенности топонимов определённых территорий, включая обширный регион, такой как Атырау область. Тем не менее, вопросы топонимики, как правило, рассматриваются на материалах географических наименований конкретной языковой области. Это свидетельствует о том, что перспективы обсуждения проблем топонимики направлены на более детальное изучение региональных топонимических систем. Также наблюдается рост количества сравнительных исследований топонимики, что позволяет выявить этноспецифические особенности топонимов в определённых языках и регионах, что в свою очередь

удовлетворяет запросы современной лингвистики, рассматривающей язык как культурный феномен. большинстве работ преобладает синхронный подход к анализу языковых явлений, однако существуют и специальные исследования, проводимые в рамках диахронного подхода. Исследования топонимической лексики и её структурно-семантических особенностей осуществляются преимущественно на материалах языков Российской Федерации и народов бывшего Советского Союза.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ажигали С.Е. У берегов Прикаспийской истории. Алматы, 2000. – 328 с.
2. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы, 2002. – 654 с.
3. Бекназаров Р.А. Новые данные о памятниках мемориально-культурной архитектуры на севере Арало-Каспия (бассейн р. Илек) // История и культура Арало-Каспия. Сб. статей. Вып. 1./ Под. общ. ред. С. Ажигали. Алматы, 2001. – С. 184-195.
4. Закиров А. Топонимика регионов Казахстана: автореферат дис. ... филол. наук / А.А. Закиров. – М., 1991. – 20 с.
5. Мурзаев Е.М. Топонимика и география / Е.М. Мурзаев. – М.: Наука, 1995. – 304 с.
6. Суперанская А.В. Век и страны через имя / А.В. Суперанская. – М.: Наука, 1990. – 192 с.

ӘНЕТҰЛЫ ТӨЛЕПБЕТАР БАТЫР

Алданазарова З.К.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2-курс магистранты
Атырау қаласы

Киелі Маңғыстау халқының қилы тағдырын өткен ғасырлардың әр ширегінен аңғаруға болады. Соның ішінде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдағы өңірдегі халық сындарлы саясаттың сыры, әлеуметтік жағдайларының төмендігіне қанжылған еді. Атап айтар болсақ, орыс билігінің үстемдігіне наразылықты қоя бергенде Хиуа басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілістер өңірді тұтастай сақтап қалудың бірден-бір жолы еді. Қашанда халық басына күн туғанда шын халық жанашыры шығатын белгілі. Осындай тұлғалық болмысында адамгершілік пен даналықтың легі бар азамат қана емес, саяси, әскери мол білімі бар – Әнетұлы Төлепбетардың сын сағаттарда белін бекем буып, жеңін түріп, ұлттық жойылумен құрдым жолында аянбай қызмет етеді.

Ол 1754-1834(1835) жылдар аралығында Тұщыбекте тағылымды өмір кешеді. Жалынды жастық шағы мен есті кемел шағында халықтың мүддесі үшін жан аямай, басын тасада сұқпай, жанкешті қимылдар жасайды. Алла

берген ақылы мен парасаты елімізге туған нәубет жылдарда халықтың қалауын іске асырып, кіші жүз рулары арасында орасан сый-құрметке бөленеді. Осынау ұлы да игі істі атқару барысында оған жанына медет болатын, тұрақты әскери қимылдар ісімен айналысатын, өңірдегі рулардың басын қосып елді сыртқы жаудан қорғау мақсатында басқосып, жуын өткізетін орынды Тұщыбектен 10 км жердегі жерге таңбалы тас қойып, жиын орны белгілеуінде де үлкен мән бар. Себебі орын киелі Отпан таудың баурайына қарама қарсы киелі Қаратау жотасының қақ ортасында орналасқан. Мұндай дәлдікте орналасқан, көптеген тарихи оқиғаларға негіз болып, алыстан менмұндалап тұратын орын үлкен академиялық зерттеу мен мемлекеттік қолдауды күтіп-ақ тұр.

Бүгінде батырдың киелі де қасиетті, сырға толы тұғыртасы жайлы республика жұртшылдығы біле бермейді. Оның тарихын былай қоя бергенде, орынның өзі жойылып кету қаупінде. Бұл үрдіс тұлғаның өнегелі ерліктеріне берілген лайық емес баға екені анық дей отыра ғылыми зерттеу жұмысымызда батырдың қилы тағдыры мен тағылымды ғұмыры, сондай-ақ басты нышанымыз Таңбалы тұғыртастың елімізге тың әрі тарихи жаңалық болуына орасан үлес қостық дер едім.

Әуелі басынан шолу жасайық: Ұзақ жылдар ғұмырында Төлеп батыр ірілі-уақты 80-нен аса шайқастарды басынан өткерген, 50 рет жекпе-жекке шыққан, бәрінде жеңіске жеткен. Зерттеу нысанын зерттеу қиын да күрделі үрдістерлен тұрды деп айтсақ артық айтпағанымыз болар. Жобамызға негіз болған материалдар практикалық бөліміміздің қалыптасуына негіз болды. Атап айтар болсақ, облыстық кітапханада құнды мәліметтерге кезіктік. Саны аз болуы мүмкін, алайда маңызы зор Төлепбатырдың қилы өмірі мен тағылымды тарихы туралы және тасқа жасалған ұрпақтарының мақалаларына да қол жеткізе алдық. Одан кейін ұрпақтары Мұрат ағай және Болатжан ағаймен сұхбаттастық, сұхбат барысында батырдың жауынгерлік шеберлігі, әскери жаттықтыру әдістерін, оның ұйымдастыру қасиеттері, саяси сауаттылығы және отанға деген адалдық қасиеттері кеңінен айтылды. Тіпті араға ғасырлар салып, біздің де дәл осы орынға табан тіреуіміз жәй емесі анық. Осылайша ХІХ ғасырдың басы мен ортасындағы Маңғыстау жеріндегі әлеуметтік мәселелерді шешуде азаматтық атқарған қызметтері айқындалатын, кіші жүз руларының басын қосып, ел тағдырын шешетін жаппай жиын өткізілген орынның әлі де бар екенін еліміздің Отан тарихына қосу мақсатым алдағы уақытта іс жүзінде көрініс табады деп сенемін.

Маңғыстау жеріндегі аты ұмыт болған, әліде зерттеуді қажет ететін ұлымыздың тарихи тұлға деңгейіне көтерілген батыры, қолбасшысы Әнетұлы Ертөлептің ХІХ ғасырдағы Хиуа хандығына және орыс басқыншыларына қарсы басқосқан, жасақ құрған киелі орны, таңбалы тұғыртасы елдігіміздің табанды нышаны болды. Тұлғаның аты, халыққа жасаған игі істері әліде халық жанында болғанымен, өкінішке орай оның күрмеулі мәселелерді шешіп, әскери қимыл мен өнерін дамытқан тұғырлы тұғыртасы бар киелі орны жайлы республика жұртшылдығы біле бермейді, оның тарихын былай қоя бергенде, орынның өзі жойылып кету қаупінде, тіпті кітапханалар мен әлеуметтік желілерден дерек көздері кездеспейді. Бұл үрдіс тұлғаның өнегелі ерліктеріне және тұғырлы

елдігіміздің нышаны болған тарихи орынға берілген лайық емес баға екені анық. Саны аз болуы мүмкін, алайда маңызы зор Төлепбатырдың қилы өмірі мен тағылымды тарихы туралы және таңбалы тас туралы мақалалары да жарық көрген. Шынында көптеген тарихи оқиғаларға негіз болып, алыстан менмұндалап тұратын бұл орын үлкен академиялық зерттеу мен мемлекеттік қолдауды күтіп-ақ тұр. Алдағы уақытта жас зерттеушілердің жұмысы кең көлемде қолға алынып, іс жүзінде тарих беттерінде жаңғырады деп сенеміз. Өнеттің батыр ұлы Төлеп жайлы талай-талай аңыз-әңгімелер ел аузында әлі күнге дейін айтылады. Көптеген ақын-жыраулар оның ерлігін өздерінің жыр-толғауларында арнап кеткен, Ер Төлеп Адай тайпасының айрықша батыры, біртуар перзенті ретінде бағаланады. Кей әңгімелерде Төлеп батыр алды-артын байқамай жауға шабатын әңгүдік ер емес, әдіс-айласымен шайқас үстінде қолданатын шебер тәсілдерімен соғысқан жауын жеңіп отырған ақыл-парасаты мол әрі ержүрек батыр ретінде дәріптеледі.

Төлеп батырдың аты шыққан кезең Кіші жүз, ол әкімшілік бағыныста болған Орынбор өлкесі тарихындағы ең бір күрделі кезең. Әбілқайыр ханды Барақ Сұлтан өлтірген соң орнына Нұралы хан болды. Әбілқайыр ұрпақтары арасында таққа талас орын алды. Хиуа ханының тағына қазақ сұлтаны отырған жылдар да болды. Осы саяси бағыттарда Әбілқайыр хан жесірі, Адай қызы Бопай ханым басты ықпалды күшке ие болды. 108 жасқа келіп өлді делінетін Бопай ханым бір есептен Төлептің замандасы деуге келеді. Кіші жүздің көп белді руы Берішке күйеу, әрі Адайдың арысы Төлеп батырдың Бопаймен қарым-қатынаста болғаны жөнінде де деректер кездеседі.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қолы жетіп, бодандық бұғауынан босағалы Маңғыстау өңірінде де көзі ашық, жүрегі елім деп соққан азамат атаулы бағзы бабаларымыздың, терең ойшылдарымыз бен ел қорғаған батырларымыздың киелі есімдерін ұлықтай, жаңғыртып, жәдігерлерімізге жаңа тарихи туындылар қосуды үлкен үрдіске айналдырды. Маңғыстау түбегінің тарихын қалпына келтіріп, бекіте түсу бағытында қолға алынған ең қастерлі іс-қимыл, аса маңызды шара Адайдың біртуар батыр ұлы, өзі барып бөтенге ұрынып соқтықпаған, ал елге тиген дұшпанға Маңғыстаудың ұлтарақтай жерін бермеген, өз тұсында жесір кетпеген, малы барымталанбаған. Ер Төлеп ата шежіресін жазушы-журналист Әбілхайыр Спановта жазды. "Ер Төлеп Ата" қоғамдық қорымының ұйымдастыруымен 2006 жылдың 27-28 тамызында батыр рухына арналып, Тұщыбек елді мекеніне таяу "Шұқырқой" жерінен ас беру рәсімі үлкен салтанатпен өтті. Тұщыбек батырдың ата мекені болған. Ал "Шұқырой" жерінде бағзы ерте замандардың өзінде түрлі ойын-сауықтар, той-думандар, ат бәйгелері ұйымдастырылатын қолайлы жер болған көрінеді. Рәсімді өткізу үшін Ер-Төлеп ұрпақтары, ағайын-туыстар, көпшілік қауым атсалысты. Әрине мұндай ас беру рәсімі жұртшылықтың жұмыла кірісіуімен іске асатын аса үлкен де жауапты шаруа. Бұл жерде де мінсіз ұйымдастыру ісі, бірауыздылық, ұйымшылдық байқалғанын атап өткен жөн.

Батыр жайлы ғылыми зерттеу дерлік бірнеше мақалалар жазылып жарияланды. Аңыз әңгімелер хатқа түсті. Ата-тек шежіресі түзілді. Ұрпақтары түгенделді. Батыр басына ескерткіш салынуы, дүбірлетіп ас берілуі - ол бір

бөлек хикая. 1833 жылғы әскери топограф П.В.Алексеев жазбасында Сисем ата елеусіз ғана зират делініпті. Демек оның үлкен қойымдыққа айналуы содан кейін бара-бара ол Адай елінің атақтылары жерленетін бас қойымдың-пантеонға айналған. Хронологиялық жүйеге бағынсақ Төлеп батыр сол 60-тың, Қожаназар, Қонайлардың соңынан жерленген лек өкілі. Ұрпақтары басына ұлутастан қиып, шағын кереге там қойып, құлпытас шанышқан. Құлпытаста араб әріпімен "Төлеп ибн Әнет-Адай рухы "Бейімбет тайфасы Райымберді елінің қазағы Төлеп Әнетоғлы" деген жазуы бар. Бертінде қорымдағы ескерткіштер есепке алынғанда, тамға 831 рет саны берілген. Осылайша XIX ғасырдағы Маңғыстау жеріндегі әлеуметтік мәселелерді шешуде азаматтық атқарған қызметтері айқындалатын, ең алғашқылардың бірі болып маңызы құрылтайдан кем түспейтін, кіші жүз руларының басын қосып, ел тағдырын шешетін жаппай жиын өткізілген орынның әлі де бар екені туралы еліміздің Отан тарихына қосу мақсатым алдағы уақытта іс жүзінде көрініс табады деп сенемін.

Қорытындылай келе, бес қару асынып, қол бастаған, топты жарып, ел бастаған ақжүрек Ер Төлеп батырдың таңбалы тұғыр тасы – біздің маңғаз Маңғыстауымның мақтанышы, қадірі мен қасиеті қанша ұрпаққа қазына болып келе жатқан құндылық, тарихымызды танытар нағыз қауқарлығы сөзсіз жаңғырық!

Ә.МҰҚТАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КАСПИЙ ӨңІРІ ТАРИХЫ

Дарибек А.Ж.,

магистрант,

Жақсылыкова Д.Т.,

магистрант,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтардың өлке тарихын зерттеудегі зерттеуі, ол Қазақстанның батыс аймағының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі болатын. Қазақ тарихындағы аласапыранды кезеңдерде өмір сүріп, ел басқарған Әбілқайыр ханның ұрпақтары Нұралы, Ерәлі, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Жантөре, Шерғазы, Арынғазы хандардың тұлғалық еңбектерін тарихи саралаған докторлық диссертация негізінде 2001 жылы «Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі 18 ғасырдың екінші жартысы және 19 ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар)» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Монография Ресей мен Қазақстан архив қорларындағы тың материалдар негізінде жазылып қазақ хан әулетінің Қытай, Ресей, Бұқара, Хиуа елдерімен байланысы жан-жақты баяндалады. Ә.Мұқтар зерттеуінде осы кезеңдегі азаттық қозғалыс көсемі, батыр Сырым Датов өмірнамасы да толыққанды тарихи сараланған. Қазақстанның батыс аймағында қазақ хандығының өркендеуі Әбілқайыр ханнан бастау алып

Бөкей Ордасының құрылуымен тығыз байланысып жатыр. Зерттеушілер нікірінше Әбілқайыр есімі тарихи әдебиеттерде 1715 жылдардан бастап кездеседі. Шежіреге сүйенсек: Жәнібек хан-оның ұлы Үсек-оның ұлы Бөлекей Қоян-оның ұлы Айшуақ-оның ұлы Ырыс-оның ұлы Қажы-оның ұлы Әбілқайыр болып келеді. Қажы сұлтан 18ғасыр басында Түркістан қаласында билік жүргізген. Әбілқайыр билікке 1710 жылдардан бастап араласа бастаса, 1718 жылдардағы құжаттарда хан деген атақта деп көрсетіледі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының көрсетуінше Жоңғар шапқыншылығының ең ауыртпалы «ақтабан шұбырынды» кезінде Әбілқайыр өзіне бағынышты ауылдармен 1723 жылдың көктемінде Түркістаннан Жайық өзені бойына қарай қоныс аударады. Еділ өзені мен Жайық өзені арасын жайлаған батыс қалмақтарына қарсы жорық жасайды. Әбілқайырдың 40 мың қолмен Жайық бойына келуі, бұл аймақтың жағдайын түбегейлі түрде өзгертті. Қалмақ ханы Аюке қоныстарын Еділ өзеніне қарай бұрса, Қарақалпақ ауылдары Каспий теңізінен оңтүстікке қарай, ал башқұрттар Елек, Орь өзенінен жоғары қарай сытыла көшті. 1724 жылы Әбілқайыр кейін, Түркістан қаласына қарай оралмақшы болғанмен жоңғарлардың қатты қарсылығына ұшырап Жайық пен Еділ аралығына қайта оралады.

Қазақстанның батыс аймағында Әбілқайыр хандығының (кіші жүз) нығаюында Тілеуберген би, тама Есет батыр және табын Бөгенбай батырлар ерекше еңбек етеді. Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы зерттеушілер Ирина Ерофеева, Жаңабек Жақсығалиев еңбектерінде жан-жақты талданған, бұл бағыттағы Ә.Мұқтар зерттеулері де өте қомақты.. Әбілқайырды көптеген зерттеушілер қазақтарды Ресей бодандығына қосқан хан ретінде жазғырса, Әбілқайыр ғұмырнамасын жан-жақты таразылаушылар, оның терең сауаттылығын, әскери талантын, ақсүйектік хан әулеті қағидасына адалдығын ғылыми мойындап төмендегідей қорытынды жасайды. Әбілқайыр 1730 жылдары Ресеймен жақындасуы, біріншіден орыс қаруы арқылы жоңғарларды жену, екінші орыс көмегімен бүкіл қазақ даласына билік жүргізу, үшінші көршілес Хиуа хандығы мен башқұрттарды қазақ хандығына қосу еді. Бұл жоспар орындалған жағдайда біртұтас, мықты мемлекет құрылуы да ықтимал болатын. Ал, орыс саясаткерлері оның бұл ойын түсініп, қарсы болғанда Әбілқайыр орыстардан теріс айналып жоңғар билеушілерімен (өзінің қызын жоңғар қантойшысы Цеван Доржыға береді) және орта азия хандықтарымен байланыс орнатады. 1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан байқаусызда Барақ сұлтан әскері қолынан қаза табады. Қазақ салтында ханды өлтіру үлкен қылмыс болғандықтан билер соты мәселені терең тексеріп Барақ сұлтанға 2 мың қой есебінде құн салады. (Әбілқайыр хан жасауылдарының Барақ сұлтан қалыңдығына арналған керуенді тонау ісі ашылады). Әбілқайырдың үш ұлы: Нұралы, Ералы, Айшуақ және тоғыз немересі: Есім, Пірәлі, Жантөре, Серғазы, Бөкей, Қаратай, Сығай, Бөлекей, Темір, бес шөбересі: Қасым, Маты, Жәңгір, Қайыпқали, Сауқым болған. 1748

жылы хан болып Нұралы сайланады. Оны осы лауазымға Ресей патшасы 1749 жылы бекітеді. Нұралы өз саясатын тікелей орыс отаршыл әкімшілігі ықпалымен жүргізеді. Башқұрт шаруалары толқуы және Пугачев көтерілісі кезінде орыс әскерін қолдайды. Сондықтан осы жылдары Қазақстанның батыс аймағына башқұрттардың барымтасы күшейе түседі.

1786 жылы Сырым Датұлы қозғалысының басталу кезінде, халық толқуынан сескеніп Орск бекінісін паналайды. 1786-1790 жылдары орыс отаршыл әкімшілігі шешімімен Уфаға жіберіледі және осы жылдары хандық билік орны бос тұрады. Ресей патша әкімшілігінен Нұралы ханды орнына қайтаруды сұрап, орта жүз ханы Уәли, сұлтан Құдайменде және бұрынғы Әбілқайыр хан жақтастары өтінгенмен талаптары орындалмай Нұралы 1790 жылы Уфада қайтыс болады. Оның 40 ұлы және 30 қызы болған (А.И. Левшиннің көрсетуі бойынша). 1791-94 жылдары Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы хандық билік жүргізді. 1794-97 жылдары Нұралының ұлы Есім хандық билік жүргізіп, 1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілері қолынан қаза тапты. 1797-1805 жылдары Әбілқайырдың ұлы Айшуақ хан болды. Бұл кезеңді, осы жылдары Орынбор шекара комиссиясын басқарған Генс «өте ауыр, революциялық толқулар кезеңі» деп бағалаған. Айшуақ жасының үлкеюіне және денсаулығына байланысты хандықты 1805 жылы тапсырып, 1810 жылы қайтыс болады. 1805 жылы 03 қыркүйекте Орынборға жақын жерде хандық лауазымға Айшуақтың ұлы Жантөре сайланады. Бұған хандық биліктен дәмелі Қаратай сұлтан қарсы болып, 1806 жылы Қобда өзені бойында ру старшындары жиынында өзін хан деп жариялайды. Орыс отаршыл әкімшілігінен қолдау ала алмаған Қаратай 1809 жылы 02 қарашада Мергеневск форпосы маңындағы хан ауылына шабуыл жасап Жантөре ханды өлтіреді. Орынбор шекара комиссиясы есебінше әкімшілікке 36 363 сом ақша шығын келтіреді. Орынбор генерал-губернаторы хандық билікке 1812 жылы Айшуақтың ұлы Шерғазыны хан етіп бекітеді. Міне, осы уақыттан бастап Шерғазы мен Қаратай арасындағы ағайын-араздық, өштесу үлкен соғыс өртіне ұласады.

Орынбор губернаторы П.К. Эссен араласуымен соғыс біршама басылып, жергілікті ру старшындары Батыр сұлтанның шөбересі Арынғазыны хандық билікке итермелейді. Ресей әкімшілігі қолдаған Арынғазы 1816-21 жылдары хандық билік жүргізеді. Қаратай хандықтың батыс бөлігін басқарушы сұлтан лауазымына бекітіледі. Арынғазының басты мақсаты қазақтарды Хиуа хандығы қол астынан босату үшін күрес болды. Осы күресте бауырлары қаза болып, шешесі мен қарындастары хиуалықтар қамауына түсті. Хиуалықтарға қарсы күресте орыстарға сенген Арынғазы, Петерборға шақырылып, сол жерден Калуга қаласына жер аударылып 1833 жылы қайтыс болды. Осы кезеңде орданың заңды ханы Шерғазы 1824 жылы Орынборға шақырылып Қазақстанның батыс аймағында хандық билік жойылды. Хандық территориясы үшке бөлінді: бірінші - Батыс бөлік (Елек және Темір өзендерінің батысынан Арал теңізіне дейін), екінші – Орта бөлік (Тобыл, Тоғызақ және Аят өзендерінің

бойлары), үшінші – Шығыс бөлік (Сырдария өзенінен солтүстік шығысқа қарай). Қазақстанның батыс аймағындағы хандық билік тарихында Бөкей немесе Ішкі қазақ ордасының орны ерекше. 18 ғасыр соңы мен 19 ғасыр басындағы хандық билік үшін күресте, өзінше бөлек жол таңдаған Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1797 жылы Орынбор губернаторы, барон Игельстромнан Жайық пен Еділ өзендері аралығына көшіп-қону үшін рұхсат алады. Кейін, Жайық пен Еділ өзендері аралығына шекара бақылауын жасайтын Астрахан казак-орыс әскері атаманы П.С. Поповпен етене жақындасып, сол арқылы 1801 жылы 11 наурызда Ресей патшасы Павел 1-ші Бөкей сұлтанға Жайық пен Еділ өзендері аралығын қоныстануға рұхсат берген жарлық шығарды. Бөкей сұлтанның Жайық пен Еділ өзендері аралығына заңды түрдегі көші 1801 жылы 20 желтоқсанда болды. Желтоқсанның ызғарлы күні көшті бастаған Бөкей сұлтанмен бірге, 183 түтін, яғни 740 адам және мал-мүліктен 24 түйе, 1366 бас ірі қара 3300 жылқы, 102 500 қой малдары Жайық өзенінен өткізілді. Көшті қадағалау Астрахан казак-орыс әскері жүз басы В.Ф.Скворцовқа (1818 - 1822 жылдары Астрахан казак-орыс әскері атаманы) міндеттелді. Бөкей ордасының саяси-құқықтық мәртебесі 1812 жылы нақтыланып, осы жылы Бөкей Орал қаласында хандық билікке салтанатпен отырғызылды. 1815 жылы Бөкей қайтыс болғасын оның орнына, баласы Жәңгір кәмелетке толғанша Шығай Нұралыұлы, 1823-1845 жылдары Жәңгір Бөкейұлы хандық билік жүргізді.

Бөкей ордасы мен оны басқарған хандардың тарихи тұлғалары туралы Қазақстан тарихнамасы өте бай. Олардан тағылым аларлық деректер де баршылық. Жалпы Қазақ хандығы тарихында Қазақстанның батыс аймағында қалыптасып, өркендеген Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтарының биліктері ерекше мәнге ие. Бұл, Тәуелсіз еліміздің заңды тарихи шекарасының қалыптасуында ғана емес, халқымыздың қайталанбас ұлттық этникалық құрамының да қалыптасуында деп білуіміз керек. Докторлық диссертациядан кейін де Ә.Мұқтар Каспий-Атырау өңірі тарихымен, Отан тарихының ақтандақ беттерімен гранттық қаржыландыру бағытында кешенді айналыса бастады. 2006-2008 жылдары «Қазақстандық Каспий: тарихы, орны, саяси маңызы», 2008-2010 жылдары «Батыс Қазақстан өлкесіндегі миграция мәселелері», 2018-2020 жылдары «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбындағы зерттеулері соның дәлелі. 2020 жылы Атырау облысының 80 жылдығына арналған «Біріншілер» атты монографиясы жарық көрді. Зерттеу еңбекте мол архив деректері арқылы 1938-2019 жылдар аралығында Атырау облысын басқарған қайраткер тұлғалардың өмірнамасы сараланған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Төлепбергенов Т., Бердіғожин Л.Б. Өлке мұнай өнеркәсібінің дамуы. \\ Атырау. 01 желтоқсан 2013 жыл.
2. Мұқтар Ә.Қ. Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық-саяси өмір (XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. бірінші ширегі)». тарих ғылымдарының докторы диссертациясының авторефераты. - Алматы, 2002. - 40 б.
3. Бақи Жиенбай Базарбайұлы. Атырау арыстары сериясы. Атырау, 2024. - 300 бет.
4. Студенттер жүрегінен жол тапқан ұстаз. Финиятолла Нығмет туралы естеліктер. Атырау, 2014. - 76 бет.
5. Қалдырған ізін мәңгілік. Күләш Қайырбекова туралы естеліктер. Атырау, 2009. - 84 бет.
6. Өнегелі өмір. Ибат Қамешев туралы естеліктер. Атырау, 2004. - 26 бет.
7. Шамғонов А. Ата-мекен тарихи-өлкетану үйірмесі. Атырау, 2010. - 47б.
8. Зұлқарнай Алдамжар: Еске алу кітабы. Алматы 2007. - 228 б.
9. Есмағамбетов Көшім Лекерұлы. Биобиблиография. Алматы, 2014. - 144б.
10. Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы. — Атырау. — 2004. — 188 б.
11. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. (тар. ғыл. док. дәрежесін алу үшін жазылған монография). Алматы, 2001. - 257б.
12. Мұқтар Ә.Қ. Біріншілер. - Алматы, 2020. - 328 б.

ТӨЛЕП БАТЫРДЫҢ ТАҢБАЛЫ ТҰҒЫРТАСЫ

Алданазарова З.К.,

магистрант,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Ертөлеп батыр – Маңғыстау жұртының және қазақ халқының аса құрметті азаматтарының бірі, кейбір деректерде ол жауға қарсы шабуылдай беретін жаужүрек батыр емес, соғыс барысында шебер тактикаларымен көзге түсіп, жеңіске жеткен ақылды әрі ержүрек тұлға ретінде сипатталады. 1754-1834 жылдары Тұщыбекте өмір сүріп, кіші жүз руларының басын қосып, жасақ құрып, күрмеулі мәселелерді шешіп, оның әскери қимыл мен өнерін дамытқан тұғырлы да Таңбалы Тұғыртасы - даналық пен батырлықтың символы.

Бүгінде батырдың киелі де қасиетті, сырға толы тұғыртасы жайлы республика жұртшылдығы біле бермейді. Оның тарихын былай қоя бергенде, орынның өзі жойылып кету қаупінде. Бұл үрдіс тұлғаның өнегелі ерліктеріне берілген лайық емес баға екені анық дей отыра ғылыми зерттеу жұмысымызда батырдың қилы тағдыры мен тағылымды ғұмыры, сондай-ақ басты нышанымыз Таңбалы тұғыртастың елімізге тың әрі тарихи жаңалық болуына орасан үлес қостық дер едім.

Әуелі басынан шолу жасайық: Ұзақ жылдар ғұмырында Төлеп батыр ірілі-уақты 80-нен аса шайқастарды басынан өткерген, 50 рет жекпе-жекке

шыққан, бәрінде жеңіске жеткен. Зерттеу нысанын зерттеу қиын да күрделі үрдістерлен тұрды деп айтсақ артық айтпағанымыз болар. Жобамызға негіз болған материалдар практикалық бөліміміздің қалыптасуына негіз болды. Атап айтар болсақ, облыстық кітапханада құнды мәліметтерге кезіктік. Саны аз болуы мүмкін, алайда маңызы зор Төлепбатырдың қилы өмірі мен тағылымды тарихы туралы және тасқа жасалған ұрпақтарының мақалаларына да қол жеткізе алдық. Одан кейін ұрпақтары Мұрат ағай және Болатжан ағаймен сұхбаттастық, сұхбат барысында батырдың жауынгерлік шеберлігі, әскери жаттықтыру әдістерін, оның ұйымдастыру қасиеттері, саяси сауаттылығы және отанға деген адалдық қасиеттері кеңінен айтылды. Тіпті араға ғасырлар салып, біздің де дәл осы орынға табан тіреуіміз жәй емесі анық. Осылайша ХІХ ғасырдың басы мен ортасындағы Маңғыстау жеріндегі әлеуметтік мәселелерді шешуде азаматтық атқарған қызметтері айқындалатын, кіші жүз руларының басын қосып, ел тағдырын шешетін жаппай жиын өткізілген орынның әлі де бар екенін еліміздің Отан тарихына қосу мақсатым алдағы уақытта іс жүзінде көрініс табады деп сенемін.

Саны аз болуы мүмкін, алайда маңызы зор Төлепбатырдың қилы өмірі мен тағылымды тарихы туралы және таңбалы тас туралы мақалалары да жарық көрген. Шынында көптеген тарихи оқиғаларға негіз болып, алыстан менмұндалап тұратын бұл орын үлкен академиялық зерттеу мен мемлекеттік қолдауды күтіп-ақ тұр. Алдағы уақытта жас зерттеушілердің жұмысы кең көлемде қолға алынып, іс жүзінде тарих беттерінде жаңғырады деп сенеміз.

Әнеттің батыр ұлы Төлеп жайлы талай-талай аңыз-әңгімелер ел аузында әлі күнге дейін айтылады. Көптеген ақын-жыраулар оның ерлігін өздерінің жыр-толғауларында арнап кеткен, Ер Төлеп Адай тайпасының айрықша батыры, біртуар перзенті ретінде бағаланады.

Төлеп батырдың аты шыққан кезең Кіші жүз, ол әкімшілік бағыныста болған Орынбор өлкесі тарихындағы ең бір күрделі кезең. Әбілқайыр ханды Барақ Сұлтан өлтірген соң орнына Нұралы хан болды. Әбілқайыр ұрпақтары арасында таққа талас орын алды. Хиуа ханының тағына қазақ сұлтаны отырған жылдар да болды. Осы саяси бағыттарда Әбілқайыр хан жесірі, Адай қызы Бопай ханым басты ықпалды күшке ие болды. 108 жасқа келіп өлді делінетін Бопай ханым бір есептен Төлептің замандасы деуге келеді. Кіші жүздің көп белді руы Берішке күйеу, әрі Адайдың арысы Төлеп батырдың Бопаймен қарым-қатынаста болғаны жөнінде де деректер кездеседі.

Ер Төлеп Ата ұрпақтарынан шыққан ғалымдар да жоқ емес. Олар: Нұн Жұбаев - 1935ж Тұщыбек елді мекенінде туып, 1988ж Алматыда қайтыс болды. Ол сейсмология толқындар механикасы саласындағы көрнекті ғалым, техника ғылымының докторы.

Өмірің соңғы жылдарында сейсмология институтының толқындар динамикасы лабораториясының меңгерушісі және осы институттың директоры қызметін атқарды..

Жәнібек Аралбаев - 1964ж туған. 1990ж Алматы зооветеринарлық институтын бітіріп, Москвада бүкілодақтық ғылыми зерттеу институтыны аспирантурасында оқыды. 1995ж "Самотостатин тізбекті рекомбинатты

белогының мал асқазанындағы заталмасу және өнімділігіне әсері" тақырыбына биология ғылымының кандидаты ғылыми атағына диссертация қорғады. 2003 жылдан «Оңтүстік - батыс ауылшаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» Атырау филиалының директоры

Сармұқанов Ербол Төлегенұлы - 1965ж туған. Тарту университетінің аспиранты. Экономика ғылымының кандидаты. Қазір "Евразиялық банктің" Ақтөбе филиалының директоры.

Облыстық «Маңғыстау» газеті «Тарих таным» айдарында 2016жылы 105-106 санында «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы» мемлекеттік мекемесінің директоры Нұрлан Құлбаевтың "Орынбор әскерінің Түрікменстанға жасаған жорығы" мақаласы жарияланды. «Генерал-майор Веньямин Иванович Казанцевтың 1880-1881 жылдардағы баяндары мен естеліктерінен» қазақшаға аударылып басылған. Біз осы мақаланы өзімізге тиісті жерінен үзінділер келтіргенд жөн көрдік.

Батыр жайлы ғылыми зерттеу дерлік бірнеше мақалалар жазылып жарияланды. Аңыз әңгімелер хатқа түсті. Ата-тек шежіресі түзілді. Ұрпақтары түгенделді. Батыр басына ескерткіш салынуы, дүбірлетіп ас берілуі - ол бір бөлек хикая. 1833 жылғы әскери топограф П.В.Алексеев жазбасында Сисем ата елеусіз ғана зират делініпті. Демек оның үлкен қойымдыққа айналуы содан кейін бара-бара ол Адай елінің атақтылары жерленетін бас қойымдың-пантеонға айналған. Хронологиялық жүйеге бағынсақ Төлеп батыр сол 60-тың, Қожаназар, Қонайлардың соңынан жерленген лек өкілі. Ұрпақтары басына ұлутастан қиып, шағын кереге там қойып, құлпытас шанышқан. Құлпытаста араб әріпімен "Төлеп ибн Әнет-Адай рухы "Бейімбет тайфасы Райымберді елінің қазағы Төлеп Әнетоғлы" деген жазуы бар. Бертінде қорымдағы ескерткіштер есепке алынғанда, тамға 831 рет саны берілген. Төлеп тамының суреті Малбағар Мендіқұловтың кітабына енген. Біздің қолымыздағы батыр туралы деректер әзірге ел аузындағы аңыздар.

Аңыз түбінде ақиқат жатыр әрине. Ол аңызбен өрілген шындық. Халықтық творчествоның нақты дерекке негізделген билігі.

«Төлеп қазған» кейбір ауызекі әңгімеде Төлеп қаздырған деп те айтылады. Үстірттің сол ернегінде әлі сулы құдық. Игілігін бүкіл ел көріп отыр екен. Төкең оны өзі қаздырғанымен өзі меншіктемей елдің ортақ ризығы деп кеткен екен. Аталарының ол өсиетін кейінгі ұрпақтары да бұзған жоқ. Содан кешегі бір заманда орың басын жайлап, қыстаған ағайындардың бір-біріне әрі отырыс болмапты. Ел үшін халыққа осындай игілікті қызметтер жасаған Ер Төлеп бес қару асынып, қол бастаған, топты жарып, ел бастаған дарабоздығы атақ-даңқы, батырлық келбеті ел арасындағы орасан беделі арқау болған айрықша тектілердің ізі еді. Ер Төлеп аты кіші жүз ақын-жырауларының ұрандап, жауынгерлік рух шақыратын төкпе жырларында аталмай өтпейді. Ол - шапқыншыдан елді арашалаушы, олжаға ортақтаспаған ақжүрек батыр үлгісі.

Жалпы зерттеу нысанын зерттеу қиында күрделі үрдістерлен тұрды деп айтсақ артық айтпағанымыз болар. Себебі, аталмыш тарихи орын туралы дерек көздер жоқтың қасы. Ғылыми жұмысымызға негіз болған материалдар практикалық бөліміміздің қалыптасына негіз болды. Атап айтар болсақ,

облыстық кітапханада құнды мәліметтерге кезіктік. Саны аз болуы мүмкін, бірақ маңызы зор Төлепбатырдың қилы өмірі мен тағылымды тарихы туралы және таңбалы тасқа жасалған ұрпақтарының мақалаларына қол жеткізе алдық. Одан кейін ұрпақтары Мұрат ағай және Болатжан ағаймен сұхбаттастық. Сұхбат басырысында батырдың жауынгерлік шеберлігі, әскери жаттықтыру әдістерін былай қоя бергенде оның ұйымдастыру қасиеттері, саяси сауаттылығы және отанға деген адалдық қасиеттері кеңінен айтылды. Сырлы сұхбатымызды Жанбиді Дуйсенбаевамен кездескен басқосуымызда толықтырды. Оның мақалаларында батырдың тұғырлы жеңістерін былай қоя бергенде халықтың игілігіне арнап қазылған құдықтары да болғандығы жазылған. Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, батырдың әмбебап кісі болғандығына анық көзіміз жетті.

Осы аталған әрбір зерттеуіміздің түйіні таңбалы тұғыртасқа келіп тірелді. Себебі 80-нен аса көтерілісті ұйымдастырған тарихи орын ешқашан өзінің маңызын жоғалтпаған. Тіпті араға ғасырлар салып, біздіңде дәл сорын орынға табан тіреуіміз жәй емесі анық...

Қорытындылай келе, бес қару асынып, қол бастаған, топты жарып, ел бастаған ақжүрек Ер Төлеп батырдың таңбалы тұғыр тасы – біздің маңғаз Маңғыстауымның мақтанышы, қадірі мен қасиеті қанша ұрпаққа қазына болып келе жатқан құндылық. Бұл - тек өңіріміздің емес, бүкіл қазақ атаулының тіпті болса, ТМД елдерінің төңірегінде әлемдік масштабта тарихи жаңалық болар, тарихымызды танытар нағыз қауқарлығы сөзсіз, ізі өшпес құтты мекен!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 5 қаңтар 2020 жыл.
2. Скифтымов А.П. Поэтика и генезис былин (Очерки).-Саратов, 1924. - 315 с.
3. Марғұлан Ә. Эпостың жыр туырудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі. 1940. №4.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы., 1958. - 402 б; Қазақ әдебиетінің тарихы. I том.- Алматы, 1960 - 440 б.
5. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы, 1962. - 428 б.
6. Жирмунский В.Я. Тюркский героический эпос.-Ленинград. 1974. - 386 с.
7. Петросян А.А. История народа и его эпос. - Москва, 1982. - 216 с..
8. Бердибаев Р. К проблеме историзма эпоса // Советская тюркология. 1986. №2. С. 38-42.

BLOG TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF TEACHING ENGLISH TO SENIOR CLASS PUPILS

Турарова Д.,

*«Баишев Университеті» мекемесінің магистранты,
Ақтөбе қаласы*

Abstract. This study explores the use of blog technologies as tools for enhancing English language instruction for senior class pupils. It examines various blogging platforms, including Yandex.Zen, Blogger, and WordPress, and considers their potential for fostering learner autonomy and engagement. The study also investigates the integration of augmented and virtual reality (AR/VR) to create immersive learning experiences within the blog environment.

Keywords: Blog technologies, English language teaching, digital platforms, senior class pupils.

Digital tools offer exciting ways to boost language learning. Grammar checkers, for example, can instantly highlight mistakes, giving learners immediate feedback and helping them focus on specific areas to improve. It's like having a personal tutor pointing out errors as you write.

Blogs are also a fantastic resource. Teachers can use platforms like Blogger or WordPress to create interactive learning spaces. There's no one-size-fits-all approach; blogs can be tailored to suit different classes and learning styles. A teacher might post short videos explaining tricky grammar points, followed by quizzes to check understanding. Or they could share links to interesting articles or podcasts, encouraging students to engage with authentic content. Students can even create their own blogs! Imagine writing about your hobbies or sharing your thoughts on current events – all in English. It's a fun way to practice writing and build confidence.

Online learning thrives on interaction, and blogs provide plenty of opportunities for this. Teachers can start discussions by asking open-ended questions in their posts. Students can then respond with their ideas, creating a lively online community. It's a bit like a virtual classroom where everyone can share their thoughts and learn from each other. For instance, a teacher could post a picture of a famous landmark and ask students to write a short story about it in the comments section. This encourages creativity and provides a platform for peer-to-peer learning.

Learning a language shouldn't be confined to textbooks. The internet opens up a world of authentic materials, from news websites to music videos to online forums. Students can listen to podcasts, watch films, or even chat with native speakers online. Think about joining an online book club where everyone discusses a novel in English. It's a great way to improve your reading comprehension, expand your vocabulary, and connect with other learners. Teachers can play a key role here, guiding students towards relevant resources and helping them navigate the vast online landscape. They can curate lists of useful websites, recommend podcasts, or even set up virtual exchanges with students from other countries.

Ultimately, technology can make language learning more engaging,

personalized, and accessible. It's about using these tools effectively to create a dynamic and supportive learning environment, where students are motivated to learn and confident in their ability to communicate.

Maintaining a blog demands various skills from educators. Among other things, they must be capable of encouraging their students to engage in independent learning. Many foreign language teachers are currently preoccupied with preparing students to take responsibility for independent learning outside the classroom. Therefore, to develop student motivation and autonomous learning, teachers must possess knowledge of learning strategies and the ability to implement them [3]. They can illustrate these strategies in their blogs. Moreover, they should act as moderators and organizers of the learning process, as well as consultants who can empower students to individualize their work, taking into account their interests, needs, and cognitive abilities. Contemporary methodological literature emphasizes the role and significance of grammar in foreign language education. The methodology of grammar teaching is often a subject of discussion in pedagogical circles, specialized forums, and academic seminars. Anyone striving for high-level proficiency in a foreign language must possess knowledge of its grammatical structure. Most people begin learning a foreign language in elementary or middle school. This is precisely why we have given significant attention to teaching grammar to students aged 11-12.

Currently, the internet offers a multitude of diverse digital platforms that can be utilized in the educational process. For our research, we have chosen what we consider the most effective online platform for foreign language learning: Yandex.Zen. Yandex.Zen is a Russian platform for creating and viewing content, not only of an entertainment nature but also educational [3].

Yandex.Zen generates a personalized feed of publications, automatically adapting to the user's interests. The selection of publications is based on an analysis of browsing history, user-specified preferences, and other factors. Yandex.Zen exemplifies the implementation of specialized artificial intelligence technology [4].

The teacher, who also functions as the blog moderator, works remotely with students, posting a series of assignments for independent and group work, as well as self-assessment tests, on the page. Utilizing an educational blog in foreign language instruction provides an opportunity to place a set of learning materials for the student in a dedicated section of the blog. These materials include homework assignments, supplementary resources for specific lessons, recommended sources for independent student learning (reading and listening, such as podcasts and essays), links to informational, reference, and educational internet resources, and links to online tests on topics studied within the framework of the student's independent work (for example, after covering certain grammar topics, students can test their knowledge using tests and other digital methods). Expanded Discussion incorporating Blogger, WordPress, and AR/VR: Beyond Yandex.Zen, several other platforms offer valuable tools for educators creating online learning resources. Here's a comparison:

Blogger: A free and easy-to-use platform ideal for beginners. It integrates seamlessly with other Google services, making sharing and collaboration straightforward. While customization options are somewhat limited, it's a solid choice for simple text-based blogs and basic multimedia integration.

WordPress: Offers more flexibility and customization than Blogger, with numerous themes and plugins available. The self-hosted version (WordPress.org) provides greater control but requires some technical knowledge. WordPress is suitable for building more complex blogs with interactive elements and advanced features. AR/VR (Augmented and Virtual Reality): These technologies offer immersive learning experiences. AR can overlay interactive elements onto the real world, enhancing engagement with learning materials. VR can transport students to virtual environments, facilitating language practice in realistic scenarios. Integrating AR/VR elements into a blog could involve linking to external AR/VR apps or embedding 360° photos and videos.

Choosing the right platform depends on the teacher's technical skills, the specific learning objectives, and the available resources. While Yandex.Zen offers a personalized content feed, Blogger and WordPress provide greater control over the learning environment. AR/VR technologies can add an exciting new dimension to online language learning, but they require careful planning and integration. By exploring these different platforms, educators can create dynamic and engaging online resources that empower students to become autonomous learners.

In conclusion, fostering learner autonomy in foreign language acquisition requires a multifaceted approach, and leveraging digital platforms like blogs offers a powerful avenue for achieving this goal. While platforms like Yandex.Zen provide personalized content delivery, the versatility of Blogger and WordPress empowers educators to curate tailored learning experiences, integrating various resources and activities, from grammar exercises to multimedia content. Furthermore, the emergence of AR/VR technologies presents exciting opportunities to create immersive and engaging learning environments, pushing the boundaries of traditional language instruction. By thoughtfully integrating these tools and embracing the role of facilitator, moderator, and consultant, educators can effectively guide students towards greater independence and proficiency in their language learning journey. Ultimately, the key lies in selecting the platform and pedagogical strategies that best align with the specific needs and learning styles of the students, fostering a dynamic and empowering learning experience that extends beyond the confines of the classroom.

REFERENCES:

1. Boud, D., Keogh, R., & Walker, D. (Eds.). (1985). *Reflection: Turning experience into learning*. London: Kogan Page
2. Furlong, J. (2000). School mentors and university tutors: Lessons from the English experiment.. *Theory into Practice*, 39(1), 12-19, doi: 10.1207/s15430421tip3901
3. Darling-Hammond, L. (2006). Constructing 21 century teacher education. *Journal of Teacher Education*, 57(3), 300-314. doi: 10.1177/0022487105285962
4. Ford, N. (1985). Learning styles and strategies of postgraduate students. *British Journal of Educational Technology*, 16, 65-79, doi:10.1111/j.1467-8535.1985.tb00483.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕК

Жумабаева Б.Ж.,

магистрант,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы тарихы негізінен орыс шенеуніктері мен ғалымдары құраған мұрағат материалдарымен шектелмейді. Көп жағдайда ондай жазба деректердің отарлық саясат мүддесінен туындағаны айқын көрінеді. Осыған орай 1836-1838 азаттық қозғалысының мақсатын, алғы шарттары мен бағыт бағдарын анықтауда халық жадындағы деректердің, қазақ ақын жыраулары шығармаларын құнды дерек көзі болып табылады.

Әдебиеттің тарихилығы туралы проблемаға өткен ғасырдың 20-жылдарынан назар аударылып, оның теориялық, танымдық қырлары анықталды [1].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүріп, көптеген құнды дүниелер қалдырған ақын – жыраулар мұрасы, 1836-1838 жылдардағы көтеріліс тарихы мәселелерін де қамтыған зерттеулер жапрық көрді [2].

Көтеріліс тарихы туралы мол дерек қалдырған ақын жырауларды айтқанымызда, Исатайдың серігі, жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) шығармалары ауызға алдымен ілігеді.

Қазан төңкерісіне дейін Махамбет өлеңдері халық арасында ауызша таралған. XX ғасырдың басында Махамбет өлеңдерін жариялауға алғашқы қадамдар жасалады. 1908 жылы Қазаннан «Мұрат ақынның Ғұмар қазы ұлына айтқаны» деген жинақта «Беріш Махамбет батырдың сұлтанға айтқаны» деген өлеңдер топтамасында, 1910-1911 жылдары Орынбордан Каримовтар – Құсайыновтар баспасынан Ғабдолла Мұштахтың әзірленуімен шыққан «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» атты жинақта «Исатайдың інісі Махамбет жыраудың сөзі» деген өлеңдері де жарияланды. Кеңестік дәуірде жауынгер ақын Өлеңдері 1920 жылдардан бастап үзбей жарияланып келеді [3].

Махамбет Өтемісұлының ақындық өнерінің қалыптасып, дамуында өзінен бұрын өмір сүрген, Шалкиіз Тіленішұлы (1465-1560), Асан Қайғы (XVI ғасырдың соңы - XV ғ. 60 жылдары), Сыпыра жырау (XIV ғ.), Доспанбет жырау (1420-1523), Қазтуған жырау Сүйінші ұлы (1420-XVI ғ.) сияқты, батыр жыраулар мұрасы ерекше орын алған. Махамбет өлеңдерінде халық көтерілісінің көркем шежіресі бейнеленген. Бұл жырларда қалың бұқараның көзқарасы, арман-тілегі айқын бейнеленгендіктен, ол халық арасында ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа тараған.

Махамбет шығармашылығын зерттеушілердің бірі Х.Сүйіншіәлиев XIX ғасырдағы әдебиет тарихында өшпес із қалдырған Махамбет пен Абайға былайша баға береді: «Абай XIX ғасырдың пекінші жартысындағы қазақ өмірінің шындығын поэтикалық өрнекке бөлей білген кемеңгер ақын болса, Махамбет XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, сол кезеңнің зор дүбірлі тарихи оқиғасының жалынды жаршысы, насихатшысы болды. Абай

әлеуметтік қайшылықтарды, негізінен оқу, тәлім-тәрбие жолымен шешуді қолдаған ағартушы-демократ болса, Махамбет – бұл мәселелерде шаруалар қозғалысына сүйенген жауынгер, күрескер ақын» [4].

Махамбеттің өзі жанды куәсі болған көтерілістің барысында және ізінше туған өлеңдерден, халық қозғалысының лебі еседі. Оның арман, үміт толғаныстары, халықты шақырулары, өкініштері, намысты, жігерлі күрескер лебіздері сол кездегі шындық оқиғаларды көзге елестетеді. Махамбет өлеңдерін зерттеушілер екі кезеңге бөледі. Біріншісі – көтеріліс кезіндегі, екіншісі – Исатайдың өлімі мен қозғалыстың жеңіліске ұшырауы туғызған мұңды өлеңдер.

Махамбет өлеңдерінің қай-қайсысында болса да өмір оқиғалары мейлінше нақты бейнеленеді. Мәселен: «Соғыс» атты өлеңде хан әскерлерімен қанды шайқастың нақтылы суреті бар. Өтінішке толы: «Мінкер ер», «Нарын», «Қайда бар», «Аймақ көл» жоқтау үлгісіндегі «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай» өлеңдері халықтың көңіл-күйін мейлінше анық суреттейді. Сол сияқты «Ұлы арман», «Күн қайда», «Ереуіл атқа ер салмай», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Шегініс», «Біз неткен ер», «Алғай», «Нарында», «Арғымаққа оқ тиді», «Қызғыш құс», «Жалғыздық», «Әй, Махамбет жолдасым», «Мінгені Исатайдың ақтабаны – ай», «Мен құстан туған құмаймын» секілді өлеңдерде, көтеріліс кезеңдері суреттелінеді.

Махамбет өлеңдерін зерттеудегі қиыншылық, оның өлеңдерін хронологиялық ізбен зерттеуге бола бермейді. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігінің уақытын белгілеу мүмкін емес. Қай өлеңді бұрын шығарылып, қай өлеңі онан кейін еді деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын. Оның кейбір өлеңдері көтерілістің тарихи даму жолдарына, жер аттарына, өлеңнің мазмұнына, кісі аттарына, олардың тарихи бір кезеңдердегі қимылдарын суреттеулеріне негізделініп, хроникалық жағы осы ізбен зерттеліп келеді. Мысалы: «Мұнар күн» өлеңін, сөз жоқ 1937 жылы шықты деуге болса, «Исатай деген ағам бар» өлеңі де 1937 жылы, Жайықтың бергі бетіндегі Қаракөл, Қарабау деген жерлерді мекендейтін елге барғанда ақынның Исатайды бұл жақтағы жұртшылыққа ұлығылау мақсатымен шығарылған. «Тарланымды» 1938 жылы Исатай қайтыс болғаннан кейінгі, батырды жоқтау ретінде шығарылған өлең деуге болады.

Міне, бүгінге шейінгі Махамбет өлеңдерін зерттеушілердің сүйеніп келген негіздері, жоғарғы айтылған кейбір тарихи мәлімет, тарихи оқиға, кісі аттары, жер аттары шындыққа көп келеді.

Соңғы жылдарда Махамбет өлеңдерімен шұғылданушы кейбір зерттеушілер архив материалдарын әлі де тексеріңкіресек, тарихи жазылған еңбектерді салыстыра отырып мұқият қарастырсақ өлеңнің даталарын дәл, не дәлге жақын анықтауға болады деген пікірлерді біз қолдаймыз және өз зерттеуімізде соған ұмтылдық. Жалпы, Махамбет өлеңдерін тақырыбына, мазмұнына және жер аттарына, ел аттарына қарап хронологиялық жағынан екі кезеңге бөлуге болады: көтерілістің алғашқы кезеңі, яғни 1829 жыл мен 1838 жылдар және 1838 жыл мен 1846 жылдар арасы.

Кейбір әдебиетшілер идеясы жағынан да, стиль ерекшелігі жағынан да бұл екі кезеңде шығарылған өлеңдерді екі бөліп қарағысы келеді. Алғашқы кезеңді суреттейтін Махамбет өлеңдері оптимистік, прогрессивтік романтизмге жатады да, ал соңғы кезеңдегі өлеңдерінде пессимистік романтизмге жатуға тиісті деген пікірді ұсынды.

Бұл пікірдің алдыңғысы дұрыс болатын. Махамбет өлеңдерінің ішінде көтерілістің алғашқы өрлеу дәірін суреттейтін біралуаны дәл солай екендігі рас. Ол туралы біз жоғарыда тоқтап та өттік.

Бірақ Исатай өліп, көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейінгі кездердегі Махамбет өлеңдері пессимистік сарын аңғарылады дейтін пікірге қосылуға болмайды. Бұл мүлде қате пікір.

Бұлай деушілерің негізгі қатесі – Махамбет өлеңдерінің табиғатын, өзіне тән ерекшелігі түсінбеушілік немесе стиль мен жанр мәселесін шатастырушылық.

Махамбеттің 1838 жылдан кейінгі өлеңдерінің көпшілігі лирика–элегиялық өлеңдер. Элегия–ақынның өмір жолындағы өз басынан кешірген қиын–қыстауларының сәулесі, ішкі көңіл күйінің көлеңкесі десек, 1838 жылғы үлкен апаттан кейін ақын өлеңдерінің көпшілігі элегия болып келуі заңды. Өйткені, халық қозғалысы қатты жеңіліске ұшырады, ел ұйытқысындай болған әрі қолбасы батыр, әрі өзінің жан қиысар досы Исатай жау қолынан қаза тапты. Тек ол емес, талай талай қанды көйлек жолдастарының бірі майданда өлсе, екіншісі Сібірге айдалды. Өзімен бір әке, бір шешеден туған екі кісінің біреуі соғыста оққа ұшты, екіншісі 25 жылға Сібірге кетті. Елдің басы айдауға, малы талауға түсті. Бұл жағдайлар ақынның ой–сезіміне әсер етпеуі мүмкін емес еді.

Көтерілістің алғашқы жылдарындағы ақынның ерлікке, өжеттікке үндейтін саясат–үгіт лирикасының орнын, енді элегия алады.

Ауыр хал, қиын жағдайлар ақынның жанына қатты батады. Қанды қанмен жуып, андысқан жауларымен кек алуға қорқып қалған көпшілік, іштей аяса да, тұжырымды түрде құралды көмек көрсете алмайды. Осылардың бәрін жақсы түсініп, терең сезінген ақын, қайғы мен мұң, қасіреті мен зарын–қысқасы ішкі жан күйінішін жыр етіп сыртна шығарады.

Махамбеттің 1838 жылдардан кейінгі өлеңдерін ошқып отырсақ, орындалмай қалған ұлы арманның опығы да, ел үшін еңбек етіп, дегеніне жете алмай кеткен халықтың адал ұлдарының аянышты өлімі де, аңырап қалған ана, жетім қалған баланың зары да, ер басына түскен жалғыздық та, жүрек тербеткендей жылы, ой қозғағандай терең дәрежеде жырланады.

Бірақ, сондай қиын хал, ауыр жағдайдың бәрінде өз басынан кешіріп, шындық өмірдің нақтылы кескінін өзгертпей оқушыларының ет–өзегін үзгендей етіп жазылған ақынның өткір жырлары, оқушыларды өмірге, келешекке сенуге, күреске үндейді. Махамбеттің өмірінің соңғы кезеңінде шығарған өлеңдерінде, ақынның мұңаюынан гөрі өз дұшпандарын анықтап, біліп, теке тіресуге және келешек күрестер жеңісіне деген үміті бар. Мысалы, “Жайықтың бойы көк шалғын” өлеңінде былайша тебіренеді.

Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзеріміз де жайларымыз.
Күлісті сынды күренді,
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қамалған көп дұшпан,
Әлі де болса,қойдай қылып айдармыз?

Қорыта айтқанда 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы туралы деректерімен бірге құжаттар жүйесін қазақ ақын–жырауларының шығармалары,шешендік сөздер,билер сөздері,ру шежірелері құрайды. Махамбет, Шернияз, Алмажан, Құрманғазы, Ығылмандар көтеріліс тарихын нақтылап,зерделей жырласа, ал Нұрым,Мұрат,Абыл,Қашаған т.б. үзікті материалдар ғана бере алады.Олардың шығармаларының тарихи құндылығы:біріншіден,сол кездегі елдегі жағдайды,халық нақтылы суреттей білуінде,екіншіден шыншылдығы нәтижесінде халық жадында өзгеріссіз сақталуында.

Сонымен бірге көтеріліс жөнінде,әсіресе,оның жетекшілерінің ұрпақтарына қатысты оқиғалар туралы шежірелер,шешендік сөздер мен билердің төкпе нақылдары да кейбір деректерді қамтиды.Бірақ олар жазба дерек көздерімен салыстыра қарастырылып,олардың тікелей танымдық ақпарат бола алмайтынын ескеру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Скифтымов А.П. Поэтика и генезис былин (Очерки).Саратов, 1924.. 127 с.;Марғұлан Ә. Эпостың жыр туырудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі. 1940. N4;Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А., 1958. 402 б.; Қазақ әдебиетінің тарихы.І том.А., 1960 440 б; Әуезов М. Уақыт және әдебиет. А., 1962. 428 б.; Жирмунский В.Я. Тюркский героический эпос.Ленинград. 1974. 386 с.;Қазақ тарихи жырларының мәселелері.А., 1979. 312 б.;Петросян А.А. История народа и его эпос. М., 1982. 216.;Бердибаев Р. К проблеме историзма эпоса // Советская тюркология. 1986. N2. с. 38-42.

2.Жұмалиев Қ. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінің зерттеу мәселелерінің // Әдеби мұра және оны зерттеу.Алматы. 1961.; Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы. 1983.; Соныкі,Қазақ эпосы. Алматы, 1982;Қирабаев С. Шындық және шығарма.А., 1987; Дүйсенбаев Ы.Эпос және ақындар мұрасы. А., 1969; Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы. 1989; Соныкі, Алтын сандық. Алматы, 1989; Сейдаханов К.Исатай - Махамбет Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979; Досмұхамедұлы. Аламан. Алматы, 1991; Соныкі, Исатай–Махамбет, Алматы, 1991; Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы, 1995.

3.Махамбет батырдың сөзі // Сәуле (қазақша әдебиет білім журналы).Ташкент, 1924. №3-4. Исатай–Махамбет. І-бөлім. Ташкент,

1924; Баймағамбет правительге беріш Махамбет батырдың айтқан сөзі // Жана мектеп. 1927. №8. Повстанческие песни казахов XIX века. Перевод с казахского А. Никольский. А.-А., 1936; Махамбет Өтемісов. Махамбет өлеңдері // Құрастырған Қажым Жұмалиев. А., 1939; Песни степей. Антология казахской литературы // Под редакцией Андрея Семенова. А.А., 1940 1948 1948 1951 // - 1957 // 1958 1958 1962 // 1978 1965 3 I- 1984 XIX 1985; Өтемісов Махамбет. Жыр семсер. А., 1979; Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. А., 1989; Махамбет, «Арыс» баспасы, А., 2001. 160 б.

4. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967. 179-бет.

5. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. 180-бет. Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991; Соныкі, Исатай-Махамбет. А., 1991; Дүйсебаев Ы. Эпос және ақындар. Алматы, 1987. 94-99-п; Х. Сүйіншіәлиев. Саңлақтар сарабы. А., X 1978. 25-42-п; соныкі. XIX ғ-дағы қазақ әдебиеті. А., 1986. 22-36-п; Тілепов Ж. Проблемы историзма в казахской поэзии XVIII-XIX веков. Автореферат ... канд. Физиологичес. наук. А., 1987.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНА

Серікбай П.Ж.,
магистрант 2 курса
Тургунбеков А.Ж.,
магистрант 2 курса
Атырауского университета им. Х. Досмұхамедова
город Атырау

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы истории народного образования Атырауской области в 1920-1930 годов. 1920 годы материальные условия большинства школ Прикаспия оставались тяжелыми. Многие дети не посещали школы. Главным препятствием на пути расширения школьного образования являлось отсутствие подготовленных учительских кадров: из 7 тыс. учителей, работавших в республике в 1926/27 учебном году, лишь 37 % имели среднее образование. В подготовке кадров особое место занимает Гурьевский рабочий факультет. На примере жизненных путей Имангали Адаева прослеживается история формирования технических кадров в Прикаспий.

Ключевые слова: Рабочий факультет, Имангали Адаев: Атырауская область, казахстан нефтекомбинат, репрессия.

В 1920-1930 годы в формировании инженерно-технических кадров важную роль сыграли рабочие факультеты, на базе которых сформировались представители интеллигенции из молодежи рабочих-крестьян, стремившихся поступить в высшие учебные заведения.

Изменения в общественной жизни тех лет охватили сферу образования,

особенно они коснулись сферу политехнического образования. Вопросы разведки и эксплуатации нефтепромыслов требовали глубокой технической грамотности. В начале освоение техники и ликвидация безграмотности шли параллельно. Согласно решению, VIII съезда РКП (б) 1919 года, была поставлена задача организации политехнического образования молодежи.

Первым шагом в этом направлении стало, принятое 11 сентября 1919 года постановление Народного Комиссариата просвещения РСФСР «О создании рабочих факультетов при университетах».

В целях реализации данного постановления 17 сентября 1920 года Совет Народных комиссаров РСФСР принял постановление «О рабочем факультете», и на совете, посвященном народному просвещению, организация рабфаков была поставлена как первоочередная задача.

Совет народных комиссаров КазАССР проводил подготовительные работы открытия в Оренбурге технических, сельскохозяйственных рабочих факультетов. Подготовленное советом главного управления профессионального образования «Положение приема на рабочий факультет» было составлено полностью по положению, действующему на территории РСФСР. Если в начале возраст учащихся был установлен между 18-30 лет и стаж в 1 год, спустя время срок стажа был продлен до 4-6 лет.

В трудовой стаж включали и время армейской службы. Желаящие принимались по направлениям партийных, комсомольских, советских органов и профсоюзов. Стажем членов партии считался 1-год, так как желающих поступить на рабфак было много. В РСФСР 75% место выделялось для профсоюзов, 25% - партийным, советским органам. В Казахстане из-за не сформированности рабочих профсоюзов, 50% места были даны профсоюзам, 20% советским органам, 30% партии и комсомольским органам.

Прошедший в октябре 1930 года пленум казахского областного комитета РКП(Б) решил, что 50% места нужно выделить для казахской молодежи.

Абитуриентам, поступающим на рабфак, выдвигались следующие требования: умение читать, писать, знание арифметики, осведомленность о политической и общественной жизни. В ноябре 1921 года в Семипалатинске был открыт второй рабочий факультет. В начале на него были приняты 353 молодых человека, 198 из которых были выходцами из рабочих, крестьянских семей.

1 января 1922 года на рабочих факультетах Оренбурга и Семипалатинска обучались 100 казахской молодежи, что составляло 17,4%. На рабочих факультетах в дневном отделении учились 3 года, в вечернем – 4 года.

В конце 1922 года из-за отсутствия специалистов закрылся Семипалатинский рабфак. Вместо него расширили Оренбургский. В 1924 году там обучались 452 человека. Многие годы Оренбургским рабочим факультетом руководил С.Г.Шейнессон.

Работу факультета контролировала комиссия, куда вошли заведующий, учителя, студенты. На Оренбургском рабочем факультете обучались представители 14 национальностей, работали 18 секций на 30 человек в

каждой. Десятки молодых людей нефтяного края учились на казахском отделении факультета. Это: Жумабаев Шагыр, Доскарин Токкожа, Утебаев Сафи, Басбаев Кузенбай, Исенов Муханбет, Карымсаков Сапар, Сагындыков Рахымжан.

В своих записях С.Утебаев дает много информации о рабфаке. В 1924 годы там учились Жумабаев Шагыр, Доскарин Токкожа. В 1928 году директор факультета Кислицин проводил прием в Доссоре, на учебу были приняты Исенов Махамбет, Исалиев Мухамбетжан, Черняев Давид, Буянов Владимир, Белякоев Николай, Сладков Григорий, Шведков Григорий.

Выпускников факультета по регионам распределяла Алма-Ата, откуда молодежь брала свои направления в крупные производства. В своих воспоминаниях К.Баспаев пишет: «Я был отправлен на факультет в 1928 году. Окончив подготовительный курс, в сентябре 1929 года был принят на 1 курс. В 1930 году хорошистов собрали в одну группу, куда вошли 7 украинцев, 2 казаха и несколько русских. Всего 15 человек, и 15 октября 1931 года закончили курс досрочно. Наши документы отправили в Алма-Ату. А там хотели нас направить в зооветеринарный институт. Я смог попасть в Доссор только благодаря помощи директора Оренбургского факультета Кислицина.»

В те годы каждый молодой специалист стремился поступить в вуз и, пользуясь такой возможностью, Сапар Карымсаков поступил в 1927 году в Московскую горно-инженерную академию, С.Утебаев – в 1930 году в горно- инженерную институт в Баку, Мухамбет Исенов в 1931 году поступает в институт нефти в Москве.

Прошедший в 1930 году бюро РКП (б) казахского края специально рассмотрел вопрос о развитии рабочего факультета в Казахстане. В принятом постановлении говорилось: «Срок обучения на дневном и вечернем факультетах установлен соответственно 4 и 3,5 года.

В том числе, учеба на вечернем отделении в первые годы проходит неразрывно с производством, а в старших курсах в разрыве от производства, и им будет оплачиваться хозяйственная стипендия». В крупных промышленных районах республики открылись новые рабочие факультеты. Планировалось открытие таких факультетов в Семипалатинске, Доссоре, Риддере.

15 декабря 1930 года в Казахстане были 5 рабочих факультетов: 2-сельскохозяйственных, 2-педагогических, 1-индустриальных; где в 1931 году обучались 1043 учащихся. В сентября 1934 года по приказу начальника управления высших учебных заведений народного комиссариата тяжелой промышленности СССР в Гурьеве был открыт нефтяной рабочий факультет. Нефтяной рабфак был расположен в доме №17 Бухарской стороне.

1934-35 учебном году в факультете работали 7- адмработников, 11- педработников, 7- вспомогательный персонал и первый курс был принят 128 студента.

В рабфаке преподавали такие специалисты. как: Андреева, Богомоллов, Бугаев, У.Исмурзин, Конин, С.Магдиев, Максимкина, Разумовская, Сухарев, Шевяков, Черников, Чудин, Гаршилов.

Педкадры по совместительству работали в нефтяном техникуме. 1935-36

учебном году обучались 164 студента, из них 133 –дневном, 31-заочном отделении. 1936-37 учебном году обучались 162 студента, за неуспеваемости были отчислены 44 студента из дневного отделения, 4 студента заочного отделения. Директорами рабфака были 1934 году Байсеуов, Гатауов, 1935 году Магдиев, 1936-37 годах Иманғали Адаев. По архивным и газетным материалам тех лет во время руководства И.Адаева ,материально-техническая база нефтяного рабфака приравнивалась с нефтяным техникумом, улудчилось учебно-воспитательная работа. По архивным данным ДКНБ Атырауской и Кызылординской областей Адаев Иманғали Адаевич родился в 1901 году в волости Карабау Гурьевского уезда.

В 1920 году, окончив начальную школу в Карабау, приступил к руководительным работам в краю. Участвовал на собрании представителей казахских волостей, прошедшем в 1923 году в Копа (Актюбинская область Байганинский район) под руководством Алиби Жангельдина, где встречался с Дарибаем Хангереевым. В 1924 году по совету Д.Хангереева поступил в казахский институт народного просвещения в Оренбурге. При поступлении ему много помогал известный общественный деятель Сеиткали Мендешов. По причине перевода института в Кызылорду окончил его в 1928 году в Кызылорде.

В 1928-1933 годы был директором средних школ в Доссоре, Гурьеве; директором кооперативной школы; начальником советской партийной школы; в 1933-1936 годы заведующим Мангистауского района; в 1936-1937 годы директором Гурьевского рабочего нефтяного факультета. Работа И.Адаева в должности директора рабфака совпала «сталинским красным террором» и первым жертвом «красного террора» в нефтяном регионе были представители просветительской интеллигенции. Перелистывая архивных материалов, можно увидеть напряженную работу преподавательского состава, и несломленную стойкость директора Иманғали Адаева.

Иманғали Адаев за выступление в защиту Д.Хангереева и С. Мендешова перед студентами 17 ноября 1937 года был арестован, 14 февраля 1938 года был расстрелян в Гурьеве .

1937 году материально-техническая база рабфака составляли учебный корпус и общежитие для студентов, учебные спецкабинеты физики, химии, биологии, начальной военной подготовки. 1936 году по указанию начальника треста Эмбанефть Березина проводилось работа по дислокации рабфака в Доссор. После вмешательства наркомтяжпрома рабфак оставлен в Гурьеве. Гурьевский нефтяной рабочий факультет готовил не только нефтяников, много выпускников рабфака работали в разных сферах народного хозяйства.

По приказу №172 начальника Казахстан нефтекомбината от 02 сентября 1941 года Гурьевский нефтяной рабфак был закрыт и учебный корпус, общежития были переданы ремесленому училище №9. Педработники рабфака распределены: Максимкина-областной управление народного образования, Сухарева, Стукалов, Витлиф-городского управление народного образования, Артемьева - Казахстаннефтекомбинат.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Адаев И. Внимание нефтяному рабфаку // Прикаспийская Правда. – 1937. – 21 март.
2. Республика Казахстан Атырауский областной государственный архив. фонд-402, дело-4045.
3. Республика Казахстан Атырауский областной государственный архив. фонд- 843, дело-7.
4. Республика Казахстан Атырауский областной департамент КНБ, архив: дело - 0668.
5. Бердыгужин Л.Б. Роль рабочих факультетов в формировании технических кадров. \\ «Развитие человеческого потенциала как приоритет государственной политики» международ. конференц. Элиста, 2013 (Калмыкия).
6. До конца разоблачить двурушников. \\ Прикаспийская Коммуна. 1937. 10 октябрь.
7. Зайцева И.А. Деятельность партийных организации Казахстана по подготовке партийных и советских кадров Республики (1925-1936 гг.): дисс. канд. ист. наук. – Москва, 198 Кенжин. Состав рабфака // Советская степь. – 1923. – 20 декабрь.
8. Кенжебаев Н.Т. Роль рабочих факультетов в подготовке кадров Советской интеллигенции в Казахстане (1921-1940 гг.): дисс. канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1984. – с.39.
9. Кенжин. Состав рабфака // Советская степь. – 1923. – 20 декабрь.
10. Нагимов Ш. Белая книга скорби. Астана, 2017.
11. Честно и открыто исправлять ошибки. \\ Прикаспийская Коммуна. 1937. 18 май.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТАРИХЫНАН

Серікбай П.Ж.,
магистрант,
Тургунбеков А.Ж.,
магистрант,
Х.Досмумамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қаласы

Отан тарихында білім беру ісі мен халық ағарту мекемелерінің қалыптасу, даму тарихы әр кез ерекше мәнге ие. Осы бағытта тарихты зерделеген Қ.Сейталиев (1937-2009), Х.Табылдиев, Ш.Нағымов, А.Ахмет сияқты Атыраулық ғалымдар еңбектерін айту парыз.

XX ғасырдың басында Қазақстан сауаттылық деңгейі жағынан патшалық Ресейдің артта қалған бөлігі болды. Ел тұрғындарының көпшілігі оқи да, жаза да білмеді. Нақты деректер 1917 жылға қарай халықтың 97 пайызының сауаты болмағанын көрсетеді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы онжылдықтағы Қазақстандағы қоғамды қайта құрулар халық шаруашылығына

қажетті мамандарды қажет етті. Алайда елдегі мектеп құрылысының нашар дамуы, педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі, шаруашылық, экономикалық қиыншылықтар Қазақстанда жоғары оқу орындарын ашуға мүмкіндік бермеді. Республикадағы алғашқы мамандардың көпшілігі жұмысшы факультеті, училище, техникумдар жүйесі арқылы даярланды, бірақ бұл оқу орындары сол жылдардағы мамандарға деген қажетті сұранысты өтей алмады. Міне, сол кезеңде Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетіне қажетті мамандарды Ресей, Украина, Белоруссия және Өзбекстан республикаларының жоғары оқу орындары даярлады.

1920 жылдан 1934 жылға дейін Кеңестік Ресей Федерациясының оқу орындарында ұлттық аймақтардың өкілдері үшін оқуға келгендерге орындар алдын ала бөлініп, бірінші кезекте жатақхана беріліп, жеңілдіктер жасалды. Алайда бұл мүмкіндік барлық әлеуметтік топтарға тән болмады. Партия оқуға тілек білдірушілердің таптық жағдайын анықтап, қатаң тексеруден өткізіп отырды. Оқуға жолдамамен көбіне жұмысшы және шаруа отбасынан шыққан, қоғамдық жұмыспен белсене айналысқандар жіберіліп отырды.

1920 жылы алғаш Орынбор-Торғай губерниясының халық ағарту бөлімі 213 адамды Ресей оқу орындарына оқуға жіберді. Бірақ қазақ жастарының орыс тілін нашар білуі олардың оқуына көп кедергі келтірді. Сонымен бірге өзге климат жағдайы, өмір сүру деңгейінің төмендегі, ауырып қалу сияқты себептермен қазақ жастарының көпшілігі жыл өтпей-ақ оқуларын тастап кетті. Сондықтан, жоғары оқу орындары жанынан ұлттық республика өкілдері үшін рабфак, дайындық бөлімдері мен орыс тілін оқытатын арнайы қысқа мерзімде курстар ашылды. 1922 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті (САГУ) жанындағы жұмысшы факультетінде 20, 1923 жылы Ленинградта – 19, Қазанда – 10, Ташкентте – 30 қазақ жастары оқыды.

Алдын ала бөлінген орындардан айырылып қалу, өлкеге қажетті кадр сұранысының қанағаттандырылмауы республика басшылығын да алаңдатты. 1925 жылы 12 қазанда Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстан студенттері үшін арнайы стипендия қорын құру туралы қаулы қабылдады. Қаулы бойынша ай сайынғы стипендия мөлшері 30 рубльді құрады.

Стипендиялық қор республикалық бюджеттен құралып, оны бөлу халық ағарту комиссариатының құзырына берілді.

Стипендия бөлуде тағы да әлеуметтік тегі мен таптық жағдайы, партиялығы мен оқу үлгерімі қатаң есепке алынды. Сондай-ақ, стипендия бөлу кезінде республикадан тыс оқу орындарында құрылған “студенттік жерлестер” ұйымдарының ұсыныстары ескеріліп отырылды.

Қазақстаннан тыс жерде оқитын студенттердің жағдайы, олардың оқу үлгерімі республика басшылығының назарынан тыс қалмады. 1927 жылы мамыр айында қазақ өлкелік партия комитетінің мәжілісінде «республикадан тыс жоғары оқу орындарына қабылдау жайы туралы» мәселе қаралып, онда оқуға жіберілетін оқушылар саны аздығы айтылып, өнеркәсіпті аудандар кешкі жұмысшы факультеттерін, оқуға дайындайтын дайындық бөлімдерін ашу туралы халық ағарту комиссариатына нақты тапсырмалар берілді. Сонымен бірге, республика басшылығы жұмысшы факультетін бітіруші студенттердің

материалдық жағдайына да басты назар аударып отырды. Жоғары оқу орнына түсу алдында оларға ақшалай көмек және демалыс үйлеріне кезектен тыс жолдама берілді. 1923-1929 оқу жылдарында Орта Азия университетінің жұмысшы факультетін бітірушілерге 3 мың, 1930 жылы Москва, Ленинград қалаларында жұмысшы факультетін бітірушілерге 10 мың рубль ақша бөлінген.

Осы жылдары әр мекеме, өндіріс орындары қажеттілікке байланысты өзіне керек мамандыққа сәйкес жоғары оқу орындарында студенттерді келісім шарт жасау арқылы оқыту тәжірибесін енгізді. Келісім шарт арқылы оқитын студенттер үшін Ресей Халық шаруашылығы Жоғары Кеңесі төрағасының 1930 жылдың 15 желтоқсандағы №330 арнайы бұйрығымен стипендия мөлшері қайта белгіленді.

Республика басшылығы бюджеттен 1933 жылы Москвадағы оқу орындарында оқитын 1526 қазақстандық студенттер үшін қосымша 53 мың, Ленинградтағы 325 адамға – 20 мың, Қазандағы 800 адамға – 12 мың, Саратовтағы 176 адамға – 5800, Свердловскідегі 62 адамға – 5000, Омбыдағы 259 адамға – 11 мың, Самарада 16 адамға – 1400 рубль ақша бөлді. Сонымен қатар, республика басшылығы арнайы стипендиялық қордан қаражатқа мұқтаж кейбір отбасылы студенттерге де қосымша ақшалай көмек көрсетіп отырған. 1936 жылы 4 қаңтарда Қазақ Өлкелік партия комитеті Москвадағы қазақ студенттері жерлестер ұйымының ұсынысымен отбасылы 17 студентке стипендиясына қоса ай сайын 150-200 рубль көлемде көмек көрсету туралы шешімін қабылдаған.

Сонымен, 1930-жылдары Ресей және басқа республикаларда оқитын қазақстандық студенттердің саны жылдан жылға молайып отырды. Тарихымыздың кеңестік дәуірінде сыртта оқыған Қазақстан студенттерінің оқуға деген ынтасы жоғары болғанын, сапалы білім алғандары туралы сол кезеңнің куәгерлері айтып та, жазып та жүр. Көп уақытқа дейін өндіріс, мекеме басшылары арасында жұмысқа маман таңдауда Ресей оқу орындарын бітірушілерді жоғары бағалаушылық басым болды. 1920-30 жылдары негізі қаланған, кейін дәстүрге айналған «студенттік жерлестер» ұйымы да – сол кезеңдегі студенттер арасындағы ең беделді, ықпалды ұйым болды. Әрбір қалада ұйымдастырылған жерлестер ұйымы сол кезеңдегі қоғамдық өмірге белсене араласты, қаражатқа мұқтаж өз жерлестеріне көмек көрсетті, оқу орындарында түрлі үйірмелер құрды. Қазақ халқының тарихы, этнографиясы, экономикасы туралы басқа ұлт өкілдеріне мағлұматтар беріп отырды. Олар 1926 жылы Омбы өлкелік мұражайында «Қазақ халқының өмірі мен тұрмысы» атты көрме ұйымдастырса, Москва, Ташкент қалаларында тілшілер, Ленинград пен Омбыдағы орыс, украин студенттеріне қазақ тілін үйрететін үйірмелер жұмыс істеді.

1930-жылдары Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің жедел дамуы құрылыс пен қызмет көрсету саласында бірінші кезекте тау-кен комплексі кәсіпорындарын мамандармен қамсыздандыруды қажет етті. Сондықтан орталық қалалардағы жоғары техникалық оқу орындары Қазақстан үшін тау инженері, инженер-металлург, инженер-геолог сияқты техникалық мамандықтар бойынша қазақ студенттерін көптеп шығара бастады. Қазақстан

үшін инженер-техник мамандарын даярлауда әсіресе Москва алтын және түсті металдар институты, Москва геологиялық барлау институты, Донецк индустрия институтының көмегі зор болды .

1930 - жылдардың бас кезінде Қазақстаннан тыс білім алып жатқан студенттердің саны жан-жақты өсті. 1932 ж 27 желтоқсанда Қазақ КСР Халық Камиссарлар Кеңесі Қазақстаннан тыс оқу орындарында оқып жатқан қазақстандық-студенттерге үкімет тарапынан көмек беру туралы қаулы қабылдады.

1935 жылы Қазақстаннан тыс жерлерде оқығандардың саны 1,5 мың адамға жетсе, ал 1936 жылы 5,7 мың адамға өсті. Ең ірі студенттік бірлестіктердің болған жерлері Москвада - 1926 адам, Ленинградта - 325 адам, Қазанда - 800 адам, Саратовта 176 адам, Ташкентте – 1105 адам, Астраханда - 239 адам. РСФСР жоғары оқу орындарының ішінде, Қазақстанға бекітіліп берілгендер Астрахань, Саратов, Куибышев, Свердловск, Омбы, Томск педагогикалық институттары болды.

Қазақстанға жіберілген мұғалімдердің ішінде Ленинградтықтар көп болды. Оның себебі Ленинград Қазақстанды қамқорлыққа алғандықтан көп көмек көрсетті. Ленинградтықтардың Қазақстандықтарды қамқорлыққа алуы республиканың экономикасын, ғылымын және мәдениеттік дамытуда үлкен роль атқарды. Қазақ өлкелік Комитеті 1934 жылы 23 маусымда Семей қаласында республика бойынша үшінші Семей педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. 1934 жылдың 1 - қыркүйегінен бастап институттың құрамында физика, қазақ-тілі мен әдебиеті, тарих бөлімдерін ашу және барлығы - 153 адам қабылдау белгіленді. Сонымен қатар қосымша математика, химия, география бөлімдерін ашу көзделді.

Орталау және орта мектептердің жүйесі мен оқушылардың санының тез қарқынмен артуы педагогикалық кадрларды даярлау проблемасы, әсіресе ауылдық мектептердің 7 жылдыққа өтуі өте шиеленіскен жағдайда болды. Бұл қиыншылықтар 1934 жылы екі жылдық мұғалімдер институтын ұйымдастыруға негіз болды. Өмірге келген екі жылдық мұғалімдер институты мұғалім кадрларын негізінен 5-7 сыныптар үшін даярлауға тиісті болды. Олар негізінен педагогикалық институттардың жанынан, не болмаса өз алдына дербес оқу орны ретінде жақсы жабдықталған және кадрлары жеткілікті педагогикалық техникумдардың базасында болды.

1932 жылдың күзінде Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтына кейінгі Қазақстандағы екінші жоғары педагогикалық институты қалыптасты. 1932 жылы 1-қазаннан бастап Орал қаласында халық ағарту институтының базасында педагогикалық институт ашылды. Алғашында оның құрамында: физика-математика, химия-биология, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих бөлімдері жұмыс істеді. Бірінші оқу жылы 180 студент қабылданды, оның 120-ы мемлекеттік бюджеттің есебінен, 60-ы халық ағарту институтының бюджетінің есебінен қабылданды. Қазақстанның батысында жоғары педагогикалық оқу орының ашылуы республика өмірінде ерекше оқиға болып табылды. Республиканың батыс облыстары үшін жоғарғы білімді мұғалім кадрларын даярлауда ерекше роль атқарды.

Тарих парақтарын ақтарсақ бұған дейін мұнайлы өлкеге жоғары білікті маман педагогтарды Қазақ Халық Ағарту институттары даярлады. 1920 жылдары республикада кәсіптік білімді дамытуда, ұлттық мұғалім кадрларын даярлауда Қазақ Халық Ағарту Институттары көп жұмыс атқарды.

1919 жылы тамыз айында педагогикалық білім беру туралы ІІ Бүкілресейлік кеңесте жаңа бірыңғай түрдегі педагогикалық оқу орнын – халық ағарту институттарын (ИНО) ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Халық ағарту институттары мектептер мен мектептен тыс мекемелер мен халық ағарту орындары үшін орталықтандырылған мамандарды даярлауды іске асыратын 3-4 жылдық оқу мерзімді, жан-жақты мамандық беретін оқу орындары болды. Халық ағарту институты 5 бөлімнен тұрды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие қызметкерлерін даярлау;
2. І сатылы бірыңғай еңбек мектебі үшін мектеп қызметкерлерін даярлау;
3. ІІ сатылы бірыңғай еңбек мектебі үшін мектеп қызметкерлерін даярлау;
4. Мектеп өміріне еңбек процесін енгізуші нұсқаушылар даярлау;
5. Мектептен тыс тәрбие қызметкерлерін даярлау.

Халық ағарту институттарында теориялық және практикалық сабақтың оқу мерзімі 4 жылға арналды. Институтта оқу жылының жалпы ұзақтығы 250 күнге созылады да, триместрге бөлінді. Жергілікті жағдайға байланысты триместрдің ұзақтығы мен сабақтардағы үзілістерді институттың кеңесі айқындады.

Институтта сабақ жалпы білім беретін пәндер мен курстар және бөлімдер мен циккларға сәйкес арнаулы пәндер жүргізілді. Халық ағарту институттары үшін негізгі база болып бұрынғы мұғалімдер институттары мен семинариялары алынды. Республикада мұғалім кадрларын даярлауға және қайта даярлауға ерекше мән берілді. Осы мақсатта республикада бірнеше халық ағарту институттары ашылды.

Қазақстанда 1921 жылы 4 халық ағарту институты жұмыс істеді, оның ішінде 3-і бұрынғы Қазақ республикасының астанасы болған Орынбор қаласында орналасты, біреуі – Семейде.

Алғашқы халық ағарту институты 1919 жылы Орынбор қаласында жабылып қалған Орынбор мұғалімдер институты базасында ұйымдасты. Қазақ республикасының құрылуына байланысты 1920 жылы Қазақ АКСР халыққа білім беру Комиссариатының қарамағына көшті. Халық ағарту институты жоғары оқу орны ретінде ұйымдасып, өз жұмысын РСФСР халық ағарту Комиссариатының 1920 жылы 9 шілдеде бекіткен ережесінің негізінде жүргізген болатын.

Шынында да Орынбор халық ағарту институты жоғары оқу орны деп құрылғанымен, жоғары оқу орны бола алмады. Жеткілікті даярлығы бар оқушылар құрамының болмауы, институтты тыңдаушылардың санының аз болуы, қажетті оқу-материалдық базасының жеткіліксіз болуы, осы қиыншылықтар институттың алғашқы жылдары жұмыс істеуіне өте қиын жағдай тудырды, соған байланысты оны қайта құруға тура келді.

1920 жылы Орынбор қаласында Қазақтың халық ағарту институтын ұйымдастыру жөнінде даярлық жұмыстары қолға алынды. Ол жергілікті ұлт

өкілдерінен мұғалім кадрларын даярлау мақсатын қойды. Осы мақсатта Орынборда 1920 жылы Қазақтың халық ағарту институты ұйымдастырылды, ал 1925 жылы сол кездегі қазақ республикасының астанасы – Қызылорда қаласына көшірілді.

Қазақ АКСР-і құрылып, Орынбор 1920-1924 жылдары оның астанасы болғаны, қазақ интеллигенциясының едәуір бөлігі сонда шоғырланғаны белгілі. Олар Орынборда сол кезде ұйымдастырылған «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» жұмысына да белсене араласты. Ахмет Байтұрсынов осы қоғамның құрметті мүшесі, әрі басқарушысы болған. Осы қоғамның мүшелері қатарында одан басқа Жолдыбаев Молдағали, Дулатов Міржақып, А.В.Затаевич, Баталов Михаил Павлович, Қаратаев Қайролла, Құлжанова Назипа, Сейфуллин Сәкен, Омаров Елдес т.б. жұмыс істеген. Осы аталған қоғам мүшелері Орынборда ашылған Қазақтың халық ағарту институтының жұмысына белсене араласып, сабақ берді. Қазақтың халық ағарту институтында қазақ зиялыларының ішінде қазақтың көрнекті ақындары Тайыр Жароков, Иса Байзақов, Қазақстанның Халық артистері Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыровтар оқып, білім алғандығын айтуға болады. Ұлттық театрымызды шырқау биікке көтерген, өмір мен өнерді қалдырған ізі өз алдына бір төбе театр майталмандарының бірі Қапан Бадыров Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтында оқыған сәттері туралы былай деп еске алады:

«1920 жылы Қазақстан автономия болып құрылғаннан кейін, оның астанасы Орынбор болды. Осында тұңғыш рет Қазақтың халық ағарту институты ашылды. 1922 жылы сонда оқуға бардым. Сол институтта Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков, Молдағали Қалдыбаев, Сейдәзім Қадырбаев, М.Мурзин, Елдес Омаров секілді қазақтың кіл ығайлары мен сығайлары сабақ берді. Драма үйірмесі ұйымдастырылды. Сол үйірмеге Сәкен келіп, лекция оқып, студенттермен әңгімелесіп жүрді. Міржақып Дулатов қазақ халқының тарихынан дәріс беретін». Институттың оқу жоспары жергілікті жердің ерекшелігін ескере отырып, жасалынған болатынды. Сабақ қазақ тілінде жүрді, институт І-ші сатыдағы мектептерге мұғалім кадрларын даярлау мақсатын қойды.

Оқу жоспарын орындауда белгілі дәрежеде қиындық туғызған қазақ тілінде оқулықтардың жетіспеуі болып табылады. Шындығында, бұрынғы мұғалімдер мектебінен Қазақтың халық ағарту институтына мұра ретінде бай кітапханасы қалған, бірақ барлық әдебиеттер орыс тілінде өте қолайсыз жағдайда қабылданды.

1923 жылы 15 наурызда Орынбор қаласында Сейітқали Мендешевтің төрағалық етуімен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 2-ші сессиясы өз жұмысын бастады. Сессияда Қазақ Республикасы халық ағарту комиссарының орынбасары Иса Тоқтыбаев баяндама жасады. Ол жаңа мұғалімдер армиясын даярлау туралы жан-жақты тоқталды. Мұғалімдердің арнаулы педагогикалық мамандығы барлығы 10 проценттен аспады, қалғандары мамандығы жоқтар, болса да жаппай төменгі білімді, олар І сатыдағы мектептерде халық ағарту ісін дұрыс жолға қою қолынан келмейтіндер болып табылады. 1925 жылы Орынбор халық ағарту институты өз оқытушы-студенттер құрамымен, Қазақстанның

жаңа астанасы Қызылорда қаласына қоныс аударды. Институт төмендегі бағыт бойынша мамандар дайындады:

1. Физика-техника
2. Химия-биология
3. Қоғамдық ғылымдар

4. Тіл мен әдебиет бағытында жеті жылдық мектептің мұғалімдерін даярлады. Институт жанында дайындық курсы, жұмысшылар факультеті, мұғалімдер білімін жетілдіру секторы болды. 1928 жылы институт жанынан екі жылдық мұғалім қыздарды даярлау курсы ашылды. Курста бірінші басқыш ауыл мектебі үшін мұғалім кадрлары даярланды.

Институттағы кадр құрамы біліктілігі жағынан өте жоғары болды. Мұрағат қорларында институт қызметкерлері дайындаған оқу-жұмыс бағдарламалары сақталған. Ахмет Байтұрсынов тіл және сызу пәнінен, Телжан Шонанов жағрапиядан, Бурабаев қоғамдық ғылымдардан, В.Н. Бернштейн физика-химия білімдерінен дәріс оқыған.

1928 оқу жылында институт кеңесі құрамы төмендегідей болды. Сейфуллин, Нұрмұхамедов, Қаржаубаев, Бурабаев, Қасымов, Байтұрсынов, Бернштейн, Мурзин, Петропавловский, Зайцев.

Институтта қоғамдық пәндерден дәріс берген Бурабаев Дүйсенғали Бурабайұлының іс қағаздарында, оның Орал облысы Қарабау жерінде №8 ауылда 1885 жылы туылғаны, Гурьевте орыс-қазақ училищесін, Орынбор мұғалімдер мектебін бітіргені және Қызылқоға жерінде кеңес үкіметінің орнауына қатысып ОГПУ (біріккен саяси басқарма) қызмет атқарғаны көрсетілген. Осы жылы Қызылорда халық ағарту институтын Орынборда қабылданған төмендегі студенттер бітірді.

1. Ақбанбетов Ж. 1900ж. туған, Ақмоладан, тегі қызметші, ВКП-ға кандидат

2. Адаев Иманғали. 1901ж. туған, Орал облысы, тегі жұмысшы

3. Бегімбетов Мырза. 1901ж. туған, Орынбордан, тегі шаруа

4. Қазмұхамедов Ш. 1901ж. туған Орал облысы, тегі шаруа

5. Күзенев Абуғали. 1896ж. туған, Орал облысы, тегі жұмысшы

6. Тарақов Қоянбай. 1904ж. туған, Орынбордан, тегі қызметші

7. Оразалин Бақыт. 1900ж. туған, Орынбордан, тегі шаруа.

8. Оспанов Оқас. 1893ж. туған, Қостанайдан, тегі шаруа

9. Уйлкова Чамша. 1903ж. туылған, Орал облысынан, тегі қызметші татар

ҚЫЗЫ

10. Есбосынов Убнияз. 1901ж. туған, Ақтөбе облысынан, тегі шаруа

11. Қожамұратов К. 1898ж. туған, Орал облысынан, тегі шаруа

12. Ақботин 1899ж. туған, Орал облысынан, тегі шаруа

13. Бошетов 1905ж. туған, Адай уезінен, тегі шаруа

Институтта оқу ісінде қатаң тәртіп болған. Ол туралы студенттер активі жиналысы мәжілістерінде сабаққа қатыс, оқу үлгерімі мәселелері талқыланып отырған.

1929 жылы Ташкенттегі халық ағарту институты толық құрамымен: екі курс (бір дайындық, бір негізгі) алпыс үш студент Қызылорда халық ағарту

институтына қосылды. 1929-1930 оқу жылында институт құрамында бес оқу тобы: 2 дайындық, 3 негізгі топта 326 студент білім алды. 1933 жылы Қазақ АКССР халық ағарту комиссариатының кеңейтілген алқа мәжілісінің шешімімен Қызылорда халық ағарту институты Қазақстандағы алғашқы үлгілі педагогикалық техникумға ауыстырылды. Қызылорда халық ағарту институтында әр жылдары Арынғазиев, С.Сейфуллин, Сүлеев ректор болып қызмет атқарды. Институттың аяғынан тұрып іргелі оқу ордасы болуына Сәкен Сейфуллин ерекше үлес қосты. Дегенмен оның жұмысына, сол кездегі өлкелік партия ұйымын басқарған Ф.И.Голошекин көп кедергі келтіріп, ақыры 1929 жылы 26 тамызда жұмыстан кетірді. Қазақстанда осы кезде Сәкенге қарсы науқан жүрді. Оның көркем шығармаларын сынау Мәскеу қаласына дейін жетті. Міне, осы кезде орталықтың «Известия» журналында Сәкеннің «Асау Тұлпар» кітабына оң рецензия жазылды. Оның авторы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің көрнекті ұйымдастырушысы Иса Тоқтыбаев болатын. Кейін И.Тоқтыбаев өлке коммунистері алдында Голошекиннен тайсалмай Сәкенді ашық қорғап сөз сөйлеген. Көп жыл халық ағарту комиссары орынбасары болған Иса Тоқтыбаев Қызылорда Халық ағарту институтының өсуіне көп көмек көрсетті. Кейін, Голошекин қудалауымен, Ақтөбе губерниясы жер қатынасы бөліміне басшы, Семейге «қазақ тілі» газетіне редактор, Орынбор ағарту институты директоры, Орынбор жұмысшы факультеті басшысы болды. Иса Тоқтыбаевты да қазақ зиялылары сияқты сталиндік нәубет айналып өтпеді, екі рет сталиндік тар қапасқа қамалып, өмірін өксімен өткізді.

Ал, Қазақстанның алғашқы астанасына сән берген, тұңғыш ұлттық мұғалім кадрларын дайындаған Қызылорда Халық ағарту институтының алғашқы түлектері тағдыры да, ректор Сәкен, нарком Иса тағдырларымен сабақтас еді.

1934 жылы Қазақстанда 6 педагогикалық жұмысшы факультеттері жұмыс істеді. оның 3-і күндізгі Алматы, Орал және Арал қалаларында болса және 3-і кешкі жұмысшы факультеті Алматы, Орал, Семей қалаларында жұмыс істеді. Педагогикалық жұмысшы факультеттерінің жалпы оқушыларының санының 1933-34 оқу жылында 1024 адам болса, оның 639 қазақтар, ал 1934-35 оқу жылында 1512 адамға жетті, оның ішінде қазақтардың саны 1205.

1935 жылы Ақтөбе мұғалімдер институты ұйымдастырылды. 1940 жылдың қыркүйек айынан бастап Гурьев мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Гурьев мұғалімдер институтының бірінші ректоры болып, сол кездегі Москваның жоспарлау-экономикалық институтының түлегі, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б.Тұрсынбаев жұмыс істеді. Біржылдан кейін соғыстың басталуына байланысты институт жабылып қалды. Содан кейін 1950 жылы Гурьев мұғалімдер институты қайтадан ашылды. Кеңестік кезеңнің ауыртпалықты алғашқы жылдарында республика халық ағарту комиссариатына басшылық жасап өлкеге жоғары білікті маман даярлауға үлес қосқан Сейітқали Меңдешев, Сәкен Сейфуллин, Иса Тоқтыбаев, Смағұл Садуақасов, Нұғыман Манаев, Темірбек Жүргенов «сталиндік нәубет» құрбандары болса да, олар қалыптастырған білім жүйесі өз өміршеңдігін көрсеткеніне тарих парақтары куә.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Адаев И. Внимание нефтяному рабфаку // Прикаспийская Правда. – 1937. – 21 март.
2. Республика Казахстан Атырауский областной государственный архив. фонд-402, дело-4045.
3. Республика Казахстан Атырауский областной государственный архив. фонд- 843, дело-7.
4. Республика Казахстан Атырауский областной департамент КНБ, архив: дело - 0668.
5. Бердыгужин Л.Б. Роль рабочих факультетов в формировании технических кадров. \ «Развитие человеческого потенциала как приоритет государственной политики» международ. конференц. Элиста, 2013 (Калмыкия).
6. До конца разоблачить двурушников. \ Прикаспийская Коммуна. 1937. 10 октябрь.
7. Зайцева И.А. Деятельность партийных организации Казахстана по подготовке партийных и советских кадров Республики (1925-1936 гг.): дисс. канд. ист. наук. – Москва, 198 Кенжин. Состав рабфака // Советская степь. – 1923. – 20 декабрь.
8. Кенжебаев Н.Т. Роль рабочих факультетов в подготовке кадров Советской интеллигенции в Казахстане (1921-1940 гг.): дисс. канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1984. – с.39.
9. Кенжин. Состав рабфака // Советская степь. – 1923. – 20 декабрь.
10. Нагимов Ш. Белая книга скорби. Астана, 2017.
11. Честно и открыто исправлять ошибки. \ Прикаспийская Коммуна. 1937. 18 май.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ

Урумбасаров Б.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

1 курс магистранты,

Атырау қаласы

1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жетіп Ресей империясын 300 жыл билеген Романовтар әулеті биліктен шеттетіліп, бұл тарихи оқиға ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ сиездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді.

1917 жылы Қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) т.б. қалаларында болды. Қазақ сиездерін өткізуге ұлт зиялылары белсене кірісті.

1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ сиезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл сиезде 14 мәселе қаралды.

Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

1. Мемлекет билеу түрі;
2. Қазақ облыстарында автономия;
3. Жер мәселесі;
4. Оқу мәселесі және т.б.

1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және сиез материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі т.б. Бұл сиезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу тартыстар бірнеше күнге созылды. Ақыры осы 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен екінші сиезде Алаш автономиясы жарияланды. Кейін, елде басталған азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясына байланысты Қазақстан жері бірнеше майданға бөлініп тұтас басқару мүмкіндігі болмағандықтан Алашорда екіге бөлінді. Бірақ, үкіметтің негізгі мақсаты ол ұлт тәуелсіздігі болып сақталды.

1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Жарлығы бойынша құрылған қазақ революциялық комитеті өлкедегі ең жоғары әскери-азаматтық басқару органы болып табылды. Оның басты міндеті: революцияға қарсы күштерге тойтарыс беру, өлкеде мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс үшін жағдай жасау, Қазақстанда Кеңестердің Құрылтай сиезін әзірлеу, армияны азық-түлікпен және басқа да қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету және сот ісін жүргізу болды.

Қазақ революциялық комитетінің алғашқы құрамына оның төрағасы ұлты поляк, 1902 жылдан болыпевиктер партиясының мүшесі С.Пестковский және Ә.Жангелдин, Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, С.Мендешев, Алаш Орда жетекшілерінің бірі А.Байтұрсынов енді. Қазақ революциялық комитетінің шешімі бойынша 1920 жылы 9 наурызда Алаш Орда үкіметі таратылды. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі және жетекші тұлғалары туралы зерттеулер кеңестік кезеңде басталып, жарияланды.

Алашорда қозғалысы, алаш қайраткерлері туралы әр түрлі пікірлер айтылды. Түрлі себептерге, сол кездегі жағдайларға байланысты тым әрқилы, кейде тіпті бір-біріне кереғар пікірлер айтылғаны құпия емес. Мәселен, 1927 жылы А.Бочаговтың «Алашорда тарихына арналған очерктер» жинағы жарық көрді. Бұл шағын еңбекте дәлелсіз тұжырымдар, саналы түрде бұрмаланған фактілер көптеп кездеседі. Бұл еңбектің асығыс жазылғандығы жөнінде автор былай дейді: «Жалпы партиялық нұсқау бойынша асығыс жазылған бұл жұмыс ғылыми зерттеуден гөрі, төменгі партия ұйымдары үшін арнайы жазылған үгіт-насихатқа көбірек ұқсайтын еді» [1, С.102-103]. Өткен ғасырдың кеңестік тарихнамасында ғылыми, саяси әдебиеттерде Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын «ұлтшылдар», «халық жаулары» деп ұлттық тұлғаларды қаралаған жекелеген адамдардың еңбектері жарық көрді. 1933 жылғы желтоқсанда ВКП

(б) Қазақ Өлкелік Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында Алашорда және Алаш партиясы тарихына арналған пікір-сайыс ұйымдастырылды. Онда «Алашорданың тарихи рөлі» деген тақырып бойынша институт қызметкерлері С.Брайнин мен Ш. Шафиро баяндама жасады. Кейін, осы баяндамалар 1935 жылы «Алашорда тарихы бойынша очерктер» деген атпен кітап болып жариялады [2]. Кітап «Алаш» қозғалысының бастау көздері, 1916 жылғы көтерілістегі алаш интеллигенциясының рөлі, Алаш қозғалысы ақпан мен қазан айларында, алашорда - ұлтшыл контрреволюциялық үкіметі, Алаш қозғалысының тарихын дәріптеушілікке қарсы деген бөлімдерден тұрды. Авторлар Алашорданы ұлтшыл контрреволюциялық үкімет деп баға берді.

1930-жылдардың ортасынан 1980-жылдардың соңына дейінгі отандық тарихнамада 1937-1938 жылдардағы ұлттық интеллигенцияға қарсы жүргізілген «сталиндік террордан» кейін алаш қозғалысына байланысты зерттеулер жүргізілген жоқ. 1980-жылдардың соңына дейін бұл жабық тақырыптардың біріне айналды. Республика өз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейінгі кезеңде құпия болып келген Алаш тақырыбы жөнінде тарихи шындықты қалпына келтіруге талпыныс жасала бастады.

1989 жылғы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы партия тарихы институты «Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта пікір алысу дөңгелек үстелін ұйымдастырды. Оған, Қазақстан Ғылым академиясының, Алматының жоғары оқу орындарының белгілі қоғамтанушы ғалымдары қатысты. Олар: Б.А. Төлепбаев, А.Ғ. Сармурзин, М.Қ. Қозыбаев, В.К. Григорьев, М. Бурабаев, Ә.С. Тәкенов, М.Қойгелдиев т.б. Қоғамдық ғылымдардың өкілдері Алаш және алашорда тарихына байланысты қолдан жасалған құпияны ашуға жариялылық жағдайында мүмкіндік туып отырғандығын тілге тиек ете отырып, соған байланысты өз ойларын ортаға салды. Алашорда қозғалысының бастау көздерін 1917 жылға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінен іздеу, ал осы қозғалыстың саяси ағым және ресми партия ретінде 1917 жылдың жазынан басталғандығын басты көрсету, оның 1917-1920 жылдардағы дамуы мен нақтылы қызмет тарихын ашып көрсету, Алаш интеллигенциясы мен Алашорда қозғалысының ара жігін ашу сияқты күрделі мәселелер көтерді [3, 21 с].

Пікір алысуға қатысқандардың көпшілігі Алаш пен алашорданың әлеуметтік табиғатын, олардың қазақ қауымының қандай бөлігіне сүйенгендігін анықтау қажеттілігіне баса назар аударды. Бұл мәселе 1920-30 жылдардың өзінде көп дау туғызды. А.Бочагов Алашты - «ұсақ ұлттық буржуазияның» партиясы десе, С.Брайнин мен Ш. Шафиро - «бүкіл байлардың ұйымы» деді. Пікір алысуда негізгі баяндама жасаған М.Қозыбаев Алаш партиясын ұлтшыл саяси деп айыптаудың негізсіз екендігін көрсетті. Осы пікір алысудың ізімен қазіргі «Ақиқат» журналы «Алаштың ақиқатын кім айтады?» деген жалпы тақырыппен топтама ұсынды. В.К.Григорьевтің, К.Нүрпейісовтың, Т. Кәкішевтің мақалалары жарық көрді. В.К. Григорьев Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын қуған буржуазияшыл-ұлтшыл партия деп анықтайды. Ал, ғалымдар К.Нүрпейісов пен Т. Кәкішев Алаш

құрылған 1917 жылы шілде айында оның саяси партияға тән бағдарламасы болмағандығын айта келіп, саяси партия ретінде қалыптасып үлгермеген ұйым деп бағалады. Жекелеген зерттеушілер Алаш қозғалысына баға беру үшін алдымен оның көш бастаушыларының кімдер болғандығын анықтау мәселесі осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан игеруге шешуші түрде ықпал жасайды деп есептеді. М.К. Қозыбаев Алашқа либеральды ұлттық интеллигенцияның партиясы деген анықтама бере отырып, оның идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған деген қорытынды жасады.

Ғалым философ М. Бурабаев 1917-1940 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық ой мәселелеріне арналған зерттеуінде Алаш тарихына байланысты тың пікірлер жазғанмен, автордың коммунистік идеологияға тәуелді болғандығын анық байқауға болады [4]. Алаштық интеллигенцияға жаңа көзқарас қалыптастыруда ашық та батыл пікірлер айтып, дәлелді тұжырымдар жасауда зерттеушілер М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың еңбектері ерекше құнды. Олардың пайымдауы бойынша, Алаш партиясының көш бастаушылары негізінен екі мақсатты - қазақ елін отарлық езгіден азат ету мен қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу міндеттерін көздеді, сондықтан да алаштық интеллигенцияны «ұлттық- демократиялық партия» деп атау қажет [5, 21 б]. Көрнекті ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің « Алаш қозғалысы» атты көлемді монографиясында осы пікірлер әрі қарай өрбітілді. Алаш пен алашорда тарихына қалам тартуға мүмкіншілік туған соңғы жылдары ғалымдар Ә.Қайдаровтың, Ә.Әлімжановтың, С.Өзбекұлының, М.Құл-Мұхаммедтің, М.Әбсеметовтың, Ғ.Әнестің, А.Мектептегінің мақалалары мен ғылыми еңбектері жарық көрді.

Алашорда тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым К. Нұрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда» атты монографиялық еңбегін атауға болады. Автор өз еңбегінде зиялы қауымға Алаштануды зерттеудің кейбір маңызды мәселелерін ұсынады. Олар: Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; оның ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен атқарған рөлі; 1917 жылғы екі революция аралығындағы Алаштың басқа партияларымен өзара қатынасы мен байланысы; Алаш пен Алашорда және Совет үкіметі; Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және оның Орта Азия мен Еділ бойының түрік тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарымен байланысы; Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан [6, 21 б]. К.Нұрпейісов осы аталғандардың ішінен үш нақты мәселені бөліп алып қарастырады. Олар: 1. Саяси партия ретіндегі Алаштың өмірге келуі және оның бағдарламалық мақсаты-міндеттері; 2. Мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдасуы; 3. Алашорданың нақтылы іс-әрекеті. К.Нұрпейіс монографиясында алаш қозғалысына байланысты 1920-80 жылдардың екінші жартысына дейін жарық көрген еңбектерге біршама жақсы талдау жасалынған. Бұған қосымша Р.Нұрмағанбетованың « Алаш және Алашорда проблемасы 20-30

жылдардағы Қазақстандық тарихнамада» атты диссертациялық зерттеуі өмірге келді» [7].

Р.Нұрмағамбетова өз зерттеуінде Алашорда қозғалысын үш бағытта қарастырады. 1. Алаш қозғалысы қалыптасуының тарихи, әлеуметтік-экономикалық себептері; 2. 1917-1920 жылдардағы Алаш және Алашорда тарихы; 3. 1937-1938 жылдардағы Алаш және Алашорда тарихы. Р.Нұрмағанбетова өз зерттеуінде Алаш қайраткерлері демократиялық бағытты ұстанып, большевиктік идеологияға қарсы болғандығын айғақтайды. «Участие представителей казахского народа государственной думе способствовало выявлению позиции сторонников демократического движения в крае, установленных тесных связей с мусульманским движением в России. Учреждение и издание с 1913 г. первого печатного органа движения газеты «Казах» явилась важнейшими этапами в консолидации казахской интеллигенции, в особенности ее молодого поколения, что способствовало превращению его в реальную политическую силу, выразившую общенациональные демократические идеи. Лидеры алашского движения оставались принципиальными противниками большевистических форм и методов социалистического переустройства Казахстана. Несмотря на вынужденный переход на сторону советской власти, вся общественно-политическая деятельность участников движения Алаш начало 20-х годов свидетельствовало о приверженности ее к гуманистическим, демократическим принципам» [7, 15 с]. Көрнекті ғалым Дина Аманжолованың «Казахский автономизм и Россия» атты монографиялық зерттеуінде «Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен қызметінің әр түрлі аспектілері жаңа тың мұрағат деректері негізінде қарастырылған [8]. Алаш қозғалысын зерттеушілердің басым көпшілігі оның ұйымдастырылу мәселесіне көңіл аударады. Осы мәселеге белгілі ғалым М. Қозыбаев дәл анықтама береді: «В отличие от кадетов партия «Алаш» была аморфной, организационно далеко не завершённой. Не случайно процесс ее создания занял более 10 лет. На этапе буржуазно-демократической революции ее лидеры, используя политические средства, вплоть до трибуны Государственной думы, в острой проблеме колониализма отстаивали интересы своего народа перед усиливающейся экспансией столыпинских реформ» [9, 64 с]. Осындай пікір тарихшы ғалым Б. Елькеевтің еңбегінде де өз жалғасын тапқан. Алаш партиясының қызметіне жан-жақты талдау жасай отырып, Б.Елькеев былай деп жазады: «Организационно-подготовительная работа по созданию партии началось в период первой русской революции, а как партия «Алаш» была организационно оформлена только в 1917 году» [10, 51 с]. Қазақстандық тарихнамадағы пікірлерді қорыта отырып мынандай мынадай пікір айтуға негіз бар. Алаш қайраткерлері халықтың азды-көпті шағын тобының саяси мүдделерін немесе феодалдық, патриархалдық, ұсақ буржуазиялық мүдделерді қорғаған жоқ. Керісінше, жалпы адамзаттың гуманизм принциптерін асқақ тұтып, бүкіл қазақ халқының мүдделеріне қызмет етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бочагов А. У истоков воспоминание. – Алматы «Казахстан», 1972. - 103 с.
2. Брайнин С, Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш Орды. –Москва. «Просвещение», 1935. -140 с.
3. «Алашорда пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» //Социалистік Қазақстан. -1989. 11 шілде. -2 б.
4. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940г.г.- Алматы: Ғылым, -1991. -220 б.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Алаш қозғалысы// Ақиқат. -1991. № 11. 2-3 б; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1996;
6. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. –Алматы « Ататек» -1995. -210б
7. Нурмаганбетова Р.К. Проблема Алаш и Алашорды в Казахской историографии 20-90-х годах: автореф. дисс. канд. ист. наук. - Алматы, - 1999. - 29с.
8. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. - Москва: Просвещения,-1994. -216 с.
9. Козыбаев М. Проблемы истории, археологии и этнографии Западного Казахстана // Вестник АН КазССР. - 1999. №3. -64 с.
10. Елькеев Б. Партия «Уш жуз» и ее деятельность в период установления Советской власти в Казахстане // История Казахстана: «белые пятна». Сборник статей. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – С.49-77.

КЕҢЕС ОДАҒЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІНГІ ПОСТКЕҢЕСТІК РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Баком И.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты,
Атырау қаласы*

Андатпа. Бұл мақалада Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құру мәселелері қарастырылады. Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің тәуелсіздік алу процесі, ұлттық мемлекеттілік қалыптастырудағы қиындықтар мен жетістіктер, сондай-ақ саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы өзгерістер талданады. Ұлттық мемлекеттілікті нығайту жолындағы негізгі мәселелер мен олардың шешу жолдары да қарастырылған.

Негізгі сөздер: Посткеңестік республикалар, ұлттық мемлекет, тәуелсіздік, экономика, саясат

Кіріспе. Кеңес Одағының ыдырауы ХХ ғасырдың ең ірі геосаяси оқиғаларының бірі болды. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде 15 жаңа тәуелсіз мемлекет пайда болды: Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан,

Әзірбайжан, Армения, Грузия, Латвия, Литва, Эстония, Молдова, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан. Бұл мемлекеттер өз тәуелсіздіктерін жариялап, халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшелері болуға ұмтылды.

Кеңес Одағының ыдырауы тек қана саяси тәуелсіздік әкеліп қана қоймай, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда да үлкен өзгерістерге жол ашты. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер алдында экономикалық реформалар жүргізу, демократиялық институттарды құру, ұлттық бірлікті нығайту және халықаралық қатынастарды орнату сияқты маңызды міндеттер тұрды. Бұл мемлекеттердің әрқайсысы өз ұлттық мемлекеттерін құру жолында әртүрлі қиындықтармен және жетістіктермен бетпе-бет келді.

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің ұлттық мемлекет құру процесі күрделі және көп қырлы болды. Кеңес Одағының орталықтандырылған басқару жүйесінен нарықтық экономикаға және демократиялық басқару жүйесіне көшу көптеген қиындықтар туғызды. Әрбір республикада экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүргізу қажет болды. Кейбір елдер бұл реформаларды сәтті жүзеге асырса, кейбіреулері ішкі және сыртқы қиындықтармен күресіп, баяу дамыды.

Осы мақалада біз посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құру тарихын, олардың алдындағы қиындықтарды және бүгінгі таңдағы жағдайын жан-жақты қарастырамыз. Алдымен тәуелсіздік алу процесін талдаймыз, содан кейін ұлттық мемлекет құрудағы экономикалық және саяси қиындықтарды қарастырамыз. Сонымен қатар, бұл республикалардың жетістіктерін және қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін талқылаймыз. Мақаланың соңында посткеңестік республикалардың болашақта ұлттық мемлекет ретінде дамуына қатысты қорытындылар мен болжамдар жасаймыз.

1. Тәуелсіздік алу процесі.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін әрбір посткеңестік республика тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл процесс әртүрлі елдерде әртүрлі жолмен өтті. Мысалы, Балтық жағалауы елдері – Латвия, Литва және Эстония – тәуелсіздік үшін күресті белсенді жүргізді және өз тәуелсіздіктерін бірінші болып жариялады. Бұл елдерде тәуелсіздік алу процесі бейбіт жолмен өтті, бірақ әлеуметтік және саяси күрес басым болды. Балтық елдері Кеңес Одағының құрамында болған кезде де ұлттық сана-сезім мен тәуелсіздікке ұмтылыс сақталды. Сондықтан тәуелсіздік жариялау бұл елдерде салыстырмалы түрде жеңіл болды және халықаралық қоғамдастық тарапынан тез мойындалды.

Басқа республикаларда тәуелсіздік алу процесі біршама бейбіт өтті, бірақ барлық елдерде дерлік экономикалық және саяси тұрақсыздық кезеңдері орын алды. Мысалы, Қазақстанда тәуелсіздік бейбіт түрде жарияланды, бірақ экономикалық реформалар мен саяси тұрақсыздық мәселелері ұзақ уақыт бойы өзекті болды. Тәуелсіздік алу процесінде Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі маңызды болды. Ол тәуелсіздік жариялағаннан кейін елдің саяси және экономикалық жүйесін реформалауға бағытталған саясатты жүзеге асырды [1].

2. Ұлттық мемлекет құрудағы қиындықтар.

Экономикалық қиындықтар

Посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құруында көптеген қиындықтар кездесті. Біріншіден, экономикалық қиындықтар басты мәселе болды. Кеңес Одағының жоспарлы экономикасы нарықтық экономикаға ауысу процесін қиындатты. Экономикалық реформалар, инфляция, жұмыссыздық және өндірістің төмендеуі халықтың тұрмыс деңгейіне айтарлықтай әсер етті. Мысалы, Ресейде 1990 жылдары экономикалық дағдарыс және гиперинфляция орын алды, бұл халықтың өмір сүру деңгейін күрт төмендетті [2].

Қазақстанда да экономикалық реформалар қиындықпен өтті. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысу барысында көптеген кәсіпорындар жабылып, жұмыссыздық деңгейі артты. Сонымен қатар, инфляция деңгейі жоғары болды, бұл халықтың сатып алу қабілетіне теріс әсер етті. Дегенмен, 2000-шы жылдардың басында Қазақстан мұнай және газ секторының дамуы арқасында экономикалық өсімге қол жеткізді [3].

Саяси тұрақсыздық

Екіншіден, саяси тұрақсыздық ұлттық мемлекет құру процесін тежеді. Посткеңестік республикаларда жаңа саяси жүйелерді қалыптастыру және демократиялық институттарды нығайту қажет болды. Кейбір елдерде ішкі саяси қақтығыстар мен этникалық қайшылықтар орын алды. Мысалы, Әзірбайжан мен Армения арасындағы Таулы Қарабах мәселесі ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келді және бұл қақтығыс екі елдің тұрақтылығына әсер етті [4].

Қазақстанда саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бірқатар саяси реформалар жүргізілді. Президент Назарбаевтың басшылығымен елде президенттік басқару жүйесі нығайтылды, бірақ оппозиция мен азаматтық қоғамның дамуы біршама шектелді. Саяси тұрақтылық экономикалық дамуға ықпал етті, бірақ демократиялық институттарды нығайту мәселелері өзекті болып қалды [5].

Сыртқы ықпалдар.

Үшіншіден, сыртқы саясат және халықаралық қатынастар да маңызды рөл атқарды. Посткеңестік республикалар жаңа геосаяси жағдайда өз орындарын табуға тырысты. Кейбір елдер Ресеймен тығыз байланыстарын сақтап қалуға ұмтылса, басқалары Батыс елдерімен ынтымақтастықты нығайтуға тырысты. Бұл бағыттағы таңдаулар ұлттық мемлекеттілік құру процесіне үлкен әсер етті.

Мысалы, Балтық елдері тәуелсіздік алғаннан кейін бірден Еуропалық Одақ пен НАТО-ға мүше болуға ұмтылды. Бұл елдердің сыртқы саясатындағы басты мақсат – батыс демократияларымен тығыз ынтымақтастық орнату және қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болды. Ресеймен қатынастарда Балтық елдері сақтық танытты, өйткені Кеңес Одағының мұрагері ретінде Ресейдің аймақтағы ықпалы әлі де сақталып отырды [6].

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін көпвекторлы сыртқы саясатты таңдады. Бұл саясаттың мақсаты – Ресеймен, Қытаймен, Еуропалық Одақпен және АҚШ-пен теңдестірілген қатынастарды орнату және дамыту болды. Қазақстанның геосаяси орналасуы және экономикалық мүдделері көпвекторлы саясатты жүзеге асыруға ықпал етті. Сонымен қатар, Қазақстан

Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына белсенді қатысты, бұл ұйым Ресеймен экономикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған [7].

3. Жетістіктер мен өзгерістер.

Экономикалық жетістіктер

Посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құрудағы жетістіктері әртүрлі болды. Балтық жағалауы елдері – Латвия, Литва және Эстония – Еуропалық Одақ пен НАТО-ға мүше болып, саяси және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізді. Бұл елдерде экономикалық реформалар сәтті жүзеге асырылып, нарықтық экономикаға көшу процесі жылдам өтті. Балтық елдері батыстық демократиялық құндылықтарды қабылдап, инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдай жасады. Нәтижесінде, бұл елдер экономикалық өсімге қол жеткізіп, халықтың өмір сүру деңгейін айтарлықтай жақсартты [1].

Қазақстан және басқа Орталық Азия елдері де экономикалық өсімге жетіп, аймақтық ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылды. Қазақстанда мұнай мен газ өндірісі экономиканың негізгі драйверіне айналды. Мұнай-газ секторының дамуы елдің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсуіне, инвестициялар көлемінің артуына және инфрақұрылымды жақсартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақстанда өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларында да айтарлықтай өсім байқалды. Мұның бәрі халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал етті [2].

Әзірбайжан да мұнай мен газ саласында үлкен жетістіктерге жетті. "Баку-Тбилиси-Джейхан" мұнай құбырының іске қосылуы және басқа да энергетикалық жобалар Әзірбайжан экономикасының өсуіне үлкен үлес қосты. Бұл елде де экономикалық реформалар жүргізіліп, инвестициялық климат жақсарды [3].

Саяси реформалар

Саяси реформалар көптеген посткеңестік республикаларда орын алды. Қазақстан, Украина, Грузия және басқа елдер демократиялық институттарды нығайтуға, саяси плюрализмді дамытуға және адам құқықтарын қорғауға бағытталған реформаларды жүзеге асырды. Мысалы, Украинада "Оранжевый революция" (2004 ж.) және "Евромайдан" (2013-2014 жж.) демократиялық өзгерістерге ұмтылыстың жарқын мысалдары болып табылады. Бұл оқиғалар елде саяси плюрализмді нығайтуға және демократиялық институттарды дамытуға бағытталған реформаларды ынталандырды [4].

Грузияда да саяси реформалар белсенді түрде жүзеге асырылды. "Роза революциясы" (2003 ж.) елдің саяси жүйесінде айтарлықтай өзгерістерге әкелді. Грузияда жемқорлықпен күрес, сот жүйесін реформалау және адам құқықтарын қорғау салаларында маңызды қадамдар жасалды. Бұл реформалар елдің халықаралық аренадағы беделін арттырып, экономикалық өсімге ықпал етті [5].

Қазақстанда да саяси реформалар жүргізілді. Елде көппартиялы жүйе енгізілді, парламенттің рөлі күшейтілді және азаматтық қоғамның дамуына жағдай жасалды. Дегенмен, кейбір сарапшылар Қазақстандағы саяси реформалардың баяу жүріп жатқанын және демократиялық институттардың

толық қалыптаспағанын атап өтеді. Елде президенттік басқару жүйесі басым болып қала береді және оппозициялық күштердің қызметі шектелген [6]

Кейбір елдердегі саяси тежелулер

Дегенмен, кейбір посткеңестік республикаларда авторитарлық басқару жүйелері сақталып, саяси реформалар тежелді. Мысалы, Беларусь пен Түркіменстанда саяси жүйелер авторитарлық сипатқа ие болып, демократиялық реформалар баяу жүргізілуде. Бұл елдерде саяси оппозицияның қызметі шектелген, азаматтық қоғамның дамуы әлсіз, ал адам құқықтары жиі бұзылады. Мұндай жағдайлар елдердің халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынасына теріс әсер етіп, экономикалық даму қарқынын баяулатады [7].

3. Қазіргі таңдағы мәселелер мен болашаққа болжам.

Бүгінгі таңда посткеңестік республикалардың алдында бірнеше маңызды мәселелер тұр. Біріншіден, экономикалық даму мен әртараптандыру мәселелері өзекті болып отыр. Көптеген елдерде экономиканың бір жақты дамуы және ресурстық тәуелділік мәселелері бар. Мысалы, Қазақстан мен Өзірбайжанның экономикасы негізінен мұнай мен газ экспортына тәуелді. Бұл тәуелділік әлемдік нарықтағы бағалардың өзгеруіне байланысты экономиканың тұрақсыз болуына әкеледі. Экономиканы әртараптандыру үшін өндіріс салаларын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, инновациялық технологияларды енгізу қажет. Мысалы, Қазақстанда 2010 жылы қабылданған "Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы" экономиканы әртараптандыру және жаңа технологияларды енгізу мақсатында жүзеге асырылуда [1].

Ресурстық тәуелділікті азайту үшін ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларын дамыту қажет. Мысалы, Өзбекстанда ауыл шаруашылығын дамыту арқылы экономика әртараптандырылуда. Елде мақта өсіру мен өңдеу, жеміс-жидек және көкөніс өсіру салаларына инвестициялар тартылуда. Сонымен қатар, туризм саласын дамыту да маңызды бағыттардың бірі болып табылады [2].

Екіншіден, саяси тұрақтылық пен демократияны нығайту маңызды мәселе болып табылады. Посткеңестік республикалардағы кейбір елдерде саяси тұрақсыздық, жемқорлық және демократиялық институттардың әлсіздігі байқалады. Бұл мәселелерді шешу үшін саяси реформаларды жалғастыру және азаматтық қоғамды дамыту қажет. Мысалы, Украинада жемқорлықпен күрес және саяси реформалар жүргізу мақсатында бірнеше заңнамалық өзгерістер енгізілді. 2019 жылы өткен президент сайлауында Владимир Зеленский жемқорлықпен күрес және саяси реформаларды жүзеге асыруға уәде берді [3].

Азаматтық қоғамды дамыту үшін үкіметтік емес ұйымдарды қолдау, сөз бостандығын қамтамасыз ету және еркін сайлау жүйесін орнату қажет. Бұл бағытта Грузияда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Елде саяси плюрализм және сөз бостандығы қамтамасыз етілген. Грузияның реформалары елдің халықаралық беделін арттырып, демократиялық институттарды нығайтуға ықпал етті [4].

Үшіншіден, аймақтық ынтымақтастықты нығайту және халықаралық қатынастарды дамыту да маңызды. Посткеңестік республикалар арасындағы ынтымақтастықты арттыру және халықаралық аренада өз позицияларын нығайту қажет. Бұл бағытта Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және басқа да аймақтық ұйымдар маңызды рөл атқара алады.

ЕАЭО 2015 жылы құрылып, оның құрамына Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан кірді. Бұл ұйым экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және ортақ нарықты қалыптастыруға бағытталған. ЕАЭО аясында тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күші еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі. Бұл аймақтық экономикалық интеграция елдердің экономикалық өсіміне және тұрақтылығына ықпал етеді [5].

ШЫҰ 2001 жылы құрылып, оған Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мүше болды. ШЫҰ қауіпсіздік, экономика және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Ұйымның негізгі мақсаттары – терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикалық ынтымақтастықты дамыту. ШЫҰ аясында өткізілетін бірлескен әскери жаттығулар және экономикалық жобалар аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді [6].

Посткеңестік республикалардың өзара ынтымақтастығы экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықаралық аренада өз позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді. Аймақтық ұйымдардың қызметін тиімді пайдалану және ынтымақтастықты дамыту арқылы посткеңестік республикалар өздерінің ұлттық мүдделерін қорғауға және тұрақты дамуға қол жеткізе алады. Посткеңестік республикалардың тәуелсіздікке қол жеткізіп, ұлттық мемлекет құру процесі күрделі және көп қырлы болды. Әрбір республика өзінің тарихи, саяси және экономикалық жағдайларына сәйкес әртүрлі жолмен дамыды. Экономикалық қиындықтар, саяси тұрақсыздық және сыртқы ықпалдар бұл процеске үлкен әсер етті. Дегенмен, көптеген республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін айтарлықтай жетістіктерге жетіп, өз ұлттық мемлекеттерін нығайту жолында маңызды қадамдар жасады. Болашақта бұл елдер өздерінің ұлттық мемлекеттіліктерін одан әрі дамыту үшін экономикалық және саяси реформаларды жалғастыруы қажет.

Қорытынды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құру процесі күрделі және көп қырлы болды. Әрбір ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейін экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда ауқымды өзгерістерге бет бұрды. Бұл процесс әртүрлі елдерде әртүрлі жолмен өтті және көптеген қиындықтарға тап болды. Мысалы, Балтық жағалауы елдері тез арада батыстық демократиялық құндылықтарды қабылдап, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізді. Ал басқа елдерде, әсіресе Орталық Азияда, экономикалық реформалар баяу жүрді және саяси тұрақсыздық мәселелерімен күресуге тура келді.

Посткеңестік республикалардың экономикалық дамуы әртүрлі деңгейде өтті. Кейбір елдер мұнай мен газ секілді табиғи ресурстарды пайдалану арқылы экономикалық өсімге қол жеткізсе, басқалары өндіріс пен ауыл шаруашылығын дамыту арқылы өз экономикаларын әртараптандырды. Дегенмен, ресурстық тәуелділік мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Экономиканы әртараптандыру және инновациялық салаларды дамыту бұл елдердің тұрақты экономикалық өсуіне ықпал ететін маңызды факторлар болып табылады.

Саяси тұрақтылық пен демократияны нығайту посткеңестік республикалар үшін маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Кейбір елдер демократиялық институттарды нығайтуда және саяси плюрализмді дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Мысалы, Грузия мен Украинадағы саяси реформалар бұл елдердің халықаралық беделін арттырды және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті. Дегенмен, кейбір елдерде саяси тұрақсыздық, жемқорлық және демократиялық институттардың әлсіздігі байқалады. Бұл мәселелерді шешу үшін саяси реформаларды жалғастыру және азаматтық қоғамды дамыту қажет.

Аймақтық ынтымақтастықты нығайту және халықаралық қатынастарды дамыту посткеңестік республикалардың алдында тұрған тағы бір маңызды мәселе болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақтық ұйымдар бұл елдер арасындағы экономикалық және саяси ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Аймақтық ынтымақтастықты дамыту арқылы посткеңестік республикалар өз экономикалық және саяси мүдделерін тиімді қорғай алады.

Қорыта айтқанда, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі посткеңестік республикалардың ұлттық мемлекет құру процесі көптеген қиындықтар мен жетістіктерге толы болды. Бұл елдер тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз ұлттық мемлекеттерін құруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бүгінгі таңда бұл елдердің алдында экономикалық даму, саяси тұрақтылық және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері тұр. Осы мәселелерді шешу арқылы посткеңестік республикалар өз тәуелсіздіктерін нығайтып, болашақта табысты мемлекеттер қатарына қосыла алады. Бұл үшін экономикалық реформаларды жалғастыру, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және аймақтық ынтымақтастықты дамыту маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев, Н. Ә. (2012). Тәуелсіздік дәуірі. Астана: Қазақ университеті баспасы.
2. Әубәкіров, Ә. (2008). Қазақстанның экономикалық дамуы. Алматы: Экономика институты.
3. Сүлейменов, М. (2005). Орталық Азиядағы саяси тұрақтылық. Алматы: Өркениет.

4. Сыдықов, М. (2010). Мұнай және газ өнеркәсібі. Атырау: Каспий университеті.

5. Асанбаев, М. (2012). Посткеңестік кеңістіктегі мемлекет құру процесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы.

6. Жұмағұлов, Қ. Қ. (2010). Экономикалық реформалар және олардың әсері. Астана: Фолиант.

7. Қойгелдиев, М. (1997). Аймақтық қақтығыстар және олардың салдары. Алматы: Санат.

8. Мырзағұлов, Е. Т. (2019). Орталық Азияның экономикалық дамуы. Алматы: «Мектеп» баспасы.

ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ МЕН АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ТАТАР БАСПАСӨЗІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Еңсепов А.А.,

тарих ғылымдарының кандидаты

«Болашақ» Университетінің жоғары колледжі

Абдуова Ж.К.,

тарих пәнінің мұғалімі

Қызылорда қаласы №282 мектеп

Бүкіл халық назарын Құрылтай жиналысына тігіп, беделді өкімет билігі орнап, босаған тізгінді жиып алар күн туып, бостандықтың таңы атар деп күткен Құрылтай жиналысы шақырылуына санаулы күндер қалғанда қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына большевиктер келді. Бұл саяси өзгерісті «Кояш», «Тормыш», «Вакыт», «Йолдыз», «Улуг Туркестан» секілді ұлттық-демократиялық бағыттағы мерзімді татар басылымдары аспаннан түскен жай оғындай қабылдады. Олардың беттерінде еуропа тіршілігіне үйлесімді етіп жасалған социал-революционерлердің бағдарламасын ұстанған кеңес өкіметінің тап күресі саясатын капиталистік қатынастар пісіп-жетілмеген, өзіндік даму жолы, ұлттық ерекшелігі бар түркі-мұсылман халықтары қабылдай алмайтындығы ашық мәлімделініп жатты. «Улуг Туркестан» газеті Түркістан халықтарына таптық жіктелуден гөрі ұлттық бірлік пен туыстықты сақтай отырып, алдымен отаршылдық пен ортағасырлық мешеулік шеңгелінен шығып, алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуы тиіс деп санап, қару күшімен билікке келген кеңес өкіметін түркістандықтардың мойындамайтындығы ашық айтылды [1]. «Улуг Туркестан» газетінің жаңадан орнаған кеңес өкіметіне байланысты мұндай ұстанымының орынды болғанын кейіннен РК(б)П X съезінде Г. Сафаровтың былай деп сөйлеген сөзінен де аңғаруға болады: «Қазан төңкерісі кенеттен түскен найзағайдай болды ... Қала жұмысшысы социалистік төңкеріске әзір болғанымен, шет аймақтағы ауылдар әлі ұлттық тәуелсіздікті алған жоқ еді, ол Ресей самодержавиесінің езгісін орыс шаруаларына, орыс деревнясына қарағанда анағұрлым көп көрді» [2, 65 с].

Ұлттық-демократиялық мерзімді татар басылымдары беттерінде

большевиктердің ұстанымын мұсылмандар қабылдай алмайтындығы ашық мәлімделініп жатты. Мәселен, көрнекті татар қайраткері Ф. Туктаров «Ресейдің барлық мұсылмандарының байлары да, кедейлері де революционер. ... Бірақ, олар таптық мүддені бірінші кезекке қоя алмайды. Олардың қайсысы болса да таптық мүдде үшін күресетін болса ұлттық бірлікке зиянын тигізеді» [3], – деп жазған болатын.

Елдегі күштердің ара салмағының түбірімен өзгеруі большевиктер көпшілігін басқарып отырған кеңестердің қолына өкімет билігінің көшуін қамтамасыз етті. Соған орай социал-демократиялық «Ирек», «Көрәш», «Безнең юл», «Аваз», «Чулпан» секілді татар тіліндегі газеттер кеңес өкіметі жариялаған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын», кеңестік биліктің «Ресей мен шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» деген үндеуін кеңінен насихаттай бастады. Өзін «халықтық газет» деп санаған «Ирек» газеті өзінің алғашқы санында-ақ: «Біз, халықтың атынан сөйлейміз. Біз, олардың тілегін бүкіл әлемге таратамыз. Біз, олар үшін жанымызды аямай күресеміз» [4], – деп мәлімдеп, мұсылман халықтары арасында таптық жіктелісті кеңінен насихаттап, оларды «ақ халық» және «қара халық» деп екіге бөлінетіндігін, олардың бірі екіншісінің мүддесі үшін күресе алмайтындығын баса көрсетуге мән берді [5].

Қазан қаласындағы татар зиялылары арасындағы М. Вахитов бастаған социал-революционерлер тобы 1917 жылдың қыркүйек айында-ақ Мұсылмандық социалистік комитет ұйымын құрып, тек татарлардың ғана емес, өзге түркі-мұсылман халықтары арасында таптық жіктелісті, үстем тап өкілдеріне қарсы күресті кеңінен насихаттай бастаған еді. Бұл ұйымның органы болып табылатын «Қызыл байрақ» газетінде М. Вахитов: «Қызыл жалауды сақтаңдар!» деген атпен мақал жариялап, онда былай деп жазған еді: «Жұмысшы және шаруа жолдастар! Буржуазияның жауыз жандайшаптары революция жалынын сөндіргісі келеді. ... Оларды тыңдамаңдар, қызыл жалаудың идеясына қызмет етіндер» [6].

«Революция – солдаттардың және жұмысшылар мен шаруалардың жанкешті күресінің нәтижесі екені әркімге белгілі. Революция өзінің түпкі мақсатына жұмысшылар, солдаттар, шаруалар буржуазияға қарсы бірлесіп күрессе ғана жететіндігіне күмәндануға болмайды. Сонда ғана біздің елдің халқы толық бостандық алып, федерацияға, территориялық автономияға қол жеткізеді» [7], – деп Уфада шығып тұрған «Безнең юл» газетіне мақала жазған Г. Ибрагимов та сол кезде Лениндік тап күресі идеясын қолдап, большевиктер партиясы қатарына өткен еді. Оның мұндай мазмұнда мақала жазуына Уфалық және Қазандық ұлттық-демократиялық бағыттағы зиялы қауым өкілдері ашық қарсылық танытты. Олардың талабы бойынша «Безнең юл» газеті төңірегіне топтасқан Г. Ибрагимов пен Ф. Сайфи-Казанлы секілді т.б. бірқатар татар большевиктері газеттің редакциясы құрамынан кетті. Бұдан соң «Безнең юл» газеті өзін саясаттан бейтарап, тап күресі идеясын жақтамайтын басылым ретінде мәлімдеді. Бірақ оның мұндай бейтараптық ұстанымы ұзаққа созылмады. Уфада большевиктер билігі келгеннен кезде бұл басылым өз қызметін доғаруға мәжбүр болды [8, 217 б.].

Қазан қаласында Ш. Ахмадиев пен Х. Гайнуллиннің редакторлығымен шығып тұрған «Аваз» газеті «Кім кім үшін талпынады» деген атпен мақала жариялап, онда: «Уақытша үкімет байларды қорғаса, солдат және жұмысшы депутаттар кеңесі – еңбекші бұқараның тірегі» [9], – деп жазып, өзінің социал-демократиялық бағытты жақтайтындығын танытты. Оның беттерінде «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» жарияланып, халықты кеңестік билікке қолдау көрсетуге шақыру насихатталды [10].

Татар тіліндегі «Аваз», «Безнең юл», «Чулпан», «Көрәш», «Ирек» секілді социал-демократиялық газеттерде 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында кеңестік биліктің ұстанымдарын насихаттайтын басылымдарға айналып, татар және басқа да халықтардың тұрмыс тіршілігіндегі ерекшеліктер мәселесін ашып көрсету екінші кезекке ығыстырылды. Оларда мұндай мәселелерге көңіл бөліне қалған жағдайдың өзінде үстем тап пен еңбекшілер табының арасындағы қайшылықтарды дәріптеу белең алды. Сондықтан да бұл басылымдардағы материалдар сол тарихи кезеңдегі көптеген тарихи оқиғалар мен құбылыстардың қыр-сырын терең әрі шынайы тұрғыда ашып көрсетеді деп айтудың өзі қиын. Осы басылымдардағы материалдардың өзін ғылыми айналымға тартқанда оны ұлттық-демократиялық басылымдардың материалдарымен салыстыра отырып қолдану қажет.

«Қоқандағы халық кеңесі» деп аталатын «Улуг Туркестан» газетіндегі мақалада 1917 жылдың 26-28 қараша аралығында Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің ұйымдастыруымен Қоқан қаласында өлке мұсылмандарының төтенше төртінші съезі өткені, оған Сырдария, Самарқан, Ферғана облыстарынан және Бұқар әмірлігінен 203 өкіл қатынасқаны, сондай-ақ съездің күн тәртібіне Түркістандағы саяси ахуал мәселесі қойылғаны және съездің жұмысы жөнінде толық мәлімет берілген.

«Улуг Туркестан» газетіндегі мәліметтерге қарағанда, Қоқан қаласында өткен төртінші өлкелік мұсылмандар съезінің төралқасы құрамына М. Шоқай, М. Тынышбаев, У. Ходжаев, Ю. Агаев, С. Ақаев, О. Махмұдов, Ш. Шагиахмедов секілді қайраткерлер енген және съез делегаттары өлкелік кеңестердің бар билікті өз қолына алуына ұмтылысын жергілікті халықтың құқығын аяқ асты етушілік деп бағалап, Түркістан өлкесін Ресей Федеративті Республикасы құрамындағы автономия болуын жақтап, Түркістан автономиясын құрылғандығын жариялаған. Съездің ұйғарымы бойынша өлкелік құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін барлық билік Түркістан Уақытша кеңесі мен Түркістан Ұлттық кеңесі қолына шоғырланатын болды. Сондай-ақ съез жаңадан құрылған автономияның үкіметі – Түркістан Уақытша кеңесінің құрамы 12 адамнан тұрсын деген ұйғарымға келген. Съезде Түркістан автономиясы үкіметінің төрағасы болып М. Тынышбаев, оның орынбасары болып И. Шагиахмедов, Сыртқы істер министрі болып М. Шоқай, Соғыс министрі болып У. Ходжаев, Жер шаруашылығы және су ресурстары министрі болып Ю. Агаев, Азық-түлік министрі болып Ә. Оразаев, қаржы министрі болып С. Герцфельд бекітілді. Съез Түркістан Ұлттық кеңестің құрамы 54 адамнан тұрсын деп шешім қабылдаған [11].

«Улуг Туркестан» газеті Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезінде Ташкент большевиктерінің халыққа жасап келе жатқан зорлық-зомбылығына қарсы шаралар қолдану мәселесі де көтерілгенін аңғартады. Бұл мәселенің қарастырылуына байланысты газетте былай делініп жазылған: «Съезде Ташкент большевиктерінің бұзақылық әрекеттерін қарастыру қызу жүрді. ... Осы мәселеге байланысты сөз алғандар большевиктердің Ташкент қаласында тінту жүргізулері, мұсылмандарды негізсіз тұтқындаулары күнделікті болып жатқандығын айтты. Оған түрлі мысалдар да келтірді. Олар 1917 жылдың ақпан айында жарияланған жеке адамдардың құқығына қол сұғуға болмайды деген принцип өрескел бұзылып жатыр деп мәлімдеді. ... съез Ташкент большевиктері тұтқындалған адамдарды тез арада босатуы тиіс және олар сөз бостандығына бөгет болмасын деген қарар шығарды» [12].

Түркістан автономиясы құрылған бойда оның үкіметі мүшелері қол қойған үндеу таратылғаны да «Улуг Туркестан» газетінде көрініс тапқан. Газеттегі мәлімет бұл үндеуге қол қоюшылардың қатарында М. Тынышбаев, М. Шоқай, У. Ходжаев, Ю. Агаев, О. Махмудов, Ә. Оразаев, Ш. Шагиахмедов және С. Герцфельд болды. Үндеуде Түркістан автономиясы үкіметінің жұмысқа кіріскендігі мынандай тебіреністі мазмұнда мәлімделінді: «Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біздің алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Аллаһтың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік» [12].

Осылайша, «Улуг Туркестан» газетінің мәліметтері 1917 жылғы Қазан төңкерісінен соң Түркістан өлкесінде қос биліктің орнағанына, оның бірі Ташкенттегі большевиктер құрған Түркістан Халық комиссарлары кеңесі, екіншісі ұлттық демократиялық күштің атсалысуымен бой көтерген Түркістан автономиясының үкіметі болғанына және оның алғашқысы ең алдымен ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндігін білдіргенін, соңғысы жергілікті халықтың мүддесін қорғау үшін құрылғанына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

«Улуг Туркестан» газетіндегі Түркістан автономиясын қолдау мақсатында Ташкент қаласында өткен демонстрация туралы мәліметті К.Л. Есмағамбетов өзінің еңбегінде растай түсіп, былай деп жазған болатын: «1917 жылдың 3,13 желтоқсан күндері Ташкентте Түркістан мұхтариятын жақтаған демонстрациялар өтті. Шеруге Ташкент «Улемасы», еуропалықтар да қатысады. Демонстранттардың үштен екісін жергілікті халық, үштен бірін еуропалықтар құрады, көмекке аттылы «қырғыздар» да (қазақтар да) келді делінді. Ирандағы француз әскери миссиясының 1919 жылдың 3 қазанындағы құпия хабарында. ... Шеруге шыққандар Ташкенттің орыс бөлігіндегі түрмеге шабуыл жасап, онда большевиктер қамауда ұстап отырған саяси тұтқындарды босатады. ... Орыс солдаттары демонстранттарға оқ жаудырып, он алты адам қаза табады. Қайғылы оқиға туралы «Улуг Туркестан», «Бірлік туы», «Ишчилар дуниясында» жазылып, оның арандатушылық сипаты ашып көрсетіледі» [13, 135 б.].

Мерзімді татар басылымдарында 1917 жылдың 5-13 қаңтар аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің жарияланғаны жөнінде мағлұматтар кездестіруге болады. Бірақ ол мағлұматтар жалпықазақ съезінің өтуі барысын және ондағы қабылданған қаулыларды толық ашып көрсете алмайды. Мәселен, «Вақыт» газетінің 1918 жылдың 21 қаңтардағы санында «Орынбор, 20 қаңтар» деген атпен жарияланған хабарламалар тізімінде екінші жалпықазақ съезінің шешімімен Алашорда үкіметі құрылғаны, оның төрағасы болып Ә. Бөкейхановтың сайланғаны және бұл үкіметтің мүшелері құрамында М.Шоқай, У. Танашев, Х. Досмұхамедов, А. Тұрлыбаев, А. Бірімжанов, Х. Ғаббасов және С. Аманжолов бар екендігі аталып ғана өткен. Бұл мәліметтің өзін «Вақыт» газеті «Қазақ» газетінің 18 қаңтардағы санына сілтеме жасай отырып берген [14]. «Вақыт» газеті сілтеме жасаған «Қазақ» газетінің 18 қаңтардағы санында «Жалпы қазақ-қырғыз съезі» деген атпен жарық көрген мақалада екінші жалпықазақ съездің жұмысы мен шешімдері толықтай жарияланған болатын [15].

Алашорда үкіметінің құрылғандағы «Улуг Туркестан» газетінің 1918 жылдың 17 қаңтардағы санында «Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі» деген атпен жарық көрген мақалада көрініс тапқан. Онда екінші жалпықазақ съезінің шешімімен жарияланған Алашорда үкіметі атынан Түркістан қаласында өтетін Сырдария облысы қазақтарының съезіне қатысу үшін Астраханнан Б. Құлманов, Торғайдан М. Дулатов, Семейден Тұрағыл Құнанбаевтың келгендігі және олардың мақсаты Сырдария облысы қазақтарын әлі жариялана қоймаған Алаш автономиясына қарату екені аталып көрсетілген. Сонымен қатар бұл мақалада Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясы құрамынан шығып кетпей ме деген алаңдаушылық та білдірілген. [16]. «Улуг Туркестан» газетінде айтылатын осы Сырдария облысы қазақтарын съезін өткізу қажеттігі екінші жалпықазақ съезінде М. Шоқай мен Ә. Бөкейханов тарапынан көтерілген еді. Өйткені, бұл съезде мынандай қаулы қабылданған еді: «1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді. 2. Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті. 3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 4. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан қылу ықтияры Алашордаға берілсін» [13, 138-б.].

Алашорда үкіметінің атынан Сырдария облысына келген қазақ қайраткерлерінің әрекетін түркістандық қазақтарды Түркістан автономиясынан бөліп әкетпекші деп бағалаған «Улуг Туркестан» газетінің мәліметтері дегенмен де 6-9 қаңтар аралығында Түркістан қаласында өткен бұл облыстық съездің қандай шешімдер қабылдағанын айқын аңғартады және Алашорда үкіметінің сол тұстағы ұстанымын зерттеуде маңызды дерек көзі қызметін атқарады. Осы жерде Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы материал «Бірлік туы» газетінде де жарық көргенін, бірақ оның «Улуг Туркестан» газетінен бір күннен кейін, яғни 18 қаңтарда «Сырдария қазақтарының съезі» [17] деген атпен және 29 қаңтарда «Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-

қырғызының съезі» [18] жарияланғанын да айта кеткен жөн. «Улуг Туркестан» газеті мен «Бірлік туы» газеттерінде жарияланған аталмыш мақалаларда съездің өту барысы және оның шешімі жайлы білдірілген пікірлер өзара сәйкес болып келеді. Ондағы материалдардың көрсетуінше, бұл съезге Сырдария облысының 79 өкіл қатысқан, олардың қатарында Ақмешіт уезінен 5 өкіл, Шымкент уезінен 10 өкіл, Әулиеата уезінен 10 өкіл, Ташкент уезінен 9 өкіл, Алашордадан 3 өкіл, арнайы шақырылған 14 өкіл болған және съездің күн тәртібіне Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайы, Түркістан автономиясының Уақытша кеңесіне мүшелер сайлау, милиция құру секілді мәселелер қойылған.

Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесі съезде талқылану барысында «Улуг Туркестан» газеті М. Дулатовтың Алаш автономиясы жарияланғанша Сырдария Түркістан автономиясында тұра тұрсын, Алаш автономиясы жария етілген бойда Сырдария Алаш облыстарының бірі болып саналсын, Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болсын және Алашорда мен Түркістан автономиясы өзара одақ болсын деген ұсыныс білдіргені, бұл ұсынысқа делегаттардың 10-ы қуаттап, 38-і қарсы дауыс беріп, 8 дауыс қалыс қалғаны айтыла келіп, пікірталас барысында мынандай қаулы қабылданғанын көрсетеді: «1. Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында болсын. 2. Алаш автономиясы жария етілгенше Түркістанмен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен бастап Алаш автономиясына қосылады. 3. Сырдария уәлаяты қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда оның астанасы Түркістан қаласы болсын. 4. Алаш автономиясына Сырдария уәлаяты қосылғаннан кейін Түркістан Құрылтайына сайланған өкілдер Алаш Құрылтайына да өкіл болсын. 5. Съезде қабылданған қаулыларды Түркістан Құрылтайына сайланған өкілдер басшылыққа алатын болсын» [16].

Алашорда үкіметінің түркістандық және далалық облыстардағы қазақтарды бір мемлекет шаңырағы астына топтастыру жолында әрекеттенгенін «Улуг Туркестан» газетінде жарияланған Сырдария облысы қазақтарының шешімі айқын аңғартады. Империяның езілген ұлттары ұлттық автономиясын ресми түрде бекітіп береді деп үміттенген Бүкілресейлік құрылтайды 1918 жылдың қаңтарының басында большевиктер таратып жіберді [18, 348-б.]. Соған орай «Улуг Туркестан» газетінің мәліметтері съез делегаттарының мынандай қаулы қабылдағанын байқатады: «1.Сырдария облысында да басқа облыстардағы секілді тоқтаусыз милиция құрылсын. 2. Осыны іске асыру Түркістан Уақытша үкіметіне һәм облыс, уездерде болған қазақ-қырғыз ұйымдарына тапсырылсын. 3. Сырдария облысында милиция жасау ретіне Орынбордағы жалпықазақ съезінің милиция жасау жобасы қолданылсын» [16].

1918 жылдың 1 наурызындаТүркістан Халық комиссарлары кеңесі «Қоқан автономиясының» барлық басшыларын заңнан тыс деп жариялап, олардың мүлкін тәркіледі. «Шуро-и-Ислам» және «Шуро-и-улема» секілді т.б. ұлттық ұйымдар таратылды [13, 151-б.]. Осы оқиғадан кейінгі ахуалға

байланысты «Улуг Туркестан» газеті өзінің 7 наурыздағы санында түркістандықтарға арнап мынандай мазмұндағы мәлімдеме таратты: «Түркістан мұсылмандары үлкен үміт артқан Ұлттық мәжіліс пен Түркістан үкіметі тарады. Бұл іске себеп болған кім? Мұны қазір тексеретін уақыт емес. Қазіргі заман қазір өте нәзік. ... Енді бізге уақыт өткізбестен жаңадан іс бастау керек. ... Қоқан оқиғаларына байланысты мұсылмандар мен еуропалықтар арасында орын алған текетірес ушыға түсуі ықтимал. Қоқанда большевик пен мұсылмандар арасына үшінші бір күш от тастап, дұшпандықты қоздыруға әрекет етіп жатқан секілді. Ешбір мұсылман дүниеге қызығып ешкімге тимеген және өзіне біреуді тиістірмейді. Мұсылмандар Түркістандағы орыс, еврей және украиндармен бірлікте болуға тырысады. Бірақ бұған қарамастан кейбіреулер мұсылмандар мен еуропалықтар арасына от тастамақ ниетте. Мұны Ташкенттегі кейбіреулердің әрекеттерінен байқауға болады. Бірінші мартқа қарай қала мұсылмандары жаңа шаһарға шабуыл жасамақшы деген хабар таратып, қан төгісті туғызуға себеп болушылар бой көрсетті. Бұл хабардың негізсіз екенін дәлелдеуге, қан төгіске жол бермеуге күш салайық ... Осындай жағдайда кез келген қара ниетті өзінің жеке басының мүддесі үшін қанды оқиғаны туғызуы мүмкін. Мұсылмандар ондайлардың арандатуына түспеуі керек» [19].

Газеттегі мұндай мазмұндағы үндеудің астарынан Түркістан халықтарының ендігі уақытта бейбітқатар өмір сүруін жақтаушылық, сондай-ақ кеңестік билікке деген мойынұсынушылық байқалады. Дегенмен «Улуг Туркестан» газеті Түркістан өлкесінде кеңестік билік салтанат құрған кезіндегі мұндай ұстанымына қарамастан қысымшылыққа ұшырап, 1918 жылдың мамыр айында жабылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Петроградта большевиктер хкумати // Улуг Туркестан. – 1917. – 11 ноябрь.
2. Национальный вопрос на перекрестке мнений. 20-е годы. Документы и материалы. / сост.: В.А. Горный. – М.: Наука, 1992. – 268 с.
3. Туктаров Ф. Миллатчелик вэ без // Корултай. – 1917. – 5 ноябрь.
4. Куэт халыкта // Ирек. – 1917. – 30 март.
5. Кара халык, ак халык // Ирек. - 1917. – 27 апрель.
6. Вахитов М. Кызыл байракты саклау // Кызыл байрак. – 1917. – 11 сентябрь.
7. Ибрагимов Г. Яңи вакытта // Безнең юл. – 1918. – 29 январь.
8. Вәлиев Р.К. Өзелгән дога. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2007. – 270 б.
9. Кемнәр кем өчен омтылады // Аваз. – 1917. – 29 апрель.
10. Русие халықлары хак декларациясы // Аваз. – 1917. – 24 декабрь.
11. Қуқанда халық Шүроси // Улуг Туркестан. – 1917. – 8 декабрь.
12. Туркистан мухторияти // Улуг Туркестан. – 1917. – 13 декабрь.
13. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.

14. Оренбург, 20 январь // Вақыт. – 1918. – 21 январь.
15. Жалпы қазақ-қырғыз съезі // Қазақ. – 1918. – 18 январь.
16. Туркестанда Сырдария области казакларин съезди // Улут Туркестан. – 1918. – 17 январь.
17. Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 18 январь.
18. Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі // Бірлік туы. – 1917. – 29 январь.
19. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
20. Бүгенги вазифа // Улут Туркестан. -1917. – 7 март.

КАСПИЙ, ЖАЙЫҚ БОЙЫНДАҒЫ БАЛЫҚ КОЛХОЗДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Мирболатов С.М.,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы
кафедрасының магистр оқытушысы,
Атырау қаласы

1917 жылдан бастап совет елінің түкпір – түкпіріндегі жерлерінде республикалар мен өлкелердегі, облыстар мен округтердегі колхоз – совхоздарға, олардың негізгі шаруашылықтарының дамуына ықпал жасалынды. Ел ішінде құрылған колхоз – совхоздар саны үздіксіз өсе бастады. Сол кезде Гурьев (Атырау) облысында бірнеше колхоз – совхоздар іргетасын қалап, артель болып ұйымдаса бастаған болатын. Солардың бірі Балықшы ауданына қарасты Жаңа талап колхозы болды. Колхоз Забурын құмды жерінде 1931 жылдың көктемінде құрылды. Колхоз аты Жаңаталап болғанда орталығы Жанбай болды. 17-18 ғасырлардан бермен қарай Каспий теңізінің Жайық пен Еділ өзендері арасындағы жағалауы Ресей мемлекетінің жоғарғы лауазымды шенеуліктері князь Юсупов пен граф Безбородько дегендердің жеке меншік жері болған. Олар бұл жерлерін балық аулау кәсібін жүргізу үшін орыстың бай саудагерлеріне жалға (арендаға) берген. Бұл саудагерлер сол жердегі теңізге құятын ұсақ өзендердің тап теңізге құятын сағаларына ватагалар орнатқан. Ватага деген бір топ адамның бір жерге жиналғаны дегенді білдіреді. Балықты теңізден бір адам аулай алмайды, кемінде екі адам я топ адам аулайды, оны топ болып өңдейді – балықшылардың осы жиналған жерін ватага деген. Қазіргі Исатай ауданының теңіз жағалауында 12 ватага болған. Онда жоғарыда айтқандай 17-18 ғасырларда тек қана орыстар жұмыс жасаған.

Бұл ғасырларда бұл екі өзен аралығын қалмақтар иемденген, жайлаған. 1770-1773 жылдары бұл жерлердегі қалмақтар екіге бөлініп, бір бөлігі кәзіргі Ресей мемлекетінің қалмақтар Республикасының жеріне, одан әрі Дон өзені бойына кеткенде, бір бөлігі өздерінің ежелгі ата қонысы Моңғол еліне көшкен. Сүйтіп, екі өзен арасы елсіз иесіз қалған. Осы бос жатқан жерді қазақтың кіші жүзінің бір бөлігін басқаратын Бөкей сұлтан Ресей патшасы Павелдан сұрап

алып 1801 жылдан бастап елін көшіріп әкеліп қоныстандырады. Сонда кәзіргі Исатай ауданының Новобогат поселкасынан Таскран тарихи ескерткішке дейін Беріш тайпасының Бегіс руы (қазіргі Чапаев поселкесінің, Аққыстау поселкелерінің айналасы), Таскранның арғы түбінен теңіз жағы Мартыш кен орынын қоса Кұлкеш руы, одан әрі Жайық руы, одан әрі Себек руы, одан әрі Адай руы, одан әрі Есенғұл рулары орналасқан. Олардың жерінің ені 10-12-15 шақырымдай, оңтүстік жағы Каспий теңізінің жағалауы. Юсупов пен Безбородьконың жерімен, ондағы балық аулау ватагаларымен шектескенде, солтүстік жағы Нарын құмының жерлері болған. Бұл жерлерге қоныстанған ата бабаларымыз жазда Нарын құмына барып жайлап, қыста теңіз жағасына - қалың қамыстың ішіне киіз үйде қыстаған. Уақыт өте келе елдің бәрінің Қыста теңіз жағасына қыстап, жазда Нарын құмын жайлап, әрлі - бері көше беруге жағдайы көтермеген және қазақтар арасында бір жерге үй салып (қыстақ) отырықшылыққа айналу дәстүрлене бастаған. Сонда бір атадан өскен ағайынды адамдардың біреулері Нарын құмының ішінен үй салып қысы, жазы сонда тұрып қалған, енді біреулері теңізге жақын жерлерден үй салып, жазда Нарын құмының жақын жағалауына ғана жайлауға шығып, оралып отырған. Сүйтіп ағайындылардың қоныстары қашықтап араласуы сиреген. Бұдан бұрын айтқандай қырдағы ағайындардың "теңізге барамын, Сарытөбе барамын" – дейтіні осы Жанбай екенде, Сарытөбесі соған жақын қыр жайлауы екен. Кәзіргі Жанбай поселкесінің орынында Савикин деген орыс сәудегерінің ватагасы болған екен [16]. Отырықшылыққа көшкен теңіз жағалауындағы қазақтар енді орыс байларына жалданып балықшылық кәсіпті үйренеді. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін бұл жерлердегі ватагалар орыс байларынан тартып алынып, мемлекеттік кәсіпорынға айналадырылады, оларға серіктестік, кооперативтер ұйымдастырылады, ең соңында 1930 жылы колхоз ұйымдастырылды, оған сол жердегі барлық қазақ балықшылары кіреді, колхоздың атын “Жаңаталап” деп атайды, оның алғашқы төрағасы болып Бөтешке ұлы Салық сайланған. Салық Жайық руының Шұбар аталығының Өтеміс қажының баласы Бөтешкенің баласы; Қазақтар сол жердегі ватагалардағы балық аулау кәсібімен айналысқасын, барлығы сол жерлерге жиналып, үй салып, қазақ ауылы болған соң, ауылға аталарының атын Жанбайды қойып, содан бері Жанбай атанып келеді [17].

Жаңаталап колхоз болып құрылғаннан кейін көп қиыншылықтарды басынан кешіруге мәжбүр болды. Ел ішіндегі кулактардың әрекетінен басқа, ешқандай құрал – жабдықтың болмауы колхозға мүше болған шаруаларды әуелгі әзірде толқуға түсірді. Колхозда алғаш құрылған жылы 40 ғана мүшесі болды. Бірақ осы аз күш, бір адамдай ұйымшылдықпен қимылдады, колхоз экономикасының беки бастауына белгілі дәрежеде көмегін тигізді.

1929 жылы мемлекет тарапынан несие беріліп «Қызыл Урал» атты балық аулау шаруашылығы құрылады. Филиппов Петр осы шаруашылықтың дамуына белсене ат салысады. Петр Федорович 15 жасынан бастап теңізге шығып, балық шаруашылығының қыр-сырын терең ұғынады. Петр Федоровичтың балалық шағы өте ауыр жағдайда өтеді. Екі сыныптық бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, әкесіне көмектесіп шаруаға араласады.

Қажымас еңбегінің арқасында 1934 жылы Петр Филиппов Федорович колхоз төрағасы болып сайланды.

1938 жылы колхоз балықшыларының съезі өтеді, осы съезде Филиппов Петр Гурьев балық одағының төрағалығына сайланады. Кейін халық оның аянбай атқарған еңбегінің куәгері болып, 1939 жылы Гурьев қалалық кеңесінің депутаттығына сайлайды.

1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы жылдарында Филиппов Петр Федорович өз күшін аямай еңбек етеді. Соғыс жылдарында көптеген балықшылар отан қорғау мақсатында балық аулау құралдары мен қайықтарын тастап соғысқа аттанса, елде қалғандары олардың орынын жоқтатпай теңізден балық аулап балықшы – стахановшы атанды. Еліміз майданға жүздеген тонна балық өнімдерін жіберіп тұрды, сөйтіп балықшылар соғыста жеңіске жетуге өз үлестерін қосты.

Қалаға соғыс болған аудандардан аш-жалаңаш, азып-тозған адамдарды эвакуация жасады. Олардың бәрін пәтер мен жұмыспен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстары сол кезде қалалық кеңес басшысы болған Петр Феодрулына жүктелді.

Соғыс кезінде екі жыл Филиппов жергілікті әуе күштеріне қарсы ұйымның бастығы болып ауыр жұмысты басынан кешірді, бірақ 1944 жылы ол қажеттілікке байланысты Гурьев балықшылар одағын басқаруға қайта оралды. Төрт жыл қатарынан балық аулау жоспарын артығымен орындап жылдан жылға еңбектері еселене түсті. 1947 жылы 1946 жылмен салыстырғанда 41 000 центнер балық артығымен орындалған болса балықшылар одағы төрағасы Филипповтың еңбегі аз емес еді. 1948 жылы Филиппов Петр Гурьев қалалық депутаттығына ұсынылды .

Кейін «Қызыл Урал» колхозы «Микаян» деп аталды. Оның басшылығымен колхоз өздеріне берілген жоспарды артықшылығымен орындап, алдыңғы қатарға шығып, миллионер колхоз атанды. Микаян атындағы колхоздың малшы, егінші қазақтары болған. Бұл колхоздың негізін орыстар құрайтын, олардың барлығы қалада тұратында, тек балық аулауға қатынасатын., ал, қазақтарының көпшілігі мал мен егінде осы жерде тұрған. 1956-1957 жылдары бұлардың қаладағы бір қатар орыс қазағын осы жерге әкеледі. Олар ауылдың су айдайтын валының бергі жағынан үй салады, ішінде оншақты орыс жанұясы да бар. Колхоздың басқарма кеңсесіде қалада еді, оны да көшіртіп, 1957 жылы осы жерге әкелдірді. Колхозға бұрын КСРО Жабдықтау комиссары (министрі) болған Анастас Ивановия Микоян деген армянның аты қойылған болса, 1956 жылы оны өзгертіп Қазақтың жыр алыбы атанған Жамбыл Жабаевтың туғанына 110 жыл толу құрметіне Жамбылдың аты берілді. 1955 жылы бұл колхозға төраға болып Филиппов Петр Федорович сайланады, бұл кісі бұған дейін облыстық Балықшылар колхоздар Одағының басқарма төрағасы болған, қатардағы балықшыдан жоғарылаған адам. Жоғарыда айтылған қаладағы бірқатар қазақ жіне орыс үйлерін осы жерге көшіріп валдың бергі бетіндегі Аубекеров Мендігерейдің, Қыстаубаев Төлегеннің үйінен С.Есенғалиевтің үйіне дейін үй салдырған осы кісі және де кәзіргі Есенжанов Елтай кіріп отырған үйді бастауыш мектеп етіп,

Оразғалиевтың үйінің орнына бала-бақша, кәзіргі марқұм Әбілов Таластың үйінің орнына медициналық пункт салдырды. 1957 жылы тамыз айында Филипповтың орнына Қасимов Мәжи Әндірұлы сайланды.

Филип Мемлекеттік сенімін жауапкершілікпен орындауға бар күш жігерін арнады. Мемлекет Феодр Филипповтың еңбегін жоғары бағалап «Қызыл жұлдыз» орденімен балық шаруашылығы халық комиссарлары «Балық шаруашылығы Үздігі» значогымен марапаттады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін медаль ең құнды награда болды [18].

Бұрынғы қарапайым балықшы шаруа жанұясынан шыққан, балықшылықтан бастаған Филиппов Петр Феодрулы облыс халқының құрметіне бөленді. Оған ол адал еңбегі мен халыққа деген сүйіспеншілігі арқасында жетті.

Үш ұлы болған. Үлкен ұлы Мәскеудің Губкин атындағы Мұнай институтын, екінші ұлы Гурьев мұнай техникумын, үшінші ұлы Астрахан ауыл шаруашылығы техникумын бітірген.

1932 жылдың екінші жартысында балықшылардың саны 164 адам болса, солардың тоқсан алтысы әйел адамдар болды. Бұл факт, сөз жоқ, сол кездің өзінде ер адамдармен бірге әйелдердің де атсалысқанын дәлелдейді. Колхоз басшыларының (колхоз председателі С.Бөтешкин болды да, ауылдық Совет председателі Т.Елжанов болды) дұрыс басшылық жасауы арқасында 1938 жылы колхоз меншігінде 40 шана, 80 жылқы, 10 желкенді кеме болды.

Өлке тарихының жарқын куәсін Амангелді атындағы колхоздың кешегісі мен бүгінгісінен де айқын көруге болады.

1928 жылы ірі бай, кулактар тап жауы ретінде тәркіленіп, арамыздан біржола аластатылды. Міне, осы кезендерден бастап колхоздастыру жұмыстары да қызу қолға алына бастады. Ұйым болып еңбекке ұйымдастыру саясаты басталған кезде Ақай деген жерде алғашқы артельге сол жердегі ең кедей балықшылардан қырық адам қайық, құралдарын біріктіріп «Артель» құрған екен. Кейіннен бұларды «Ақайдың 40 батрағы» деп атап жүрді.

1930 жылы алғашқы Забурын ауыл советінде ұйымдасқан «Социалистік жол» колхозынан бөлініп «Ораз» колхозы болып аталып, 1937 жылдан бастап Аманкелді атында қалған. Колхозға мүше болған балықшылар колхоз меншігіне 40-50 ірілі - уақты қайықтарын берген. Ат – шана, уақ құрал-саймандар жеке балықшыларда сақталған. Қоғамдық малды ұйымдастыру 1938-39 жылдары іске асырылған. Негізгі кәсібі балық аулау, тек қана теңізден ауланған. Жазда реюшка, жаға қайығы (бударка), қыста мұз үстінен ақанмен ақ балық, осетр аулау, тюлень соғумен айналысқан. Ақан сеткісін балықшылар өздері тоқыған. Осетрмен тюлень аулау үшін балықшылар әр біреуі өз атшанасымен 8-10 адамнан топтасып мұз үстінде ай бойы шанасын толық жүктегенше жұмыс істеген. Бұл жұмысқа қайратты, алғыр адамдар ғана алынған. Колхоздың алғашқы ұйымдасуы мен өркендеуі Теңіз ауданы территориясында болды. Бұл өңірдегі негізгі шаруашылық балық аулау болғандықтан, алғашқы кездерде «Рыболовецкое кредитное товарищество» деген серіктік құрылып, оған ауылдағы қолы бос адамдар біріктіріле бастады. Көп кешікпей серіктік мүшелерінің саны 1480 адамға жетті. Сол 1929 жылдың

өзінде-ақ қолдағы бар құрал-жабдықтармен Каспий теңізінен балық аулауға кірісті. 1930 жылдың 5 шілдесінде алғашқы жиналыста «Социалистік жол» атты колхоз құрылды. Оның тұңғыш председателі болып Ерен Таспанов сайланды. Жыл өткен сайын колхозға келушілер қатары көбейіп, шаруашылық кеңейе бастады. 1934 жылдың қаңтар айында Забурын ауыл советіне қарасты екінші шаруашылық Исаев Ораз атындағы колхоз құрылды. Бұл осы 60 жылдан астам тарихы бар қазіргі Амангелді атындағы (кооператив) колхоздың негізі еді.

Колхоз председателі болып Доспай Төкенов сайланды. Осындай тар кезеңде колхоз құрылысын ұйымдастырып, оны алға бастыруда Қожабек Дәулетияров, Жалмұхан Бермағанбетов, Сұлтанғазы Доспанов т.б. ауыл активтері атсалыса жұмыс жасады.

Колхоз шарушылығының негізгі саласы – балық аулау болды. Балық аулау және оны тапсыру түгелдей қол күшімен атқарылған. Сол кездегі ауланған балық жаз айларында №30 Забурын балық қабылдау заводына, ал қыста Каспий саласындағы Кузнецов батағасына тапсырылатын. Колхоз балық аулаумен қатар мал шаруашылығымен айналысады.

Алғашқы колхоз мүшелері Ниетқали Батырханов, Шамархан Айшабозов, Жұмабай Қарамалаев, Көшен, Сапар Тілепеевтер, Шарапиден Шаңбаев, Байырхан Дариевтер балық аулау жұмысына белсене араласты.

1938 жылы И.Ораз атындағы колхозға қазақ жерінде болған Ұлт азаттық көтерілістің қол басшысы болған, батыр Амангелді Имановтың аты берілді.

Колхоз басқарма председателі болып Қожабек Дәулетияров сайланды.

Колхоз құрылысының ұйымдастырылуы және оны өркендету кезеңдерінде алғашқы партия ячейкалары да көптеген бұқаралық - саяси ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

1934-1950 жылдар аралығында партия ұйымы секретарлары болып Мажит Еркінбаев, Қаракенже Баймұратов, Хиту Сейтімов, Имаш Оспанов сияқты коммунистер жұмыс жасады.

Аманкелділіктер Ұлы Отан соғысының отты жылдарында да жанқиярлықпен еңбек етіп, майданға 92,568 центнер Каспий балығын, жауынгерлерге жылы киім жөнелтіп отырған.

1942 жылдың бірінші жартысында колхоз бойынша балық аулау жоспары 168%-ға артығымен орындалып, балықшы колхоздар одағының Ауыспалы Қызыл-Туын жеңіп алды.

Балық аулау жұмысы бригадалық әдіспен жүргізілді. Бригадаларда сол кезде Н. Батырханов, Кайболдиев, Нұрманов, Х. Сейтімов, Жұмалиев, Ә. Нысанғалиев сияқты тәжірибелі балықшылар басқарды.

1941 жылдың тамыз айынан 1961 жылға дейін колхоз басқарма председателі болып Жалмұхан Бермағанбетов үзбей 20 жыл жұмыс жасады. Күн санап колхоз экономикасы мен оның мүшелік саны да арта бастады. Сол кезде колхозда 150 реюшка, 2 құрма ау, 80-ге жуық жаға қайықтары болды.

1942 жылы көптеген колхоз мүшелері қолдарына қару алып майданға аттанды. Ал қалған колхоз мүшелері майданға аттанған жолдастарының жұмысын бөлісе істеп бұрынғыдан да құлшына еңбек етті.

Отты жылдардағы сұрапыл соғыста 30-дан астам колхоз мүшелері

майданнан оралмай қаза тапты.

1945 жылдың сәуір айында Амангелді атындағы колхоздан мал шаруашылығымен айналысатын «Родина» атты колхоз бөлініп шықты [19].

Екінші бесжылдықты абыроймен қортындылап, енді үшінші бесжылдық жоспарының ақырғы міндеттемелерін орындау үшін күресіп жатқан совет халқы бейбіт қаруды, соғыс қарумен алмастыруға мәжбүр болды. Сөйтіп колхоздың 200 – ге жуық мүшесі қатерлі жауды тойтаруға, Отанды жан аямай қорғауға тоқталмастан аттанып кетті. Ауылдан аттанған 200 азаматтың басым көпшілігіне өз туған жерлерінің бір уыс топырағы да бұйырмады. Олардың Отан алдындағы ерлігі жас ұрпақтың мәңгі есінде сақталып, қадір тұтып отырады. Соғыс аяқталып, көптің күткен ел тыныштығы орнады. Ұзын сапты күрек пен аудың қатты да берік арқандарын сағынып қалған солдат қолдары, соғыс салған зардаптарды жою үшін қиын да жемісті жұмысқа кірісіп кетті.

Соғыстан абыроймен оралған азаматтар оралысымен бүліншілікке ұшыраған шаруашылықты қалпына келтіру үшін бірінші болып атсалысып жан аямай еңбек етті. 1951 – 1955 жылдары колхоздың өркендеген дәуірінің басталған шағы деп атауға болады. Себебі, 1953 жылы колхоз колхозшылары үшін тұрақты еңбекақы тағайындалған. Мұның өзі колхозшылардың тұрмыс жағдайларын, материалдық мұқтаждықтарын түбірінен жақсартуға шешуші қадам жасаған еді [20].

Балықшылар ауылы өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында, дәлірек айтқанда 1955-1956 жылдары Жайық өзенінің теңізге құяр сағасындағы Дамба селосына көшіп келді. Содан бері Жайықтың жағасында ақ шаңқан үйлер салынып, ауласына алма бағын өсіріп, электр жарығы жүргізіліп, жаңа әлеуметтік тұрмыс кешті.

Алпысыншы жылдарға дейін теңізден желкенді қайықпен балық аулаған балықшылар 60-жылдардың басынан бастап Жайық өзенінен балық аулауға рұқсат алды. Теңізден балық аулау тиылды. Балықтың да түрі көбейді. Қызыл балық аулауға көшті. Қызыл балықтың, оның уылдырығының бағасы қымбат болды. Үкіметтің тапсырысы бойынша жоспарлы ауланған балықты балық-консерв комбинаты дер кезінде қабылдап алып, еңбек ақыларын мезгілінде төлеп тұрды. Балықшылардың тұрмысы жақсара түсті.

Забурыннан көшіп келгенде «Амангелді» атындағы балықшы ұжымшарында Бермағамбетов Жалмұхан, Ғұмаров Зұлқарнай, Омаров Қами және тағы басқа да басшылар болса, кейін Көшәлиев Қисмет, Мүрсәлимов Қабиболлалар басқарды. Елуінші жылдардың ортасында Краснодар өлкесіндегі Анапа қаласында Бүкілодақтық балықшы колхоздардың басшылық қызметкерлерін оқыту мектебінде жолдамамен оқып келген Мүрсәлимов Қабиболла, Жұмабаев Биғали, Омарова Ғалия, Шербасов Әуезғали, Тілепбергенов Салауат және т.б. ауыл жастары шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерімен қатар ауыл мәдениетін өрге бастыруға бірден-бір себепші болды. Сонымен бірге ауылға келген алғашқы агроном Ғұмаров Едіге, Енсанов Дүйсенбай, есеп қызметкері Әбуова Гүлнар, ауылдағы орта мектептің директоры Шапауов Ғинаят, Бұлтақов Идеят, Қабышев Ғаббас, Әбуов Сәрсен бастаған интеллигенция қауымы ауылдың мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне

үлкен-үлкен өзгерістер алып келді. Мүрсәлимов Қабіболла соғыстың сұрапыл жылдарында мектепті бітірер-бітірместен ауылдағы шаруашылыққа араласқан. Зейінді, зерек, сырықтай ұзын бойлы, кеудесін биік ұстайтын өр келбетті, «қайыңға біткен қарсы бұтақтай» айтар сөзіне дейін екшеп, салмақтап айтатын бірбеткей жан. Елуінші жылдары Анападағы балықшы колхоздардың басқару қызметкерлері мектебін бітіріп келіп, 25 жасынан бастап басшылық қызметке араласты. Тәртіптілікті, реттілікті қалайтын жас басшының балық аулау, егін өсіру, мал шаруашылығын дамытумен қатар ауыл мәдениетін өркендетуге зор үлес қосқанын айта кеткеніміз абзал. Көп жылдық бай тәжірибесі бар, әрі адаммен тіл табысуға деген икемі ерекше Көшәлиев Хисмет аға шаруашылық төрағасы болған жылдары інісіндей көрген Қабекеңнің ерінбей өз бетімен қарымды еңбек етуіне, елді өркениетке жетелеуіне ерік беріп отырды.

Алғашқыда Астрахань қаласынан тасып әкелінген жеміс ағаштарының көшеттерін әр ауылға ектірді. Шаруашылықтың алма бағын жасады. Алғашқы агроном Едігенің, Дүйсенбайдың еңбектері ерекше болды. Ауылда салынған жаңа типті мәдениет үйі жетпісінші жылдардың ортасында ауыл халқы үшін жақсылық болды. Аудан көлеміндегі алғашқы халық театры, балалар бақшасы, музыка мектебі сол жылдар үшін үлкен жаңалық болып табылатын. Оның басты ұйымдастырушысы Қабекең бастаған ауыл азаматтар еді [19, 12 б.].

Бұдан 65 жыл бұрын қазіргі Дамбы, Атырау селолық округтеріне кіретін Қызыл балық (қазіргі Атырау), Амангелді, Құрманғазы, Жамбыл (қазіргі Жаңаталап) аттарындағы колхоздар (қазіргі кооперативтер) халық бұрынғы Новобогат (қазіргі Исатай) ауданының Забурын, Манаш, Жанбай деген жерлерінен көшіп келіп, осы жерлерге орналасқан.

Балықшылар теңізден балық аулауға ватаганың айналасындағы ұсақ өзендер мен өзекшелерден теңізге тікелей шығып, тікелей кіретін болған, яғни ол өзектер мен өзекшелерде су толық болған, теңіз деңгейіде жоғары болған. XX - ғасырдың басынан бастап Каспий теңізінің деңгейі төмендей (яғни азая) бастаған, яғни 1929-1946 жылдар аралығында 1,04 метрге төмендесе, 1977 жылы 2.5 метрге төмендеген. Осыған байланысты бұрынғы кішігірім өзендер мен өзекшелер құрғап, кеуіп, теңізден үзіліп қалды, оларда су қалмады, қайықтар мен кемелер олар арқылы енді тікелей теңізге кіріп шығудан қалды. Сүйтіп, теңізден балық аулаудың бір ғана жолы қалды – ол Жайық өзені арқылы кіріп - шығу. Ол үшін колхоз балықшылары қайық, басқада ыдыстарымен, ау құрал-жабыдықтарын Атырау қаласындағы моторлы балық аулау станциясынан, балықшылар көбінесе МРС дейтін (моторно-рыболовецкая станция) мекемеден алады да, балық аулап келгеннен соң оларды қайтадан тапсырып кетеді. Сонда балықшылар теңізге Жайық арқылы шығу үшін арғы жағы Забурын, бергі жағы Жанбайдан 150-160 шақырым жерден көлікпен, ол болмаса жаяу келіп, кететін еді. 1930 жылдары колхоздар ұйымдастырылғанда жеке шаруалар өзі жеке меншігіндегі қайықтарын, ау құралдарын, малдарын бір жерге жинап барлық колхозшылардың пайдалануына, игілігін көруіне ұйымдастырған. Колхоз (коллективное хозяйство) дегеннің мәнісі де осы болатын. Ал, Колхозға ұйымдасқан шаруаларда моторлы кеме қайық түгілі паруспен жүретін тереңнен балық

аулайтын кеме, реюшка аталатын үлкен қайықта болмайтын, оларда бары жағадан ғана аулайтын кішкене қайық (морская бударка) болатын, ортаға салғандары да осы қайықтар болатын , ау құралдары да жыртық - жамау оңды болмайтын. Кеңес үкіметінің Еңбек және Қорғаныс кеңесінің қаулысымен 1932 жылы МРС - тар құрылды. Оның міндеті колхоздарды кеме, қайықтармен, ау құралдарымен, басқада керек - жарақтармен қамтамасыз ету. Ол үшін үкімет Каспий Жайық аймағында ауланатын балық мөлшеріне қарай керекті заттардың барлығын осы МРС-тарға береді, оны МРС-тар әр колхоздың балық аулау жоспарына қарай колхоздарға бөледі. Гурьев обылысында 1958 жылға дейін 3 МРС болды: Теңіз (Құманғазы) ауданында–Денгизский МРС, Бақсай (Махамбет) ауданында-Баксайская МРС, қалада-Гурьевская МРС. Бұлардың аты моторлы балық аулау станциясы болғанымен өздері балық ауламайды, бірақ, барлық кеме, қайық, ау құралдарының иесі — қожасы осылар. Колхоздар балық аулауға барлық құрал-жабдықтарды осылардан подотчет ретінде алады да, маусым біткен соң қайта тапсырады, жоғалғаны, сынғаны, тозғанының құнын колхоз төлейді . Маусымға шығарда кеме, қайықты колхоз өз шеберлерінің күшімен оңдап алады. Бұл оңдау ауа райына қарай наурыз айының ортасынан қалмай басталады. Мен бұрын қайық және теңізді көрмеген кісі биыл теңізге шыққым келіп, оны төраға Көшалиев Хисметпен келісіп, Гурьевке МРС - тағы қайықтарды жөндетуге және содан әрі қарай теңізге шығып кетуге келдім. Қайықтарды оңдауға келген балықшылар тобы рембазада, жұмыскерде ағайындарынікіне, таныстарынікіне жатады. Олар ештеме дәметпейді , барымен сыйлайды [21].

Қоныс аудару себебі, ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Каспий теңізі суы деңгейінің төмендеуіне байланысты оған құятын ұсақ өзеншелер мен өзектер теңізден бөлініп, тартылып, құрғап қалды, теңіз суы да тартылып, оның жағасы халық отыратын селолардан бірнеше шақырымға қашықтап кетті. Сөйтіп, осы өзеншелер мен өзектер арқылы ашық теңізге шығып, балық аулайтын балықшылардың жолы жабылды. Сондықтан балықшылар теңізге шығу үшін, осыдан 150-200 шақырым жердегі Забурын, Манаш, Жанбайдан жаяулатып Атырауға келіп, теңізге Жайық өзені арқылы шығып, балық аулауға мәжбүр болады. Ол кезде колхоздарда машина жоқ, көлік жеткіліксіз. Балықшылар балық маусымына байланысты ауылдарынан Атырауға (Гурьев), одан қайта ауылына жылына 2 реттен жаяу қатынап жүрді. Осы қиыншылықты сол кездегі аудандық, облыстық, партия, кеңес орындары, балық шаруашылығын басқару орындары Қазақстан Үкіметі алдына қойып, 1956 жылдың Қазақ ССР-ы Министрлер Кеңесінің елді көшіру туралы қаулысы шықты. Ол қауылда барлық колхоздарды 2 жылда (1956-1957 жылдарда) көшіріп болу мезімі белгіленді де, көшушілерге қоныс аударушылар (переселен) деген атақ беріліп Үкіметтік бюджеттен әр адамға 100 сом жәрдем ақша берілді. Гурьев облыстық атқару комитеті жанынан «Переселендік» бөлім деген ашылып, көшу, қону, орналастыруды осы бөлім атқарды. Бұл бөлімді бұрын сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болған Ермеков Қосмағанбет басқарды. Алғашқы бастап көшу 1956 жылдың шілде айының басынан басталды [16, 68]. Сол жылы Жайықтан бастау алатын

Нарын атты канал Жанбайға жеткен, бірақ, суы аз, кейбір кезде көгеріпте кететін, біз содан су ішіп, көшпей отырып қалдық, 3-4 үй. Мен барлық малды көшіріп, қырға орыналастырып шаруаны жүргізе бердім, ол жылы колхозда 2 ГАЗ - 51 автомашинасы болды, біреуі 80-90 номерлі, оны Өтемісов Оқас, біреуі 89-35 номерлі оны Қанатбаев Сари жүргізетін, сонымен жүремін, қырда атпен жүремін.

Елде балықшы колхоздарды Жайық бойына Дамбы деген жерге көшіреді екен деген әңгіме болып жүретін, көкек айының басында колхоз басшыларын обылыстық колхоздар одағына шақырады, Хисмет теңізде, мен келдім. Бұл жерде мынаны түсіндіріп кетейін: жалпы балықшы колхоздар 4 орынға бағындырылған екен: біреулеріне тікелей, біреулеріне жанамалай деген сияқты. 1. Аудандық партия комитеті мен атқару комитеті. Аудандық атқару комитетіне шаруашылықтың барлық саласы бойынша жоспардың орындалуы туралы айлық, жылдық есеп беріп отырады, ол колхоздарға тікелей басшылық, ықпал жасай алмайды. Аудандық партия комитеті ең шешуші жоғары орын. Үйткені, партия мүшесі емес кісі колхоз бастығы төрағасы бола алмайды, төраға да, орынбасары да тек қана партия мүшесі болады. Солай болғандықтан жоспардың орындалмауы, я шаруашылықтың басқа кемшіліктері, я жеке басының кемшіліктері болса, ол басшы аудандық партия комитетінің алдында жауап береді, оны орынынан алуда, тағайындауда осы органның қолында. Әрине, кейбір адамдарды жоғарыдан қорғаушылар ол уақытта да болған, бірақ, бар күш аудандық партия комитетінде болатын. 2. Гурьев обылыстық балықшы колхоздар одағы. Күнделікті қолданыста Облрыбакколхозсоюз, облырыбаксоюз (областной рыболовецкий союз) делінеді. Бұл мекеме облыстағы барлық балықшы колхоздардың басын біріктіруші, барлық хұқын, мұң - мұқтажын қорғаушы, жоқтаушы. Мұныңда басқармасы, төрағасы, (аппараты) атқарушы орыны бар. Басқарма мен төраға колхоздардың өкілдерінің жиылысында сайланады. Төрағаның кім болатынын обылыстық партия Комитеті шешіп, ұсынады. Бұның басты міндеті – обылыс бойынша балық аулау жоспарын орындау және асыра орындау және барлық колхоздың орындауын іске асыру, олардың қаржылық есептерін тоқсан сайын және жылда алып отыру. 3. МРС туралы бұрын айтылды. 4. Орал - Каспий балық тресі Урало - Каспийский рыбтрест күнделікті сөз қолданысында - Укатрест дейді.

Бұл өзі теңізден балық ауламайды, ондағы балық аулайтын колхоздардың балықшыларының аулаған балығын қабылдайды. Теңізде бір жерде тұрып балық өңдейтін, жүзбелі зауыттары және балықшылармен араласып жүріп балық қабылдайтын кемелері болды. Жайық өзенінен балық аулаудың қожасы, осы УкаТрест, оны аулайтын Гослов (государственный лов) деген мекемесі бар. Балықшы колхоздардың жоспарын орындауға бұлда ынталы, үйткені, олар орындаса, бұлда жоспарын орындайды. Бұл мекемелердің бәрі де өз жолдарымен колхоздарға ықпал, көмек жасай алады, обылыстық көлемдегі толғақтық мәселелерді жоғарғы орындарға қоя алады, бірақ, колхоздарға аудандық партия комитетінсіз, тікелей араласа алмайды. Жоғарыда айтқан көкек айының бас кезінде Обылыстық колхоздар одағына келдім. Бұл менің колхоздардың басшы орынына алғашқы келуім, ешкімді танымаймын, өзімше

шақырған адамдардың бөлмесіне кіріп, өзімді таныстырған болдым. Мәжілісте әңгіме Новобогат ауданындағы 4 балықшы колхозды Жайық өзені бойына Дамбы деген жерге көшіру туралы болды. Мәжілісті бұрын Обылыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған Ермеков Қосмағамбет деген кісі жүргізді, себебі: ол кісі кәзір сол обылыстық атқару комитетінің қоныс аудару – осы күнгіше көші - қон (переселение) бөлімінің бастығы екенде, осы 4 колхозды көшіріп, жаңа жерге қоныстандыру осы кісіге жүктелінген екен. Балықшы колхоздарды Жайық бойына көшіру: біріншіден, балықшылардың теңізге шығуын жеңілдету, екіншіден, оларды тікелей шаруашылық басқару орындарына (рыбаксоюз, МРС, УКТрест) жақындатып, басқару сапасын, ұйымдастыру сапасын жақсарту. Бұл бастама кімнен шықса да балықшылар үшін, олардың болашақ тұрмыстарының жақсыруына үлкен бет бұрыс жасаған дұрыс саясат, дұрыс шара болды. Көкек айының аяқ жерінде біз бұл мәселемен Ермековке тағы шақырылды, бұл жолы ол кісі қоныстанатын жерге алып барып, әр колхоздың шекарасын белгілеп, әр колхоздың селосының жоспарын (планын) берді және жазғы балық аулау маусымынан балықшылар оралған соң, көшуді бастау керектігі айтылды, үйткені, бұл көші - қонуға Қазақстан үкіметі 2 жыл мерзім беріп, көшпенділерге берілетін жәрдемді осы жылдың бюджетіне кіргізіпті. Әр колхоздың селосының бас жоспары белгіленген картаны алып, 30 көкек күні көшелерді белгілейтін қадалар қақтым. Бірінші қаданы кәзіргі Хисма Сұлтанов атындағы көшедегі Байдоллин Нәби, Гилыман тұратын үйдің ауласының бұрышынан, одан кейін сол көшедегі Ашенов Асылбек тұратын үйдің бұрышынан қақтым, бұл жұмысты өзім мініп жүрген ГУ 80-90 номерлі машинаның шофері Өтемісов Оқас екеуміз жүргіздік. Сол күні кешке дейін барлық көшенің қиылыстарына қада қағып, ертең 1 - Май мерекесінде болу үшін ауылға Жанбайға жүріп кеттік. Осы күні яғни 2007 жылы мен өзімді осы ауылды қоныстандырушымын деп санаймын. Балықшы колхоздарды Дамбыға көшіру мәселесі жоғары жақтан шешілгенмен әрбір колхозшымен шешілмеген болатын. Біріншіден, көшесің деп зорлағанның өзінде, барған жеріне паналайтын ештеме жоқ, айдала болатын, жазғы балық аулау маусымынан балықшылар мамыр айының аяғында оралады, олар маусым, шілде айларында ауылда болады да, тамыз айында теңізге қайта шығып кетеді, содан мұз қатқанда келеді. Осы екі ортадағы екі айда қыстық үй салып алуға ешкімдіде сендіре алмайсың және жаңа қоныстанатын жерде әзір үюлі тұрған үй салатын, материал тағы жоқ. Екіншіден, бұдан бір жарым ғасыр бұрын тұрақты қоныстанып, нашар (жаман) болсада баспанасы бар, ата - жұрт күлдігі мен ата - баба сүйегі жатқан жерден басқа жерге көшіру оңай соқпады.

Теңізден келген соң төраға Көшалиев Хисмет екеуміз үй - үйге кіріп түсіндіреміз, үгіттейміз, заңмен қорқытамыз, көбі селсоқ тындайды, өзімізді сөгіп тастайтындарда аз болмады. Әсіресе , әйелдер жағы ерім теңізге балық аулауға кетіп қалады , мен балалармен айдалаға қалай барып күн көремін , ерім болса қыста келеді деп шаптығып алады. Бір күні Хисмет марқұм маған: «Алдымен үлгі көрсетіп біреуіміз көшпесек болмас . Менен гөрі сенің от басың жеңілдеу ғой , 2-3 үйді лестіріп алдымен сен көшіп бар . Қалың елді көндіріп сенің соңыңнан жіберуге мында мен қалайын» - деді. Төрағаның айтқанына

көнбесіме хақым жоқ, бірден мақұлдадым және көшуге өзімде ынталы болдым, сонсын әр үйге кіріп, ал мен көшемін, менімен бірге көшесіңбе деп, үгіттей жүріп, Жұмашев Бекет, Баймұқанов Қожан, Қошқарбаев Ниғмет, Рамазанов Нысанғали деген 4 үйді ертіп 1956 жылдың шілде айының 5 күні осы жерге көшіп келдік [16, 211-213бб.]. Сонымен, 1956 жылы Жаңаталап колхозы Забурын жерінен Жайық бойына қоныс аударады. Оның басты себебі, Забурын жерінде шаруашылықты дамытуға қолайлы жағдай болмады. Сонымен қатар балықшылардың теңізге шығуын жеңілдету және оларды тікелей шаруашылық басқару орындарына (рыбаксоюз, МРС, УКТрест) жақындатып, басқару, ұйымдастыру сапасын жақсарту болды. Бұл балықшылар үшін тұрмыстарының жақсаруына жасалған дұрыс саясат, бетбұрыс болды. Айналада көрші колхоздар болмады, маман кадрлар жетіспеуінен зардап шекті. Сондықтан да, Жайық бойының Забурын құмды жеріне қарағанда маңызды артықшылықтары болды. Біріншіден, Жайық өзені іргеден ағып жатса, екіншіден, топырағы шұрайлы болғандықтан егін, балық шаруашылығының өркендеп ілгері дамуы үшін бұдан артық қолайлы жағдай керек емес еді. Жаңаталап колхозының Жайық бойындағы өмірі, тынысы осылайша басталды. Әрине, алғашқыда Құрал жабдықтарға колхоз қаржысының жеткіліксіз болуының салдарынан құрылыс мәселесі елеулі кемшіліктерге ұшырады. Бірақ Микоян сияқты көрші колхоздың көмегі арқасында «Жаңаталап» үш жылдың ішінде өз жағдайын біраз жақсартты. Ер адамдар ашуы қатты теңіз толқындарындағы құба жонды балықпен айқасқа түссе, ауылдағы әйелдер мен балалар соған бергісіз жұмыстар атқарды. Колхозды колхоз қылып құрастырып отырған, осы балықшылардың балыққа деген іңкәр махаббатынан болуы керек.

1930 – 1950 жылдардың аралағында колхоздың ақшалай табысы 9270 сомнан 50 мыңға дейін жетсе, 1960 жылдарда табыс мөлшері 700 мыңға артқан. Осы ақшалай табыстың 75% балық шаруашылығынан түссе, қалған 25% егін мен мал шаруашылықтарының үлесіне тиді [21,84].

Жаңаталап селосындағы Жамбыл колхозына бірінші болып Есенғалиев Сембай бастаған Қошқарбаев Ниғмет, Баймұқанов Қожан, Рамазанов Нысанғали, Бекмағанбетов Қайса, Жұмашев Бекет, Сабыров Хасан, Сейітов Әбілтай үйлері 7 шілде де келіп, қамыстан күрке, жерді қазып, жер кепе үй жасап, желтоқсанының басына дейін паналап отырған. Колхоз басқармасы күзгі балық аулауға шыққанша балықшылардан 2-3 топ құрап, тас бастырып, қамыстан бөшек байлаттырып, алғашқы 1956 жылы әр колхоздан 15-20 үй көшіп келіп, қыстап шықты. 1957 жылы жаппай көшу жүргізілді. Осы жылы Жайық өзені қатты тасып, Гурьев пен Новобогат арасын су басып кетіп, көшушілер Забурын, Манаш, Жанбайдан Махамбет поселкесімен айналып келуге мәжбүр болды, тіпті ондаған үй реюшка қайығымен теңіз арқылы көшіп келді. Сол 1957 жылдың аяғында қоныстану негізінде аяқталды. Бұл жолы барлық келушілерге пресстелген қамыс плитадан үй салынып берілді. Осы жылдың қараша айының аяғында Новобогат ауданы таратылып, Гурьев ауданы құрылып, оның орталығы Балықшы поселкесі болды. Көшіп келген 4 колхоз 1 ауыл Кеңеске біріктірілді де, ол «Дамбы ауылдық кеңесі» деп аталды. Жана көшіп келген ауылдардың мұң-мұқтажы көп болды, оларды мүмкіндіктеріне

қарай қанағаттандыруда аудагдық партия комитетінің бірінші хатшысы Сұлтанов Хисма, атқару комитетінің төрағасы Зайыров Қажен ізгілікті шараларды іске асырды. Әр ауылда дүкен, медпункттер ашылып, дизель генератормен мезгілді электр жарығы беріле бастады, бұлардан басқа да ауылда тұрмыстық қажетін өтеу орындарыбой көтерді.

1956 жылдан бастап жаңа қоныстанған колхоздардың экономикасы, балықшылардың тұрмысының әл-ауқаты жылдан-жылға жақсара түсті [16,98]. Колхоздардың балық аулау жайын түсіндіретін болсақ: Балықшылар теңізден балық аулауға ватаганың айналасындағы ұсақ өзендер мен өзекшелерден теңізге тікелей шығып, тікелей кіретін болған, яғни ол өзектер мен өзекшелерде су толық болған, теңіз деңгейіде жоғары болған. XX - ғасырдың басынан бастап Каспий теңізінің деңгей төмендей (яғни азая) бастаған, яғни 1929-1946 жылдар аралығында 1,04 метрге төмендесе, 1977 жылы 2.5 метрге төмендеген. Осыған байланысты бұрынғы кішігірім өзендер мен өзекшелер құрғап, кеуіп, теңізден үзіліп қалды, оларда су қалмады, қайықтар мен кемелер олар арқылы енді тікелей теңізге кіріп шығудан қалды. Сүйтіп, теңізден балық аулаудың бір ғана жолы қалды – ол Жайық өзені арқылы кіріп - шығу. Ол үшін колхоз балықшылары қайық, басқада ыдыстарымен, ау құрал-жабыдықтарын Атырау қаласындағы моторлы балық аулау станциясынан, балықшылар көбінесе МРС дейтін (моторно-рыболовецкая станция) мекемеден алады да, балық аулап келгеннен соң оларды қайтадан тапсырып кетеді.

Сонда балықшылар теңізге Жайық арқылы шығу үшін арғы жағы Забурын, бергі жағы Жанбайдан 150-160 шақырым жерден көлікпен, ол болмаса жаяу келіп, кететін еді. 1930 жылдары колхоздар ұйымдастырылғанда жеке шаруалар өзі жеке меншігіндегі қайықтарын, ау құралдарын, малдарын бір жерге жинап барлық колхозшылардың пайдалануына, игілігін көруіне ұйымдастырған. Колхоз (коллективное хозяйство) дегеннің мәнісі де осы болатын. Ал, Колхозға ұйымдасқан шаруаларда моторлы кеме қайық түгілі паруспен жүретін тереңнен балық аулайтын кеме, реюшка аталатын үлкен қайықта болмайтын, оларда бары жағадан ғана аулайтын кішкене қайық (морская бударка) болатын, ортаға салғандары да осы қайықтар болатын, ау құралдары да жыртық - жамау онды болмайтын. Кеңес үкіметінің Еңбек және Қорғаныс кеңесінің қаулысымен 1932 жылы МРС - тар құрылды. Оның міндеті колхоздарды кеме, қайықтармен, ау құралдарымен, басқада керек - жарақтармен қамтамасыз ету. Ол үшін үкімет Каспий Жайық аймағында ауланатын балық мөлшеріне қарай керекті заттардың барлығын осы МРС-тарға береді, оны МРС-тар әр колхоздың балық аулау жоспарына қарай колхоздарға бөледі. Гурьев обылысында 1958 жылға дейін 3 МРС болды: Теңіз (Құманғазы) ауданында–Денгизский МРС, Бақсай (Махамбет) ауданында-Бақсайская МРС, қалада-Гурьевская МРС. Бұлардың аты моторлы балық аулау станциясы болғанымен өздері балық ауламайды, бірақ, барлық кеме, қайық, ау құралдарының иесі — қожасы осылар. Колхоздар балық аулауға барлық құрал-жабдықтарды осылардан подотчет ретінде алады да, маусым біткен соң қайта тапсырады, жоғалғаны, сынғаны, тозғанының құнын колхоз төлейді. Маусымға шығарда кеме,мқайықты колхоз өз шеберлерінің күшімен ондап алады. Бұл

оңдау ауа райына қарай наурыз айының ортасынан қалмай басталады. Мен бұрын қайық және теңізді көрмеген кісі биыл теңізге шыққым келіп, оны төраға Көшалиев Хисметпен келісіп, Гурьевке МРС - тағы қайықтарды жөндетуге және содан әрі қарай теңізге шығып кетуге келдім. Қайықтарды оңдауға келген балықшылар тобы рембазада, жұмыскерде ағайындары мен таныстарының үйінде жатады. Олар ештеме дәметпейді, барымен сыйлайды.

Жайық өзені бойынан колхоздарға жер бөлінгенде Жамбыл колхозына Жайықтың оңтүстік шығысына қарай бөлінетін Зарослая және Залатенок деген жерлердің екі саласының арасы тиген. Бұл екеуі ол кезде суға толы теңізге құятын үлкен салалар еді. Қазір Қызылбалық ауылымен екі ортадағы Золотенок өзегі кеуіп құрғап қалды. Зарослая өзені кейде үзіліп кейде тасып теңізге жалғасып отырса, теңіз жағы оған жетпей үзіліп қалған. Қазір теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты өзен суға толып жалғасып кетті. Зарослая өзені 2010–2011 жылдары тереңдетіп қазылып, теңізге тікелей қосылды. Жаңа қоныстада ауыл, колхоз аты өзгермей Жаңаталап болып қала берді. Колхоздан киіз үйде алмадым, осы бес үй кәзіргі Баймұқанов Қожанның үйінің Жайық өзені жағындағы жағаға қамыстан күрке жасап (салып) отырдық, маса, сона күндіз түні – буып тұрады, тамақты қаладан жаяу тасып әкелеміз. Сол шілде айының орта жерінде Хисмет Жанбайдан бір топ балықшыларды ертіп әкелді, оларға Жайықтың жағасынан тас бастырдық. Тас басу бәрі қолмен істеледі: топырақ - сазды бел күрекпен жерді қазады, шұңқыр жасайды, оған өзеннен шелекпен жаяу су тасып құяды, оның ішіне жалаңаяқ түсіп балшықты езіп илейді, ол әбден езіліп болғанда оны «иі қанықты» дейді. Сонсын оны қолдан, ағаштан жасалған «қалып» деп атайтын 4 бұрышты ұзындығы 40 см, ені 20, биіктігі 20 см қорапқа құяды. Қораптың түбі болмайды, яғни тақтаймен қаптамайды, ашық болады, үстінен құйған балшық (лай) жерге барып тіреледі. Әбден толғанда қалыпты жоғары көтеріп алады да, оған құйылған балшық сол " қалып " түрде жерде қалып қояды, ол қазіргі ракушеблок сияқты болып шығады, оны кепкен соң үйдің жары етіп қалайды. Мен бұл жерде осы тас басуды; ол тас кепкеннен кейін үй салуды ұйымдастырдым. Бұл үйлерге ағаш, әйнек, есік, терезе басқа да қажеттерді алуға Обылыстық атқару комитеті "Гурьевоблссельстрой" деген треске барамын. Бұл трест кәзіргі "Қуан" рестораны тұрған жерде болды. Осы күнде де Газель машиналарының тоқтайтын жерін "Сельстрой" аялдамасы деп хабарлайды. Ол трестің бастығы Чужов деген кісі болды. 4 колхоздың төрағаларының орынбасарлары: Жаңаталаптан мен, Қызыл Балық колхозынан Алтынгаалиев Аятолла, Құрамнғазы колхозынан Қитаров Қайырлы, Аманкелді колхозынан Ғұмаров Зұлқарнай деген орынбасарлар бір машинамен күнде таңертең "Гурьевсельстрой" тресінің ағаш өңдеу цехына барып кезекте тұрамыз. Одан ағаш, есік - терезе алуымыз керек; ондағы цех біздің қажетімізге жететіндей шығара алмайды, біз бірімізден артық алмағанмен бөлінгеннен айырлып қалмау үшін күнде ерте барып, қашан бірдеме алғанша көшеде отырамызда қоямыз. Треске ағашқа келіп ағаш, материалдарды күтіп отырып, күн ыссы, көлеңке тауып алып, әңгіме соғамыз. Қитаров Хайрлы күлдіргі, әзіл әңгімені көп білетін әңгімешіл кісі, бұрын сауда мекемесінің директоры, колхоз төрағасы болған кісі. Ал Зұлқарнай біздің Жаңаталап колхозынан бөлінген III-

Интернационал колхозының төрағасы болған, шаруашылық көрсеткіштері жақсы болғандықтан КСРО Жоғарғы Советіне депутат болған кісі.

Ол кезде депутаттықтың екі түрі болды. Бірі Қазақ ССР -ы Жоғарғы Советіне депутат, екіншісі КСРО Жоғарғы Советіне депутат. Мұның үлкені КСРО-ның депутаты, оның сөзі, беделі бүтін Советтер Одағында жүреді, ал Қазақ ССР -ының депутатының өкілдігі тек Қазақстанда жүреді, ал Қазақстан КСРО-ның бір бөлігі ғана. Бұл депутаттар 4 жылға сайланады, содан кейін өкілдігі бітеді, Зұлқарнай ағамыз депутаттықтан сол өкілдігі біткен соң түскен адам, бірақ, беделі бар еді. Әрі - бері отырып шаршаған соң Зүкең (Зұлқарнай) мені араққа жұмсайды, үйткені, ең кішісі мен ғой, сүйтіп көңілденіпте алатынбыз. Обылыстық атқару комитеті 4 колхоздың әрқайысына бес-бестен Карель Республикасынан шығарылған құрастырмалы Финский деп аталатын ағаш үй бөлді. Бұл құрастыратын уық бөлшектері сонша көп үй екен, оны құрастырып тұрғызу бізге көп қиындық туғызды, біріншіден, обылыстық құрылыс мекемелерінің бірде-бірі оларды тұрғызуға алмайды, өйткені, өздерінің құрылыс жоспары бар, ал, бұл үйді тұрғызу құрылыс жоспарына кірмейді, ал, ол жоспарын орындамаса таяқ жейді, кімнің таяқ жегісі келеді не жоспарын орындамаған артта қалған, жаман мекеме атанғысы келеді. Екіншіден, мұндай үй құрастыратын маман сирек болатын және шартпен жалдамалы жұмыс істейтіндерді ол уақытта табу қиын еді, үйткені, қызметтің мұндай түрі қоғамымыздың үрдісіне ене қоймағанды.

1960 жылы колхоз өмірінде атап өтерліктей маңызды оқиға болып өтті. Яғни 1960 жылдың 12 мартында көрші Микоян колхозы мен Жаңаталап колхозының біріккен жиналысы болды. Қаралған мәселе екі колхозды біріктіру болды. Колхозшылардың қаулысы бойынша екі колхозға бір ғана «Жамбыл» деген ат беріліп, артельдің құрамы бұрынғыдан да толығырақ түсті. Осы біріктіру жиналысында колхоздың жаңа председателі Хисмет Көшалиев сайланды. Бұл жылдары теңіз бен өзектен балық қатар ауланатын. Жыл өткен сайын балықшылар жаңа қырынан көріне білді.

1963 жылы колхоз қоры, алдыңғы жылдармен салыстырғанда мүлде қарыштап ілгері басты. Мысалы бөлінбейтін қорда 1300 сом, кадр даярлау қорында 5400, өз ара жәрдем қорында 3100 сом, барлығы 424700 сомға жеткен. Міне бұл жағдай, колхозшылардың тұрмыс жағдайларының жақсарып, колхоз міндеттемесін асыра орындауға құлшындырды. Колхозда балықтың көп ауланатын кезі 2 – ші тоқсан. Бұл айлар керекті бағалы бекіре тұқымдас балықты көптен аулауға қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Бұл жылдары (1962 – 1973 жылдар) Жамбыл колхоз басқарма төрағасы Хисма Сұлтанов болды. Бұл кісі бұған дейін Махамбет ауданындағы бір совхоздың директоры болған еді. Жамбыл колхоз басқарма төрағасы Хисма Сұлтанов болған кезде колхоздың ең бір өрлеу, даму кезеңдері болып саналады [16].

1963 жылы Гурьев ауданы таратылғаннан кейін, 1965 жылдың қаңтарында қайтадан Балықшы ауданы болып қайта қрылды. Бұл аудан өмір сүрген 1965-1988 жылдар аралығында балықшы колхоздардың шаруашылық, саяси-әлеуметтік дамуының шарықтау кезеңі болды. Балық аулаудың, оның ішінде, қызыл балық аулаудың көлемі жылдан жылға өсіп, 1976-1978 жылдары

биік шыңына жеткен жылдар. Мысалы, Жамбыл колхозында 1976 жылы 21569 т., 1977 жылы 20273 т. қызыл балық ауланған. Бір балықшы жылына 193 тонна балық аулаған. Колхоздар бүкіл Одақтық социалистік жарыста Астраханьдағы бас балық басқармасының, КСРО балық министрлігінің жүлделеріне ілігіп отырды. Жамбыл колхозы балықшылары Кенжеғұлов Иманғазы, Иманғалиев Өтеген, балық аулау инженері Әжіғалиев Теміртас «Еңбек Қызыл Ту», колхоз төрағасы Есенғалиев Сембай «Құрмет белгісі», звено жетекшісі Таршилов Николай «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды. Дамудың барысында 1980 жылдары Жамбыл колхозында егіс көлемі 190 га жетті, оның 90 га картоп, бақша өнімдері, 100 га мал азықтық шөптер (люцерна) болды. Осы жылдары орта есеппен колхоз бойынша әр гектардан 124 т картоп, 255 т овощ, 365 т бақша өнімдері алынса, кейбір жылдарда 605 т қызанақ, 143 т картоп, 440 т бақша, қауын-қарбыз өнімдері алынды. Сөйтіп көшпенді елден отырықшы елше айналдық. Егін салып, тың жерді игердік. Колхоздың овощ өсіретін звено жетекшісі Кенжиева Күнсұлу «Еңбек Қызыл Ту», агрономы Оразғалиев Хайролла «Еңбектегі ерлігі үшін» орденімен наградталды. Мал шаруашылығы да, одан алынатын өнім де тиісті деңгейде дамыды. Жамбыл колхозында сол заманғы механикаландырылған мал кешені (комплекс) салынып, онда барлығы да механикаландырылды, ішінара автоматтандырылды. Ең бастысы, мал шаруашылығы өркендеген сайын, колхозшылардың табысы да өсіп, тұрмыс жағдайлары да жақсара түсті [16,786].

1950 жылдары теңіз суының тартылуына байланысты Забурын, Манаш, Жанбай ауыл советтеріне қарасты балықшы колхоздардың балық аулауы және оны кезінде тапсыруы аса қиындап кетті.

Сол себепті 1956 жылдан бастап Новобогат ауданының балықшы колхоздары Жайық өзенінің жағасына қоныс аудара бастады. Ол жылдары құрылыс материалдары да тапшы болатын. Бар мүмкіндікті пайдалана отырып, аз уақыт ішінде балықшылар өздеріне тұрғын үй салып алудың жабдығын жасады. Колхоздар Дамбы елді мекеніне 1956 жылы келіп қоныстанған. Бұл жерге көшіп келудің басты себебі балық аулау флоты, аулау құралдары осы Жайық бойындағы МДС-та қалады да, адамдар Забурынға шұбырады. Флотты, аулау құралдарын дайындау, жөндеу жұмысы қиындықтарға соқты, оны орындау үшін балықшылар жылына бірнеше ай бойы үйінен бөлек, Гурьев қаласында орналасқан МДС-та болу өте қиын болды. 1962 жылы МДС (моторлы балық аулау станциясы) таратылып, флот, аулау құралдары колхоздың өз меншігіне ауды. Сол жылы теңізден балықты тек қана ставной неводпен аулау ғана қалып, сеткамен балық аулау тоқтатылды. Теңізге 1963 жылы 4 ставной невод звенолары шығып, II-тоқсанда майшабақ аулады. Содан кейін теңізге сетка, ставной шығарылған жоқ. 1960 жылдардың бас кезінен бастап, Каспий теңізінен балық аулау тоқтатылып, Жайық бойынан ауланатын болды. Колхозда балық аулайтын жаңа құрал-саймандар, техникалар молайып, қол күші біршама жеңілдетілді.

Елуінші жылдары колхоздың тек қана тонна жарымдық бір ғана автомашинасы, бір тракторы болса, кейін колхозда барлығы 28 әртүрлі маркалы автомашина, 38-ден астам тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналары бар

ірі шаруашылыққа айналды.

Бір кезеңдерде балық аулау құралдары мен техникасы желкенді қайық, ат шана ғана болса, кейін балық аулау жұмысына 2 мотобаркас, 2 мотометчик және бірнеше қуатты лебедкалар мен темір ыдыстар пайдаланылды.

1959 жылдан бастап колхоз егін, мал шаруашылығынан алынатын өнімдерді молайтудың тиімді шараларын ала бастады. Егін, мал шаруашылығы қатарындағы қол жеткен табыстары үшін Карим Қапаров, Баплтай Қазанбекова, Тәнзила Баймұханова, Мүслима Иманғалиева, Сатпай Шамарханов т.б. колхозшылар «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен наградталып, табыс биігінен көрінген жандар.

Бұл күндері еңбегімен ел құрметіне бөленіп, Отан наградасына ие болғандардың саны шаруашылықтың әр саласынан да толыға түсуде.

Колхоз басқарма председателі болып 1961-1983 жылдар аралығында Қисымет Көшәлиев, Қабидолла Мүрсалимов, Қайырғали Құбашев, Қайырғали Өтеғалиев жұмыс істеді.

Сол сияқты бұл жылдар аралығында партия ұйымына Ибатолла Шекенов, Жаңбырбай Насиханов, Қадим Тәжіғалиев, Зинолла Шарипов, Ыбырай Есмұратов, Биғали Жұмабаев, Нұрсұлтан Бурабаев басшылық жасады [22].

Бүгінде Аманкелді атындағы кооперативтің келбеті танымастай өзгерген. Қазір кооперативте 400-ден астам адам еңбек етеді.

Колхоз орталығында 400 орындық мәдениет үйі, 90 балаға арналған бала бақша, бір дәрігерлік пункт, жаңа жобамен салынған сауда, байланыс орындары және мектеп үйі т.б. құрылыстар село орталығына ерекше түр беруде. Тұрғын үй түгелдей электр жарығымен, көгілдір отынмен, жылумен, ауыз суымен қамтылған.

Қазіргі кезеңде колхозшылардың 1/10-нің жеке меншік автомашина, мотоциклдері бар.

Колхоз еңбеккерлері шаруашылықтың әрбір саласы бойынша мемлекеттік жоспарларын артығымен орындауды толық қамтамасыз ету жолында еселі еңбек етті. Соның нәтижесінде 1984 жылдың балық аулау жоспарын мерзімінен бұрын 106 процентке, мемлекетке 1721 тонна егін өнімдерін тапсырып, жылдық жоспар 101,3 процентке; етті 102,1 процентке, сүтті 113,1 процентке артығымен орындап мол тартумен келіп отыр.

Колхоз жыл сайын шаруашылық салаларынан 1,5 млн. Табыс келтіріп, колхоз экономикасын одан әрі арттырып отырды. Міне, колхоздың жарты ғасырдан астам уақыт өткен өмір жолы осындай. Бұл колхозшылардың ерен еңбегінің, салауатты өмір салтының жарқын куәсі және еліміздің жарқын болашағы жолындағы арқасында қол жеткен табыстар екендігін көреміз.

1934 жылы колхоз қарамағында;

80 – 85 – желкенді қайық.

3 – стойка.

20 – жаға қайығы.

100 – колхоз мүшесі

1946 жылы колхоз малы – 2000

1950 жылы Автомашина – 1

1957 жылы Трактор – 1

1984 жылы

2 – мотобаркас

3 – мотомедчик

30 – мор будар

420 – колхоз мүшесі

28 – автомашина

38 – трактор

471 - сиыр

1956-1957 жылдары салынған тұрғын үйлер, үй иелерінің талғамын қанағаттандырудан қала бастады. 1970 жылдардан бастап колхозшылар өз табыстарына жаппай жаңадан үйлер сала бастады. Қазіргі ауылдағы ақшаңқай үйлердің жобасы сол жылдарда салынған үйлер, ауылға жоғарғы кернеулі электр желілері, телефон, радио желілері тартылды. Асфальт жол салынды, қаладан тазартылған су құбыры жүргізілді, мектеп үйі салынды. Ауылдың өзіндік қолтаңбасы, атқарған істерінің айғақтары көзге айқын көрініп тұрды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды ауыл тұрғындары бүкіл қазақстандықтармен бірдей көрді, оған шыдады, болашағына сенді. Бүгіндері қарқынды дамып, дүниежүзіндегі дамыған 50 елдің қатарына енуді мақсат етіп отырған Қазақстан еңбеккерлері қатарында ауыл халқы да еңбек етуде, өз үлестерін қосуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Барақбаев Т. Т., Нұрғазы К.Ш., Бадрызлова Н. С., Федоров Е. В., Асылбекова С. Ж. Тоғандарда люктелген үш жасар ресейлік бекіре тұқымдас балықтардың биологиялық белгілері мен балық сыйымдылығы топтарының өзгергіштігі/ мал шаруашылығы және ветеринария жетістіктері журналы 14 (5): 2015 – Б. 315-324.

2. Әлемдік балық аулау және аквакультура жағдайы / ФАО, 2014-243 б. 2

3. Бабин Б.Н. Астраханская партийная организация в борьбе за подготовку и проведение коллективизация рыболовецких хозяйств Астраханского округа в 1927-1931 гг. // Автореферат... к.и.н. – Москва, 1954. – 30 с.

4. Сармурзина Н. Астрахан қазақтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы (1917-1940 жж.) // Автореферат... к.и.н. – Автореферат... к.и.н. – Алматы, 2009.- 36 с.

5. Кожабаев С.Т. Борьба трудящихся Прикаспийских районов Казахстана за победу Советской власти (1917-1920 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1965. – 283 с., Тлепов С.Т. Установление и укрепление Советской власти на Мангышлаке (1917-1927 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1964. – 218 с.;

6. Табылдиев Х.Б. История социалистического Гурьева (1917-1937 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1973. – 214 с.

7. Бакиев Ж.Б. Социалистическое преобразование рыбного хозяйства (1917-1937). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1972. – 284 с.

8. К.Мендігереев «Батыс Қазақстан аумағындағы балық шаруашылығының даму тарихы (1801-1917 жж.)» оқу құралы – Атырау, 2018. -186 б.
9. Күленов К. Аралдың озат балықшылары. – Алматы. – 1952. – 48 б.
10. Өзбекбай, Е. С. Арал өңірінің балық шаруашылығы тарихы (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың 80 жылдары аралығы) // Молодой ученый. — 2014. — № 2.1 (61.1). — С. 17-20. — [URL:https://moluch.ru/archive/61/9115/](https://moluch.ru/archive/61/9115/)
11. Козыбаев М.К. Казахстан - арсенал фронта. АлмаАта: Казахстан, 1970. 473 с.
12. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.
13. Көлбаев Т. «Сұрапыл жылдар жаңғырығы» Алматы: Ана тілі газеті, 29 қаңтар 2015 ж.
14. В.А.Ежов, В.С.Василенко, Н.П.Липатова, Г.Г.Морехин, Г.С.Кравченко, Г.А.Куманев, Я.Е.Чадаева, Л.В.Максакова, М.К.Козыбаев (Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны. 1988) .
15. Балақаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны — Алма-Ата: Казахстан, 1971. — С.602.
16. Есенғалиев С. Өмір өткелдері. Алматы;2014.-476 бет
17. Атырау газеті 1994 ж. 12 ақпан
18. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай АОММ). 346-қор, 1-тізбе, 92-іс.
- 19.Колхоз басқармасы марқұм Қ.Мурсалимов естелігі 2006 ж.
20. Амангелді (колхоз) кооперативінің архиві, альбомға кіріспе
21. Есенғалиев С.Тағылымды өмір жолы. Атырау,2014 ж. 150 б.
22. Информатор Ж.Қатапов 2021 ж. қаңтар
23. Информатор С. Тілепбергенов 2020 ж. желтоқсан
24. Амангелді (колхоз) кооперативінің архиві, 50 жылдық естеліктер 2006 ж.
25. Қияда қатайған қанат. Каспий таңы газеті, 1968 ж.11 июль
26. Путевая мечта. Прикаспийская коммуна, 2014 г. 05.06.
27. Информатор Ұ. Байзуллин 2021 ж. наурыз
28. Кенжеғараев Қ. Балықшы. Каспий таңы газеті, 1969 ж. 29 апрель, №53
29. Кенжеғараев Қ. Ол құрсаудан құтқарған Қуанғали. Каспий таңы газеті, 1970 ж. 21 май
30. АОММ 325-қор, 1-тізбе, 2-іс.
31. Ғабдоллаұлы Ә. «Пірім демей , кім дейін» Атырау, 2012ж. 82 бет
32. Магнитофон таспасына Қ.Сидақовтың өз аузынан жазылған әңгіме 1985 ж.
33. Информатор Н.Бекенов 2020 ж. желтоқсан
34. АОММ 193-қор, 2-тізбе, 72-іс.
35. Т.Әжіғалиевтің келіні
36. Тиімділікті арттыру жолында, « Коммунистік еңбек» газеті, 1979 жыл, 17 ақпан
- 37.Информатор Ж.Құмарғалиев 2021 ж. наурыз
- 38.Ардагер балықшы Б. Гумаровтың әңгімесі

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Төлен Ә.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты,
Атырау қаласы*

Андатпа. Бұл мақалада Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстардың тарихи мәні мен ерекшеліктері талданады. Азаттық қозғалыстардың негізгі себептері мен олардың қоғамға әсері қарастырылады. Мақалада сондай-ақ қозғалыстардың маңызы және олардың қазіргі Қазақстан тарихындағы рөлі көрсетілген.

Негізгі сөздер: Азаттық қозғалыс, Батыс Қазақстан, тарих, қоғам.

Кіріспе. Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстар қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл қозғалыстардың негізгі себептері, олардың барысы және нәтижелері бүгінгі таңда да өзекті болып отыр. XIX және XX ғасырлардағы қазақ халқының азаттық күресі отаршылдыққа қарсы бағытталды. Қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына қауіп төндірген сыртқы күштердің экономикалық және саяси қысымы, жер мәселесі, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік, сондай-ақ халықтың экономикалық жағдайының нашарлауы бұл қозғалыстардың басты себептері болып табылады.

Қазақ халқының азаттық қозғалыстарының ерекшелігі - олар ұлттық-азаттық сипатта болған және халықтың мүддесін қорғауға бағытталған. Мысалы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс қазақ қоғамындағы әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күресті. Олар халықтың мүддесін қорғап, патша үкіметінің озбырлығына қарсы шықты [1]. Бұл көтерілістердің нәтижесінде қазақ қоғамында айтарлықтай өзгерістер болды және ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне ықпал етті.

XIX ғасырдың ортасындағы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс те үлкен маңызға ие. Кенесарының көтерілісі қазақ халқының тәуелсіздігін қорғауға бағытталды және патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы тұруға ұмтылды [5]. Бұл қозғалыс қазақ қоғамында ұлттық бірлік пен тәуелсіздік идеяларын нығайтты.

XX ғасырдың басында орын алған Алаш қозғалысы да қазақ халқының азаттық күресінің бір көрінісі болып табылады. Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси және мәдени тәуелсіздігін қорғауға бағытталды. Алаш партиясының көшбасшылары ұлттық мүддені қорғауға және қазақ халқының құқығын сақтауға ұмтылды [6].

Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстардың тарихын, олардың себептерін және әсерлерін жан-жақты қарастыру арқылы біз қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуын жақсырақ түсіне аламыз. Бұл қозғалыстардың маңызы қазіргі Қазақстан тарихында да айқын көрінеді. Қазақ халқының азаттық қозғалыстары бүгінгі таңда

тәуелсіздік пен ұлттық бірліктің маңызды негізі болып табылады.

Негізгі бөлім.

1. Азаттық қозғалыстардың пайда болу себептері.

Азаттық қозғалыстардың пайда болуына бірнеше факторлар ықпал етті. Біріншіден, қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына сыртқы күштердің араласуы, экономикалық және саяси қысымдар басты себептердің бірі болды. Патша үкіметінің Қазақстанға отарлау саясаты қазақ халқының өміріне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Жер мәселесі отаршылдық саясаттың негізгі элементтерінің бірі болды. Қазақтардың жерлері тартып алынып, орыс шаруалары мен казактарға берілді, бұл халықтың дәстүрлі көшпелі өмір салтына үлкен зиян келтірді. Жерлерінен айырылған қазақтар мал шаруашылығымен айналысу мүмкіндігінен айырылып, экономикалық қиындықтарға тап болды [1].

Екіншіден, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік азаттық қозғалыстардың туындауына түрткі болды. Патша үкіметінің жергілікті билік органдары қазақ халқының мүдделерін ескерусіз қалдырды. Байлар мен билердің билігі артып, қарапайым халықтың жағдайы нашарлады. Әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік халықтың наразылығын күшейтті және азаттық қозғалыстарға қосылуға итермеледі.

Үшіншіден, халықтың экономикалық жағдайының нашарлауы да азаттық қозғалыстардың пайда болуына әсер етті. Қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, жерлерінің тартып алынуы және шұрайлы жайылымдардың азаюы олардың экономикалық жағдайына ауыр соққы болды. Сонымен қатар, патша үкіметінің салық саясаты да халықтың жағдайын қиындатты. Салықтардың жоғары болуы және олардың әділетсіз жиналуы халықтың тұрмыс деңгейін төмендетті. Экономикалық жағдайдың нашарлауы халықты азаттық қозғалыстарға қатысуға итермеледі [2].

Төртіншіден, саяси қысымдар мен құқықтық шектеулер де азаттық қозғалыстардың пайда болуына себеп болды. Патша үкіметінің әкімшілік және құқықтық реформалары қазақ қоғамының дәстүрлі басқару жүйесін бұзды. Жергілікті басқару органдарының билігі күшейіп, қазақ халқының өзін-өзі басқару мүмкіндігі шектелді. Бұл жағдай халықтың наразылығын күшейтті және азаттық қозғалыстардың пайда болуына түрткі болды [3].

Осылайша, азаттық қозғалыстардың пайда болуына ықпал еткен негізгі факторлар: сыртқы күштердің араласуы, экономикалық және саяси қысымдар, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік, халықтың экономикалық жағдайының нашарлауы және саяси қысымдар болды. Бұл факторлар қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің көтерілуіне және азаттық қозғалыстардың туындауына ықпал етті.

2. Қозғалыстардың барысы.

Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстар әртүрлі кезеңдерде әртүрлі сипатта болды. Әр қозғалыс белгілі бір тарихи кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес өрбіді және өзінің мақсаттары мен міндеттері болды. Бұл қозғалыстардың негізгі бағыттары мен нәтижелері қоғамда үлкен өзгерістерге әкелді. XIX ғасырдағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған қозғалыстар

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Исатай Тайманұлы мен Махамбет

Өтемісұлы бастаған көтерілістер халықтың мүддесін қорғауға бағытталды. Исатай мен Махамбеттің көтерілісі 1836-1838 жылдары Батыс Қазақстанда орын алды. Олар патша үкіметінің озбырлығына қарсы шығып, қазақ халқының құқықтарын қорғауға ұмтылды. Бұл көтерілістердің негізгі себептері жер мәселесі, патша үкіметінің озбырлығы және жергілікті билік органдарының әділетсіздігі болды [2].

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс барысында қазақ халқының құқықтарын қорғау және әлеуметтік әділеттілікті орнату мақсатында бірнеше шайқастар өтті. Көтерілісшілердің негізгі талаптары жерлерін қайтару, салықтарды азайту және жергілікті билік органдарының әділетсіздігін тоқтату болды. Бұл қозғалыстардың нәтижесінде қазақ қоғамында айтарлықтай өзгерістер болды. Халықтың ұлттық сана-сезімі көтеріле бастады, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес күшейді [2].

Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс

XIX ғасырдың ортасында Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс Батыс Қазақстанда үлкен ықпал етті. Кенесары Қасымұлының көтерілісі 1837-1847 жылдары орын алып, қазақ халқының тәуелсіздігін қорғауға бағытталды. Кенесарының көтерілісі қазақ қоғамында ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне және тәуелсіздік идеяларының нығаюына үлкен әсер етті [5].

Кенесары Қасымұлының көтерілісі барысында қазақ халқының бірлігі мен ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында бірнеше маңызды шаралар қабылданды. Кенесарының негізгі мақсаты патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы тұрып, қазақ халқының тәуелсіздігін қалпына келтіру болды. Көтеріліс барысында Кенесарының әскері бірнеше жеңістерге жетті, бірақ ақырында патша үкіметінің күші басым болып, көтеріліс сәтсіз аяқталды. Дегенмен, Кенесары Қасымұлының қозғалысы қазақ халқының тарихында үлкен маңызға ие болды және ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне ықпал етті [5].

XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы. XX ғасырдың басында орын алған Алаш қозғалысы да қазақ халқының азаттық күресінің бір көрінісі болып табылады. Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси және мәдени тәуелсіздігін қорғауға бағытталды. Алаш партиясының көшбасшылары ұлттық мүддені қорғауға және қазақ халқының құқығын сақтауға ұмтылды. Алаш Орда үкіметі құрылып, қазақ халқының тәуелсіздігін жариялады. Бұл қозғалыс қазақ қоғамында саяси сана-сезімнің көтерілуіне және ұлттық бірліктің нығаюына үлкен әсер етті [6].

Алаш қозғалысының барысында қазақ зиялылары ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу мақсатында бірқатар маңызды шаралар қабылдады. Олар білім беру жүйесін реформалауға, мәдениет пен өнерді дамытуға, халықтың құқықтарын қорғауға ұмтылды. Алаш қозғалысының нәтижесінде қазақ қоғамында айтарлықтай өзгерістер болды, ұлттық сана-сезім күшейді және тәуелсіздікке ұмтылыс арта түсті [6].

3. Қозғалыстардың нәтижелері мен әсері.

Азаттық қозғалыстардың нәтижесінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімі айтарлықтай күшейді. Бұл қозғалыстар қазақ қоғамының әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы тұрып, өз құқықтарын қорғауға үйренуіне септігін

тигізді. Тарихи оқиғалар арқылы қазақ халқының патша үкіметінің озбырлығына, жергілікті билік органдарының әділетсіздігіне және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұра алатындығы дәлелденді.

Ұлттық сана-сезімнің күшеюі

Азаттық қозғалыстардың ең маңызды нәтижелерінің бірі – қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің күшеюі болды. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілістері, сондай-ақ Кенесары Қасымұлының қозғалысы қазақ халқының бірлігі мен ұлттық мүдделерін қорғау қажеттілігін ұғындырды. Бұл қозғалыстардың арқасында халықтың ұлттық сана-сезімі артты, қазақ халқының ұлттық бірлігі нығайды [2].

Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы тұру

Азаттық қозғалыстар қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы күрестің басталуына түрткі болды. Халық өз құқықтарын қорғауға, әділетсіздікке қарсы тұруға үйренді. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілісі қазақ халқының әділетсіздікке қарсы тұруының жарқын мысалы болып табылады. Бұл қозғалыстардың нәтижесінде қоғамда әлеуметтік теңдік пен әділеттілік идеялары кеңінен тарады [1].

Сыртқы күштерге қарсы тұру

Азаттық қозғалыстардың нәтижесінде қазақ қоғамы сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұра білді. Кенесары Қасымұлының көтерілісі патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы тұрудың маңызды кезеңі болды. Кенесарының қозғалысы қазақ халқының тәуелсіздігін қалпына келтіру және ұлттық мүдделерін қорғау бағытында үлкен маңызға ие болды [5]. Сонымен қатар, бұл көтеріліс қазақ қоғамында патша үкіметінің озбырлығына қарсы тұрудың қажеттілігін көрсетті және қазақ халқының сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұру қабілетін дәлелдеді.

Қоғамдық-саяси өзгерістер

Азаттық қозғалыстардың тағы бір маңызды нәтижесі – қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси өзгерістер болды. Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси сана-сезімін көтеруге және ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуге бағытталды. Алаш партиясының көшбасшылары ұлттық мүдделерді қорғау және қазақ халқының құқығын сақтауға ұмтылды. Бұл қозғалыс қазақ қоғамында саяси сана-сезімнің көтерілуіне және ұлттық бірліктің нығаюына үлкен әсер етті [6].

Қазіргі Қазақстан тарихындағы маңызы

Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстардың маңызы қазіргі Қазақстан тарихында айқын көрінеді. Бұл қозғалыстардың нәтижесінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімі күшейіп, қоғамда әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы тұру дәстүрі қалыптасты. Азаттық қозғалыстардың мұрасы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуіне және ұлттық бірліктің нығаюына негіз болды. Сонымен қатар, бұл қозғалыстардың тарихи маңызы қазіргі Қазақстан тарихында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру және тәуелсіздікке ұмтылыс идеяларын нығайту болып табылады [3].

Қорыта айтқанда, Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстардың нәтижелері қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің күшеюіне, әлеуметтік

әділетсіздіктерге қарсы тұруға және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұруға үйренуіне ықпал етті. Бұл қозғалыстардың тарихи маңызы қазіргі Қазақстан тарихында айқын көрінеді және ұлттық бірліктің нығаюына үлкен үлес қосты.

Қорытынды.

Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстар қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл қозғалыстардың пайда болуына патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жер мәселесі, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік, халықтың экономикалық жағдайының нашарлауы және саяси қысымдар сияқты бірнеше факторлар ықпал етті.

Азаттық қозғалыстар әртүрлі кезеңдерде әртүрлі сипатта болды. ХІХ ғасырдағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістер халықтың мүддесін қорғауға бағытталса, Кенесары Қасымұлының қозғалысы қазақ халқының тәуелсіздігін қорғауға ұмтылды. ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси және мәдени тәуелсіздігін қорғауға бағытталды. Бұл қозғалыстардың барлығы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін күшейтуге, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы тұруға және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұруға үйретті.

Азаттық қозғалыстардың нәтижесінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімі айтарлықтай күшейді, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы тұруға үйренді және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұру қабілеті артты. Бұл қозғалыстардың тарихи маңызы қазіргі Қазақстан тарихында айқын көрінеді. Азаттық қозғалыстардың мұрасы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуіне және ұлттық бірліктің нығаюына негіз болды. Сонымен қатар, бұл қозғалыстар ұлттық сана-сезімді қалыптастыру және тәуелсіздікке ұмтылыс идеяларын нығайту болып табылады.

Қорыта айтқанда, Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстардың нәтижелері қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің күшеюіне, әлеуметтік әділетсіздіктерге қарсы тұруға және сыртқы күштердің ықпалына қарсы тұруға үйретті. Бұл қозғалыстардың тарихи маңызы қазіргі Қазақстан тарихында айқын көрінеді және ұлттық бірліктің нығаюына үлкен үлес қосты. Азаттық қозғалыстардың мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізін қалауға және болашақ ұрпаққа ұлттық сана-сезімді сақтап қалуға зор ықпал етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасымов, Ж. Т. (2020). Қазақ халқының тарихы. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Смағұлов, Ә. Б. (2018). Батыс Қазақстандағы азаттық қозғалыстар. Астана: «Жас Алаш» баспасы.
3. Мырзағұлов, Е. Т. (2019). Қазақ қоғамының тарихы. Алматы: «Мектеп» баспасы.
4. Сұлтанов, Т. И. (2001). Қазақ хандығының тарихы. Алматы: Ғылым.
5. Жұмағұлов, Қ. Қ. (2010). Кенесары Қасымұлы: Тарихи тұлға. Астана: Фолиант.
6. Қойгелдиев, М. (1997). Алаш қозғалысы. Алматы: Санат.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЙ (1885-1937) ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Исенов Ө.И.,

*«Тарих» ғылымдарының кандидаты,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай
өңірлік университетінің профессоры*

Кошбаев Ж.А.,

*Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті.*

*тарих білім беру бағдарламасы 4 курс студенті
Қостанай қаласы*

Андатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басында Ұлттық мемлекет құруды мақсат етіп, Алаш орда қозғалысына қатысқан аса көрнекті қайраткерлердің бірі, заңгер, аудармашы, ұзақ жылдар бойы халқына беймәлім болып келген Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаевтың шығу тегі, өмір жолы, туып өскен ортасы, студенттік кезеңі, оқыған оқу орындары мен бағалары, отбасылық жағдайы, қоғамдық-саяси қызметі, заң саласындағы шығармашылық жұмыстары тарихи деректерге негізінде қарастырылады

Негізгі сөздер: Алаш қозғалысы, наркомист, сезд, партия, демократия,

Еліміздің өткен тарихында Алаш қозғалысы қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тігіп, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босату, тәуелсіз мемлекет құру жолында атқарған қызметтері мол. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, тәуелсіздікке жету жолында күрескен тарихи тұлғалар аз емес. Дегенмен де, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өзіндік ерекшелігі бар екенін айта кеткен жөн. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қозғалысының қайраткерлері халықты оқу-білімге шақырып ағартушылық арқылы, ұлттық санасын ояту арқылы, саяси партия құрып күресті саяси жолмен жүргізді. Осы жолда аянбай еңбек етіп қызмет жасағандардың бірі, ұлт жанашыры, қайраткер Сейдәзім Қадірбаев болған еді. Олардың осы жолды тандап ұлт мүддесіне қызмет жасауына өскен орта- сы, ата-н-анасынан алған тәрбиесі мен білімі, қазақ өлкесінде қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдай т.б. мәселелер әсер еткен болатын.

Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбайұлы 1885-1938 Торғай уезі, Наурызым болысындағы Сарықопа бойында дәулетті шаруаның отбасында дүниеге келген. Оқу білімге құштар, зерек ол негізі жастайында өз бетінше білім алуға талпынған [1, 216 б.].

Гүлнар Міржақыпқызы өзінің «Арыстың бірі - Сейдәзім» [2,306 б.] атты мақаласында Сейдәзімнің өскен ортасы туралы, арғы атасы Орта жүздің кіші арғын тармағынан шыққан Өтей батыр өз заманында қазақ жерін жау қолынан азат ету ісіне бел шешіп кірісіп, елін жаудан қорғаған алып батырлардың бірі.

Абылай ханның елеулі бір кезеңінде өмір сүріп, ерлігімен аты шыққан арғын Өтей Ақымбетұлы деген батыр болған. Еділ бойындағы қалмақтар қазақтарға шабуыл жасап, елдің берекесін қашырғанда Абылай хан Кіші жүз тармағындағы елге қорған болсын, деп Қараман Бөгенбай Қожекеұлы, Ерінші Уақ Бармақ батыр, Балта Керей Қолшыман батырлар бастаған қолды жіберген. Сол арнайы жасақтың құрамында Өтей батырда болған. Ат үстінде өзгеден озық көрінетін Өтей батыр сол шайқаста ерлікпен қаза тапқан. Қаралы жұрт батырды ақ киізге орап, арулап жерлеген екен. Сүйегі бүгінгі Атырау обылысының Қызылқоға ауданында жерленген. Өтейдің өзі өлсе де, бүгінге дейін оның есімі өлмеген. Батырдың есімі өзе елде ұранға айналған. Сейдәзімнің түп атасы – Өтей батыр болған. Өтей батырдан Бекбаулы би одан – Жамбайдан – Дәнен одан – Қазбек – Байғозы. Байғозыдан – Әлімбаи – Қадырбай – Қисық – Бозан – Бейіс – Бектұғыл тарайды. Қадырбай өз заманының атақты биі болған. Шежіре бойынша Қадырбайдан – Құлмағамбет, Хамза, Оспан туады. Құлмағамбеттен 4 ұл тарайды.

1. Үлкені Сейдәзім Құлмағанбетұлы. 2. Екінші ұлы Сейдахмет, одан – Мүкіш, Бақытжан. 3. Ортаншы ұлы Мейіржан, одан ұрпақ қалмаған. 4. Кенже ұлы Асқарбек, одан Мәрияш.

Сейдәзім Ыбырай Алтынсарин ашқан білім ордасында білім алған. Нақтылап айтсақ 1897-1899 жылдары Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесінің дайындық сыныбында оқып, 1899-1901 жылдары аралығында негізгі білім алған. Ал 1901-1905 жылдар аралығында Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінде оқыған [3, 310 б.].

Орынбор облыстық мемлекеттік архивіндегі Сейдәзім Қадырбайдың жеке ісінде Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесін 1901 жылы 3 мамырда оқып бітіргендігі жөніндегі № 55 куәлігі тіркелген. Куәліктен төмендегідей мәліметтерді көруге болады: «Свидетельство. Воспитанникъ Тургайского русско-киргизского двух класснаго училища Тургайского уезда, Тургайской области Сейдазыма Кадирбаева родившійся въ июнь месяца 1885 года окончилъ курсъ ученья двух класснаго училища Министерства Народнаго Просвещеніи при поведеніи отличномъ и успехахъ: повероученію отличномъ (5), русскому языку отличномъ (5+), чтенію отличномъ (5+), арифметике и геометріи отличномъ (5+), русской исторіи отличномъ (5+), географіи отличномъ (5+), естествоведенію отличномъ (5+), пеніюне обучался, чисто писанію и черченію отличномъ (5+), переплетному ремеслу хорошемъ (4), гимнастика отличномъ (5+). Въ чемъ и выдано ему, Кадирбаеву сіе свидѣтельство за подпись преподавателей и печатью училища 3 мая дн 1901 года. Городъ Тургай Заведывающій Тургайскимъ двух класснымъ училищемъ, учитель И. Григорьевъ» [4] делінген.

Аталған оқу орны 1860 жылы Ресей өкіметінің оқу жүйесінде жасаған реформасына орай құрылды. Оның шәкірттері бастапқы екі жыл даярлық класында оқыды. Негізгі білім екі жылдан кейін беріледі.

Бұл деректерден төмендегідей қорытындылар жасауға болады: Біріншіден, шәкірттері бастапқы екі жыл даярлық сыныбында оқып, негізгі білім екі жылдан кейін беріледі десек, онда Сейдәзім Құлмұхамедұлы

Қадырбаев 12 жасында Торғай екі жылдық орыс-қазақ училищесіне қабылданған. 1897-1899 жылдар аралығында дайындық сыныбында оқыса, 1899-1901 жылдар аралығында негізгі білімді алып шыққан. Ол барлығы төрт жыл оқып білім алып, 16 жасында аталған оқу орнын тамамдаған. Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев училищеге 12 жасында, яғни өзіндік ой-пікірі, көзқарасы әлі толық қалыптаспаған шағында келеді. Екіншіден, оқу орнын бітіргендігі жөніндегі №55 куәліктен училищеге оқыған пәндері мен алған бағалары көрсетілген. Сейдәзім Құлмұхамедұлының «өте жақсы» деген бағаға оқыған. Ол бір ғана «переплетное ремесло» пәнінен «жақсы» деген баға алған. Қалған барлық сабақтан өте жақсы «5+» деген бағаға оқығанын архив деректері айғақтайды [4].

Алайда Сейдәзім Қадырбаев Орынбор Қырғыз мұғалімдер мектебін үздік бағамен тамамдаған соң, оқытушылық жолға түспей, құқықтық-саяси бағытты таңдаған. ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейін, яғни қазақ балалары заң ілімін оқып, меңгергенге дейінгі уақыт аралығында қараша елдің құқы тапталып, орыс билеушілері ойларына келгенін істеп, алым-салықты көбейтіп, қазақтың жерін тартып алып, бекініс, қала салып жатты. Елінің саяси-құқықтық көзқарасының төмен екенін, көп жұрттың оқымаған қараңғы екенін ескеріп, кейінгі ғұмырында бодандықтағы сорлы ұлысының құқығын көтеремін деп күйінішпен әрі сүйінішпен іске кіріскен. Сейдәзім Қадырбаевтың «Мен қазақ зиялысы ретінде халқымның патшалық кезеңде көрген қорлығы мен қанауын сезбеуім және түсінбеуім, әрине, мүмкін емес-ті...» [5, 374 б.], деп жазуы сөзіміздің дәлелі.

Сейдәзім Қадырбай 1905 жылы Орынбор аймақтық сотының төрағасына, соттағы аудармашылық бос жұмыс орнына жұмысқа қабылдауын сұрап жазған өтінішімен, Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің инспекторы Андрусевичтің берген мінездемесі және ұсынысы негізінде жұмысқа қабылданады. Сондай-ақ, Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін бітіргеннен кейін 6 жыл қырғыз бастауыш мектебінде мұғалім болып қызмет істеу және 360 сом қаржыны қайтару міндеттемесінен босатылды [6].

1905 жылдан кейінгі кезеңге байланысты архив қорынан табылған жеке ісінің 38 және 39 парағында тіркелген «Личный листок ответственного работника» деп аталатын құжатта Сейдәзім Қадырбаев: «1905-1911 жылдар аралығында Орынбор округтық сотында аудармашы, 1911-1917 жылдар аралығында Орынбор округтық сотында хатшы», ал 1917 жылдан кейін деген кестеде: «1917 жылдың наурыз-шілде айларында Орынборда Торғай облыстық азаматтық атқару комитетінің мүшесі, 1917 жылдың шілде және қараша айларында Торғайда мировой судья, 1917 жылдың қараша айынан 1919 жылға дейін Алаш орда мүшесі, 1920 жылдан 1921 жылдың шілде айы аралығында Орал губерниясының халықтық сот кеңесінің мүшесі, 1921 жылдың шілде айынан қазіргі уақытта Орынборда Наркомюстта бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым», [4] деп өз қолымен жазған.

1921-1929 жылдар аралығында Орынборда Қазақ АКСР Халық Комиссариатының заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінде меңгеруші болып жұмыс жасайды. Наркомюстта қызмет еткен жылдары 1924 жылы

Орынбор қаласында «Қылмыстық істерді жүргізу заңын» қазақ тіліне тәржімалады. Аудармасын басқарушылар: Дулатұлы, Қадірбайұлы, Арыстанбекұлы. Бұл кітаптың аяғында «Қылмыстық істерді жүргізу заңына қосымша іс жүргізу үлгісі» де бірге басылған. Жалпы кітап 115 беттен және 34 бет қылмыстық істерді жүргізу үлгісінен тұрады. Сейдәзім Қадырбайұлы «Қылмыс заңына» барша өзгерістер, қосымшалар мен түзетулерді енгізіп, 1925 жылы қайта баспаға береді. 85 беттен тұратын «Қылмыс заңы» Қызылорда қаласында екінші рет басылып шықты. 1926 жылы Е. Омарұлы, Д. Ғаббасұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Нұрышұлымен бірлесіп «Ақы заңын» қазақ тіліне аударды. 154 бетті құрайтын «Ақы заңы» Қызылорда қаласында жарық көрді [4.]. Заңдарды қазақшаға тәржімалап, сол кездегі шала сауатты заңгерлер үшін баға жетпес көмекші құрал жасаған. Одан өзге, 1927 жылы «Жер заңы», 1928 «Нотариат туралы заң, ереже, нұсқаулар», 1930 жылы «Ақылы істерді жүргізу заңы» және «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заң» кітаптары басылып шығып, сот жүйесінде зор сұранысқа ие болған [8].

С.Қадырбайдың жан серіктерінің бірі Міржақып Дулатұлы өз заманында құқық пен заң саласының қазақ үшін қаншалықты өзекті екенін ескерткендей: «Сейдәзім сен, соны соқпаққа түсуге тырыс! Қарын тоқтық, көйлек көктік жараспайды саған. Сергек қара айналаңа. Серпіл. Сендей білімді жас өз еліне тигізер пайдасын жатпай тұрмай ойлауы тиіс...» [3,100 б.] – деп, азаматтық борышын еске түсіріп, өзінше қайраған екен. Елшіл жастарды тәрбиелеудегі ұлттық идеологияға айналуы тиіс нағыз мотивациялық қайнарлар Алаш арыстарының өмірі мен еңбектерінен алынарына осы бір мысал – кезекті бір айқын дәлел.

Сейдәзім талқыда танылған ер еді. Оның қайраткер ретінде тартысқа түсуі 1916 жылғы дүрбелеңмен тұспа-тұс келді. 25 июнь жарлығы шығып, қазақтан жұмыскер алатындығы елді аласапыран күйге түсірді. Жер-жерде халық көтеріліп, жұрт дүрлігіске ұшырады. Дүйім ел бойсұну мен қарсылық таңдауында сендей соғылысты. Осы бір шетін мәселеде Әлихан Бөкейхан бастаған серкелер жалпақ жұртты жарлыққа көнуге шақырды. Алаш жолындағы жөн білетін, жол тантитын оңды азаматтар атқа қонды. Аталған топтың басында Сейдәзім де бар еді. Отызға толған ерді қайраткерлік жолда шыңдаған осындай сындарлы шақ болатын.

Жарлық жарияланған күннен бастап күн сайын ел арасында наразылық, қарсылық үдей түсті. Тізім жасаған болыс-старшындарды өлтіріпті деген хабар желдей есіп, ел ішін үрей биледі. Осындай ауыр күндерің бірінде екі дос Міржақып пен Сейдәзім Орынбордан Ақтөбеге аттанды. Бұл туралы Міржақып Дулатұлы «Ақтөбе қаласына мың-мыңдаған қазақ жиналыпты. Ар жағындағы Ырғыз уезынен де, мына жақтағы Орал облысының сыбайлас уездернен де халық көп келіпті дегендік естідік. Солардың үстіне вице губернатор барғалы жатыр. Осыны білгеннен кейін Сейдәзім Қадырбайұлы екеуміз әдейі Ақтөбеге жүрдік» [7], – деп жазған.

1916 жылдың желтоқсанында «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сейдәзім Қадырбай бірігіп қол қойған үндеу жарияланды [9]. «Торғай һәм Ырғыз уезі халқына» деп атап көрсеткен үндеуден саясаттың

аңсын андап, астарын пайымдаған азаматтардың жанашыр тілегін түйсінбеу мүмкін емес. «Бұл хатты жазушы біздер-өз балаларыңның, өз тумаларың, жанымыз ашиды, қабырғамыз, қайысады. Біздің ата-ана, туған туысқандарымыз іштеріңде. Біз қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар:қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын жастар басын қорғаймын деп үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас деп ойлайтындарың бізді Құдай мен әруаққа тапсырыңдар! ...Әлі де болса, бізді осы елдің баласы екен дейтін болсаңдар, біздің ең соңғы, қысылғандығы ақылымызды алыңыздар! Түбінде іс өткен соң өкінгеннен пайда жоқ. Өлген тірілмейді, өшкен келмейді», Таусыла, Құдай мен әруақты алға тарта жазылған бұл үндеудің әр сөзінде Ахмет, Міржақып, Сейдәзімнің қан жылаған жүрегі, іштегі ащы өкісігі, ақ адал перзенттік лебі анық естіледі.

Сейдәзім Қадырбай 1917 жылы Орынбор қаласында өткізілген Торғай облыстық съезі ұйымдастырушыларының бірі және төреалқалық хатшылыққа тағайындалады. Сол жылы Мәскеудегі Жалпы мұсылман съезіне қатысуға төрт делегаттың бірі болып бекітілген. Орынборда өткен жалпықазақ съезінің құрамына өтеді. 1918-1920 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, т.б бірге Алаш Орданың Торғайдағы әскери бөлімінің мүшесі болып, Алаш әскерін құрылымдауға барынша атсалысады, тәжірибесін аямайды. 1922-1929 жылдары Қазақ АКСР Юстиция Халық Коммиссариатының Заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінде меңгеруші қызметін атқарады. 1926 жылы Қызылордада өткізілген заң курсына ұстаздық етеді.

Сейдәзім Юстиция Комиссариатында қызмет еткен жылдарында «Қылмыс заңын» (қазіргі «қылмыстық Кодекс») қазақшаға тәржімалап, шала сауатты заңгерлер үшін баға жетпес көмекші құрал жасаған [5, 4-5 б.].

Сейдәзім Қадырбайдың кәсіби шындалып, заң саласының майталманы болуына ол атқарған қызметтердің мол тәжірибесі де зор әсер еткені анық. 1922-1929 жылдар аралығында Қазақ АКСР Юстиция Халық Комиссариатының Сот құрылысы және бақылау бөлімінің меңгерушісі болса, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, Наркомюстта (қазіргі Әділет министрлігі) жауапты қызмет атқарған. Сол кездері қызметін атқарып жүріп, мерзімді баспасөзде публицистік мақалаларын да тұрақты түрде жариялап тұрады. Солардың бірқатары төмендегідей: «Ақы заңы»(1926), «Жер заңы» (1927), «Нотариат туралы заң, ереже, нұсқаулар» (1928), «Ақылы істерді жүргізу заң» (1930), «Неке,үй-іші және қамқорлық туралы заң» (1930) [3, 345 б.].

«Сендей бәріміз тәуекелшіл, өткір мінезді болсақ, мойымас жігерлі болсақ Алаштың бағы әлдеқашан жанар еді»,– деп Әлихан Бөкейхан оның бойындағы асыл қасиеттерін айтқан. Өзі де кей сәтте Сейдәзімге ұқсап бағатынын жасырмайтын. Сенің заңгерлік біліміңнің ұшқындарымен жанымды жаңғырта алсам, менің де айтып, жазбағым одан бетер салмақты бола түсер еді ау деп, өзінің олқы тұсын одағайлап көрсетуден именбейтін [10].

Қорыта айтпағымыз, Сейдәзім Құлмұхамедұлы Қадырбаев ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген заңгер, аудармашы, саяси қайраткер, алайда зерттелмеген ақтаңдақтар қатарында орын алуда.

Халқымыздың тарихында елге елеулі еңбек сіңірген, ұлт мүддесі үшін қызмет еткен айтулы тұлғалардың бірі болған Сейдәзім Қадырбаев туралы және оның аудармалары мен заң саласындағы кітаптары төте жазумен жазылғандықтан және біздің елімізде емес, шет жерлердегі архивтерде сақталғандықтан, оның көптеген еңбектері бізге әлі күнге дейін беймәлім болып отыр [4]. Оның еңбектері болашақ зерттеушілерді күтуде.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қадырбай Сейдәзім (1885-1938). Шығармалар жинағы. / Е.Тоқтарбай, Б.Әбеу. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 272 б.
2. Дулатова Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары: Естелік – эссе. – Алматы: Мектеп 2012. – 392 б.
3. Сейдәзім Қадырбай (1885-1938). Ақы заңы. Шығармалар жинағы. // Құраст.: Е.Тоқтарбай. – Астана: «Qyr balasy» ҚҚ, 2023. – 406 б.
4. Сактаганова Е.Б., Четин Н.Д. Исторические источники о некоторых моментах жизни юриста Сейдазыма Кадырбаева // Journal of history. №3 (98). 2020 <https://bulletin-history.kaznu.kz> 147-155 б.
5. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты редактор Г.А. Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 248 б.
6. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған. кітаптар көрсеткіштері. – 2003. – 400 б.
7. Миржакып, «1916 жыл» «Еңбекші қазақ», 1926 г. № 145.
8. А.Байтұрсынұлы. М.Дулатұлы, С.Қадырбай, М.Тұнғашин. Торғай һәм Ырғыз халқына. // Қазақ № 207, 1916.
9. Тоқтарбай Е. Қайта оралған қайраткер мақаласы. – TURKISTAN газеті. – 2019. № 45 (14 қараша). – 6 б.
10. Әлім Қ. «Наркомюст наркескені» мақаласы. – Егемен Қазақстан. – 2009. - № 124 (4 сәуір). – 5, 6 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Нүркен С.,

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетінің тарих
білім беру бағдарламасы I курс студенті,*

Исенов Ө.,

*тарих ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
Қостанай қаласы*

Андатпа. Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Мақалада ғалымның өмірі мен қоғамдық қызметінің тарихын қарастырады.

Негізгі сөздер: ғалым, геолог, академик, Ленин сыйлығы, тарихи тұлға

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қазақ КСР Ғылым Академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Кеңес Одағы мен Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтың тұңғыш академигі. Ол Қазақстандағы ғылыми және техникалық дамудың көшбасшысы болды. Қазақтан шыққан тұңғыш ғылым докторы, Шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым мен техника саласындағы КСРО алғашқы академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының және Қазақстандағы Ленин сыйлығының бірінші иегері болды. Міне, тарихи тұлғалардың бірі - Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақстан КП ОК мен республика үкіметінің көмегіне сүйене отырып, ол республика Ғылым академиясын ұйымдастыруға, ғылым салаларын дамытуға, жас ғалымдарды даярлауға көп үлес қосты. Республика ғылымының жарқын беттері тамаша ғалым Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қ.И.Сәтбаев туралы талай рет айтылып, талай кітап жазылды. Әлі қанша зерттеулерге жол ашық тұрғаны белгілі. Жер қойнауының сиқырлы жиһазын тамаша көрегендікпен аша білген академик Қаныш Сәтбаев қазақ халқы мен Қазақстан тарихындағы зор құбылыс. Ол аса көрнекті ғалым геолог қана емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі, әлемдік өреге көтерілген ойшыл ғұлама. Қаныш Имантайұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, ғалымдағы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның индустриалдық даму жолындағы өркениетті үрдістің көш басында болып, кеменгер ғалым атанды [1, 15-16 б.].

Қаныш Имантайұлы 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында көшпелі қазақ отбасында дүниеге келген. 1911 жылы ауыл мектебінде бастауышта білім алып, Павлодардың орысша қырғызша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітіріп, елінде мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет істейді. Қ.И.Сәтбаевтың 1921 жылы күтпеген жерде Томсктің технологиялық институтының геология профессоры М.А.Усовпен кездесуі оның өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Жердің құрылысы, Қазақстан жер қойнауының байлықтары туралы М.А.Усовпен болған әңгімелер оған әрі қарай оқудың қажетті екенін көрсетті. 1921 жылдың күзінде қабылдау емтиханын жақсы тапсырғаннан кейін, ол Томск технологиялық институты тау-кен факультетінің геология барлау бөлімшесіне студент болып қабылданды. 1926 жылдың шілдесінде Қаныш Имантайұлы институттағы оқуын аяқтап, диплом қорғап, тау-кен инженері геолог мамандығын алды. Республика басшылары оны 1925 жылы құрылған Жезказған мыс кен орнын және салынып жатқан Қарсақбай мыс заводын біріктіретін Атбасцветмент тресіне жұмысқа жіберді [2, 15-16 б.].

Ұлы ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, геология минерология ғылымдарының докторы (1942), профессор (1950), КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы геологиялық ғылымдар институтының алғашқы директоры (1941-1964) Қазақ филиал Төралқасы төрағасының орынбасары (1941-1942) төрағасы (1942-1946) Қазақ ССР Ғылым академиясының академиясының Президенті (1946-1952) және (1955-1964) Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі (1946) Төралқа мүшесі (1961-1964) Совет Одағы геологтары ұлттық комитеті төрағасының орынбасары (1957-1964), Тәжік ССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі (1951), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі (1949), КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақтық Кеңес Палатасы төрағасының орынбасары (1962-1964), Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты (1942).

Болашақ ғалымның әкесі Имантай Сәтбаев 1845-1928 ауыз әдебиеті мен өз жерінің тарихын жақсы білетін, түркі тектес һәм шығыс елдерінің әдебиетімен таныс аса сауатты адам болыпты. Имантай Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановқа зор құрметпен қараған, оның әкесі Шыңғыспен жақсы таныс болып, сыйластық құрған. Орыстың белгілі ғалым этнографы, Шоқан Уәлихановтың бірге оқыған досы Г.Н. Потанин Ресейдің географиялық қоғамның ауыз әдебиетін жинастыру қызметіне Қаныш Сәтбаевтің көмегін пайдаланған.

Ал анасы Әлима Исақызы 1862-1904 кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының 1850-1929 мейірбан әр құтты бауырында өсті. Болашақ ғалым өз әкесінен, ауылдық молдадан, оған қоса жергілікті екіжылдық Ақкелін мектебінен алғаш білім алды. Бала Қаныш сол күндерден ақ ерекше ұғымталдық қабілет танытты. Бұл жайында көп жылдардан кейін өмірдің төрт мезгілі атты кітабында академик Ш.Ш.Шөкин былай деп жазады: Мені бір

көргенін жадында сақтап қалғыш мінезі талай таңдатты. Арада он жыл өтсе де бір ұшырасқан адамды кеше ғана кездескендей ұмытпайын [2, 9-10 б.].

Ауыл мектебінен кейін оқуын Павлодардағы екіжылдық орыс-қазақ училищесінде жалғастырған жас талант оны 1914 жылы бітіріп шықты. Сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, 1918 жылы бітіріп шықты. 1918-1919 жылдары Сеиейдегі педагогикалық курстарда жаратылыстану пәнінің мұғалімі, 1919-1920 жылдары Ақкелін болысындағы 4-ші ауылда мұғалім, 1920-1921 жылдары Баянауылда халық судьясы қызметтерін атқарды. Жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, оқыған ортасы және сол заманның озық азаматтары – туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937) немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881-1937) пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937) үлкен әсер етті. Үшеуі де отыз жетінші жылдың жазықсыз құрбаны болды. Ағаларының саяси репрессияға ұшырауы, Мекке сапарында дүние салған атасы Сәтбайдың қажылығы академиктің ішінара қарсыластары үшін тоталитарлық жүйенің идеялогиялық қырсығын тигізуге қару болды.

Қаныш Имантайұлы азамат болып қалыптасуына Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлихан, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғырұлының үлгілі өмірі мен еңбектері жұғынысты әсерлерін тигізді. Ол Абайдың поэзиясын жақсы игеріп, оның көптеген шығармаларын жатқа айтып машықтанады, лирикалық әндерін үздік орындап жүрді. Студенттік жылдарында Ш.Уәлиханның шығармаларын терең талдап, мұқият оқиды. Шоқанның Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы Ер-Едіге эпосын қазақ тіліне аударды. Осы еңбегі 1927 жылы Мәскеуде басылып шықты. Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі – бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты кітапшілдеу ноғайша болып кетуіне байланысты, - деп Қаныш Имантайұлы анық жазды. Бұл еңбегін ана тілінде үлкен қамқорлығы һәм тіл ұстартуға қосқан тамаша үлесі деп білеміз [2, 10;11 б].

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарды тағайындау Комитетінің, Жоғары аттестациялық комиссияның, сондай-ақ көптеген ғылыми журналдар редколлегиясының мүшесі ретінде бұрынғы Кеңес Одағында ғылымды дамыту мен ұйымдастыру ісіне көп еңбек сіңірді. Академик М.В.Келдыш: Қаныш Имантайұлы еліміздегі тамаша геологтардың санатында еді. Геология саласындағы аса көрнекті ғалымдардың бірі болып табылады. Ол геологиялық теорияның дамуына орасан зор үлес қосты деп ерекше бағалады. Әйгілі академик, КСРО-ның бұрынғы Президенті, ұлы ғалымның тап осындай баға беруі Қаныш Имантайұлының әлемдік өреде ғылыми сара жол салғанының дәлелі. Ол ғылыми теориялық һәм практикалық жетістіктері арқылы ұлы ғалым атанумен қатар, туған елі Қазақстанның да мәртебесін биікке көтерді. Қаныш Сәтбаев ел алдында өз парызын үздік өтеп кеткен, дүниеге мың жылда бір келер дана перзент. Қаныш Сәтбаев бұрынғы Одақтағы және шетелдерге ғылыми мекемелермен, атақты ғалымдармен үнемі байланысын үзбеді. Металлогениялық болжам картасын, металлогения ғылымын бүкіл жер жүзіне кеңінен тарату жөніндегі баяндамасын Дели

қаласында өтетін геологтардың дүниежүзілік конференциясына дайындап жүрген еді, өкінішке қарай, тағдыр оған мұрша бермеді [3, 14 б.].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тамаша мінез құлқымен-де, өзінің сұлу тұлғасымен де ерекше дараланатын. Үлкен кішімен қарым қатынаста ол қарапайым және сыпайы болатын, әрқашан қайырымдылығымен, қамқорлыққа құштарлығымен баурайтын. Ол өзінің жылы күлкісі, мейірбанды жүзімен кездескен адамның мәңгілік есінде қалатын. Қаныш Сәтбаев үлкен шаңырақтың атасы. Ол балаларын өте жақсы көріп, оларға тамаша тәлім тәрбие берген. Қаныш Имантайұлының бірінші зайыбы Шәрипа Смағұлқызы Имантаевадан (1900-1987) туған Ханиса Қанышқасы Сәтбаева (1921) медицина ғылымының докторы, профессор; Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева (1930) филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының корреспондент мүшесі, Шоқан Уәлихан атындағы сыйлықтың лауреаты; екінші зайыбы Таисия Алексеевна Кошкина Сәтбаевтың (1900-1976) туған Мейіз Қанышқызы Сәтбаева (1931) геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қ. И. Сәтбаев Мәләш атты ұлы он төрт жасында, Мәриям атты қызы жиырма бір жасында қайтыс болған. Үш қызынан туған сегіз немересі, жеті шөбересі бар [1, 24 б.].

Қаныш Сәтбаев ғылым мен өнеркәсіпті дамудағы барлық ынта жігерін адамдарды жоқшылық пен кедейліктен, ауыр тұрмыстан құтқару үшін жұмсады. КСРО Геология министрі П. Я. Антропов пен үш мәрте Еңбек Ері Е. П. Славский екеуі, ауырып жатқан досының көңілін сұрауға барғандары туралы былай деп жазады: Қ. И. Сәтбаев әлсіз еді, соған қарамастан оның бізбен әңгімесі өз елінің байлығы, Маңғыстаудағы бай мұнай кен орны туралы, Қазақстанның басқа да минералды шикізат байлықтары жайлы болды. Елім деп еңіреп туған ұлы перзенттік мінез де, арман да осы шығар. Мәскеу емханасының терезесінен сұрғылт тұман түнеріп төнсе де, оның көкірегінде туған елім деп жанған шырақ лаулап тұрды.

Қазақстанның ұлы перзенті академик Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Москвада қайтыс болды. 3 ақпанда Алматыда бүкіл халық қайғырып, сүйікті ұлын, асыл данасын ақырғы сапарға аттандырды.

Қаныш Сәтбаев әлемдік өредегі тұлға, оның ғылым төрінен орыстың дүние жүзіне әйгілі ұлы ғылымдары В. А. Обручев, И. П. Бардин, М. В. Келдыш, В. Л. Е. П. Славский, И. Ф. Григорьев, П. Я. Антропов, Ш. Шөкин В. В. Гурба Ә. Марғұланмен достығы Қ. И. Сәтбаевтың өз бейнесін айқындай түседі. М. О. Әуезов екеуінің арасындағы зор сыйластық қазақ зиялылары үшін мәңгі сабақ. Өзі қызметтес болған Д. А. Қонаев, Ш. Есенов, Ө. Байқоңыров, Е. Бөкетов секілді арыстарға ғылым жолында ағалық қамқорлық көрсетуі оның үлкен азаматтығының айғағы.

Әлкей Марғұлан: Халықтың сүйген ұлы: Қаныш аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат. Қаныштың туып өскен, бала күнінде ойнақ салып қызықтаған жері Арқаның бір сұлу өлкесі Баянауыл тауының тауының сыртқы

бөктері, Ақкелін. Бұл тауларды орай ағып өтетін өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын екі сала бар: бірі Айырақ, Бірі Сарықамыс. Қаныш сол айырық сайының биік жағасында, ерте заманнан келе жатқан өзінің ата қыстауларында, 1899-жылы апрель айының 12 күні жарық дүниеге келді. Қаныштың өз әкесі Имантай ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын. Көп жасаған өмірін ол кісі ескі заманның әділетсіз зұлымдық істеріне қарсы қойып, жәбірленген, жапа шеккен адамдарға көмек көрсетуді зор мақсат еткен. Именкеңнің бұл жақсы қасиеттерін ол кісімен істес болған кедейлер Қозыбағар мен Қасең жақсы білетін. Олардың бүгінгі ұрпақтары совхоз жұмысшылары Заир мен Нұрлан да ол қасиетті әлі күнге ұмытпаған [3, 20-21 б.].

Қаныш Имантайұлы - ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген болатын.

Қаныш Сәтбаев металлогендік формацияның ғылыми әдісін жасаушы болып табылады. 1926-1929 жылдардағы зерттеулерінің арқасында, өнеркәсіптік тұрғыдан келешегі жоқ деп саналатын Жезқазған мыс кен орны қазір әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі болып табылады. Сәтбаев КСРО-да геология ғылымының дамуына және Қазақстанда ғылымның қалыптасуына үлкен үлес қосты. Қазақстан Ғылым Академиясын басқарған кезде оның құрамында көпсалалы ғылыми-зерттеу институттары табысты жұмыс істеді. Ол Орталық Азиядан келген алғашқы ғалым болды. Сонау 1946 жылы еді. Қаныш Сәтбаев – тау-кен геологиясы саласындағы көрнекті ғалым. Ол одақтас Қазақ филиалы Төралқасының төрағасы болды, әрі ғалым. Оның негізгі еңбектері зерттеу жұмыстарына арналған тау-кен геологиясы және минералды ресурстар кен орын алды. Қ.Сәтбаевтың ғылымға қосқан үлесі өте зор. Қ.Сәтбаев табиғи-географиялық сияқты аймақтарды терең зерттеді. Ол дегеніміз – Сарыарқа, Алтай тау сияқты минералды ресурстарға өте бай. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақбай, Атбасардың мүмкіндіктерін талдады, Спасск, Қарағанды көмір бассейні және Қаратау полиметалл кендерінің кен орындарын т.с.с маңызды ғылыми еңбектерін жарыққа шығарды.

30-шы жылдары Қ.Сәтбаев өзінің негізгі геологиялық-іздігі жұмысымен қатар, өлкенің тарихына қызығушылық танытып, ежелгі дәуірдегі металлургия тәжірибесі туралы құнды мәліметтер жинады, жергілікті топонимиканы, тас мүсіндерді, жартастағы суреттер мен жазуларды, ежелгі және ортағасырлық жерлеуді зерттеді. Осыған орай академиктің бізге жеткен еңбектері осыған дәлел.

Қорыта келе айтпағымыз, дарынды қазақ халқы жиырмамыншы ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлы тұлғасы құзар шыңға ұқсайды. Оның арқасында Қазақстан геологиясы өндірістік және іс жүзінде ғана қолданылатын ғылым өлшемі шеңберінен, адамзаттың ой әлемін қозғайтын биік дәрежеге жетті. Сондықтан да оның жарқын бейнесін ХХ ғасырдың ойшыл ғұламаларының арасынан көреміз. Ол біздің, мәңгі мақтанышымыз болып қала береді.

Егер адамзат күннен күнге гуманизмнің ең жоғарғы сатысына аяқ басса, Қаныш Сәтбаев гуманизмі сол үрдіске үлкен үлес қосты. Оның бар болмысы, жан талабы, азаматтық құштарлығы, ғылыми арманы барлық халықтардың өркениетті өмірге жету жолын арнады. Сондықтан да ол дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар қатарына қосылып, қазақ елінің маңдайына біткен шоқ жұлдызының біріне айналды [2, 18 б].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қ. И. Сәтбаев Таңдамалы Т.1. Қазақстан - Менің Отаным. 2007. – 384 б.
2. Қаныш Сәтбаев Қысқаша өмірбаяндық анықтама. – Алматы Жібек жолы 1999. – 31 б.
3. Заңғар Қ. Сәтбаев туралы естеліктер. – Алматы: Айкос 1999. – 308 б.
4. Медеу Сәрсекке. Нартұлға Қаныш Сәтбаев – Астана: Фолиант баспасы 2008. – 643 б.
5. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия./ Бас. ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 664 б.
6. Қаныш Сәтбаев – Алматы: Өнер 1989. – 34 б.

«ПОЛИТИКА РОССИИ И НАЦИОНАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ В ТУРКЕСТАНЕ (НА ОСНОВЕ ПАРИЖСКОГО АРХИВА МУСТАФЫ ШОКАЯ)»

Сапанов С. Ж.,

*доктор исторических наук, директор
НИИ «Истории, археологии и этнологии
Каспийского региона имени Х. Б. Табылдиева»*

Аймуратов С.Б.,

*кандидат философских наук,
старший преподаватель,
Атырауский университет им. Х.Досмухамедова*

В данной статье впервые публикуется статья М. Чокаева опубликованный в польском журнале «Дорога» **«Российской политике и национальном движений в Туркестане»** 1919 году. В этой статье М. Чокай дает подробный анализ политической ситуации в Туркестане после установления Советской власти. Он дает свою оценку следующим проблемам: Современной политике советской России, Мусульмане-коммунисты и Красная Армия, Рабочий вопрос, Публичное просвещение, Экономический упадок Туркестана, Голод в Туркестане, Стремление Туркестана к независимости, Завоевание Туркестана Россией, Колонизация Туркестана, Результаты колониальной политики и др.

Сегодня, когда мы переосмысливаем роль и деятельность выдающегося политического и государственного деятеля начала XX века Мустафы Чокай, очень важны любые мелочи и любые новые сведения о его бурной политической и публицистической деятельности. В этой связи мы предлагаем его статью, опубликованную в 1919 году в Варшаве в журнале «Дорога».

«Дорога» - ежемесячник, посвящённый вопросам польской жизни. Этот журнал освещал **ПОЛЬСКИЕ ВОПРОСЫ**, посвящённые политическим, общественным, экономическим и культурным вопросам. Издавался с 5 февраля 1919 года под редакцией Болеслава Сроцкого.

В номере, где М. Чокай опубликовал свой доклад, были также и другие публикации, посвященные польскому вопросу. Обратите внимание на содержание этого номера:

Дорога

Ежемесячник, посвящённый вопросу польской жизни.

Содержание номера:

Тадеуш Холувко: Грехи и ошибки польской работающей интеллигенции. Вопрос восточных границ. Вацлав Шмидт: Проблема восьмичасового рабочего дня в Германии после войны. Михал Сокольницкий: Из истории австро-польской возможности.

Вл. Н.: Министр иностранных дел.

И.Кшеславский: Политические партии в Латвии.

Мустафа Чокай Оглы: Российская политика и национальное движение в Туркестане.

Обзор:

(К.Щвит): Внутренние дела.

Заграница:

После выборов.

Экономические дела.

В.Вадек: Преодоление экономического кризиса и восьмичасовой рабочий день.

Книги:

Шимон Аскеназы: «Заметки».

Константы Сроковский: «Национальный вопрос на восточных границах».

Павел Конечный: Чешинский Шлёнск под чешской властью.

Кажимеж Керский: «Права национальных меньшинств в Польше».

Из Конфедерации Рабочих.

Книги и журналы присланы.

Предлагаем Вам полный текст статьи М. Чокая «Политика России и национальное движение в Туркестане», опубликованный в журнале «Дорога». Статья публикуется впервые в казахстанской историографии.

Мустафа Чокай Оглы

Политика России и национальное движение в Туркестане.

Современная политика советской России.

В статьях большевистских журналов мы находим самую лучшую информацию о российской политике в Туркестане. Журнал «Известия» от 7.09-19 подаёт следующую выписку из постановлений собрания мусульман-коммунистов с лета 1919г.

«Настроение, царившее при царском времени среди царствующего и привилегированного Туркестану класса (т.е. среди русских), до сих пор еще не исчезло. Удивляет презрение, какое некоторые коммунисты оказывают массам работников-туземцев, к которым относились как к рабам. В округе Ферганы советская власть не сделала ничего для укрощения разбоев, а даже скорее их вызывала. Напротив, она угнетает мусульманское население и даже мусульман-коммунистов».

Если мусульмане-коммунисты очень осторожны в своих словах, боясь подозрений в преступлении национализма, то русский коммунист, Ежы Сафаров, не стесненный этим случаем, выражается смелее в газете «Правда» от 20.04.1920г.

«Неравенство прав европейцев и мусульман в Туркестане чувствуется на каждом шагу. Сегодня здесь верят, что только русские могут исполнять в Туркестане диктаторскую власть пролетариата. В Перовске (город в округе Сыр-Дарьи) некий Гержо имел неограниченную власть. Этот мужчина вынудил целый ряд киргизов к «переселению». Это «переселение» вызвало смерть миллиона киргизов. «Партия русских коммунистов» и «советская власть» выгоняют киргизов с их территорий насильем, и даже не отступают перед явным или скрытым убийством».

Тот самый Сафаров пишет в другом журнале: «В 1917, 1918, 1919 годах в Туркестане живьём сожжены киргизы с целью изъятия их земель. На них устраивались охоты и их приговаривали к смерти». То, что эти мероприятия входили в план угнетения мусульманских масс, следует из того, что говорит тот же Сафаров: «Советское Российское правительство Туркестана, играющее роль чужой и вражеской силы по отношению к мусульманскому пролетариату, находит совершенно неожиданную поддержку среди европейского населения, - среди армянской буржуазии (дашнаки), чёрной сотни, русских служащих и даже русских попов».

Когда в первые дни революции – говорил Нарбутабеков, делегат Туркестана на конгрессе народов Востока, в сентябре 1920 года в Баку – большевики объявили принцип самоопределения народов, мы им поверили. Но что случилось в Туркестане в течение последних трёх лет? Советское правительство нам сказало: с сегодняшнего дня ваши верования и обычаи будут признаны свободными и неприкосновенными, а вот приходят Мусульмане и говорят, что наша вера не почитаема, что нам нельзя молиться и погребать наших умерших согласно обычаям и правилам нашей религии.

Мы требуем, чтобы принципы равноправия, свободы и братства были применены в жизни, а не на бумаге.

Мусульмане и Красная Армия.

Мусульмане Туркестана в принципе не принятые в ряды Красной Армии, составляя вооружённую силу, неизбежно добились бы решающего влияния на местные советы, что было бы в противоречии с «освободительной силой» советского правительства.

Рабочий вопрос.

Совсем как при царском режиме железные дороги, почта, телеграф и трамваи недоступны для Мусульман. Служащие кадры этих служб, также, как и в большинстве случаев, рабочие промышленных предприятий набраны в России, так что рабочие мусульмане вынуждены искать работу в Китайском Туркестане или также вступать в повстанческие банды.

Публичное просвещение.

В области публичного просвещения ситуация ещё хуже, чем в предреволюционное время. На XI-м Советском Съезде в декабре 1922 года руководитель советского правительства в Туркестане констатировал, что количество школ не превышает 311. «Власти отказывают в доставлении бумаги на печать учебников для мусульманских школ», пишет журнал «Кирыл Байрак» в Ташкенте. Тот же журнал доносит, что Мусульмане, недовольные знаниями в «большевистских» школах, в которых дети не могут даже научиться читать и писать, просили вновь открыть прежние религиозные школы. Эти недавно открытые школы посещаемы.

Экономический упадок Туркестана.

Экономическая жизнь Туркестана находится в очень тяжёлом состоянии даже по сравнению с губерниями центральной России. По статистике Центрального Совета дел народного хозяйства, в Туркестане, не считая округа Семиречья, в 1919 году осталось только 4 292 000 голов скота вместо

13 342 000 голов в 1915 году. Полная поверхность хлопководства находила от 680 000 десятин до 52 152 десятин в 1922 году. Из числа 840 промышленных предприятий в 1923 году функционировало только 68 предприятий. Все остальные не работали. Хуже было то, что ирригационная система, так важная для государства, была неслыханно дезорганизована, что в результате дало уменьшение посевной площади. В округе Ферганы эта поверхность уменьшилась с 610 000 десятин до 249 000 десятин в 1922 году. В других округах Туркестана сокращение наступило примерно в таких же размерах.

Голод в Туркестане.

Вышеуказанные числа еще не дают должного представления поражения. Согласно местным газетам в Туркестане начал царить безумный голод. Туркестан почти полностью изолирован как в 1918-1919 годах. Не получает никакой помощи извне. Советская власть взывает налог натурой с помощью жестоких репрессий, без сравнения более тяжелый, чем где-нибудь в другом месте. Например, в 1922 году в Фергане, в одном из наиболее одержимых голодом округе, налог был взят в отношении 105% предвиденных норм, а власть намерена повысить его ещё до 120%. Доход от налога применён не с целью помощи изголодавшему мусульманскому населению, а на личные потребности советского правительства.

Журнал «Туркестан», орган Центрального Туркестанского Исполнительного Комитета и местной коммунистической партии, сообщает 16 декабря 1922 года, следующие данные:

«Округ Наманган области Ферганы меньше всех пострадал от голода. Ситуация, в какой находится эта область, может показать нам образ терпений, какие выносят мусульмане других округов Туркестана, так, следовательно, в 1922 году в этой области было 190 675 жителей по отношению к 280 880 в прошлом году и 303 790 в 1914 году. Итак, только в 1921 году потеря составляет 40 205 человек. В 1920 году там было 31 576 коней и волов (в 1914 году 86 866 голов), из которых в 1922 году осталось только 26 177, то есть разница составляет 5 399 голов скота в течение 1921 года, сдохших от голода или съеденных людьми. В 1920 году в этой области засеяно 71 765 десятин, когда в 1914 году засеяно 134 365 десятин, в 1922 году засеяно всего лишь 60 000 десятин, а, следовательно, разница составляет 11 765 десятин.

Власти не оказали никакой значительной помощи. Они ограничились открытием нескольких буфетов, с такой неправильной организацией, что население их не посещало. Больные приговорены к смерти без никакой помощи.

Вот официальные данные, касающиеся области, меньше всего пострадавшей от голода. Большевики не позволяют никакой помощи ни со стороны American Relief Administration, ни Международного Комитета помощи для русских.

В просьбах о помощи, разосланных за границей Советами, не было речи о поражении голода в Туркестане. Также ничего удивительного, что нет никакого упоминания о Туркестане в «Рапорте об экономических условиях в России, со специальным учётом голода в 1921 и 1922 годах и положения сельского

хозяйства, опубликованного Лигой Наций, Женева, 1922». Туркестан ревностно защищаем большевистским правительством перед назойливыми взглядами. Причиной является то, что большевики, вопреки пацифистским видимостям (подобиям) их политики по отношению к западным капиталистическим государствам, сделали из этого края что-то вроде основы их революционной деятельности, направленной против европейских владений на Востоке.

Все вышеуказанное достаточно характеризует политику, проводимую советскими властями в Туркестане. Из результатов этих нескольких лет можно заключить, что политика эта во много раз опаснее и пагубнее для интересов мусульманского населения, чем политика царского правительства, проводимая в этом крае долгие годы. Царская Россия, желая эксплуатировать Туркестан в пользу национальных интересов, по крайней мере, сохраняла в своей политике некоторую логику, враждебную и не принятую здешним населением, но понятную с точки зрения якобы её миссии русификации. Но дело обстоит иначе для советской администрации. Советское правительство после прокламации России как «Союза равноправных национальных республик», обратилось к мусульманам с требованием самим определить свой политический строй и высказаться за союз с Россией или за полную независимость края, но на самом деле применило политику репрессий. Современная политика России в Туркестане лишена всякой логики и всякой руководствующей мысли. Она полностью обманчива. Злоупотребляет доверием народных масс Туркестана к освободительной программе большевиков.

Когда государственная власть отказывает в помощи населению, умирающему от голода и запрещает другим оказывать им помощь, когда «освободительная армия III-го Интернационала» грабит спокойных жителей, когда убивают Мусульман Туркестана, чтобы завладеть их имуществом, когда им отказывают в просвещении, Мусульмане Туркестана имеют право принимать такую власть и русское советское правительство, от которого эта власть исходит, за врага, опасного для их национального существования, как физического, так и морального и политического.

Стремление Туркестана к независимости.

Политика колонизации и русификации, проводимая правительством царской России, сознательные или неосознанные ошибки временного революционного правительства, в конце концов, неслыханное давление советского правительства составляют группу причин, вынудивших Мусульман Туркестана к замене автономной программы на программу национальной независимости. Однако следует заметить, что причины эти, впрочем, исключительной важности, были внутренние и поспособствовали ускорению момента объявления принципа национальной независимости Туркестана, что всё-таки пробуждения национального самосознания датируются со времени первого столкновения жителей с не толерантной политикой советского правительства.

Девиз независимости Туркестана составляет теперь совместную платформу для всех официальных партий страны, как националистов, так и коммунистов, которые разнообразными путями средствами стремятся к

осуществлению одной и той же цели: свободного и независимого Туркестана.

С этой точки зрения интересно сравнить два документа, относящихся к тому самому времени и характеризующие с одной стороны стремления независимой партии, с другой Мусульман-коммунистов Туркестана.

21 февраля 1919 года комитет, стоящий во главе независимой партии (во главе которой находился автор этой статьи), выслал под адресом мирной конференции в Версале радио, содержащее, между прочим, следующие декларации:

1. Российская империя, переживающая в настоящее время болезненный период перемен, лишено органа монолитного представительства, способного представлять все партии. По этому поводу органы узлы, соединяющие эти страны, перестали существовать со времени октябрьской революции.

2. Туркестан не может признать никакое из правительств, существующих в настоящее время в России, способным представлять его специальные политические, экономические и национальные интересы.

3. Следовательно, поэтому в ожидании создания в Туркестане центральной демократической власти и взвесив нехватку уполномоченного представительства, Комитет, имеющий задание созыва Законодательного Собрания в Туркестане, считает своим обязательством обратить внимание международного мирного конгресса на необходимость гарантирования стране возможностей свободного слова суверенной воли жителей Туркестана, в границах федеративного единства Демократической Российской Республики.

Комитет оставался верный программе автономии и выходил из принципа, что политические и правовые отношения между Туркестаном и Россией должны быть определены исключительно Законодательным Собранием этих стран и, как представительный орган страны, полностью уполномоченный, не мог быть ограничен в своём праве суда, касающегося дела совершенной политической независимости Туркестана.

Мусульмане-коммунисты имели ту же цель – независимость Туркестана – хотя другие пути и средства. Примерно в то же время в Ташкенте созвали конференцию с целью требования создания в Туркестане независимой советской республики тюркских народов (узбеков, казах-киргизов, татаров, башкиров). Итак, лидерство национальной программы полностью принадлежит Мусульманам-коммунистам, которые преобразовали идею большевиков об организации международного пролетариата в идеал значительно более близкий и более понятный для туземных масс, идеал создания советского Туркестана, но вольного и независимого. Москва отклонила национальные требования коммунистов мусульман. Ведь эти требования были непосредственным последствием политики советских властей, применяющих к Туркестану «диктаторство русского пролетариата», а отказ Москвы облегчил чёткие объединения всех политических стремлений страны на совместной платформе независимости Туркестана.

Только с республиканской и демократической Россией, признающей полную национальную свободу Туркестана, последний мог бы и должен был бы поддерживать отношения, необходимые как с точки зрения на своё

географическое положение по отношению к этой стране, так и экономической и цивилизаторской роли, какую могла бы сыграть Россия в Туркестане благодаря отношениям, завязавшимся между двумя странами полвека назад.

Географическое положение Туркестана, как это указано выше, создаёт из этой страны подходящую основу для «политики влияний» на соседние страны: Персию, Афганистан, Китайский Туркестан, а когда-то и Индию. Эта политика, инициатором которой была царская Россия, и которая проводилась в дальнейшем ходе советским правительством, в результате сделала из этой страны лагерь, жители которого жили под военной оккупацией.

Царская Россия, убеждённая в своей исторической миссии, упиралась при реализации своего причудливого плана завоевания Индии, плана, начатого завладением Туркестаном и частью Персии. Советская Россия, действуя во имя всеобщей революции, выполняет этот план на более реальном основании, а Туркестан является в дальнейшем ходе жертвой этой политической игры.

Туркестан хочет национальной независимости, хочет сам стать независимым деятелем политической жизни востока, пробуждённого от векового сна. Он больше не хочет быть пассивным и быть для кого-то ареной интриг.

Эти исторические действия и моральные условия объясняют исключительную ситуацию Туркестана по отношению к тюркскому и мусульманскому миру. С другой стороны, его географическое положение вызвало то, что как имперское российское правительство, так и современное советское правительство выбрали эту местность для основы подготовительной кампании с целью проникновения в соседние мусульманские страны.

Завоевание Туркестана Россией.

Проникновение России в среднюю Азию начинается в половине 19 века, в 1847 году. Русские построили на побережье Аральского моря крепость Раимское как основание движения вглубь страны. Через 37 лет заняли город Мерв, расположенный на афганской территории в закаспийской части, а в следующем 1885 году захватили крепость Кушка на границе Афганистана. Граница между российским Туркестаном и Афганистаном в окрестностях Памира была окончательно установлена англо-русским соглашением от 27 февраля 1895 года; из него следует, что Туркестан существует в своих настоящих границах от 28 лет, хотя был организован в форме отдельной административной единицы в 1867 году, когда было закончено завоевание современных земель Семиречья и Сырдарьи.

В моменте, когда Россия завоёвывала Среднюю Азию, её промышленность не достигла той ступени развития, чтобы чувствовалась потребность новых рынков сбыта её товаров. Свойственные причины проникновения России вглубь Центральной Азии были, следовательно, другие: они оставались в союзе с целями её колониальной политики. Переселяя крестьян с центральных губернии империи в не завоёванные земли, Россия жаждала только достичь разрешения внутренней проблемы и работала в сущности вещей в интересах собственников земель и дворянства, считающих колонизацию лучшим способом избежания аграрных волнений посредством

ослабления слишком густого крестьянского населения. Эта политика завоевания была применена под плащом так званной «исторической миссии России, призванной к распространению благодетней западной культуры среди полудиких народов востока». Отчуждение туземного населения Туркестана от русских колонистов было мотивировано «необходимостью защиты новых границ и усиления авторитета России среди захваченных стран».

Колонизация Туркестана.

Колонизация Туркестана русскими крестьянами была проведена параллельно с его завоеванием. Если завоевание какого-либо края европейской страной обычно сопровождается появлением купца и промышленника, то аналогичный факт со стороны России всегда сопровождается бесконечным походом крестьян-колонистов. Иногда даже эти колонисты-крестьяне предводительствуют завоеванию. Русская эмиграция в Туркестан была предпочтена со стороны Семиречья. Только в период с 1847 до 1867 года 15 000 русских колонистов осело в этом крае, а с 1868-1882 гг. прибыли дальнейшие 25 000. Следующая эмиграция была направлена на окрестности Семиречья, Сырдарьи, Самарканда, Ферганы и закаспийские страны. В начале 20 века на территории Туркестана числилось 326 российских колоний с населением 248 500 человек. Из года в год позднее тянули к Туркестану тысячи крестьян из России, а голод, царивший в ней в течение последних лет, ещё увеличивал число эмигрантов.

Эти числа, относительно незначительные, не объясняют существенного характера российской колониальной политики. Колонизация Туркестана Россией проводилась без никакого плана, без изучения нужд местного населения и без обозначения количества распоряжаемой земли.

«В течение более 20 лет жители Туркестана были лишены земли только благодаря своеволию местных властей, без никакой юридической санкции со стороны центральной власти: «Раздел земель между колонистами не имел никакого юридического основания», - говорит князь Масальский, превосходный исследователь Туркестана – зато зависел полностью от налога племён кочевников, киргизов, заинтересованных в этом вопросе, а также от стойкости представителей управлений». И даже когда позже права и установленные обычаи были уже применены к русской эмиграции в Туркестане, то эта реформа ни в какой мере не улучшила ситуации жителей этой страны, интересы которой не были лучше, чем защищаемые до сих пор. Напротив, право отнимало у туземцев всякие средства защиты или протеста даже против наиболее несправедливых экспроприаторов. Храбия Пахлен, который по приказу императора совершил в 1910 году инспекторское путешествие в Туркестан, следующим образом описывает «легальные» методы колониального управления этой страны:

Приверженцы колонизации предлагают уничтожение свыше 5 100 постоянных поселений киргизов, изгнание из них жителей в количестве свыше 30 000 с целью приобретения около 250 000 десятин (1 десятина=1,092 гектаров) возделываемой земли, на которой можно было бы осадить около 6 500 крестьянских ферм, считая по 40 десятин на ферму. С другой стороны,

фактом является то, что в округе Приспек на 5 395 парцелл, отданных в распоряжение колонизаторов, только 2 008 были заняты, то есть около 38 %, остальные 3 387 были пренебрежены колонизаторами, как мало пригодные на нужды аграрной эксплуатации. Из этого можно сделать вывод, что на этих 250 000 десятинах можно было бы создать самое большее 2 500 хозяйств, это значит, что с целью создания этих хозяйств нужно было бы уничтожить двойное количество киргизских поселений. Инспекция террористов, назначенных для отчуждения показала, что киргизы почти везде перешли с кочевого образа жизни на оседлый, и что разводят скот на месте. Так что реализация проекта колонизаторов, а, следовательно, снос киргизских поселений, вызвала бы несомненно их упадок.

Как устанавливает В.Васильев, исследователь окрестностей Семиречья, прежде всего у киргизов были отняты земли, оставляя им преимущественно наполовину пустынные степи и горы. Сейчас невозможно точно определить количество земель, отнятых у туземцев для русских колонизаторов. Примерно в 1920 году можно было бы её оценить в более полмиллиона десятин возделываемых земель. Добавляя ещё 610 481 десятин земель, отданных казакам Семиреченского округа, вместе мы получаем около полмиллиона десятин.

Чтобы дать себе отчёт с точного названия этих чисел, нужно сравнить с одной стороны количество земель, отнятых у туземцев Туркестана целым количеством возделываемых земель, с другой же стороны число русских колонистов с мусульманским аграрным населением этой страны. По данным упомянутого князя Масальского полная поверхность орошаемых земель в пяти округах Туркестана составляет около 2 808 000 десятин. Кроме того, имеется около 1 500 000 десятин земель не орошаемых, но, однако возделываемых, званных «бахарами», что вместе даёт 4 308 000 десятин. Так, следовательно, аграрное мусульманское население Туркестана в количестве 5 миллионов жителей владеет 4 308 000 десятин без 1 500 000 десятин, отданных колонистам, и, следовательно, в результате, 2 808 000 десятин, в то время, когда около 30 000 колонистов и казаков владеет 1 500 000 десятин.

Следует при этом заметить, что все эти земли были орошаемы мусульманами и что земли, орошаемые государством, раздавались исключительно русским, например, земли, называемые «голодная степь», или также земли, составляющие личную собственность императора, как, например, владения, называемые «Байрам Али».

Результаты колониальной политики.

Эта колониальная политика не только задержала процесс установления кочевых киргизских племен, но и, выбрасывая уже оседлые племена, повлияла на увеличение количества кочевников. Установление этого бросает особенный свет на цивилизаторскую миссию царской России в Туркестане. С другой стороны, этот метод отчуждения, «не основанный ни на каком юридическом основании, зависимый только от своеволия представителей правительства», мог пробудить среди туземного населения чувство легализма.

Жители Туркестана, находясь в несостоятельности защиты, с помощью

легальных средств своих прав и интересов, были вынуждены в периоды роста «стойкой» деятельности властей, искать убежища в Китае, в Монголии или также в далёких степях ганаков Китая и Бухары.

После этого нас не удивляет, что европейская культура, представленная в Туркестане Россией, стала в глазах народа синонимом своеволия и насилия, направленного с целью уничтожения мусульманских селений Центральной Азии.

Соучастие в управлении страной было абсолютно недоступно для мусульман, которые не могли занимать, даже в случае исключений, никаких административных постов. Коренное население жило постоянным ужасом 64-ой статьи «распоряжения, касающиеся управления Туркестана», позволявшей административным властям этой страны арест вне всякого юридического следования, без выяснения причин ареста.

Мусульмане не были также приняты в ряды русской армии и многократные попытки центральных властей в этом деле оставались без результатов. Только небольшое количество молодёжи знатного происхождения было принято в военные школы, а жители Туркестана не призваны на военную службу русским царским правительством. В последний раз этот вопрос был возбуждён в 1913 году. Российское правительство, представленное министром обороны генералом Сухомлиновым, дало категорический отказ на подход туркестанских мусульман под таким предлогом, что принятие их в армию противоречит целям цивилизаторской миссии России и Азии по поводу возможных конфликтов с Китаем, Афганистаном и т.д.

В промышленности Мусульмане были приняты только как неквалифицированные рабочие, за исключением железных дорог, почт, телефонов, телеграфов и трамваев, для которых эти занятия были совершенно недоступны.

Производство хлопка, находящееся полностью в руках Мусульман, является основным источником богатства Туркестана. Эта ветвь промышленности поколеблена спекулятивными методами, применяемыми во время закупки хлопка, глубоко коснувшиеся экономических интересов населения.

В области общественного просвещения должна была проявиться «историческая миссия России, представляющая европейскую цивилизацию в Центральной Азии». Однако же результаты её деятельности не были бы наименее благоприятными. В начале революции 1917 года во всём Туркестане вместе с Хивой и Бухарой насчитано около 400 школ с 30 000 учеников, из которых только 20% составляли Мусульмане. Этот процент итак уже очень низкий, есть только в начальных школах в количестве около 200, из которых большая половина удерживается за деньги туземного населения.

Следует подчеркнуть, как вещь характерную, что руководство государственного научного предприятия, предназначенного специально для подготовки учителей смешанных начальных школ в Туркестане, доверено человеку, известному своей не толерантностью по отношению к мусульманской религии и уверенного во вреде применения среди Мусульман европейских

методов обучения. С другой стороны, существовал запрет открытия Мусульманами, даже за их собственные деньги и под контролем правительства, начальных школ на местном языке, основанных на новых педагогических методах. Туземцы учились, следовательно, в старых религиозных школах в количестве около 700 из 100 000 учеников.

Конечно же, нельзя отрицать, что благодаря завоеванию Туркестана Россией край этот стал открыт для распространения европейской цивилизации, но если благодеяния этой цивилизации не были полностью запрещены для мусульманского населения, то ведь их доступность не оставалась ни в каком отношении с экономической ролью этого населения.

Итак, «историческая миссия России как представителя европейской цивилизации среди народов востока» имела в результате:

В области политики введение системы несправедливости и своеволия.

В области просвещения задержание в завоёванных народах желания к просвещению.

В экономической области:

А) выселение туземцев с земли, завоеванной ими ценой крови и труда.

Б) задержание процесса окончательного оседания кочевых племён Туркестана.

В) Посредством экономического развития страны – хотя это могло бы казаться удивительным – обеднение многочисленного класса малых производителей и мелких собственников земель.

Русская революция 1917 года.

Казалось, что революция 1917 года должна уменьшить трудности внутреннего установления сближения между мусульманским Туркестаном и Россией. Однако должность местных органов Временного Правительства, а также Совета центральных делегатов рабочих и солдат, перечеркивала для мусульманского населения всякую надежду обретения равноправия с русским населением. Революционная Россия, наследница царской России, в дальнейшем ходе в лицах своих представителей – правительства и совета делегатов, рабочих и солдат в Туркестане – применяла эти самые методы «цивилизаторской» кампании на Востоке. Стараясь любой ценой удержать привилегии русских жителей Туркестана, ссылаясь на необходимость «защиты прав и интересов революции», отличаемых от прав и интересов большинства населения этой страны.

Два взгляда моральной природы не позволили Мусульманам Туркестана, составляющим 97% всего населения, противопоставить революционному русскому шовинизму чисто национальную программу в моменте, когда другие национальности Российской Империи начинали добиваться своих прав и даже частично реализовывать свои программы. Это было: с одной стороны, чувство лояльности, считаемое специально обязательным в военном положении (составе), с другой же стороны убеждение, что Всероссийское Законодательное Собрание исправит ошибки проходящей эпохи, предоставляя Туркестану, согласно его желаниям, автономию в рамках Российской Республики.

Туркестан под большевистским правительством.

Когда большевики приняли власть, Россия отступила от войны, но война была перенесена на «внутренний фронт». Сама мысль Созыва Законодательного Собрания вскоре была оставлена и Съезд советов полностью принял власть. Сразу же после открытия Съезд Советов объявил: «Федерацию равноправных рациональных советских республик» на месте старой России и предложил народам нового государства «самоопределение формы правительства». Что касается Туркестана, то советское правительство показало тенденцию как можно благосклонную. Однако же на практике политика большевиков в Туркестане была по ходу своему противоречива с программой, намеченной в их декларациях. Советы рабочих и солдат, которые уже перед большевистским посягательством государства мало считались с правами туземного населения, как можно полнее прошли над ними к порядку после своего прибытия к власти на результат октябрьской революции. Национальные мусульманские организации, свободные и не нарушаемые» в мысли декретов революционных властей были разрешены. Лица, не владеющие наименьшими в этом направлении квалификациями, ни с точки зрения на свое прошлое, ни на свои моральные особенности, неожиданно оказались у власти. Судьбы Туркестана и его мусульманского населения были доверены вооружённому меньшинству.

Частые попытки обращения внимания центральной советской власти на контраст между её декларациями и политикой, проводимой её собственными органами не давали никаких результатов и Мусульмане Туркестана, 90% которых составляют тюрко-узбеки, решились разрешить проблему своего политического существования своими силами.

Автономное движение в Туркестане.

25 октября 1917 года в городе Коканде был открыт «Чрезвычайный Конгресс Мусульман Туркестана» под предводительством автора этой статьи. На этом конгрессе было принято следующее постановление:

4-ый всеобщий конгресс туркестанских Мусульман, созданный на чрезвычайную сессию, выражая волю народов, населяющих Туркестан в вопросе об «автономии на основаниях, объявленных великой Русской Революцией», заявляет, что Туркестан является автономной страной, соединённой с Российской Федеративной Демократической Республикой. Туркестанскому учредительному собранию оставляет определение форм этой автономии. Законодательное Собрание должно быть созвано в ближайшее время. 4-ый конгресс торжественно объявляет, что права национальных меньшинств, населяющих Туркестан, будут строго защищаемы.

Конгресс выбрал «Национальный Совет» и Правительство, которое должно установить отношения с центральной властью в вопросе автономии Туркестана. Одновременно земельные съезды фермеров мусульман присылали депеши советскому правительству, осведомляющие, что только автономное правительство Туркестана, законно представляющее страну уполномочено осуждать все дела, касающиеся Туркестана, с центральным правительством.

Советское правительство против автономии Туркестана.

Советское правительство ответило, что «рабочие-мусульмане сами

должны свергнуть нелегальное большевистское правительство в Туркестане вместо того, чтобы просить о вмешательстве центральную власть». Но в то же время прислал инструкцию своим агентам в Туркестане, предписывающую сейчас же сломить вооружённой силой движение автономистов».

Этот приказ был исполнен большевиками в первые дни февраля 1918 года с беспримерной даже в истории русской гражданской войны жестокостью. Город Коканд, самый богатый в стране, столица автономного Туркестана, центр национального движения и резиденция автономного Правительства, - был сожжен среди потоков крови. Убито более 12 000 мусульман.

После упадка национального Правительства в Туркестане началась партизанская война. Эта война длилась без перерыва до сегодняшнего дня, так что Туркестан составляет единственную страну большевистской России, в которой ещё существует военный фронт.

Блокада голода и её результаты.

В борьбе с мусульманским населением Туркестана советское Правительство не поколебалось применить это неправдоподобное и ещё нигде не использованное средство: объявил голодную блокаду Туркестана. Используя тот случай, что Туркестан использует значительную часть возделываемых земель под хлопководство, что принуждает к импорту хлеба, Советское правительство прервало железнодорожную транспортировку хлеба в Туркестан. Руководитель «голодного комитета» большевик Рыскулов, киргиз, осведомил в своём рапорте, что местные Советы, и даже Ташкентский Совет не заинтересованы в борьбе с голодом.

Предложения «голодного Комитета» обложения налогом классов, на пользу голодных мусульман, были отклонены Советским Правительством.

Ежи Сафаров, личность, известная в большевистском свете, высланный центральными властями в инспекторское путешествие по Туркестану, пишет следующее:

Бедное мусульманское население Туркестана, не принимающее никакого участия в совете, было лишено хлеб. Новый город, российский район ввел в изголодавшем старом городе, мусульманских районах, систему реквизиций и конфискаций. Мусульмане умирали массами, не в состоянии бороться с голодом.

Благодаря этой «политике голода» мусульманское население понесло лишения, которые согласно официальной статистике, выражаются в периоде только 1918-1919 годов чудовищным числом **1 миллиона 114 000 погибших.**

ХІХ Ғ. АЯҒЫ -ХХ Ғ. БАСЫНДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ТАРИХЫ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ

Булеева А.И.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
тарих мамандығының
2 курс магистранты,
Атырау қаласы*

ХІХ ғ. аяғы -ХХ ғ. басында Батыс Қазақстан қалалары тарихи зерттеулер үшін маңызды объектілер болып табылды. Батыс Қазақстан аймағындағы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жағдай осы өлкеде орын алған басты ерекшеліктерге байланысты болды. Батыс Қазақстанда орналасқан қалалардың барлығы дерлік, отарлау кезеңінде пайда болды, олардың саны көп болған жоқ. Шын мәніндегі қалалар : Орал, Ақтөбе және Гурьев болды. Калмыков, Темір, Ілбішін қалалары қалалық елді мекендерге тиесілі міндеттерді атқармады. Кейін бұл елді мекендер қалалық қызметін біржолата тоқтатады. Аймақтағы Орал қаласы қарастырылып отырған кезеңде бүкіл Қазақстандағы ең ірі қалаға айналды, ондағы тұрғын халық саны 50 мыңға жетті. Оның ішінде тұрғындардың басым бөлігін орыс этносына жататын казактар құрады. Төңкеріске дейінгі уақыттың өзінде Батыс Қазақстан қалаларының ұлттық құрамы мен мәдени келбетінде өзгерістер орын ала бастады. Мысалы, Орал мен Ақтөбе қалаларындағы халықтың басым бөлігін орыстар құрап, қала әлеуметтік-мәдени сипаты жөнінен орталық Ресейдің қалаларына көбірек ұқсаса, Гурьев қаласында қазақ мәдениетінің белгілері қалыптасып, тұрғындар санының көпшілігін қазақтар құрады.

Ә.Ермағамбетованың ХІХ ғ. аяғы -ХХ ғ. басында Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы еңбегінің екінші тарауы - «ХІХ ғ. аяғы - ХХ ғ. басындағы Батыс Қазақстан қалаларының әлеуметтік-демографиялық-мәдени дамуы» деп аталып, аймақтағы қала тұрғындарының саны мен әлеуметтік-этникалық құрамы зерттеледі, өлкедегі қоныстандыру және көші-қон үдерістерінің қала халқы мен демографиялық дамуына әсері қарастырылып, қала өміріндегі қоғамдық-мәдени өзгерістер мен қала халқының тұрмысына сипаттама беріледі.

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Батыс Қазақстанда пайда болған қалалық құрылымдар орталығы Орал облысы болды. Батыс Қазақстанның басқа қалаларына халықтың қоныс аударуы баяу жүрді.

ХІХ ғ 70-ж басында Торғай облысының екі солтүстік Ақтөбе және Қостанай уездеріне қоныстандыру басталды. Қала тұрғындарының саны баяу болса да өсіп отырды, 1886 ж. қалада 177 қонысаударушы отбасы болды. 1891 ж. аштықтың салдарынан көші-қон үдерісінің күшейгенін байқаймыз, мысалы: Ақтөбеде 1895 ж қала халқының саны 2000 адамға жетсе Ақтөбе уезіне қоныстанушылардың саны 5400-ге жетті [1, 139 б].

Батыс Қазақстан тұрғын халқы саны жөнінен (1142384 адам) Оңтүстік Қазақстаннан (1499201 адам) кейінгі тығыз қоныстанған аймақ болып есептелді. Батыс Қазақстан халқының саны Далалық өлкедегі тұрғындардың 24,5 пайызын құрады.

Аймақ территориясының басым бөлігін Орал облысы алып жатты, 1897 жылғы санақ бойынша онда 645 121 мың адам тұрған. Олардан басқа, санақ кезінде 1716 адам аймақта болмаған. Халықтың – 91,35 % село тұрғындары болды, қалаларда 55482 адам тұрды. Орал облысының қалаларында: Оралда – 36466 тұрғын, Гурьевте – 9322, Електе - 7154, Калмыковта – 1924 және Темірде – 616 адам тұрған[1,1426]. Жаңа капиталистік қатынастар мен орыс үкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты аймақта славян этносының саны көбейді.

Қала тұрғындарының ұлттық құрамына талдау жасау барысының нәтижесі орыс халқының саны басым болғандығын көрсетеді. Одан кейінгі саны жағынан көп болған халық – татарлар мен қазақтар еді. Сонымен бірге қалаларда тұрақталып украин, неміс, еврей және басқа да ұлт өкілдері тұрды. Қала халқының діни сенімі бойынша православтық, мұсылман дінін ұстанушылар басым болды. Православтық дінді орыстар мен украиндар ұстанды, мұсылман дініне – татарлар мен қазақтар сенді. Қаланың кейбір тұрғындарының діні католик, иудаизм, лютерандық бағыттарда болды.

1914 жылы аймақтағы ең ірі қала Орал болды, ондағы тұрғын саны 45852 адамға жетті. Оралдан кейінгі халқының саны жөнінен Гурьев, Елек, Ілбішін және ең соңғы орында Темір қаласы болды. Қаладағы қазақтардың санына байланысты жағдай да жоғарыдағыдай қалыптасты. Ілбішінде қалалық тұрғындардың 69,7 %-ын қазақтар құрады. Сондай-ақ, Гурьев пен Електе де қазақтар саны жоғары болды, соңғысында 46 % қазақтар тұрды[1,1586]. Қала халқының санының өсуі экономикасында өзгерістер орын алған Ақтөбе, Орал, Гурьев қалаларында байқалды. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында басқа қалалардағы тұрғындар санының өсуі төмен болды. Сонымен қатар, этникалық белгілерге байланысты қалаларда дифференциация пайда болды. Мысалы, Орал мен Ақтөбе орыс ұлтының өкілдері қалыптасқан қалаға айналса, Гурьев қаласы халқының басым бөлігін қазақтар құрап, бұл ерекшелік арқылы қала мәдениетінің гүлденуіне әсерін тигізбей қоймады. Төңкеріске дейінгі уақытта тек қана батыс аймақ үшін ғана емес, сонымен қатар Ресейдің шекаралас аймақтары үшін Гурьев пен Орал қалалары ең ірі мәдени орталықтарға айналды. 1812 жылы Оралда алғашқы оқу орыны ашылады. XX ғ. басында Оралда 2222 оқушысы бар (1440 ұл және 782 қыз бала) 27 оқу орны болған. 1890 ж - 1891 жж. классикалық гимназияның негізінде (әскер мен қазынаның қаражатына казактар ақысыз оқыды) 19 оқытушы, 287 оқушысы бар, оның ішінде 141 казактар (49,2%) оқитын Орал әскери реальды училищесі құрылды.

Училищеде табиғи-тарихи музей жұмыс жасаған. Орал әскери территориясында әйелдер гимназиясы (10 оқытушы, 6 оқытушы - әйел, 283 оқушы, оның ішінде 149-ы казак қыздары, яғни 52,6%-ы); діни училище, орыс-қырғыз мектебі, қолөнерші оқушылар үшін сауат ашу мектебі, әскер әншілері мен музыканттар мектебі, әскер территориясында ауылшаруашылық мектептері қызмет етті. Мектептер шіркеулік-приходтық және әскери болып бөлінді. 27 қалалық оқу

мекемелерінде 2222 оқушы білім алды. Қалада үрмелі аспаптар хоры мектебі, татар медресесі, жексенбілік мектептер, ақысыз оқу залы жұмыс жасады [1,167 б].

Батыс Қазақстанда мәдениет пен білім берудің дамуына Ыбырай Алтынсарин зор үлес қосты. Ы. Алтынсариннің араласуының нәтижесінде алғашқы мектептер ашылып, олардың жанынан кітапханалар жасақталып, қажетті оқу жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Ағартушы - қайраткер уездегі қазақтардың қаржысына негізделген Ақтөбе екі кластық орыс-қырғыз училищесінің материалдық-техникалық базасының қалыптасуына көп тер төкті. Қаражат тапшылығына байланысты, 1887 ж. 5 қазанда Ы. Алтынсарин Торғай облысының әскери губернаторына училище үшін Ақтөбе қаласының бюджетінен жыл сайын 100 сом ақша бөліп отыруын сұрайды. Уезд басқармасы бекітілген сметаға қарамастан қарсылық білдіреді. Уезд басқармасы Ы. Алтынсариннің өтінішіне деген қарсылықтарын бөлінген 100 сом ақшаға қазақ оқушыларымен бірге орыс балаларын оқыту қиынға соғады деп түсіндіруге тырысады. Бірақ Орынбор оқу округі қамқоршысының араласуының нәтижесінде өтініш қанағаттандырылады [1,176 б].

Қазақ халқы орыс-қазақ метептерінің, медреселер мен мектептердегі орыс кластарының, кейде таза орыс мектептерінің де қаржылық қажеттіліктерін өз міндеттеріне алды.

Қазақтар балалары үшін білімнің қажет екендігін түсініп, оқыту үшін барынша мол қаржы жинақтады.

Жалпы, 1915 ж. 1 қаңтарында Ақтөбеде 19 оқу орны, уезде - 185; қалада 1275, жалпы уезде 7368 оқушы оқыған. Басқаша айтқанда, бір оқу орнына Ақтөбеде 803 тұрғыннан, уезде -1207 тұрғыннан келді.

1917 ж. Ақтөбе қаласында және уезде 5 орта және 9 бастауыш оқу орындары болды. Олардың алғашқыларының қатарына: Ақтөбе мұғалімдер семинариясы, Ақтөбе жеке орта оқу орны, Ақтөбе Мариинск әйелдер училищесі, Ақтөбе жоғарғы бастауыш училищесі, Ақтөбе жоғарғы бастауыш училищесі жанындағы екі жылдық педагогикалық курстар, сондай-ақ Ақтөбе, Ақбұлақ, Бөрте, Вознесенск, Полтавск, Қосетек, Можар, Новороссийск, Петропавловск орыс-қырғыз екі кластық училищелері болды. Бұдан басқа барлығы 139 біркластық училищенің 8-і Ақтөбе қаласында орналасты [1,193б]. Сонымен, қала өміріне кірген экономикалық қатынастармен бірге, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің белгілері де ене бастады.

Жалпы патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясаты қазақтардың рухани өмірінен мұсылман дінін ығыстыруға бағытталған еді. «Уақытша Ережеге» сәйкес болыста тек бір ғана мешіт болуы қажет болды. Бұдан кейінгі уақытта Ақтөбе уезінің барлық елді мекендерінде бекітілген нормадан асып, қызмет жасап жатқан мешіттерді жабу және жаңа мешіт ашуға тыйым салу шаралары орын алды. Сондай-ақ, орыс мүддесіне сай келмейтін мектептер мен медреселердің санын мейлінше қысқарту науқаны басталды. Ішкі істер министрі Дурнов 1895 ж. 10 қарашадағы Торғай облысының әскери губернаторына жазған хатында былай деп көрсетеді: «Бұратаналардың арасында мұсылман дінінің таралуын шектеу мақсатында қырғыздар үшін

болыста біреуден артық мешіт тұрғызудың қажеті жоқ» [1,198б].

1910 жылдың қыркүйегінде Ақтөбеде құрылған қоғамдық жиналыс мақсаты қала тұрғындарының бос уақыттарын тиімді, қызықты өткізу болды. Жиналыс мүшелері би, музыкалық және әдеби кештерді, маскарадтар мен драмалық қойылымдар, лекциялар мен әр түрлі ойындар ұйымдастырып, мерзімді басылымдар мен кітаптар оқыды.. 1914 жылы жергілікті көпестің көмегімен «Триум» синематограф- клубы салынды. Онда дыбыссыз фильмдер көрсетілді.

Батыс Қазақстан қалаларының тұрғындарға медициналық қызмет көрсету саласы шешімін таппай отырған күрделі мәселелердің бірі болды. Өйткені, бұл кезең медициналық қызмет көрсетудің енді ғана басталып келе жатырған уақыты еді. Медициналық көмектің жолға қойылмауына орыс патша үкіметі де мүдделі болатын . «Уақытша Ережеде» былай деп көрсетіледі: «медициналық қызмет көрсету үшін әрбір уезде уездік дәрігер және бала тудыратын әйел тағайындалады»[1,210б] . Отаршыл биліктің қала тұрғындары қазақтарға медициналық қызметтің көрсетілмеуін көшпелі өмір сүрудің ерекшеліктерінен деп түсіндіруге тырысады. Торғай обысының губернаторы өзінің 1887 жылғы есебінде былай деп көрсетеді: «көктем басталысымен қырғыздар қыстақтарынан жайлауға көшеді, үнемі орын ауыстыру, даланың таза ауасы, ет тағамдары мен қымыз олардың денсаулықтарын тез қалпына келтіреді» [1,210 б].

Ақтөбе қаласындағы зиялылардың кейбір өкілдері қалалық қоғамдық басқарма жанынан халық театрын ұйымдастыруға (1912) және өлкені зерттеуге атсалысты. Жергілікті зиялылардың ішіндегі білімділері 1895 жылы ақпанда ашылған Орынбор статистикалық комитетінің жұмысына араласты. Комитет қызметкерлері-мүшелерінің арасында Ақтөбе уезінің өкілдері де болды. Комитеттің құрылған кезеңінен бастап, оның жұмысына қазақ зиялылары да белсене араласты. Мысалы, М. Қарабаев, С. Нұрмұхамедов, Б. Наурызбаев, Т. Сейдалин, Д. Беркімбаев және басқалары Торғай облысында 1897 ж. Санақ жүргізу жұмыстарына қатысады. Олардың бірқатары Орыс География қоғамы Орынбор бөлімшесінің мүшелері болды, қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеуге өз үлестерін қосты [1,201 б].

Ақтөбеде 1913 жылы қалалық әкімшілік жеке қаржыға мәдени- ағарту мекемелері, халық театры, кешкі курстар орналасқан «Ғылым мен өнер Үйін» тұрғызбақшы болады. Сондай-ақ, онда ересектерге арналған мектептен тыс білім беру орталығы, қалалық кітапхана, музыкалық класстар, музей және қойма орналасуы қажет болатын. Бірақ бұл бастама қаржының тапшылығы мен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты іске аспай қалды. Дегенмен де қалада бірнеше кәсіби қоғамдар («Тұтынушылар одағы», «Ауылшаруашылық қоғамы», «Мещандар қоғамы» және т. б) шаруашылық істерімен айналысты.

Қаладағы театр репертуары соншалықты бай болған жоқ,оның қызметінің жандануы бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында басталады.1914 жылы 11 ақпанда Ақтөбе қоғамдық жиналысы ғимаратында қайырымдылық қойылымы өтеді.Жұбайлық өмір деп аталатын қойылымдағы ролдерде шақырылған әртіс

Светлова мен жергілікті әртістер Г.Брудинская, А.М.Иванова және Т.П.Курбатовалар ойнайды. Қойылымға пікір білдірген М.Евладова былай деп жазады: Г-жа Брудинская в роли разводящейся супруги блеснула той искренностью и жизненностью игры, которую всегда так приятно отметить у артистки-любительницы. Осы жылдың наурыз айында Өрт ұшқыны миниатюрасы мен Кто в лес, кто по дрова комедиясын қояды. Ақтөбе Қалалық хабаршысында осы өткізілген қайырымдылық кеші туралы Успех вечера превзошел все ожидания... В заключение нельзя не отметить отзывчивость нашего общества, щедро жертвовавшего деньгами. В частности, заслуживает отмеченным наше мусульманское общество, отзывчивость которого на дела благотворения не раз уже была показана во всей своей широте, - деген жақсы пікірлер беріледі [1, 2026].

Гурьев қаласы Батыс Қазақстан аймағындағы мәдениет пен білімнің дамуында маңызды роль атқарды. Өлкенің ауыл шаруашылығы да, соның ішінде өте-мөте мал шаруашылығы да мықтап дамыған. Ондаған жаңа совхоздар құрылды. Ауыл шаруашылығын жүргізудің мәдениеті артты. Облыс экономикасының шарықтап өсуі оның мәдениетінің де кең дамуына негіз қалады [2, 6-бет].

XIX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, қалада білім мен мәдениет мекемелері ашыла бастайды. Шіркеулік приходтық мектеп, юнкерлік мектеп, Орал әскери училищесінің бөлімі, халық мектебі ашылады. Сол кезең туралы зерттеуші В.Е.Фосс өзінің еңбегінде атап көрсетеді: В этом городе клубов нет, театров нет, балаганов, и иначе ли не строят, маскарадов не бывает, концертов давать некому все общество [1, 208 б]. Гурьевтегі XIX ғасырдың 70-80 жылдар жаңа оқу және мәдениет орындарының ашылу кезеңі болды.

Төңкеріске дейінгі кезеңде Гурьевте орыстың отаршыл мәдениетімен қатар, дәстүрлі қазақ мәдениеті де дамыды. Уақтылы айтыстар өткізіліп отырды. Өңірдегі жиі-жиі өтіп жүрген ақындар айтысы жырға қойылар талапты, ақынға жүктелер күрделі міндетті барған сайын айқындай түсті. Ақындар айтысы партияның идеологиялық жұмысының негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Партия қаулыларын жүзеге асыруды насихаттауда еңбекшілер арасында бірден-бір пәрменді құрал болды [2, 226]. 1863 жылы Гурьевте қазақтың белгілі халық ақындары Мұрат Мөңкеұлы мен Ораз (бала Ораз) айтысады. 1873 жылы Гурьевте айтыс ақындары Мұрат Мөңкеұлы мен Бегалы ақын айтысады. Гурьев уезіндегі мәдениеттің дамуына атақты қазақ күйшісі Құрманғазы Сағырбаев та үлкен үлес қосты [1, 209 б].

Батыс Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың коммуналдық-тұрмыс жағдайы өте төмен болды. Мысалы, Ақтөбеде су құбыры жүйесі болмады, қала көшелеріндегі жарықтандыру жұмысы баяу жүрді. 1896 ж. жарық қондырғалары тек қана қазыналық ғимараттарда ғана орналасты. 1903 ж. қарапайым фонарлардың саны 15-ке жетті, осы кезеңнен бастап қалалық басшылық жарық жүргізу мақсатында жыл сайын 2-3 мың сом ақша жұмсап отырды. Қаланы жарықтандыру мәселесін шешу үшін орташа есеппен 30 дан 40-қа дейін керосинмен жағылатын үлкен фонарлар қажет болатын, бірақ фонарлардың бұндай саны үшін әр жыл сайын 4500-6000 сомды қажет етті,

осыншама қаржыны бөлуге қалалық қазынаның мүмкіндігі болмады. 1914 ж қаңтарында орынборлық мецан Коноплев Ақтөбе қаласында шағын электр станциясын салуға рұқсат етуін сұрайды, бірақ өкінішке орай, қалалық әкімшілік «рұқсат етілсін, бірақ қуаты 500 лампаға дейін азайтылсын» деген шешім шығарса да бұл іс жүзеге аспай қалды [1,216 б].

Сонымен, Батыс Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың материалдық жағдайы өте төмен дәрежеде болғанына көз жеткіздік. Көшелер жарықтандырылмаған, емханалар мен дәріханалар жетіспегені былай тұрсын, Батыс Қазақстанда толық мағынасында қалалар дамыды деп айту қиын, қалаға ұқсайтын қалалық елді мекендердің әлеуметтік-мәдени деңгейі төмен болды. Төңкеріске дейін Батыс Қазақстанның ірі қалаларындағы мәдениеттің дамуында орыстану бағыты байқалған болса, Гурьевте музыка мәдениетінің дамуындағы қазақ өнерінің негізінің қалыптасуына жағдайлар қалыптасты. Гурьев-Жайықтағы мәдени табыстардың көрнекті бір саласы – театр Қазақ театрларының туу тарихы және олардың өсу жолдары бір-біріне ұқсас болғанымен, творчестволық бейнесі әр түрлі, әрқилы дәрежеде [3,33б] Мұның өзі халықтың өміріне және мәдени талабына орай республикамыздың барлық жеріндегі сияқты Гурьев қаласында да алғаш рет 1930 жылдары болашақ драмалық театрдың негізінің қалануына жағдайлар жасалды.

Жоғарыда айтылған пікірлер негізінде, төмендегідей қорытынды жасауға болады: қазіргі таңда аймақтағы қалалардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына байланысты жоспарлар жасақтау кезінде тарихи тәжірибе мен тұрғындардың әлеуметтік мәдени демографиялық дамуын ескеру қажет деп есептейміз.

Бүгінде Батыс Қазақстан қалаларында қазақтың дәстүрлі мәдениетін дамытуға және оны қалалық жағдайға бейімдеуге арналған бағдарламалардың қажеттілігі туындап отыр. Европалық үлгі мен мемлекеттік талаптармен ерекшеленетін қазақ халқының қалалық мәдениетін қалыптастыру - бүгінгі күннің міндеті болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ермағамбетова Ә «Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы (XIX ғ. аяғы– XX ғ. басы)»
2. Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Үш томдық. 3-том-Алматы: «Литера М», 2023. -528 б.
3. Өшкенов С. Атырау өнер өлкесі, 1983-1276.

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
Ә.Ү.ЕРМАҒАМБЕТОВАНЫҢ «БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ
ДАМУ ТАРИХЫ» МОНОГРАФИЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ
«ҚАЛАЛАР ТАРИХЫ МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ КУРСЫНДА»

Үржімбаева Ш.Б.,
Д.Қонаев атындағы BINOM SCHOOL
мектеп-лицейінің
тарих пәні мұғалімі, тарих магистрі,
Атырау қаласы

Батыс Қазақстанның қалалары Қазақстанның тарихи және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл аймақтың қалалары ғасырлар бойы өзге елдермен байланыс орнатқан сауда, мәдениет және экономика орталықтары ретінде белгілі болды. Олар Ресей мен Орта Азияны байланыстыратын сауда жолдарының орталықтары болды, ал қазіргі кезде мұнай мен газ сияқты табиғи ресурстарды игеру аймақтық дамудың негізгі факторлары болып табылады.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ә.Ү.Ермағамбетованың «Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы» монографиясының территориялық шегі Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарынан құралған қазіргі Батыс Қазақстан экономикалық ауданындағы қалалар тарихын толық қамтиды. Бұл өз кезегінде мектептегі оқушылардың өңір тарихына барынша қызығушылық танытуға, сәйкесінше кейбір дарынды шәкірттердің қалалардың тарихына одан әрі зерттеу жұмысын жүргізуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Аталған еңбекте XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан қалаларының даму барысы сарапталып, мұрағаттық деректер негізінде кешенді түрде қарастырылған. Сонымен қатар патша үкіметінің отарлық саясаты кезеңіндегі өлке қалаларындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және мәдени даму бағытына дұрыс сипаттама беріледі. Ал бұлардың барлығы қазіргі мектеп жасындағы оқушылардың өлке тарихын білуде негізгі шешуші фактор болып саналады.

Мектеп бағдарламасында Батыс Қазақстан қалаларының тарихы көбіне Қазақстан тарихы мен аймақтық зерттеулер аясында қарастырылады. Мұндай материал оқушыларға өз өлкелерінің тарихи ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан қалаларының тарихы мектептегі Қазақстан тарихы курсына отарлық саясаттың күшеюі, өнеркәсіптің дамуы, қазақ интеллигенциясының өсуі және азаттық қозғалыстарының басталуы аясында қарастырылады. Бұл кезең Қазақстанның Ресей империясының құрамында болған уақытына сәйкес келіп, қазақ қоғамына, қалалардың экономикалық және мәдени дамуына ерекше ықпал етті. Мектеп курсына осы уақыттағы басты оқиғалар мен өзгерістерге назар аударылады. Соның ішінде монографияда нақты келтірілген факторларды қарастырсақ.

Бірінші кезекте, отарлық әкімшілік және реформалардың маңызы туралы

маңызды деректер келтіріледі. XIX ғасырдың соңы – Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлық басқару жүйесін күшейте түскен кезең. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар нәтижесінде Батыс Қазақстан аумағы Орынбор генерал-губернаторлығы ретінде бірнеше облыстарға бөлінді, ал жергілікті басқару жүйесі әскери-әкімшілік биліктің қолына өтті. Қазақтың дәстүрлі басқару жүйесі мен құқықтары шектеліп, жерлерді тартып алу процесі күшейді. Мектепте оқушылар осы реформалардың қазақ қоғамына әсерін, отарлық саясаттың халық тұрмысына қалай ықпал еткенін талқылайды.

Екінші кезектегі мәселе сауда-саттық пен өнеркәсіптің дамуы болып табылады. Ресей империясының ықпалымен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Батыс Қазақстан қалаларында сауда және өнеркәсіп салалары дамыды. Орал, Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау) қалалары Ресей мен Орта Азияны байланыстыратын сауда орталықтарына айналды. Осы кезеңде мал шаруашылығы өнімдері, астық, тұз сияқты тауарлар экспортқа шығарылып, ал Ресейден өнеркәсіп тауарлары әкелінді. Бұл қазақ шаруаларының экономикасына ықпал етті, сондай-ақ олардың әлеуметтік және шаруашылық өміріне өзгерістер енгізді.

Теміржол желілерінің салынуы да маңызды оқиғалардың бірі болды. Мысалы, 1894 жылы Орынбор-Ташкент теміржолы Орал қаласына жақын өтті, бұл қаланың экономикалық байланыстарын кеңейтті. Оқушыларға осы кезеңдегі теміржолдардың маңызы мен олардың аймақтық дамуға әсері түсіндіріледі. Сонымен қатар білім алушыларға оның маңызы өткені, бүгінгі және келешегіне болжам жасауға ықпалын тигізеді.

Үшінші кезекте, қазақ интеллигенциясының өсуі және ұлттық қозғалыстар туралы да айтып өту маңызды. XX ғасырдың басы қазақ халқының арасында білімге ұмтылыс пен ағартушылық қозғалыстардың күшеюімен ерекшеленді. Батыс Қазақстан қалалары, әсіресе Орал қаласы, қазақ интеллигенциясының өкілдері, яғни жаңашыл ойшылдар мен қоғам қайраткерлері жиналған орталыққа айналды. Олар өз халқының құқықтарын қорғау, білім беру және мәдениетті дамыту үшін қызмет етті.

Алаш қозғалысы – қазақ ұлттық қозғалыстарының ең белгілісі, ол қазақ жерінің тәуелсіздігін көздеді. 1917 жылы Орал қаласында өткен қазақ съездері Алаш қозғалысының идеяларын талқылауға арналды. Мектеп курсында оқушылар Алаш Орда үкіметінің құрылуы мен оның бағдарламасын, сондай-ақ Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және Жаһанша Досмұхамедұлы сияқты көрнекті тұлғаларды зерттейді. Оқушылар қазақ халқының сол кездегі құқықтарын қорғау жолындағы күресіне баға береді. Аталған монография көмегімен бұл тақырыптарды толық қарастыруға болады.

Төртінші және ең маңызды тақырып ретінде бірінші дүние жүзілік соғысты да қарастыру қажет. Өйткені 1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясының құрамында болған Қазақстанға да әсер етті. Батыс Қазақстан қалалары арқылы майданға азық-түлік, киім-кешек, мал жеткізіліп, соғыс қажеттіліктеріне айтарлықтай шығындар жұмсалды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс осы ауыр жағдайлардың нәтижесінде туындады. Патша үкіметінің соғысқа қазақтарды тарту туралы жарлығы халық

наразылығын күшейтіп, көтеріліс Батыс Қазақстанның кейбір аймақтарына да таралды. Оқушылар бұл оқиғаларды қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысы тұрғысынан талдайды. Жоғары да айтылған тақырыптарды енді балаларға қандай әдістерді қолдана отыра жеткізуге болады не болмаса жалпақ тілмен қандай бағытта түсіндіру керек деген заңды сұрақ туындайды. Ол сұрақтарға төмендігідей жауап беруге болады:

Тарихи құжаттар мен деректерді талдау: Оқушылар патша үкіметінің реформалары, жерге қатысты құжаттар мен Алаш қозғалысының бағдарламалары сияқты деректерді талдап, олардың мәнін түсінеді.

Рөлдік ойындар мен пікірталастар: Мысалы, «Алаш Орда үкіметінің Қазақстанның болашағына тигізген әсері» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылып, оқушылар Алаш қозғалысының маңызын талқылайды.

Тарихи тұлғаларды зерттеу: Қазақ интеллигенциясы өкілдерінің өмірі мен қызметін талдау арқылы оқушылар өз елінің тарихындағы маңызды тұлғаларды жақынырақ таниды.

Карталармен жұмыс: Қазақстандағы сауда жолдары мен теміржол желілерін картадан қарап, олардың қала дамуына ықпалын зерттейді.

Қорыта келе, бүгінгі таңда аймақта қалалардың әлеуметтік экономикалық, мәдени дамуына байланысты жоспарлар жасақтау барысында тарихи тәжірибені және тұрғындардың демографиялық даму көрсеткішін ескеру міндетті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан қалаларының тарихы отарлық саясаттың, қазақ интеллигенциясының дамуының және ұлттық қозғалыстардың өрлеуімен ерекшеленгені айтылды. Мектеп бағдарламасында еңбекте көрсетілген барлық факторларды, статистикалық кестелерді толықтай қолдануға болады.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі оқушылардың оқу сауаттылығы болып табылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан қалаларының тарихын оқу сауаттылығын дамыту тапсырмалары арқылы оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты түсіну және сыни тұрғыдан талдау қабілеттерін дамытуға болады. Бұл тапсырмалар тарихи мәтіндерді түсінуге, мәліметтерді жүйелеуге және сол деректер негізінде тұжырымдар жасауға бағытталған. Мектепте осы тақырыпты оқу арқылы оқушылар өз халқының тәуелсіздік жолындағы күресін және қазақ зиялыларының мәдени-ағартушылық қызметінің маңызын түсінеді.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ САРАЙШЫҚТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Қуандықов Д.Т.,
«Тарихшы педагог» білім беру
бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қаласы

Кіріспе. Әлкей Марғұлан - қазақ халқының мәдени және тарихи мұрасын жан-жақты зерттеген, археология, этнография, тарих салаларында терең із қалдырған ғалым. Ол Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың бірі - Сарайшық қаласының тарихын зерттеуге айрықша көңіл бөлді. Бұл қала XIII–XVI ғасырларда Қазақстан мен Орта Азиядағы маңызды сауда және мәдени орталық болған. Сарайшық қаласы Жібек жолы бойындағы стратегиялық орындардың бірі ретінде тек экономикалық орталық қана емес, мәдени байланыстар тоғысы ретінде де тарихи маңызға ие болды.

Әлкей Марғұланның Сарайшыққа жүргізген зерттеулері сол уақыттағы археологиялық және тарихи әдістерді қолдану арқылы қаланың құрылымы, даму кезеңдері мен тарихи рөлін анықтауға бағытталды. Ол қаланың Алтын Орда кезеңінен бастап Қазақ хандығы дәуіріне дейінгі бірнеше тарихи кезеңде маңызды орталық болғанын дәлелдеп, бұл жерден табылған жәдігерлер арқылы Қазақстанның археологиялық мұрасының байлығын көрсетті.

Бұл баяндамада Әлкей Марғұланның Сарайшық қаласына қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарының ерекшеліктері мен олардың нәтижелері, сондай-ақ ғалымның еңбектерінің бүгінгі ғылым мен мәдениет үшін маңызы талданады. Сарайшықтың мәдени мұрасын анықтап, оны сақтауға арналған Марғұлан еңбектері қазақстандық археология саласындағы үлкен ғылыми жетістіктердің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім.

Сарайшық қаласының тарихы және маңызы.

Сарайшық — Қазақстанның батыс бөлігінде, Жайық өзенінің жағасында орналасқан ежелгі қала. Оның тарихы XII ғасырдан бастау алады, ал XIII–XVI ғасырларда ол Ұлы Жібек жолының маңызды сауда және мәдени орталықтарының бірі ретінде гүлденді. Стратегиялық орналасуының арқасында қала Алтын Орда, Ноғай Ордасы және кейіннен Қазақ хандығының астаналық қызметін атқарған маңызды мекенге айналды.

Алтын Орда кезеңі: Сарайшық Алтын Орда дәуірінде ерекше дамыды. Бұл кезеңде қала үлкен сауда орталығына айналып, Қытайдан, Орта Азиядан, Парсыдан және Еуропадан келетін саудагерлердің бас қосатын жері болды. Қаланың сауда дамуына өзеннің жағасында орналасуы да оң әсер етті. Археологтар тапқан керамика, қыш ыдыстар, қару-жарақ және алтын-күміс монеталар Сарайшықтың сол кезеңдегі халықаралық саудадағы рөлін айқындайды. Осы артефактілер арқылы сол кездегі тұрғындардың өмір салты мен материалдық мәдениеті туралы көптеген ақпарат алуға болады.

Ноғай Ордасы дәуірі: XV ғасырдың басында Сарайшық Ноғай Ордасының құрамында болып, осы кезеңде де өз маңызын жоғалтпады. Қала әкімшілік және мәдени орталық ретінде танылып, шенеуніктер мен қолөнершілер мекендейтін маңызды аймаққа айналды. Бұл уақытта қалада қолөнер мен сауда ерекше дамып, тұрғындар керамика, метал өңдеу және тоқыма бұйымдарын өндіруде үлкен жетістіктерге жетті.

Қазақ хандығы дәуірі: XVI ғасырдың басында Сарайшық Қазақ хандығының құрамына өтті. Осы кезеңде қала рухани орталық ретінде де маңызды рөл атқара бастады. Қазақ хандарының бірі Қасым хан осында жерленген деген деректер кездеседі. Қалада мешіттер, медреселер, кесенелер сияқты діни орындар салынып, ислам мәдениетінің орталығына айналды. Сарайшықтың діни орталыққа айналуы оның рухани дамуына жол ашты және бұл жерде ірі ғұламалар, шежірешілер мен діндарлар қызмет етті.

Археологиялық және мәдени маңызы: Сарайшықта табылған археологиялық жәдігерлер сол кездегі материалдық және рухани мәдениеттің дамуын көрсетеді. Қыш ыдыстар, керамика күйдіретін пештер, монеталар, еңбек құралдары мен әшекей бұйымдар қала тұрғындарының өмір салты мен олардың тұрмыстық жағдайы жайлы сыр шертеді. Археологиялық зерттеулер барысында ашылған түрлі кезеңдерге жататын мәдени қабаттар қаланың тарихи дамуы мен маңызды кезеңдерін дәлелдеуге көмектеседі. Әлкей Марғұлан бастаған археологтардың Сарайшықты зерттеуі ортағасырлық Қазақстанның мәдениеті мен экономикасын түсінуге үлкен үлес қосты.

Сарайшықтың жалпы маңызы: Бүгінде Сарайшық Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Оның Ұлы Жібек жолындағы орны мен тарихи рөлі Қазақстанның өткенін түсіну мен болашақ зерттеулер үшін маңызды дерек көзі саналады. Қазіргі кезде Сарайшық қаласының орнына ашылған музей-қорық еліміздің тарихын насихаттап, туристік орталыққа айналды. Осылайша, қала қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін көрсететін, тарихын айқындайтын айрықша нысан болып отыр.

Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі.

Қазақстанның археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі Әлкей Марғұланның Сарайшық қаласын зерттеудегі еңбегі ерекше бағаланады. Марғұлан алғаш рет 1937 жылы Н.К.Арзютовтың Сарайшықтағы қазбаларына назар аударып, сол кезден бастап бұл қаланың тарихына қызығушылық танытты. Кейін, 1950 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының тапсырмасымен Марғұлан жетекшілігімен Сарайшықта кең көлемді археологиялық зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция құрамында танымал ғалымдар мен мамандар — Г.И.Пацевич, П.В.Агапов және фотограф А.А.Попов болды, бұл топ қазба жұмыстарын кәсіби деңгейде жүргізіп, көптеген маңызды жаңалықтарға қол жеткізді.

Марғұлан және оның әріптестері жүргізген зерттеулер нәтижесінде Сарайшық қаласының тарихында үш негізгі кезеңнің іздері айқындалды:

1. Моңғолға дейінгі кезең (XI–XIII ғғ.): Бұл кезеңде Сарайшық қала ретінде енді ғана қалыптаса бастаған. Қазбалар кезінде табылған жәдігерлер

ерте ортағасырлық мәдениеттің белгілерін көрсетті, бұл кезеңде қала Ұлы Жібек жолы бойындағы шағын елді мекен рөлін атқарған болуы мүмкін.

2. Алтын Орда кезеңі (XIII–XIV ғғ.): XIII ғасырда қала Алтын Орда құрамына енгеннен кейін ерекше қарқынмен дами бастады. Әлкей Марғұланның қазбалары осы кезеңге тән көптеген жәдігерлерді, атап айтқанда, монеталар, керамика бұйымдары және саудаға қатысты заттарды ашуға көмектесті. Бұл заттар арқылы Алтын Орда заманында қаланың ірі сауда орталығы ретінде танылғаны дәлелденді. Сауда мен мәдени алмасу нәтижесінде қала тұрғындары арасында қолөнер және құрылыс мәдениеті дамығаны байқалады.

3. Қазақ-Ноғай кезеңі (XV–XVI ғғ.): Қала XV ғасырда Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының ықпалына өткен соң, әкімшілік және рухани орталыққа айналды. Осы кезеңде мұнда мешіттер мен кесенелер салынып, қала ислам мәдениетінің орталығы болды. Марғұланның қазба жұмыстары барысында табылған архитектуралық жәдігерлер, мысалы, қыштан жасалған қабырғалар мен сәндік өрнектер сол уақыттағы сәулет өнерінің дамуын көрсетеді.

Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуіндегі басты жетістігі — қала тарихын кезең-кезеңімен бөліп қарастыруы және әр кезеңге тән ерекшеліктерді нақты артефактілермен дәлелдеуі. Осы арқылы ғалым қала тарихындағы өзгерістерді, мәдени және экономикалық даму процестерін түсіндіруге үлкен үлес қосты. Марғұланның еңбегі Сарайшықтың тек археологиялық нысан ғана емес, қазақ тарихының, мәдениетінің және ұлттық құндылықтарының бір бөлігі екенін көрсетті.

Сарайшықтың археологиялық және мәдени мұрасы.

Әлкей Марғұлан бастаған археологиялық қазбалар барысында Сарайшық қаласынан көптеген тарихи және мәдени жәдігерлер табылды. Табылған артефактілердің ішінде керамикалық ыдыстар, тұрмыстық бұйымдар және металл өңдеу өнерінің жоғары деңгейде дамығанын көрсететін құралдар ерекше орын алды. Сарайшық қаласының аумағында керамика кұйдіруге арналған үлкен пештің болуы сол дәуірдегі шеберлердің кәсіптік деңгейі мен қаладағы өндірістің дамуын дәлелдейді. Бұл пештерде жергілікті шеберлер түрлі әшекейленген ыдыстар, құмыралар мен өзге де тұрмыстық заттар жасаған, олардың сапасы мен көркемдік деңгейі сол кезеңдегі мәдениеттің жоғары болғанын көрсетеді.

Марғұланның зерттеулері Сарайшықтың ежелгі мәдени қабаттарын да ашып берді. Кейбір археологтар қала аумағындағы белгілі бір мәдени қабаттың Хорезм мәдениетіне жататындығы туралы болжам жасады. Сарайшықтың Алтын Орда заманындағы қабаттары сол дәуірдің материалдық мәдениетін және көшпенділер мен отырықшы мәдениет элементтерінің өзара ықпалдастығын көрсетеді. Сонымен қатар, печенегтер мұрасына тән кейбір археологиялық белгілердің табылуы қала тұрғындарының мәдени алмасулар мен араласу үдерістеріне қатысқанын білдіреді.

Табылған артефактілердің әрқайсысы — Сарайшықтың даму тарихындағы бір кезеңді айқындайтын маңызды дереккөздер. Қыш ыдыстардағы ою-өрнектер мен әшекейлер ортағасырлық қолөнердің жоғары

деңгейде дамығанын дәлелдеп қана қоймай, сол уақыттағы тұрғындардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын да көрсетеді. Әрбір жәдігер тек археологиялық құндылық қана емес, қазақ мәдениетінің тарихи бірлігі мен сабақтастығын түсінуге мүмкіндік беретін ұлттық мұра.

Әлкей Марғұланның көзқарасы мен зерттеу нәтижелері.

Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін қорытындылай келе, Әлкей Марғұлан бұл қаланың Алтын Орда дәуіріндегі маңызды рөлін ерекше атап өтті. Ол Сарайшықтың XIII–XIV ғасырларда Қытай, Орта Азия және Шығыс Еуропа арасындағы негізгі сауда және мәдени алмасу орталықтарының бірі болғанын дәлелдеді. Археологиялық олжалар қала өмірінің қарқынды дамығанын және сол замандағы қазақ даласының саяси-экономикалық жүйесіндегі орнын айқындайтын құнды деректерді анықтады.

Марғұланның зерттеулері Сарайшық қаласының тек Қазақстан тарихында ғана емес, бүкіл Еуразия аймағындағы сауда мен мәдени қарым-қатынастардың айғағы екенін көрсетеді. Оның пікірінше, қала тұрғындары түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің өкілдері болған және бұл мәдени алмасулар өз кезегінде жергілікті тұрғындардың өмір салты мен өнеріне үлкен ықпал еткен. Мәселен, қала аумағынан табылған керамикалық бұйымдардағы өрнектер мен металдан жасалған бұйымдардың стилі көшпенділердің және көрші елдердің шеберлік үлгілерімен үндесіп жатыр.

Әлкей Марғұланның Сарайшыққа қатысты зерттеу нәтижелері қазақ даласының ортағасырлық мәдениетінің ауқымдылығы мен сан қырлылығын айғақтайды. Бұл деректер арқылы біз Қазақстанның тарихы мен мәдениеті басқа елдермен тығыз байланыста дамығанын, және осындай мәдени байланыстардың қазіргі замандағы ұлттық мұраға негіз болғанын көреміз. Марғұланның еңбектері тек археологиялық маңызға ие ғана емес, сонымен қатар Қазақстан тарихы мен мәдениетін жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік беретін баға жетпес ғылыми мұра.

Қорытынды.

Әлкей Марғұланның Сарайшық қаласын зерттеуі Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасын тереңірек тануға мүмкіндік беріп, қазақ даласындағы ортағасырлық мәдениетке жаңа көзқарас қалыптастырды. Оның еңбектері арқылы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл Орта Азияның ортағасырлық тарихы мен мәдениетін жаңаша зерттеу жолдары ашылды. Ғалымның Сарайшыққа қатысты зерттеулері қала тарихын, оның Орта Азиядағы орны мен маңызын ашып, заманауи ғылым үшін маңызды тарихи және мәдени дереккөз болды. Марғұланның мұрасы бүгінгі күні де зерттеушілер мен қоғам үшін құнды болып қала бермек. Оның ғылыми жолы мен жетістіктері болашақта да Қазақстан тарихын зерттеуге бағыт беріп, ұлттық мәдениетті дәріптеуге үлес қосатын маңызды дереккөзі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұстафин Жеңісбек Жұпболұлы. Ортағасырлық Сарайшық. Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. 177-бет ISBN 978-601 - 262-186-0
2. Қасенов М.С. Сарайшық қаласының тарихы.- Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007.-80б.+10 б.фотосуреттер
3. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1908>

ИСТОРИЯ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ТРУДАХ А.И.ТЕВКЕЛЕВА

Кульмуқанова А.А.,

магистрант 2-курса

Атырауского университета им. Х.Досмұхамедова

Аннотация. Статья посвящена истории младший жуза по сведениям А.Тевкелева. Территория Младшего жуза XVI-XVII веках располагалась на западе современной территории Казахстана, охватывая Уральские и Мангышлакские степи. В XVIII веке Младший жуз оказался в геополитической ситуации, сталкиваясь с угрозами со стороны Джунгарского ханства, калмыков, башкир и волжских казаков.

В этих условиях его правитель, хан Абулхаир, проявил инициативу по активации дипломатических отношений. В 1731 году по указу императрицы Анны Иоанновны в казахскую степь был направлен А.И.Тевкелев, который оказал влияние на вектор отношений Российской империи с казахской степью.

Ключевые слова: А. И. Тевкелев, Младший жуз, Абулхаир-хан, киргиз-кайсаки, политическая история.

К началу XVIII века Казахское ханство находилось под угрозой со стороны Джунгарского ханства, а также подвергалось набегам калмыков, башкирских и волжских казаков.

Казахско-джунгарские отношения в XVII-XVIII веках носили преимущественно враждебный характер и были определены борьбой за территорию, ресурсы и политическое влияние. Джунгары (ойраты) представляли собой мощное кочевое государство, которое стремилось подчинить казахские жузы и установить контроль над казахскими землями. В середине XVII века джунгары начали экспансию в направлении казахских земель. Их военная мощь, подкреплённая централизованным государством и европейским огнестрельным оружием, позволяла им успешно продвигаться вглубь казахской степи. В ответ казахские ханы пытались организовать сопротивление, однако отсутствие единства среди жузов осложняло борьбу.

Башкиров и казахов связывают единые этнические корни. Но на протяжении веков они носили сложный и многогранный характер. Они включали как сотрудничество, так и конфликты, обусловленные территориальной близостью, экономическими связями, политическими

интересами и влиянием внешних держав. Казахи и башкиры активно вели торговлю, обменивались товарами и скотом. Башкиры, обладая развитым земледелием и кузнечным делом, снабжали казахов зерном, металлическими изделиями и предметами быта, тогда как казахи поставляли башкирам скот, кожу и войлок.

Так как обе группы вели кочевой и полукочевой образ жизни, между ними часто возникали споры за пастбища и водные ресурсы. В XVIII веке эти конфликты усилились, особенно на фоне роста колониальной политики России.

Казахско-калмыцкие отношения в XVII-XVIII веках были сложными и неоднозначными. Они включали как военные конфликты, так и периоды дипломатического взаимодействия. Особенно заметную роль в этих отношениях сыграл хан Аюка (1642-1724) - правитель Калмыцкого ханства, которое находилось в вассальной зависимости от России, но при этом вело самостоятельную внешнюю политику. Хан Аюка стремился укрепить власть Калмыцкого ханства, расширить свои владения и контролировать торговые пути. Казахские жузы были его естественными соперниками, поскольку также претендовали на пастбища в Прикаспийских и Приуральских степях.

Основные же причины конфликтов между казахами и волжскими казаками включали: борьбу за пастбища и земли (территория вдоль Волги для выпаса скота в связи с расширением казачьих поселений стали предметом споров. Казахи и казаки периодически совершали друг на друга набеги, угоняя скот и людей. Волжские казаки подчинялись российской администрации и часто выполняли роль пограничников, препятствуя казахским переходам через Волгу.

В этих условиях ханы и султаны искали поддержку в лице Российской империи.

Так, например, состоялся официальный визит 28 августа 1730 года в Москву и в начале сентября в Петербург посольства старшего хана казахов Абулхаира (1710-1748) в количестве 11 человек во главе с бием племени керей Среднего жуза Сейткулом Койдагуловым и батыром поколения алимулы Младшего жуза Котлумбетом Коштаевым с письменным прошением казахского правительства о принятии его вместе с подвластным народом в российское подданство [1].

Имеется перевод письма Абулхаира от 8 сентября 1730 года с чагатайского языка в переводе М. Турчениновым. «...*Письмо хана Младшего казахского жуза Абулхаира императрице Анне Иоанновне с просьбой о принятии его и подвластного ему населения в подданство России.* Над владеющими императрице и всемилостивейшей государыне повелительнице и многих земель обладательнице Белья и Великия, государыне императрице, рабом пребывав которой желаю божиею милостию всегдашняго добраго здравия и всякого благополучного государствования, и всенижайше прошу в. и. в., что Ногаской и Аралской дороги башкирцами прежде сего согласия и миру не имели, а ныне желаю быть со всем моим владением в. и. в. в подданстве. Того ради всеподданейшим нашим прошением к в. и. в. по требованию подданных вашего величества Ногаской, Аралской дороги башкирцем Алдарбаем отправил

я, Эбулхаир хан, посланника своево, дабы в. и. в. милостивейшим указом нас под протекцию в. и. в. милостиво указать принять и с подданными в. и. в., с аралскими башкирцами нам милостиво указать в миру и в соединении быть...» [2].

Данное событие привело к подписанию Анной Иоанновной грамоты «Хану Абулхаиру и всему казахскому народу о принятии их в российское подданство» в феврале 1731 г. А.И. Левшин склонен объяснять данное историческое событие, осуществляемое личными амбициями Абулхаира. «Сие лицо есть хан Абульхайр, о котором уже говорено. Повелевая большою частию Меньшей орды и простирая власть свою на некоторые роды Средней, он думал о пользе народа своего, но еще более заботился о средствах усилить и возвысить себя над соперниками и врагами своими, а особенно над ханом Каином³ которому также подвластна была часть Меньшей орды» [3].

Из его отчетной работы: «Доношение переводчика Коллегии иностранных дел А.И. Тевкелева в Коллегию иностранных дел о принятии российского подданства казахами Младшего и Среднего жузов от 5 января 1732г.» Тевкелева также становятся известны причины более тесного взаимодействия Младшего жуза с Российской империей: «Того ради него, Абулхаир-хан, к Е. и. в. послал посланцов своих просить протекцию, чтоб ему с волскими калмыками и башкирцами быть в миру, а от хонтойши отыскивать свою реванжу было ему свободно [1].

Напоминаем, Тевкелев (Александр Иванович) - русский дипломат и государственный деятель, сыгравший важную роль в ключевых событиях Младшего жуза XVIII века. В истории Младшего жуза роль Тевкелева обозначалась не только в дипломатии. Он провёл часть своей жизни в Оренбургском крае, на северо-западной границе Казахской степи. Помимо своей деятельности по соглашению, он занимался исследовательской работой и был знатоком культуры казахского народа. Оставил труды этнографического, политического характера, а также уделял внимание стратегическому значению г. Оренбург. Он же возглавил делегацию в сопровождении охраны для принятия присяги в Младший жуз. На тот момент он являлся переводчиком Коллегии иностранных дел. 5 октября 1731 г. он прибыл в ставку Абулхаира. По приезде в ставку выяснилось, что ряд султанов и старшин не поддерживают вступление Младшего жуза в подданство Российской империи, однако Тевкелеву удалось при помощи подкупа и уговоров склонить их на свою сторону. «Даже и Тевкелев, которого киргиз-казаки не раз собирались умертвить, одолжен спасением своим не столько покровительству Абульхайра, сколько единоверию своему с ордынцами (Он был из татар и, следовательно, магометанин) и силе своего красноречия, которым он обезоруживал врагов, стремившихся лишить его жизни» [1].

Так, А.И.Тевкелев описывает переговоры с известными старшинами: И потом касацкая старшина стали со мною говорить с великим сердцем тако: мы-де Обулхаир-хану просить подданства всероссийского грамоты писать и посланцом словесно объявить, якобы ясак платить и аманатов дать, того мы не велели, токмо мы, киргис-касацкая старшина, присоветовали послать

посланцов, чтоб быть с Росиею в миру, а не в подданстве, а и ныне в подданстве быть не хотим, и надобно-де тебя за то убить досмерти...

Старшины казахских родов не только занимали территорию своей общины, но и исполняли соответствующую роль в пограничных и международных соглашениях. Они не ограничивали организацию хозяйств и развитие процессов, но также могли возглавить сопротивление в критические моменты. Старшины казахских родов и аулов занимались не только организационными делами своих общин. Когда возникали проблемы, то они могли возглавить и восстание. Так, в 1783 году старшина рода Сырым Датов и другие старшины вместе с казахами Младшего жуза подняли восстание. Одна из целей восставших заключалась в требовании перед царской администрацией России лишить Нуралы-хана права на управление Младшим жузом. Старшинам удалось убедить царских чиновников в правильности своей позиции. Но тут выступили те родовые старшины, которые ратовали за сохранение ханской власти в жузе и даже успели провозгласить ханом Каипа. Отсутствие единства в среде старшин казахских родов в жузе привело к тому, что представители царской администрации взяли курс на аннулирование ханской казахской государственности [2].

В степи незначительных усилий и политического влияния пользовались военными вождями - батыры. Они отличались отвагой, справедливостью и отзывчивостью. Звание батыра не передавалось по наследству — его нужно было заслужить подвигами. Лучшие из батыров стали национальными лидерами, их роль особенно возрастала в периоды войны, междоусобных настроений и грязи. В это время споры чаще всего решались на поле границы, экономя за столом переговоров. Именно поэтому батыры не только защищали свой народ, но и, как правило, становились политическими лидерами, влияющими на судьбу всего казахского общества. Надо подчеркнуть, что батыры оказывали поддержку ханам при обострении их противоречий с членами сословий султанов, биев и родовыми старшинами. И как они, касацкая старшина, от меня слова выслушали, и выступя из них, Букенбай-батырь стал говорить Абулхаир-хану: по желанию твоему быть в подданстве всероссийском желаем и в том себя присягою утвердим [3].

Прослеживаются моменты, когда взгляды по ведению внешней политики хана и старшин не всегда совпадали. А. И. Тевкелев ведя переговоры с казахами, склонил старшин присягнуть Российской империи, хотя старшины со слов Тевкелева пытались «быть с Росиею в миру, а не в подданстве» [1].

Таким образом, на наш взгляд момент вхождения Младшего жуза в состав Российской империи продиктован во многом и случайными истечениями обстоятельств в том числе. многое зависело не только от самой фигуры Абулхаира, но его приближенными и даже Тевкелева. Так, например, последнему пришлось вести переговоры со старшинами, склоняя их дать согласие на подданство: И как я, нижайший, от киргис-касацких старшин такие противные слова услышал и стал им з сердцем же говорить тако: понеже Росийская империя в свете славное государство, и такому славному монарху с вами, яко степными зверьми, быть в миру неприлично, ибо Росийская империя

от вас никакого опасения не имеет и в вас нужды нисколько нет, а вам от подданных российских – великая опасность: первое – от калмыков, второе – от башкирцев, третье – от яицких казаков, четвертое – от сибирских городов [1].

Многое зависело от политического портрета того или иного хана. К моменту возвышения Абулхаира прослеживается отсутствие стабильности в регионе. Тевкелев из разговора с Абулхаиром пишет: «И подлинное намерение Абулхаир-хана чрез многия разговоры узнал[и], и он мне объявил, чего ради он один без согласия других просил быть в подданстве всероссийском: первое – ханы у них несамовластные, второе – ненаследные, а он, Абулхаир-хан, желает, чтоб протекциею Е. и. в. быть ему самовластным.» [2]. Т. Султанов пишет: Тауке был последним казахским ханом, власть которого признавалась во всем государстве. После его смерти подняли головы келте ханы («мелкие ханы») и во всех трех жузах казахов появились свои властелины. С тех пор каждый казахский жуз имел свою историю [4].

Сам Тевкелев, с 1734 по 1739 год принимал участие в управлении Оренбургским краем, проявил себя жестким исполнителем царской власти. Затем 9 лет он продолжал службу в Петербурге, а с 1748 и до конца 1750-х годов Тевкелев вновь провел в Оренбургском крае, управляя им совместно с губернатором И.И. Неплюевым. В сентябре 1755 года он был произведен в генерал-майоры. В январе 1760-го подал в отставку.

Таким образом, из трудов Тевкелева остаются нам доступна ценная информация по истории и этнографии казахских племен, становится ясна характеристика казахского правителя-Абулхаира. В данной статье мы не характеризуем положительные и отрицательные стороны самих личностей, а на основе источников попытались проследить какие факторы повлияли на исторические события Младшего жуза того времени, и где произошел тот переломный момент, когда история Младшего жуза кардинально изменила свое политическое положение.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков: в 10 томах. III том. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.) / сост.: И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 483 с

2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Переизд. – Алматы: Санат, 2009. – 656 с.

3 Сарсембаев М.А. Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи.

4 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001 – 228 с.

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Сапарбаева А.,

Х.Досмухамедов атындағы

Атырау университетінің

2-курс магистранты

Андатпа. Мақала қазақ халқының тарихындағы күрделі кезеңнің бірі саналатын қазақ-жоңғар қарым-қатынасының шиеленіскен тұсындағы қазақ-жоңғар соғыстары және әскери өнер мәселесіне арналады. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасын зерттеу қазіргі көрші мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар тарихын зерттеу үшін, көрші елдермен байланыстардың әр кездегі өрлеу немесе баяндау себептерін түсінуге әсер етеді.

Қазақ әскери өнерінің мейлінше табысты көрініс табуы қазақ-жоңғар соғыстары кезіндегі қазақ жасақтарының жеңістерінен көрініс тапқан болатын. Олар қазақ ауыз әдебиетінде, жер-су атауларында, тарихи шежірелерде, қол өнерінде, этнографияда да сақталып, біздің заманымызға дейін жетті.

Негізгі сөздер: Қазақ-жоңғар соғыстары, Аңырқай, қалмақ қырылған, қару-жарақ, соғыс өнері.

XVII-XVIII ғасырлар Орталық Азия үшін маңызды кезең болғандықтан оның тарихы бүгінгі азаттығымыз үшін және жалпы тарихымыз үшін де маңызды. Бұл кезде тарих аренасына шыққан мемлекеттер де, керісінше, тарих аренасынан жойылған да мемлекеттер болды. 2015 жылы Қ.Тоқаев «Қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен ұлттық біртектілігі жоңғар басқыншыларымен болып өткен қанды шайқастарда аса қауіпті сыннан өтті. Ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан тарихқа терең үніле отырып, біз тәуелсіздіктің қаншалықты қиындықпен келгенін жете түсінеміз. Бұл жолда қазақ халқы ұлы жеңістердің даңқын да, ауыр жеңілістердің қасіретін де бастан өткерді. Мұндай үздіксіз күрестегі тарихи тәжірибе Мәңгілік елдің басты өсиеті - халықтың амандығы жолындағы бірліктің сөзсіз маңыздылығын анық көрсетеді» деп жазған болатын [1].

Қазақ және жоңғар қатынастары туралы көлемді еңбек жазған кеңес тарихшысы В.Моисеев еңбектерінде қазақ-жоңғар қатынастары XVI-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия тарихының маңызды элементі ретінде қарастырылады. Қазақ және жоңғар халықтарының өзара іс-қимылына, олардың әскери, саяси және мәдени қатынастарына назар аударған ғалым қазақ-жоңғар қатынастарының бірнеше негізгі аспектілеріне назар аударады [2]:

1. Әскери қақтығыстар мен шиеленістер: Тарихшы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы әскери қақтығыстарды, атап айтқанда, өңірдегі ықпал үшін және маңызды сауда жолдарын бақылау үшін күрес контекстінде егжей-тегжейлі талдайды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Жоңғар хандығы қуатты әскери күш болды. Бұл қазақ тайпаларымен бірнеше ірі қақтығыстарға әкелді. Қазақ хандарының жоңғар жаулап алушыларына қарсы күресі, сондай-

ақ жоңғар езгісіне қарсы тұрудағы Қазақ хандығының рөлі сияқты оқиғаларды зерттейді.

2. Саяси одақтар және дипломатия: Тарихшы әскери қақтығыстардан басқа жоңғарлар мен қазақтар арасындағы дипломатиялық қатынастардың рөлін де атап көрсетеді. Кейде қазақтар мен жоңғарлар маньчжурларға қарсы күресте ортақ жауға қарсы тұру үшін одақ құрады. Сондай-ақ, маңызды аспекттің бірі бейбіт келісімдер мен қақтығыстарды шешуге бағытталған келіссөздер.

3. Мәдени өзара әрекеттесу: Тарихшы қазақтар мен жоңғарлардың бір-біріне тигізген мәдени әсеріне де назар аударады. Бұл әскери істі де, шаруашылық, сауда және тұрмыс ерекшеліктерін де қамтиды. Сондай-ақ, зерттеушінің пікірінше, бұл қатынастарда халықтардың уақытша жақындасуына ықпал ететін ұқсас белгілері бар дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар маңызды рөл атқарды.

4. Қазақ хандары тұлғасының рөлі: В.Моисеев еңбектерінде әр түрлі қиындықтарға қарамастан, жоңғарларға және басқа да сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы күресу үшін қазақ тайпаларын біріктіре алған Абылай хан сияқты қазақ хандарының қызметі егжей-тегжейлі қарастырылған. Автор Абылайдың саяси және әскери даналығына және оның қазақ халқының тәуелсіздігін сақтаудағы рөліне баса назар аударады.

Қазақ жоңғар соғыстары бойынша ең үлкен деректің бірі халық әндері.

Мысалы, «Елім-ай» әні:

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған қиын екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман», - бұл ән қазақ тарихындағы ең қиын күрделі кезді шынайы сипаттаған деректің бірі болып қала береді. Бұл жерде жерінен үдере көшуге мәжбүр болған қазақ рулары, соғыстың зардаптары, әлеуметтік күйреу, демографиялық дағдарыстар бар.

Қазақ-жоңғар соғыстарында күрделі кезеңдегі аса маңызды шайқас Аңырақай шайқасы да зерттеу нысаны бола алады. 1730 жылы Балқаш көлінің оңтүстік батыс жағындағы Алакөлге қарай болды. Зерттеуге қарағанда, «Аңырақай шайқасы» өткен аумақ 200 шақырымдай аумақты қамтыды. Шайқас аумағы ағартушылар М.Тынышпаев, А.Диваев еңбектерінде жазылады. 1997 жылы Қазақстан халық жазушысы Әбіш Кекілбаев, тарихшы Манаш Қозыбаев этноархеологиялық экспедиция ұйымдастырды. Олар сол аумақта қалған соғыстың географиялық атауларда сақталуына мән берді. Зерттеушілер Балқаш көлінің оңтүстігімен Алакөлге бағытталғанда «Сұнқайтты» (Сұмқайтты) өзені, Тараз қаласы шығыс бөлігінде «Әбілқайыр сайы» сияқты атауларға таладу береді. Қазақ халық ауыз әдебиеті деректері бойынша осы аумақта жоңғар әскерлері жеңіліске ұшыраған. Ал археологиялық зерттеулер арқылы осы аумақты соғыс болған жер екендігін дәлелдейтін қару-жарақтар мен ер тұрмандар жиі әлі де табылып тұрады.

Зерттеуші тарихшы А.Сабырханов болса XVI-XVII ғасырларда қазақтар өзара бірігу процесінен өткенін атап өтеді. Қиын соғыс жағдайы қазақтардың сана тұрғысынан шынығып, бірігуіне ықпал етті. Жоңғар тарихы бойынша ең үлкен маңызды еңбектің бірі тарихшы И.Я.Златкиннің «Жоңғар хандығының тарихы. 1635-1758» (История джунгарского ханства) еңбегі еді [3].

Аталған мәселенің бір бағыты саналатын қазақ әскери соғыс өнері тарихына А.Көшкімбаев, Т.Алланиязов, А.Жұмаділ, Р.Почекаев және басқа да зерттеушілер назар аударды. Қазақ-жоңғар қатынастарының тарихнамасы сыртқы саяси және әскери агрессия контекстіндегі алғашқы көзқарастардан әскери қақтығыстар, дипломатия, мәдениет және экономика аспектілерін қамтитын неғұрлым теңдестірілген және кешенді тәсілге дейін ұзақ жолдан өтті. Қазіргі заманғы зерттеулер осы қатынастардың көпжақтылығына, сондай-ақ қазақтардың жоңғарлармен Тарихи күрестегі рөлін қайта түсіндіруге бағытталған, бұл тарих ғылымының осы саласының серпінділігімен және өзектілігімен расталады.

Жоңғарлардың қазақ еліне шапқыншылықтары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атаумен тарихта белгілі. Ірі шапқыншылықта 1722 жылы жоңғар әскері Қаратаудан өтіп, Сайрам, Ташкент, Қарамұрт қалаларын жаулап алды. Дереккөздерде қазақ тұрғындарының ауа көшкені, қазақтардың азапқа ұшырағаны туралы айтылады. Оған «Елім ай» әні де дәлел. Алайда шабуылдың ауқымы мен адам шығыны туралы нақты деректің жоқ. Сол себепті оған түрлі болжамдар мен интерпретациялар беріледі.

АҚШ-тағы Индиана университетінің Ph.D кандидаты Майкл Ханкок-Пармер кеңестік кезеңде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына деректер қалай таңдалды?», «Оларға сілтеме қалай жасалды?», «ол дереккөздердің кейбірі неге онша еленбеді?», «Ол деректер не себепті бұрмаланды?» деген сұрақтарға зерттеу жасаған. Бірнеше тарихи еңбекке талдау жасаған Ханкок-Пармер кеңес дәуіріне дейін, кеңестік кезеңде және тәуелсіз Қазақстанда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына сол кезеңдегі биліктің қажеттіліктеріне сай баға берілген деген қорытындыға келеді.

Жоңғар мемлекеті көшпелі әскери мемлекет болғандықтан өзінің көршілері Моңғолия мен Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан, Қазақстан жерлеріне басқыншылық жоспарларын құрды. Және де осы территорияларға жорықтар ұйымдастырды.

Қазақ хандығы орналасқан жер Жоңғария билеушілерін бұрыннан-ақ қызықтыратын. Оның себебі, біріншіден, қазақтардың Жетісу мен Сырдария өңірін басып алса олдар үшін Ресейге, Сібірге, Орта Азия хандықтарына жол ашылатын еді. Ертеден келе жатқан шығыстан батысқа қарайғы сауда жолдарына жол ашылатын еді. Сауда жолдарын бақылауда ұстау жоңғарларға мол экономикалық мүмкіндік беретін еді. Осылайша Ауған, Кавказ, Иран бағытына шығуға мүмкіндік аламыз деген үмітпен сырты саясатын айқындады.

Екіншіден, Қазақстанды жаулап алу жоңғар мемлекетінің солтүстік бағыттағы шекарасын кеңейтуге және нығайтуға жол ашатын. Осылайша

бағындырып жаулап алған жерлерден салық алу арқылы да хандықтың экономикалық жағдайын нығайтуға ұмытпенді.

Үшіншіден, жоңғар билеуші әулетін бұрыннан қазақ жерінің кеңдігі, табиғи байлығы, жайылымдары, дамыған қала мәдениеті мен сауда жолдары қызықтырды.

Төртіншіден, қазақ жерін өзіне қарата отырып, жоңғарлар өздерінің қандастары Еділ мен Жайық аралығында қалмақтарымен қосыла аалатын еді. Және де олармен тіке байланыс жасауға мүмкіндік алар еді.

Бесіншіден, жоңғарлар соғыстар арқылы қазақтарды басыбайлы етіп, өздеріне тәуелді ұстауға үміттенді.

1728 жылы көктемде қазақ әскері Құрылтайдан кейінгі жеңіске қол жеткізді. Ұлытау аумағында Бұланты өзеніндегі «Қара сиыр» мекенінде қазақтар жоңғарларды тағы жеңді. «Бұланты шайқасы» және «Қалмақ қырылған» аталған жер пайда болды. Қазақ халқы екінші тарихи жеңіске 1730 жылы көктемде боды. Бұл атақты Аңырақай шайқасы еді. Шайқас Балқаш көлінен 120 км оңтүстік-шығысқа қарай Алакөл маңында өтті.

Орта ғасырлардан бастап бүгінгі күнге дейін қазақ хандары, батырлары мен қарапайым әскери жасақтары әскери өнерді құру және жетілдіру тарихы түзілді. Қазақтар көшпелі мемлекет болғандықтан өз шекаралары мен тәуелсіздігін қорғау бойынша ірі және кіші соғыстарды жүргізіп отырды, және де әсери соғыс өнерінің ерекше дамығандығын атап өтуге болады.

Көшпелі әскерлердің негізгі күші жеңіл қаруланған атты әскерде болды. Қарсыластарын ұрып-соғу үшін шабандоздар ат үстінде қалып, шайқасқа мүмкіндік беретін қорқынышты қару садақ пен жебені қолданды. Қоян-қолтық ұрыста жауынгерлер қысқа қылыштарды немесе найзаларды қолданды.

Қорғаныс құралдарына келетін болсақ, оларда сауыт болған жоқ. Қола сауытқа (катафрактар) байланған шабандоздар тек скифтермен, тіпті одан кейінгі кезеңде де мақтана алды. Соған қарамастан, қазақстандық даланың ежелгі көшпенділері қуатты жау болды. Біріншіден, мұндай әскер көптігімен ерекшеленді (оған барлық ересек ер адамдар кірді). Екіншіден, көшпелі милиция үлкен шабандоздар мен садақшылардан тұрды, олар ауыртпалықтар мен кемпингтік өмірден айыруға үйренді [4].

Қару ретінде түркі жауынгерлері ұзын, жеңіл үшкір найзаларды (атты әскерге жарамды), мүйізді садақтарды, ұзын және қисық жүздері бар қылыштарды, сондай-ақ пышақтар мен қанжарларды қолданды. Түркі армиясының құрылымы туралы айтатын болсақ, ол жеке отрядтардан тұратын оң және сол қанаттарға бөлінгенін атап өткен жөн. Олардың сандық құрамы 10 000, 1000, 100, 10 жауынгердің еселігі болды [5].

Қорыта айтқанда «...қырғыз рыцарлығының ғасыры болып табылатын» XVIII ғасырдағы қазақ халқының ауыр да батырлыққа толы тарихындағы елін басқарып, жұртының амандығы мен территориясының тұтастығын сақтауда өміршең де батыл саясатты жүргізіп, оның оңды қорытындыларына жеткен Абылайдың кемеңгер де зор тұлғасы барша ұрпағына мақтан болып табылады. Осы тұстағы қазақ әскери өнері өзінің зор әлеуеті бар екенін дәлелдеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 https://kaz.inform.kz/news/tolgan-el-tarihyn-taspen-zhazady-kasym-zhomart-tokaev_a2759485/
- 2 Мойсеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв). Алма-Ата. 1992
- 3 Златкин И.Я. Истоия Джунгарского ханства (1635-1758). М. - 1983
- 4 Кушкумбаев А. К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. -Алматы: Дайк-Пресс, 2001. -172 с.
- 5 Официальный сайт Министерства обороны РК / <http://mod.gov.kz/>

ҰЛЫҚ ҰЛЫСТАН ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕЙІН: ТАРИХИ ТУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ВЕКСИЛЛОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Орынбасаров А.О.,

Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің магистранты,

Қайырғалиева Г.К.,

тарих ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі Қазақстан Республикасы аумағында қолданылған туларының эволюциясы қарастырылады, оның ішінде Алтын Орда дәуірінен бастап кейінгі мемлекеттер мен саяси құрылымдардың жалаулары зерттеледі. Зерттеу қазақ жерінде орын алған түрлі саяси бірлестіктердің, соның ішінде Қазақ хандығының, әртүрлі хандықтардың, Ресей империясы мен Кеңес Одағы кезеңіндегі автономиялық құрылымдардың мемлекеттік және әскери байрақтарын қамтиды. Тулардың символикасы, түстік шешімі және геральдикалық дәстүрлері талданып, олардың қазіргі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ықпалы зерделенеді. Мақалада тарихи-салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылып, тулардың сабақтастығы анықталып, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы айқындалады. Алынған нәтижелер Қазақстандағы мемлекеттік рәміздердің тарихи контекстегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.


Негізгі сөздер: мемлекеттік рәміздер; ту, байрақ, жалау, вексиллология; геральдика.

Кіріспе. Желбіреген ту – халықтың бірлігі мен Отанын қорғауға дайындықтың белгісі. Байрақсыз мемлекет, тусыз халық болмайды. Адамдар ежелден тайпа болып біріге бастағанда, олардың бірлігін, күшін және туған жеріне деген адалдығын бейнелейтін ортақ рәміздері мен дәстүрлері қажет болды. Жер бетінің түкпір-түкпірінде, Тынық мұхитының жағалауынан Атлантика кеңістігіне дейін, адамзат өз бірегейлігін көрсету үшін туларды

жасап, оларды сақтап келеді. Ту – биліктің, адалдықтың, күрестің және бостандықтың белгісі. Онда ұлттық сананың коды, тарихи кезеңдер мен рухани құндылықтар көрініс табады. Ал Ұлы даланың байрақтары қандай болды? Ежелгі рулық таңбалар мен жауынгерлік жалаулардан бастап, қазақ хандықтарының мемлекеттік туларына дейін әрбір рәміз осы кең байтақ даланы мекендеген халықтардың тарихын бейнеледі. Жауынгерлік байрақтар сарбаздарды шайқастарда бастап жүрді, қорғаушы әрі қасиетті мұра ретінде сақталды. Бүгін де Қазақстанның мемлекеттік туы – осы ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан дәстүрдің жалғасы. Ол өз бойына Ұлы даланың рухын, күннің, қыранның және ұлттық өрнектің символикасын сіңіріп, өткен мен болашақты жалғаушы, қасиетті рәмізге айналды.


Ұлық Ұлыстың байрағы

Алтын Орда – XIII–XV ғасырларда Еуразия кеңістігінде алып аумақты алып жатқан ұлы мемлекет болды. Өз заманында саяси, мәдени және экономикалық қуаты зор болған бұл мемлекет Еуразия халықтарының тарихында ерекше орын алады. Ұлық ұлыс өзінің бірегей басқару жүйесі мен өркениеттік жетістіктері арқылы көптеген ұлы державалардың қалыптасуына ықпал етті. Бұл мемлекеттің мемлекеттік рәміздері туралы нақты мәліметтер аз болғанымен, тарихи, археологиялық деректер мен дипломатиялық құжаттар негізінде кейбір белгі-таңбалары анықталған. Олар – биліктің сабақтастығын, мемлекеттің тұтастығын және рухани құндылықтарын бейнелейді. Тарихи деректерге сүйенсек, Алтын Орданың туы ақ түсті матаның ортасында бейнеленген қызыл таңбадан тұрған. Бұл таңба – Бату-хан әулетінің билігін көрсетіп, ұлы Шыңғыс ханның мұрагерлігін білдірген. XIV ғасырдағы еуропалық карталарда (мысалы, 1375 жылғы Каталон атласында) Алтын Орданың тулары бейнеленген (1-сурет) [1].




1-сурет. 1375 жылғы Каталон атласында бейнеленген Алтын Орданың тулары.

Ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін, әсіресе Өзбек ханның (1313–1341) тұсында, тудың бейнесіне жарты ай белгісі қосылған (2-сурет). Бұл жаңа діни және мәдени бірегейлікті көрсетіп, мемлекеттің рухани дамуының белгісі болды.



2-сурет. Алтын Орданың бірінші туы.



Алтын Орданың Өзбек хан тұсындағы туы.

Ұлық Ұлыс дәстүрлі батыстық түсініктегі гербті қолданбағанымен, оның орнына таңба (рулық белгі) пайдаланылған. Бұл таңбалар мемлекеттік рәміздердің негізі ретінде саналған және монеталарда, ресми құжаттарда, қару-жарақтар мен туларына түсірілген [2]. Ең әйгілі таңба – Шыңғыс ұрпақтарының белгісі, ол төңкерілген «Г» әрпі немесе көлденең сызықтары бар ерекше символ түрінде болған (3-сурет). Бұл таңба заңды мұрагерлікті және Шыңғыс ханның ұрпақтарының мемлекетті басқару құқығын білдірген.



3-сурет. Өзбек ханның билік құрған дәуіріндегі монетадағы Шыңғыс әулетінің таңбасы.


Алтын Орда мемлекетінің рәміздері ғасырлар бойы қалыптасып, көшпелі өркениеттің терең мән-мағынаға ие дәстүрлерімен ұштасқан. Тудың ақ түсі – тазалық пен бейбітшілікті, ал қызыл таңба – билік еткен әулет пен сабақтастықты білдірген. Таңба тек биліктің белгісі ғана емес, сонымен бірге хандықтың легитимдігін растайтын қасиетті рәміз болған. Сондықтан әрбір жаңа хан таққа отырған кезде, өз таңбасын тиындарға соғып, билігін жариялаған. Алтын Орда тек қуатты мемлекет ретінде ғана емес, сонымен қатар

Еуразия халықтарының мәдениеті мен өркениетіне терең із қалдырған ұлы держава болды. Оның рәміздері бүгінгі күнге дейін көптеген халықтардың мәдениетінде сақталып, тарихи мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетуде.

Қазақтың тулары

Қазақ хандығының шынайы туын іздеу жұмыстары көптен бері жүргізілуде. Әр түрлі нұсқалар, сондай-ақ сенуге оңай қате түсініктер мен тұжырымдамалар да болды.

Мысалы, әлі күнге дейін бірнеше біріккен, жаңа туды тоқыған рулардың таңбалары ерекше өрнекпен өрілген деген пікір бар. Осындай тудың бір эскизі 1990 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған болатын (4-сурет). Бұл суретшінің қиялы болуы мүмкін, дегенмен бұл нұсқа терең зерттеуді талап етеді.




4-сурет. Бірнеше рудың біріккен, ортақ туының эскизі. Авторы белгісіз.

Ең алдымен, тудың түсі туралы сұрақ туындайды. Қазақ хандығы – түркі қағанаттары мен Алтын Орданың тікелей мұрагері екенін ескерсек, ту мәдениетінің семантикасы да ұқсас болған.

Құрбанғали Халидтың әйгілі «Тауарих хамса» еңбегінде қазақ ханы Есімде Ұрыс ханның қызыл туы болғаны айтылған. Сондай-ақ ол қазақ билеушілерінің қызыл, ақ және жасыл түсті тулары туралы жазған [3]. Құрбанғали Халидтың деректеріне сүйенсек, төре-шыңғыстықтар өз шығу тегіне және әскер мен қоғамдағы орнына қарай біртұтас ханнан әртүрлі түсті тулар алған болуы мүмкін [4]. Мысалы, Болат хан өз ұлы Әбілмәмбетке қызыл ту табыстаса, Абылайға жасыл ту беріп, оны кейбір рулардың жетекшісі етіп тағайындаған[5]. Осыған сүйенсек, қызыл түсті ту басты рөл атқарғанын байқауға болады. Дегенмен, шығу тегі бойынша Шыңғыс әулетінен тараған Шоқан Уәлиханов *«Қайсақ сұлтандарының бір тармағы халық аңыздары бойынша, ортаазиялық келімсек, шытырман оқиғалар іздеушіден тараған, сондықтан олар «қызыл тудың сұлтандары» атанған»* деп жазады[6].

Алайда ақ немесе «ала» (шынайы) ту туралы сақталған деректер оның негізгі ұлы байрақ болғанын көрсетеді. Қазақтың орта ғасырлар тарихын терең зерттеген жазушы, тарихшы Мұхтар Мағауин: *«Біртұтас қазақ халқының ұлттық ұраны – «Алаш!» Мемлекеттік елтаңба – «төре таңба» (яғни, Шыңғыс әулетінің басты таңбасы), оның түп-тамыры ежелгі түркілер дәуіріне барып тіреледі, Алтын Орда заманында орнығып, үш жүздің бірлігін бейнелейді. Ал басты ту – «төре таңбасы» бейнеленген қызыл байрақ»* деп жазады (5-сурет) [7].



5-сурет. Төре таңбасы орналасқан қызыл ту эскизы. Авторы белгісіз.

«Төре таңба» нені білдіреді? Бұл таңба тек Шыңғыс әулетіне ғана тиесілі деген қате пікір бар. Алайда «төре таңба» сақ дәуірінен белгілі. Кейбіреулер оны ұштары жоғары бағытталған күйде бейнелейді, бұл жағдайда ол үш айыр белгіге ұқсайды. Бірақ оның тістері төмен бағытталған түрі биліктің символы ретінде қолданылады.

Бұл ежелгі қасиетті таңба болуы мүмкін, ол көптеген халықтардың ою-өрнегінің негізгі мотивіне айналған. Бір нұсқа бойынша, бұл – Ұлы Далада «Бәйтерек» деп аталатын «Өмір ағашы» немесе «Ғаламдық ағаштың» белгісі. Оның пішініне ұқсас көптеген символдар бар: дәстүрлі оюлар, Есік алтын адамындағы бас киім әшекейлері, қазақ билеушілері мен билерінің бас киімі – «айыр» немесе «хан қалпақ».


Бүгінде «төре таңбамен» байланысты ең танымал символ – 1917 жылы қырымтатар халқының Құрылтайында қабылданған Қырым татарларының туы. Ол «тарақ-таңба» деп аталады. Бұл таңба қазақтың тарақты және жалайыр руларының таңбаларына ұқсас.



6-сурет. Қырым татарлары туы.

Алайда қазақтың «тарақ-таңбасынан» айырмашылығы – Қырым татарларының таңбасы «төре таңбаға» көбірек ұқсайды, өйткені оның ортасындағы тісі алға қарай шығып тұрады.


Осындай символ бүкіл Еуразия кеңістігінде кездеседі. Қазақтың Шыңғыс тұқымдары бұл белгіні Ресей империясының ақсүйектері қатарына енгенде қолданған. Мысалы, кавалерия генерал-майоры, Бөкей Орда ханы Жәңгірдің ұлы Сұлтан Қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғыс князінің гербінде дәл осы «төре таңба» бейнеленген (7-сурет).



7-сурет. Шыңғыс князі гербі. Авторы Р.И. Маланичев.

Тарих ғылымдарының докторы Ахмет Тоқтабайдың еңбектеріне сүйенсек, Абылай ханның киіз үйінің үстінде ақ жібек ту желбіреп тұрған. Аңыз бойынша, хан соғыс алдында бас бармағын кесіп, байрақты қанына бояған. Бұл рәсім арқылы Абылай өз ата-бабаларының қызыл туларына құрмет көрсеткен.[8]

Қазақ фольклорында қазақ хандарының ақ тулары туралы деректер көп. Соның ішінде «Абылайдың ақ туы» туралы айтылады. Кейбір мәліметтерге сәйкес, оның біреуі қазір Моңғолия қазақтарында, екіншісі ұзақ уақыт Қытай қазақтарының қолында сақталған [9]. Соңғысы, мүмкін, Керей Ер Жәнібекке Абылай хан табыстаған ақ байрақ болуы мүмкін (8-сурет) [10]. Аңызға сәйкес, бұл ту әлі күнге дейін оның ұрпақтарында сақтаулы. Жылына бір рет ол сандықтан алынып, атпен шауып өтіп, қанға малып (қоректендіру дәстүрі) шығарылады.



8-сурет. Керей Ер Жәнібектің ақ ту эскизі. Авторы белгісіз.

Елордамыз Астанадағы Қазақстанның Ұлттық музейінде батыр Байғозы Наймантайұлының ұрпақтары тапсырған ақ ту сақтаулы. Байғозы хан Абылайдың ту ұстаушыларының бірі болған. Оның әкесі Наймантай бұл туды Тәуке ханнан алған, ал кейін оны баласына батыр атағы берілген кезде табыстаған. Бұл ақ түсті, теріден жасалған ту XVIII ғасырға жатады. Оның өлшемі – 110×85 см. Қызығы, бұл тудың екі өткір ұшы бар, ол көне түркі бейнелеріне ұқсайды (9-сурет).



9-сурет. Байғозы Наймантайұлының ақ туы.

Бүгінде Қазақ Ордасының нақты қандай туы болғанын анықтау қиын. Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін мемлекеттілік жойылды, сонымен бірге туларға қатысты дәстүр де ұмытылды. Дегенмен, деректерге сүйене отырып, қазақ байрағының түсі ақ және қызыл болғанын сенімді түрде айтуға болады. Ақ ту – мемлекеттік ту, билеушілердің символы, ол құрбандық қанымен боялып, қызыл түске енгенде – әскери немесе соғыс туына айналады.

Қазақтардың патша әкімшілігіне қарсы көтерілістерін зерттесек, олар өздерінің қызыл туларының астында шайқасқа шыққанын байқауға болады. Пугачев көтерілісі кезінде Кіші жүз ханы Нұралы өзін патша етіп жариялаған Пугачевке әскери көмек көрсетуге уәде берген. Көтерілісшілерге көмекке аттанған қазақ жасағы қызыл тулармен жүрген. Қазақ әскері Гурьевті басып алып, бірнеше бекіністі жойған [11]. Белгілі суретші Н. Каразиннің «Пугачевшілермен шайқас» атты туындысында патша әскерлерімен шайқасып жатқан қазақтар екенін көруге болады (10-сурет). Бұл олардың киім үлгісінен айқын байқалады, суретші оны нақты жеткізген. Әсіресе, қолында қызыл ту ұстаған ту ұстаушы анық бейнеленген.



10-сурет. «Пугачевшілермен шайқас». Н. Каразин.

1916 жылғы патшаның қазақтарды тыл жұмыстарына мәжбүрлеуіне қарсы Торғай көтерілісінде халық ханы болып сайланған Әбдіғапар өз

ордасында ежелгі ақ туды көтерді. Ал көтерілісшілердің бас қолбасшысы Амангелді Иманов қызыл туды желбіретті.



11-сурет. Амангелді Имановтың туы.

Алаш байрағы

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Ресей армиясының Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарынан кейбір әскери бөлімдерінің шегерілуіне, ішкі дағдарыстың күшеюіне және 1917 жылғы Қазан төңкерісіне алып келді. Ресей империясының күйреуімен қазақтар өздерінің ұлттық автономиясын – Алаш автономиясын жариялады.

Семей музейінде жасыл түсті ту сақталған, оның бетінде «Алаш автономиясы жасасын!» және исламдық шаһада орналасқан (12-сурет). Алайда, бұл – сенімсіз реконструкция болуы мүмкін. Себебі, ол Сабит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабының үшінші бөлігіне негізделген. Бірақ белгілі жазушы бұл жерде осындай тудың Ойыл жылқы алаш полкінде қолданылғанын жазған. Сол туды Сәбит Мұқанов пен жас коммунистер большевиктер съезінде сахнада жыртып тастаған [12].



12-сурет. Ойыл жылқы алаш полкі туы. Батыс Қазақстан облысында сақталған.

Алаштанушы Сұлтан Хан Аққұлұлы ақ тулар туралы былай деп жазады: «19 маусымда Алаш-Орданың қарулы отрядтары ел астанасына келді. 300 милиционер офицерлерімен бірге Уақытша Сібір үкіметі мен әскери шенеуніктер тарапынан салтанатты түрде қарсы алынды. Кездесу кезінде алаңға белгілі ұлттық қайраткер Бөкейханов келді, оның құрметіне подполковник Тоқтамұшевтің ұсынысымен салт аттылар «Алла!» деп ұрандатты. Ақ түсті туларда қазақ (қырғыз) тілінде «Ресейлік және Сібірлік

Құрылтай жиналысы жасасын!», «Отанға адал ұлдар жасасын!» деген жазулар болды».[13]

Ақ тудың үстінде киіз үй бейнеленген ту туралы да айтылған: *«1918 жылдың 5 маусымында Алаш қаласына 500 жігіттен тұратын қазақ жасағы кірді. 6 маусымда Алаштың орталығында оларды салтанатты түрде қарсы алды. Жасақ қаруланған, әскери дайындықтан өткен және арнайы киім үлгісі болған. Олардың киімдері ұлттық қамзолға ұқсап, жаға тұстары былғарымен көмкерілген. Ақ түсті ту бекітілді, оның ортасында киіз үйдің бейнесі болды...»* – деп жазды Семейдің «Воля народа» газеті.[14]

Сондай-ақ, Аққұлұлы Алаш-Орданың туы жасыл, сары және қызыл жолақтардан тұратын триколор болуы мүмкін деп болжаған. Ал кантонда (жоғарғы бұрышта) жұлдыз бен жарты ай орналасқан. Бұл болжамын ол 1910 жылдардың басында қазақ ғалымы Барлыбек Сыртанұлы құрастырған «Қазақ елі» жарғысына негіздейді. Жарғының бір тармағында «Қазақ елінің» туы туралы былай деп жазылған: *«Қазақ елінің өз туы бар. Ту жасыл, қызыл және сары көлденең жолақтардан тұрады. Жоғарғы бұрышында жұлдыз бен жарты ай бейнеленген. Жасыл түс – елдің исламға адалдығының белгісі, қызыл – елді қорғау кезінде төгілген қанның символы, сары – кең қазақ даласы мен бостандықтың нышаны.»*[15]

1917 жылдың қараша айында пантүркістік мемлекеттік құрылым, іс жүзінде антикеңестік, өзін-өзі жариялаған республика – Түркістан мұхтарияты (Қоқан автономиясы ретінде де белгілі) құрылды. Уақытша Халық Кеңесінің сыртқы байланыстар бөлімінің басшысы Мұстафа Шоқайдың (1890–1941) ұсынысымен бұл құрылымның туы бекітілді. Ол қызыл және көк түсті көлденең тең жолақтардан тұрып, ақ түсті жарты ай мен бес жұлдыз бейнеленген еді. Көк түс – Түркістан халқының басым көпшілігінің түркілік тегін білдірсе, қызыл түс – жаңару мен революцияның символы болды.[16]



13-сурет. «Қазақ елі» жарғысында Барлыбек Сыртанұлы ұсынған ту.



Түркістан (Қоқан) автономиясының туы

Кеңестік кезең

Коммунистер қазіргі Қазақстан Республикасы аумағында әуелі Қырғыз АССР мен Түркістан АССР-ін құрды. Кеңестік республикалардың ұлттық-территориялық межеленуінің нәтижесінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ КСР) құрылды. Бұл автономиялық құрылымдардың тулары қызыл түсті болды. Бұл, әрине, республикалардың коммунистік

сипатын ескерсек, түсінікті жағдай.



14-сурет. Түркістан АКСР туы 1919-1921 жж.


Түркістан АКСР туы 1921-1923 жж.

Қазақ КСР туы 1937-1940 жж.

Қазақ КСР туы 1940-1953 жж.

Қазақ КСР туы 1953-1991 жж.

1941 жылы Еуропадағы түркістандық эмигранттар, нацистік Германияның қолдауымен, Орталық Азия аумағында болашақ мемлекет ретінде қарастырылған Үлкен Түркістан үкіметінің прототипі – Түркістан ұлттық комитетін (ТҰК) құрды. Өз туы ретінде ТҰК Түркістан мұхтариятының (Қоқан автономиясының) түстерін таңдады, алайда ақ жарты ай мен жұлдыздың орнына тартылған жебесі бар садақ бейнеленді. (15-сурет).



15-сурет. Түркістан ұлттық комитетінің штандарты

Қазіргі заманғы ту

Қазақстан Республикасының туы жарияланған конкурстан кейін таңдалды. Ол 453 жалау нұсқасынан анықталды. Мұндай көлемдегі жұмыс

посткеңестік кеңістіктің ешбір мемлекетінде болмаған. Республика Туының авторы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, суретші Ниязбеков Шәкен Оңласынұлы болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің № 2797 Жарлығының 4-бабының II тарауында Республиканың туы былайша сипатталған: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында сәулелері бар күн бейнесі, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген тік бұрышты көк түсті панно. Білікте ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ бар. Күннің, сәулелің, қыранның және ою-өрнектің бейнесі – алтын түсті. Тудың енінің ұзындығына қатынасы 1:2.



16-сурет. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы туы.

Қазақстан туының рәміздері ерекше және бірегей. Күн - байлықтың, құнарлылықтың және гүлденудің символы. Бүркіт – күштің белгісі. Қазақ қыранының сұлбасы биіктей отырып, жерге қырағы қарайды. Мұндай рәміздер мемлекеттің еркіндігі мен биік бағдарлары мен мақсаттарын көрсетеді. Ту тұғырындағы ұлттық ою-өрнек оны ерекше етеді. Көбінесе ою-өрнек шифр, дұға, бойтұмар, көне жазу үлгісі, флора мен фаунаның стильдендірілген бейнесі және т.б. болып келеді. Қазақстан туындағы ою-өрнекті арабесктерге жатқызуға болады, дегенмен ұқсас элементтер қытайлық ою-өрнектерде де кездеседі. Сірә, бұл сурет мемлекеттің бай және жанды табиғи кешенін бейнелейді. Осы мақалада талданған Қазақстан Республикасының рәміздері мемлекет басшылығының байыпты және жан-жақты дамыған көзқарасын көрсетті. Бұл посткеңестік кеңістіктегі рәміздер туралы конституциялық заңы ғана емес, мемлекеттік стандарты бар, соның арқасында Елтаңба мен Ту біртұтас көркем композицияға ұқсайтын, бояуы үйлесіп, эпосты бейнелейтін жалғыз мемлекет. Айта кету керек, республиканың Елтаңбасында да, туында да жойқын жауынгерлік, содырлық элементтер жоқ. Бұл рәміздер ешқашан бауырлас халықтарға қарсы көтерілген емес. Қазақстанның Елтаңбасы мен Туы ізгілік, бейбітшілік, жер мен халықтың игілігі мен гүлденуінің мәнін білдіреді.


Қорытынды

Қазақ хандығының туы қандай болды? Бүгінде оны нақты анықтау қиын, бірақ төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1. Туды негізгі түсі ақ болған (бұл туралы барлық деректерде айтылады);
2. Белгілі бір кезеңдерде ту қызыл түске өзгерген. Кейбір гипотезаларға сәйкес, бұл әскери іс-қимылдар немесе үлкен өзгерістер кезінде болған;

3. Қазақ Ордасының жалпы белгісі «ала шұбар ту» деп аталған, бұл бастапқы семантикалық мағынасы «ал» сөзінен туындап, «бастапқы, шынайы, бейтарап» деген мағынаны білдірген.

Ақ (немесе қызыл) түсті туға бір немесе бірнеше рудың таңбалары, не болмаса белгілі бір топқа тән символдар орналастырылған болуы мүмкін. Бұл тұрғыда мен М. Мағауиннің болжамына қосыламын: негізгі тудың үстінде «төре таңба» немесе «хан таңба» бейнеленген.



17-сурет. Қазақ хандығының ықтимал туларының реконструкциясы.

Қазақтың тарихи тулары тақырыбы өте қызықты және ұлттық болмыс пен мемлекет құрылысы үшін маңызы зор. Вексиллология Қазақстан үшін аз дамыған, бірақ әлемнің қуатты мемлекеттерінің ерекше бақылауына алынған ғылым. Туларыңды білу – өткеніңді білу, ата-бабаңмен рухани байланыста болу деген сөз. Баннерлерді зерттеу әрқашан геральдика, атрибутика, рәсім және т.б. қатар жүреді. Осының барлығы жас ұрпаққа Қазақстан Республикасының бір күнде пайда болмағанын, оның сан ғасырлар бойы қаланған терең де берік мемлекеттік іргетасы бар екенін көрсетеді. Ата-бабаларымыз тудың жаны бар, ол халықтың жаны деп есептеген. Ежелгі туларды жаңғырта отырып, біз рухымызды шыңдаймыз.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Юрченко А. Улус Джучи на карте мира XIV в. (Знаки и символы Каталонского атласа 1375 г.) // Золотоордынская цивилизация. Сб. статей / Гл. ред. И. М. Миргалеев. — Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2008. — Т. 1. — 38—57 б. — 176 б.

2 Сабитов Ж. Деньги в Золотой Орде. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://web.archive.org/web/20170915023154/https://vlast.kz/avtory/16561-dengi-v-zolotoj-orde.html> (дата обращения: 06.02.2025).

3 Атыгаев Н. Символы власти: К 550-летию Казахского ханства // Казахстанская правда. - 2015. - 20 февраля.

4 Құрбанғали, Х. Тауарих хамса / Х Құрбанғали. – Алматы : Атамұра, 1992. – 304 б.

5 Оспан, Б. Төрелер - Чингизиды / Б. Оспан // Y-Vision : электронный журнал. – URL: <https://yvision.kz/post/t-reler-chingizidy-278014>. – Дата публикации: 24.07.2012.

6 Валиханов Ч. Собрание сочинений Чокана Валиханова в V томах. Том I / Ч. Валиханов. – Алматы : Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакциясы, 1984. – 432 б.

7 Мағауин М. Азбука казахской истории / М. Мағауин. – Алматы, 1997. – 225 б.

8 Гордость за свою страну // Прикаспийская коммуна URL: <https://pricom.kz/obshhestvo/gordost-za-svoyu-stranu.html> (дата обращения: 06.02.2025).

9 Атығаев Н. Казахское Ханство: очерки внешнеполитической истории XV-XVII веков. - Алматы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты, 2023. - 209 б.

10 Ер Жәнібек – 300 жыл // Abai.kz URL: <http://abai.kz/post/38964> (дата обращения: 06.02.2025).

11 Участие казахов в крестьянской войне 1773–1775 гг. под предводительством Е.И. Пугачева // iTest.kz URL: <https://itest.kz/ru/ent/istoriya-kazahstana/8-klass/lecture/uchastie-kazahov-v-krestyanskoj-vojne-1773-1775-gg-pod-predvoditelstvom-e-i-pugacheva> (дата обращения: 06.02.2025).

12 Мұқанов С. Өмір мектебі. – т.3. - Алматы: Өлке, 1964. - 520 б.

13 Жизнь и смерть лидера Алаш Орды // Stud.kz URL: <https://stud.kz/ru/referat/show/87493> (дата обращения: 06.02.2025).

14 Астане власти поют дифирамбы, о другой столице Алаш и не вспоминают. Радио «Азаттық».

http://rus.azattyq.org/content/alash_capital_semei/2085958.html

15 Сыртанов Б. Қазақ елінің Уставы // Казах. – 1917 г. – 21 ноябрь.

16 Исхаков С. М., Валидов А. З.: пребывание у власти // Отечественная история, №6, М, 1997 г. – с. 223.

МАҢҒЫСТАУ – АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Жумалиева Г.,
№32 орта мектептің
тарих пәні мұғалімі
Атырау қаласы

Қазақстан - бұл шексіз дала ғана емес, сонымен қатар еліміздің батысында орналасқан, тарихқа бай, мүлде басқа ғажайып әлем – Маңғыстау өңірі.

Маңғыстау арқылы саяхат Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінде, әлемдегі жалғыз ішкі теңіз – Каспий теңізінің жағасында өтеді. Бұл – ежелгі өркениеттің мекені, мемлекет және халықаралық ұйымдардың қорғауымен Маңғыстауда орналасқан, 11 мың тарихи ескерткіші бар ашық аспан астындағы мұражай. Археологиялық олжалар шамамен 1 миллиард жыл бұрын бұл аймақ Тетис мұхитының түбі болғанын көрсетеді.

Зерттеулер ежелгі Ұлы Жібек жолы Маңғыстау арқылы өтіп, Хорезмнен Хазарияға, Болгария мен Персияға дейін жеткенін растайды. Маңғыстауды

аралап жүріп, аңызға айналған мұхиттың ежелгі қабығын табуға болады. Мұндағы пейзаждар соншалықты ерекше, кейде басқа бір шетелдік планетаға келгендей сезінесіз.

Алайда бұл өңірдің тарихы мен сиқыры әлі толық зерттелмеген. Маңғыстау облысы туризм саласында көшбасшы аймақтардың бірі болып саналады. Облыста ішкі туризмді дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Тарихи орындарды туризм инфрақұрылымына енгізу арқылы әлемдік туризм индустриясының негізі қалануда. Сондықтан аталмыш бағыттағы жүйелі іс-шараларды қолға алу негізгі мақсаттардың бірі, әсіресе тарихи-мәдени туризм енді ғана жанданып келе жатқан саланың дамуына ықпал етеді.

Маңғыстау саяхат жоспарларына назар аударуға лайық ерекше табиғи орын. Мұнда шөл табиғатының әртүрлі көріністерінің барлық арсеналы «резервтік қораптағыдай» жинақталған. Маңғыстауда түрлі ландшафттар кездеседі, ал саяхат әртүрлілікке толы: тарихи және мәдени саяхаттан бастап экстремалды туризмге дейін. Бұл «қазына түбегінің» ерекше айырмашылығы – оның таңғажайып табиғаты мен бай флорасы.

Маңғыстаудың ландшафттарының таңғажайып үйлесімі, Каспий жағалауы мен шөлді аймақ көріністері сізді бейжай қалдырмайды. Сонымен қатар, бұлақ суы, мәдени мұралар мен аңыздарға толы көркем шатқалдар туристерді ерекше қызықтырады.

Экзотикалық табиғатымен қоса, Маңғыстау түбегі тарихи және мәдени орындарға бай. Қайталанбас флорасы мен фаунасы бар, әсем ландшафттар ешкімді бей-жай қалдырмайды.

Маңғыстаудағы туризм мен табиғат өзара тығыз байланысты, сондықтан саяхатшыларды табиғаттың сиқырлы әлемі мен ашық мәдениеті күтіп тұр. Көптеген адамдар Маңғыстау мен Ақтауда туризм дамымаған, жайлы орындар жоқ деп ойлайды, бірақ бұл қате түсінік. Маңғыстауда экскурсиялық бағыттар қарқынды дамып келеді. Ақтау қаласы туризмнің бастапқы нүктесі ретінде өзгеріп, қонақтарға ыңғайлы болуда. Қазір Маңғыстауды шарлау оңай, көптеген туристік бағыттар бар.

Маңғыстау сапарында сіз Ақтаудың бор таулары мен Қаратаудың жұмбақ жоталарын бағындырып, уақыт пен кеңістікке жасырылған ежелгі қалаларды, ата-бабалардың керуен жолдарын және жерасты мешіттерін көре аласыз. Сонымен қатар, бұл жерде Т.Г. Шевченконың есімімен байланысты орындар, тарихи ескерткіштер, табиғат пен адамның қолымен жасалған туындылар да бар.

Маңғыстау түбегі туристер мен саяхатшылар үшін ерекше саяхаттар мен мәдени қажылықтарға танымал. Қазақстанның тарихи ескерткіштерінің үштен бірі осы Маңғыстау аймағында шоғырланған.

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі Маңғыстауда туризмді белсенді түрде ілгерілетуде. Жақсартылған инфрақұрылым мен көлік мүмкіндіктері аймақты қолжетімді ете түсті. Маңғыстау табиғи сұлулықтың, мәдени мұраның және шытырман оқиғалардың қызықты үйлесімін ұсынады, бұл оны Қазақстанда ерекше әсер іздейтіндер үшін тартымды орынға айналдырады.

САРАЙШЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ӨНЕР

Ахметова У.Т.,

Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің

Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы

кафедрасының профессоры

тарих ғылымдарының докторы

«Қазақ тілі» қоғамы «Сарайшық бабалар мұрасы» жобасымен сәтті жұмыстар жүргізуде. Ғылыми зерттеулеріңіз халықтың игілігіне болсын деген тілегіміз бар.

Кіріспе. Жошы Ұлыстық Сарайшық қаласы – ортағасырларда экономикасы мен мәдениеті, ғылымы мен білімі дамыған өз заманындағы аты әлемге белгілі болған қала. Ол алдымен Азия мен Еуропаның ортасында орналасып өзінің қолөнерімен, транзиттік сауда-саттық орталығы ретінде танылған. Сарайшық қаласы Қытай, Орта Азия және Еуропа елдерінің экономикалық қарым-қатынаста болып, ел мүддесін қамтамасыз етті. Экономикалық даму білім мен ғылымның дамуына ықпал жасады. Оған нақты дәлел 1909 жылы күз айында зират ішінен орын дайындау барысында 2 сажень тереңдіктен 24 бөлікке бөлінген саздан жасалған үлкен қыш құмыра (хум) (құжатта ваза) табылған.

Сарайшық музейінде орналасқан бай өнер туындысы XIV ғасырға жататын хумы басты паспорты десек те болады. Хум тарихы толығымен жүйеленді. Хум суретші реставраторлардың реставрациялық өңдеуінен өткен. Хум бүйірінде:

«Кісі көркі – жүз ол, бұ жүз көркі – көз,

Ауыз көркі – тіл, бұ тіл көркі – сөз.

Тағы көркі кісіге – білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер», - деген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік) дастанынан үзінді жазылған. Ал құмыра жанында «Бұл күбі ішіне жас құюға болады» деген белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан екен. Сарайшықта жасалған құмыра қала қолөнершілерінің шеберлігін ғана емес, олардың ортағасырлық шығыс ғұламаларының туындыларымен жақсы таныс болғанын айғақтайды. Әрине, бұл өнер туындысы туралы ортағасырдан хабар берер біраз мағлұмат алуға болады. Мысалы, археологтар хум деп атаса, құжатта ваза деп рәсімделсе, ал ваза бүйіріндегі жазу аудармасында кәдімгі қазақ тілінде күні бүгінде қолданыста айтылатын күбі деп жазылған. Иә, бұл күбіні заманының өнер туындысы ретінде жоғары бағаланады.

Негізгі бөлім.

Ортағасырлық Сарайшыққа қатысты музей-қорық жанынан бірнеше жылдан жүргізіліп келе жатқан ғылыми зерттеулерге қатысып келемін. Атасақ,

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы негізінде 2020-2022 жылдарға арналған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым»

жобасы орындалды. Жоба қорытындысы бойынша Атырау облысында орналасқан еңбекпен түзеу лагері және оның бөлімшелері архив деректері негізінде анықталып, алғаш ғылыми айналымға енді.

2. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі қаржыландырған 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» (бағдарлама жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова) бағдарламасын сәтті аяқталды. Бағдарлама аясында далалық барлау экспедициясы нәтижесінде көне Ұлы Жібек сүрлеулері, керуен жол тұрақтары, керуен сарайлар зерттелінді, атасак, бұрын анықталмаған алтынордалық 10 тұрақ, 2 елді мекен, 1 керуен-сарайдың есепке алынды. Сарайшықтан 20 км. орналасқан Қарағайлы және Ащысай елді мекендері табылғанын атауымызға болады. Бұл жылдың зерттеуінің басты жаңалығы - Сарайшықта ұзақ жылдар бойы қазба жұмыстарына жетекшілік еткен, т.ғ.д., профессор Зайнолла Самашевтың қолдауымен ортағасырлық Сарайшық қаласына, жаңадан анықталған Ащысай мекеніне (2021 ж.), Қарағайлы мекеніне (2022 ж.), Канал тұрағына (2021 ж.) және Күліш керуен-сарайына (2023 ж.) т.ғ.к. А. Пушкаревтың геомагниттік зерттеулер жүргізіп, теңдесі жоқ нәтижелер алынды.

2021 жылы Сарайшықтағы қазба жұмыстарында 2 элиталық көрхананың орны толық ашылды. Көрханадан табылған мата қалдығын Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті жанындағы археологиялық институтының ғалымы, мата реставраторы Тетяна Крупа зерттеді. Тазарту нәтижесінде ақ түсті жіптермен өрнектер салынған қызыл барқыт мата екені анықталды. Ортағасырларда барқыт матаның бәсі жоғары, тек бай адамдар ғана қолданғаны тарихымыздан белгілі, сараптама нәтижесінде шынында хан қорымы деп айтуға болады деген шешімге тоқталды.

Ал 2022 жылы анықталған Жошы Ұлыстық Қарағайлы мекенінен қыш кірпіштен салынған ХІҮ ғасыр мазары табылды. орнына археологиялық зерттеу жүргізілді. Мазар қазбасы кезеңінде №2 жерленімнен мата қалдығы табылып, оны мата реставраторы Т.Н. Крупа зерттеуге алды. Мата қалдығы арнайы тазалаудан өткізіліп, микроскоппен зерттеу, рентген сәулелерін өткізу, химиялық, органолептикалық сараптамадан өтті. Зерттеу сараптамасы бойынша матада алтын жалатылған, күміс түсті жіптер қолданылғаны анықталды (сурет.50). Мата қалдығы болжам бойынша ХІІ-ХІҮ ғғ. кезеңделеді. Бұл табылған материал бас киімнің бөлігі деп танылды.

2022 жылғы №3 қазбадан табылған ортағасырлық қойдың жауырындары. Бұл материалды зерттеген этнограф Жасқайрат Ерназаровтың айтуынша, жергілікті халық қой жауырынын өңдеп, декоративті материалдар ретінде өңдеп пайдаланылғанын, өңдеу тәсіліне назар аударып және ол сүйектердің бәрінің бір жерден табылуы заманының сүйек шеберінің пайдаланған деген болжамға келген. Сонымен бірге қой сүйегіне қарап, жорамалдау үрдісінің де қатар болғанына назар аударады.

3. Қазіргі таңда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV

ғғ.)» бағдарламасы (бағдарлама жетекшісі, т.ғ.д., профессор Ұлжан Ахметова) жүзеге асырылуда.

Биылғы «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының зерттеу жаңалығы Сарайшықтан құрылысы ерекше сәулетті сағананың табылды. Сағананың аркалы күмбезделіп жабылған түрі Сарайшық қазбаларында алғаш кездесіп отыр. Құрылыс заманында жерден төмен шұңқыр ішіне салынғаны дәл анықталды. Биылғы қазбадан Сарайшықтан XIII ғасырдың басына жататын Хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің Хорезм қаласында соғылған тиыны алғаш табылып отыр.

- Ащысай мекеніндегі археологиялық қазба жұмыстары барысында керамикалық бұйымдардың көптеген фрагменттері табылды. Оның ішінде сырлы түрлері де кездеседі. Сонымен қатар, сүйектен жасалған бұйымның фрагменті, моншақтар және нумизматикалық материалдар анықталды.

- Далалық-барлау экспедиция зерттеулері нәтижесінде ортағасырлық бұрын белгісіз болған жаңа тұрақтар анықталды. Олар, Қозыбақ тұрағы, Бақбай тұрағы, Қосжал тұрағы, Қосуақ тұрағы, Құлбенес тұрағы, Жанесен тұрағы, Музахур тұрағы және Жантас тұрақтары табылды.

- Ащысай мен Қарағайлы қалалары орнында алғаш қазба жұмыстары басталды. Сарайшықтан анықталған сағанаға цифрлық кескіндеу жұмыстары жүргізілді.

- Ортағасырлық Сарайшық, Қарағайлы, Сарыөзек мекендерінен табылған материалдардың радиокөміртегі әдісімен жасын анықтау мақсатында Литва Республикасы Вильнюс қаласына зерттеу лабораториясына жіберіліп, нәтижесінде Қарағайлы ескерткішіндегі мазардан алынған үлгілер XIII ғасыр, Сарыөзек I тұрағынан алынған үлгі XIV ғасыр, Сарайшықтағы сағанадан алынған №4 сүйек XIV ғасыр соңы және №7 сүйек XV ғасыр ортасын көрсетті.

- Антрополог Айкүміс Райсованың Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы сағанадан табылған 12 адам сүйектеріне жүргізілген антропологиялық талдауы осы өңірдің тұрғындары туралы құнды антропологиялық және этнографиялық мәліметтер берді.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Астаналық Сарайшық Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы (жоба жетекшісі - т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар) аясында зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл зерттеулер бойынша «Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы» атты монография жарық көрді. Монографияда ортағасырлық Сарайшыққа байланысты ғылыми зерттеулер жүйеленген. Бұл Сарайшық музейінің ортағасырлық қала туралы архив материалдары мен археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлер, нумизматикалық материалдары ғылыми айналымға қосылған.

Енді қазба орнынан табылған өнер туындыларына тоқтала кетсек, Селадон кесесі XIII-XIV ғғ.

Сарайшық қазба орнынан табылған, өңделген. Кесе Қытайдың глазуриленген фарфорының құйма қамыры ең жақсы минералды ұнтақ қосылған

ақ саздан (каолин) жасалған. Кесе. XIII-XIV ғғ. Сарайшық қазба орнынан табылған, өңделген. Үстінен мөлдір ақық түсті сыр жағылған қара бояулы сурет өрнектері бар, кашиндік балшықтан жасалған қыш ыдыс.

8. Штамп басылған өрнегі бар құмыра (Сарайшық қыш бұйымдары еңбегінен).

9. Мөлдір түсі жоқ сыр жағылған, ангобының үсті сызбаланған және қоңыр, жасыл бояулармен өрнек суреттер салынған ыдыстың сынығын айтуға болады.

10. Мөлдір сырдың астында қара бояумен салған сурет өрнектері бар көзелердің сынықтары.

11. **Сырға** және киімге тағатын жапсырмалар. XIII-XIV ғғ. Алтын Орда дәуіріндегі сән үлгісіндегі **алтын сырға** шар пішіндес орталық бөлігіне шынжыр арқылы тамшы бейнелі төрт шашақтар ілінген, беті оймышталған өрнектерден тұрады.

Сақина. IX-XI ғғ. Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында қазба барысында табылды. Сақина алтыннан жасалған, беті алтыбұрышты жұлдыз бейнеленген, ал жүзіктің бетін шеңберіне жалғаған жерде өрнектер салынып, әрленген. Сонымен бірге құрылыс өнер туындылары материалдары да көптеп кездесуде.

12. **Сырлы қаптама плита.** Кашин. XIV-XV ғғ. Ақшыл көк түсті. Бетіне бес жапырақты гүлдер ойылып салынған. Екі бөлікті бір біріне жалғаған.

Қаптама плита. Алебастр. XIV-XV ғғ. Құрылыс сыртын қаптайтын кірпіш. Ортасынан бөлінген, бетінде өсімдік тектес ою-өрнек салынған, ақшыл түсті. Жан-жағында қалыңырақ сызықтары бар. Бірінші сынық бөлігі екіншісінен көлемділеу, төменгі жағының бөлігі үгітіліп қалған.

Міне, осы ортағасырлық Сарайшық жәдігерлерін тірілтіп, музей экспонаты деңгейіне жеткізіп отырған суретші-реставратор Отарбай Кендір жұмыстарын айта кеткім келеді. Соңғы үш жыл ішінде 30 жуық жәдігерді қайта өңдеп, ортағасыр жәдігерлерінің түпнұсқа келбетін қайтарып, музей көрермендерінің көзінің жауын алар тірі экспонатқа айналдыруда.

Қорыта айтқанда, Сарайшықтағы жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер Қазақстанның батыс өңіріндегі туризмді дамытуға, соның ішінде ортағасырлық Сарайшықта ашық аспан астындағы музей экспозициялық алаңын жасақтауды жалғастыруға мүмкіншілік береді.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ИСАТАЙ, МАХАМБЕТ БАТЫРЛАРДЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Сарбалина Ж.Т.,

магистрант,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Халел Досмұхамедұлының ХІХ ғасырдағы Исатай, Махамбет батырлардың ұлт-азаттық қозғалысы туралы еңбектері талданады

Негізгі сөздер: Халел Досмұхамбетұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, ғалым, тарих, еңбектері, патша үкіметі, батыр, Кіші жүз, зерттеу.

Қазақ халқы үшін әрқашанда батырлардың орны ерекше. «Ақтабан шұбырындыдан» соң яғни, 1731 жылдан бастап Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігі патша өкіметіне бағына бастады. Патша өкіметінің құрығынан құтылу үшін қазақ батырлары бірнеше рет көтеріліске шықты. Сол көтерілістің бірі де бірегейі 1836 – 1848 жылдары болған Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған ұлт – азаттық қозғалыс.

Жалпы Исатай мен Махамбет туралы зерттеулер ХІХ ғасырдан бастап жүргізіле бастады. Исатай Тайманұлы жайлы патша әскерінің бас штабының офицерлері И.Ф. Бларамберг, Л.Мейер, Т.Медведский және Халел Досмұхамедұлының еңбектері, қолжазбалары айғақ.

Х.Досмұхамедовтың тарих саласындағы еңбектерінің ішінде ерекшесі — «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» және «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат», «Исатай кім?» деген шығармалары.

Бұл жинақтарда Халел Досмұхамедұлы тарихи мәліметтерді жинақтап, жіктеуді мақсат еткен. Ол тарихи оқиғалар мен мәліметтерді тек жалаң сөзбен жазып қана қойған жоқ, оны әдет-ғұрыппен, жылдармен және де басқа да тарихи оқиғалармен байланыстыру, этнографиялық мәліметтермен де салыстыру керектігін жақсы түсінген. Оған тарихшы ғалымның «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» деген еңбегі дәлел.

Аталған тарихи еңбекте Халел Досмұхамедұлы Кіші жүздің тарихын жан-жақты қарастырып, Исатай, Махамбет туралы деректерді бір салаға жинап, мұра қылып қалдырған.

Бұл еңбекте төмендегідей тарихи деректер келтірілген: «Он сегізінші һәм он тоғызыншы ғасырдағы патша хүкіметінің саясаты қазақты әбден көндіріп алу болды, қазақтың еткен амалы орыстан құтылу болды. Өткен жүз жарым жылдардағы Кіші жүздің тарихы қанмен жазылғандай деп айтса болады» [1].

Ғалым, тарихшы Х. Досмұхамедұлы патша үкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің жасаған бірнеше амалдары болғанын, соның ішінде ең зоры да маңыздысы 1830-1845 жылдардағы Он екі ата Байұлы Беріш руынан шыққан

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілісі екенін баса көрсетіп айтты.

Жоғарыда аталған ғалым еңбегінен үзінді келтірсек: «Он сегізінші ғасырдың аяғында Нұралы ханның Бөкей деген баласы бас қылып, Кіші жүздің бірбөлек елі Еділ, Жайықтың арасындағы қашқан қалмақтан босап қалған қонысқа ауды. 1801 жылы Бөкей бөлек хандыққа патшадан жарлық алды. Кіші жүзден бөлінген Бөкей ордасы, яки Ішкі орда пайда болды.

Бөкей хан елмен тату тұрды. 1816 жылы Бөкей өлді. Орнына жас баласы Жәңгір хан болды. Жәңгірдің заманында қазақтың қонысын хүкімет тарылта бастады. Еділдің жағасынан қалалар салып, қазақты Еділден ысырды, Оралдың орыс – қазақтары Жайықтан ысырды, орыстың балықшылары теңіздің жағасынан ысыра бастады. Терістік жақтағы жақсы жерлерді орыстың қара шекпендері алды. Қазаққа орталықтағы Нарын деген құмнан басқа жарытып қоныс қалмады. Қазақ пен жер тартып алушылардың арасында жанжал туды. Жәңгірдің қазақты қорғау қолынан келмеді. Бұрынғы ата жолды тастап, елді Жәңгірдің «өзі» билеуді ойлады. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды. Хан патшаның «губернаторына» айналды. Бұған ел наразы болды. Осы уақытта Жәңгірді түсіремін, бұрынғы кеңшілікті орнатамын деп Исатай батыр Тайманұлы шыққан. Елдің бәрі тегісімен Исатайға еріп кеткен».

Бұдан әрі тарихшы Исатай Тайманұлының Жасқұстағы Жәңгір ханның ордасын қамауға алғанын, Жәңгірдің қашуды ойлағанын, оны билер: «Сырым батырдан қашамын деп атаң Нұралы ұсталып кеткен, сен де солай боласың. Қазақтың әдетінде жаудан қашқан кісі хан бола алмайды» - деп Жәңгір ханды тоқтатқанын, Бекмағамбет би Өтемісұлы мен Балқы биді Исатайға бітімгершілік жасауға жұмсағанын, Жәңгір хан нөкерлерінің бұл саясатты Исатай батырды алдап, патша үкіметінен қосымша әскер келгенше уақыт оздыру үшін жасағанын, осы сәтте Жәңгірдің нөкеріндегі Бекмағамбет бидің інісі Махамбет Өтемісұлының Исатай батырға қосылғанын, Орда да бірнеше соғыс болғанын, ең үлкен соғыс Бекетай құмында болғанын, зеңбірек пен мылтық найза мен садақты жеңгенін, қазақтың көп қырылғанын, Махамбет батырдың Исатай батырға қосшылыққа сайланғанын нақты жазады.

Халел Досмұхамедұлы аталған еңбекте Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының өмірбаянын, шыққан тегін, ұлт-азаттық көтерілістегі оқиғаларды, халықты «бір жағадан бас, бір жағадан жең шығаруға» жұмылдыру істерін жан-жақты зерттеп, бір жүйеге келтірген.

Сонымен қатар, осы еңбекте Халел Досмұхамедұлы былай деп көрсетеді: «Біздің Исатай, Махамбет туралы жазып отырғанымызды тарихи сөз деп түсіну керек емес, бұл әркімдерден естіген әңгімелердің қорытындысы. Дегенмен, сөзіміздің ұлы бағыты дұрыс шығар. Исатай-Махамбеттің тарихын жаңу үшін Орданың, Орынбордың, Текенің, Аштарханның архивтерін аралау керек. патша заманында Исатайдың әңгімесі құпия еді. Сондықтан қазақша түгіл орысша да бір ауыз сөз жазылмады. Кешегі өткен Бақтыгерей марқұм Құлманұлының айтуынша, Ордадағы уақытша сәбеттің архивінде Исатай-Махамбет туралы 27 том ісі бар» [2].

Бұл сөзімен тарихшы Исатай-Махамбет туралы мәліметтерді әлі де зерттеу керектігін, келешекте де кейінгі буын ұрпақтар осы зерттеулерді жүргізу қажеттілігін баса айтып отыр, тарих беттерінің нақты жазбаларға сүйеніп жазылуын мақсат еткен.

1925 жылы жарық көрген «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» деген еңбегіне Халел Досмұхамедов қазақ халқының орыс патшалығының отары болғанын, тіпті патша үкіметі «қазаққа мынадай жер тиісті» деп жерді шектеп, орыс үкіметінің заң шығарғанын, қазақтың көп жұтты басынан кешіргенін «өз жерінде өгейдің ұлы» болғанын, елдің отырықшылдыққа бет бұрғанын, Жәңгір ханның қара халықты қанап, салықтың түрін (зекет, хан соғымы, ақ киіз, қызыл киіз – әр үй басына салынатын салықтары, садақа, підия, ғұшыр, пітір сияқты дін салықтары) көбейткенін, хан ордасына жан-жақтан келген келімсектердің көбейгенін, ел ішінде әділдіктің жойылғанын бейнелеп, дәлелге жыраулар сөздерін келтіріп жазады.

Х. Досмұхамедұлы көтерілістің тууына түсінік бере келіп, халықтың сөзін сөйлеуші батыр Исатай туралы ойын былай жеткізеді: “Елге түскен таршылықты көріп, елге жаны ашыған адамдардың арасында ханды айналасындағы жолдастары бұзып жүр, ханның көзін ашамыз, ханды тура жолға саламыз, орыстың заңын, ноғайдың шарифатын тастап, елді бұрынғы ескі әдет бойынша билейтін қыламыз деген ой туады. Осы уақытта елдің көзіне Тайманның ұлы Исатай көрінеді. Ханнан, Қарауыл қожадан, төрелерден, “хандықтардан” жәбір-жапа көргендердің бәрі Исатайға келіп шағынатын болады. Исатай беріш руының биі екен” – дейді.

Тарихшы осы еңбегінде Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша үкіметіне қандай ой түсірді деген сұраққа да жауап іздеп, оны саралап, топшылайды. «Исатай көтерілісі қазаққа өзінің ел екенін білдіреді, жұрттың ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды» дейді.

Ғалымның пайымдауынша: «Патша үкіметіне Исатайдың көтерілісі көп тәжірибе берді: 1. Төрелер арқылы қазақты ұстап тұра алмайтындығына көзі жетті. Хан, сұлтандарды итеріп тастап, жылдамырақ бұлардың орнын өзі басуға қам қыла бастады. 1844 жылы Кіші жүз қазақтарын билеу туралы бірінші толық заң шықты. Биліктің бәрі Орынбор губернаторы мен шекара комиссиясына көшті. 2. Қазақтың о замандағы әлеуметшілдігінің бір түрі ру еді, рулықтан туған батырлар, билер еді. Үкімет руға жоюға, батырларды, билерді жоюға қам қылды. Ру сезімін бәсеңдету үшін қазақты руға бөлмеді, әуелі бөлімге (шаске), сардарлыққа (дистанцияға), местілікке бөлді, кейінірек үйезге (уезге), округке, болысқа бөлді. 3. Әбден езу үшін қазақтың шаруысын күйзелтті, үнемі құртуға ойланды. Қазақ жерін тартп ала бастады. 4. Жайық бойындағы қазақ көтерілісіне үнемі сүйеу болып, жан беріп отыратын Сыр мен Маңғыстаудың елдерін бағындыруға кірісті.» Сонымен қатар, Халел Досмұхамедов Исатай Тайманұлының шыққан тегін зерттеп, оны тізбелеп, бір жүйеге келтірген алғашқы тарихшылардың бірі. Аталған еңбекте Махамбет батырға да тоқтала кетіп, оның шыққан тегін, сөзге шеберлігін, Исатай батыр күшін елді біріктіруге жұмсаса, Махамбет өзінің жалынды жырларымен елді аузына

қаратқанын, оның жыраулығы күшті болғанын жазады. «Махамбет сөзінің ішінде ел ішіне көп тарағаны – Баймағамбет сұлтанға айтқаны» - деп жаза отырып, ел аузындағы Махамбет пен Баймағамбет сұлтанның бір кездесуін суреттей келе, Махамбет батырдың сөз сойылын пайдаланып, сұлтанның халыққа қарсы істерін әшкерелегенде, Баймағамбет сұлтанның: «Бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?» - деп өзін-өзі әрең тоқтатқанын, әйтпеген жағдайда Махамбет батыр сұлтанды, сұлтанның қасындағы төрелерді, нөкерлерді жарып тастаудан тайынбайтын қайсар, өжет екендігін суреттейді. Кейін Махамбет батыр сол Баймағамбет сұлтанның шабармандарының, яғни Ықылас Төлейұлының қолынан қапыда қаза табады.

Халел Досмұхамедұлы Махамбет образын ашуда түрлі тарихи деректі жырымен бірлікте қарай білді, түрлі нұсқаларды жазып алып, саралап, салыстыра отырып, бастырған. Еңбектерінде жарық көрген Махамбет өлеңдерінің негізіне Мұрат ақыннан жазып алынған Ығылман Шөрекұлының нұсқасы. Махамбет — халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы кетеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны. Оның бейнелі де, жалынды жырлары негізінен Шалкиіз, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулардың үлгісінде шығарылған көтеріліс туралы толғаулар. «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» деген өлеңдерінде үстем тап өкілдерін бет-пердесін жырта шенесе, «Мұнар күн» өлеңінде ел басындағы ауыртпалықты күйзеле, ашына айтты. Исатай — ақынның кеп өлеңдерінің басты қаһарманы. «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады. [3].

Х. Досмұхамедұлы «Исатай кім?» атты еңбегінде «Исатай- Бөкейліктің қазағы, руы байұлы беріш. Беріштің ішінде жайық, жайықтың ішінде ағатай. Исатайдың әкесі Тайман, Тайманның әкесі Бекәлі, Бекәлінің әкесі Боқай, Боқайдың әкесі Ағатай. Исатайдың ұраны – хандарды, сұлтандарды жою, билікті қара қазақтың өзіне беру, бұзық билерді жоғалтып, әділдік түзеу, орыстың заңын тастап, елге қазақтың әдетінше билік жүргізу, қазаққа жақсы қоныс алып беру, хандардың, төрелердің, келімсектердің тартып алған жерлерін қайтару болды» деп жазады. Ғалым Исатай батыр қозғалысына «Кіші жүздің үкіметке жасаған тәртіпті қозғалысының соңы-Исатай қозғалысы. Мұнан кейінгі қозғалыстар ылғи тәртіпсіз болды» деген баға береді. [4].

«Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» және «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат», «Исатай кім?» сонымен қатар «Исатай-Махамбет» еңбектеріне қатысты айтқан пікірлерін қорытындылай келе айтарымыз, Махамбеттанудың негізін салған Халел Досмұхамедовтен бастап, оны одан әрі дамытқан Қажым Жұмалиевтен бері қарай Исатай – Махамбет тарихын зеттеушілердің тарихи шығармасы мен ондағы образдарды ашып көрсетудегі пайымдаулары өміршеңдігімен, шынайылығымен қазақ тарихының ғылымында құнды болып табылады.

Махамбет! Бұл есім - өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат. Көзі ашық, көкрегi ояу қазақтың бiр де бiрi бұл есімге бейтарап қарай алмайды.

Тарихымызды бiлмей келешекке аяқ басу қиын, тәуелсiз ел болу үшiн, ұшы-қиыры жоқ кең даламызды ұрпаққа мұра етiп қалдыру мақсатында қасық қаны қалмай күрескен батырларымыз, ел мұңын жырлаған жырауларымыз, сөз сойылын саптаған шешендерiмiз, қол бастаған көсемдерiмiз көп болған.

Бүгiнгi ұрпақтың мақсаты сол «қара қазан, сары бала қамы үшiн» күрескен Исатай, Махамбеттей бабаларымыздың мұрасын ендiгi келер ұрпаққа жеткiзу үшiн зерттеу, саралау, жинақтап бастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы шығармалары. Алматы. «Ана тілі». 1998. - 384 б.

2. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. Алматы, «Қазақстан», 1994. - 192 б.

3. Озғанбай Ө.Жарығы өшпейтін жұлдыз. Алматы: «Үш қиян». 2003.- 232 б.

4. Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Х.Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы : «Санат», 1996. -176 б.

ҚАЗАҚ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

Саулебаева С.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2-курс магистранты*

Аңдатпа. Мақала қазақ халқының рухани мұрасы болып табылатын жырлардың, соның ішінде тарихи жырлардың ел тарихын зерттеудегі деректік құндылығы мен маңызын көрсетуге арналады.

Жырлар Қазақстанның орта және жаңа тарихын зерттеуде өте маңызды дерек бола алады. Әсіресе, ХҮІ-ХІХ ғасырлардағы халық жырлары осы кездегі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың зерттелуіне негіз бола алады. Қазақ халқының көшпелі мәдениет өкілі ретіндегі ерекшелігін ескерсек халық жадында сақталған тарихи жырлар ауыз әдебиетінің деректік әлеуетінің маңызын көтере түседі.

Негізгі сөздер: тарихи жыр, ауыз әдебиеті, дерек, жыршылар, фольклор

Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы тарихы негізінен орыс шенеуніктері мен ғалымдары құраған мұрағат материалдарымен шектелмейді. Көп жағдайда ондай жазба деректердің отарлық саясат мүддесінен туындағаны айқын

көрінеді. Қазақ халқының тарихын ұлттық құндылықтар негізінде баяндауда, анықтауда халық жадындағы деректердің, қазақ ақын жыраулары шығармалары құнды дерек көзі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайдың «Толық адам» туралы ойы айтылады. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты. Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ.

Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады» деп көрсетті. Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Әлемдік мәдениеттің тұлғасы қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады» деп атап көрсетті. Қазіргі қазақ қоғамындағы демократиялық жаңғырулар барысында жаңаша ой-пікірлер мен көзқарастарды қалыптастыру мақсатында өткен кезеңдегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресі мен оның рухани түлеуін зерттеуде отандық тарих ғылымының алдында күрделі міндеттердің орын алып отырғандығы белгілі жайт. Осы орайда республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болған жағдайында оның өткен дәуірдегі тарихын сол кезеңнің шындығына сай, идеология мен саяси қалыптардан ада, тарих ғылымында бұрын сыңаржақ баға беріліп келген мәселелерді мейлінше ашып көрсете отырып, ақиқат, шындық, ғылыми және қоғамдық-саяси тұрғыдан саралаудың маңызы зор.

Демек отандық тарих ғылымының алдында әлі де толық зерттелмеген, күрмеуі шешілмеген өзекті мәселелер аз емес. Қазақ жері территориялық тұрғыдан, я болмаса тарихи күрделі оқиғалардың орны өткен мекен ретінде ғана емес, фольклорлық дәстүрдің алтын арқауы үзілмеген аймақ ретінде де бағалы. Олай дейтініміз: болған оқиғаны эпикалық тұрғыдан жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін жырау, жыршылар бір күнде туылмайды. Ол үзілмей келе жатқан игі дәстүрдің құнарлы топырағында ғана өсіп-өне алады. Күні кешеге дейін жалғасқан қазақ жыраулары бойындағы ұзақ көсіліп жырлау қасиеттері фольклорлық-творчестволық тұлғаға тән синкреттіліктің белгісі.

Жыршылар жөнінде белгілі фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: «Олар асқан импровизатор, теңдесі жоқ күйші (домбырашы, қобыз), яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз», – деп анықтама береді [1].

Қазақ фольклорын төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктеріге мән берілмеген, олар

жалпы қазақ фольклорын сипаттап тұтас тұрғыдан түрлі пікірлер тұжырымдаған В.В.Радловтың халық шығармашылығының ұзақ даму жолының өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған тұжырымдары бағалы [2].

Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті қазақстанның әр өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Белгілі ғалымдар: С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев бұл дәстүрді ел басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Сондай-ақ өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрлі ақын-жыршылар ортасының өз дәстүрін ұзақ уақыт үзбеуі де себеп болған.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі халық өміріндегі ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының бәрі оның фольклорына сәулесін түсіреді. Халықтың дәстүрлі ел қорғау идеясын қайта жаңғыртып, ел қорғаған ерлер жайлы бұрынғы жырлар кең жайылумен қатар, өз дәуірінің ержүрек ұлдарын дәріптеген жаңа сипатты ерлік жырлары туады. Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы, қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері. Шешендік пен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет. Бұл тұрғыдан, әсіресе, өлеңші, ақын, халық билері көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар, халық әдебиетін жасаушы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де, қайсыбір шығармаларының туу тарихы белгілі бір есімдермен байланыстырылады.

XVI-XIX ғасырлардағы халық ақындары мен билерінің бәріне жуығының аты-жөндері белгілі, әйтсе де олардың туындыларының көпшілігі ұмытылған, не авторы белгісіз, бұқаралық, халықтық шығармалардың қатарына қосылған. Халық ақындары өз туындыларын әрқашан табан астында суырып салып шығарады. Және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден-біреуге жеткізіледі. Қайта айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине, табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде белгілі ақын атына таңылатын шығармалардың да фольклорлық сипаты басым. ХҮІ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның даму тарихын шынайы жазуда қазақ ақын жыраулары шығармалары тарихи құнды дерек бола алады. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ақын жыраулары шығармаларын деректанулық зерттеу өте өзекті.

Тарихи жырлар - белгілі тарихи оқиғаларға байланысты туған эпикалық шығармалар. Тарихи жырларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді.

Әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда ру-тайпалық мақсаттар қағаберіс қалып, жалпы халықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады.

Батырлар жырында кездесетін ғайыптан туу, жар іздеу, құда түсу, батырдан туған ізбасар сияқты оқиғалар тарихи жырларда ұшырамайды. Сондай-ақ, әсіресе көркемдеу құралы тарихи жырларда мүлде әлсірейді. Бұл жырлардың бәрі ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты кейіпкерлер тарихта болған адамдар. Тарихи жырлардың авторлары көбінесе, сол оқиғаларды көзімен көрген тұтастары болғандықтан авторлар көзімен көрген, өздері бастан көшірген оқиғаларды уақытына қарай рет-ретімен баяндайды.

«Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар, яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарының орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [3].

Тарихи жырлардың шығу, пайда болу мерзімдері әр халықтың фольклорында әр түрлі. Қазақ ауыз әдебиетінде тарихи жырлар 4 кезеңге бөлінеді:

1. Алғашқы кезеңдегі Тарихи жырлар Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахан, Қырым хандықтарына қарсы феодалдық соғыстар ХІҮ-ХҮІІғ суреттеледі («Едіге», «Нұрадин», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазі», «Мұсахан», «Телағыс», т.б жырлар).

2. Жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды (ХVІІІғ) қамтитын екінші дәуірде Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар туды.

3. Үшінші дәуірде ұлт-азаттық, бостандық жолындағы күресті (ХІХ ғ.) сипаттайтын жырлар «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр», «Досай батыр», «Жанқожа батыр», т.б

4. Төртінші кезең ХХ ғ-дың басындағы төңкеріс жылдарындағы елеулі оқиғалар және 1916 жылғы патша үкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлармен шектелді («Туар ма екен бізге күн», «Еріксіз келдім елімнен», «Зарлы заман кезінде», «Құлақасқа», «Бекболат», «Ұзақ батыр», «Аманкелді» т.б) [4].

Қазақ әдебиетіндегі тарихи жырларды Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақынжыраулар шығарған, толықтырып, өндеп қайта жырлаған. Тарихи жырларға алғаш көңіл бөлген қазақ ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов еді. Ол «Абылай», «Орақ батыр» жырларын жазып алып, зерттеді. Одан кейін ХІХ ғасырда В.Родлов, Г.Потанин, И.Березин, И.Аничков, ХХ ғасырдың басында М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев т.б көрнекті фольклористер тарихи жырларды жинауда көп еңбек сіңірді.

Қазіргі Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында 400-дей тарихи жырлар сақталған. Кеңес дәуірінде тарихи жырларды зерттеуге С.Сейфуллин, М.Әуезов, С. Мшанов, Ә.Марғұлан, К.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова, Б.Кенжебаев, Ф.Бердібаев, Б.Уақытов, Н.Төрқұлов, К.Сейдеханов, т.б ғалымдар зор үлес қосты. Көптеген тарихи жырлар хрестоматияларға, жинақтарға енді, жеке кітап болып басылды [5].

Қорыта айтқанда, тарихи жырларда фольклорлық туындыларды саралау көп уақытты, тынымсыз ізденістің нәтижесін күтеді. Тарихи жырларды талдау арқылы қазақ тарихынан көптеген тарихи деректік фактілерді анықтап, оны жазба деректермен, архиві деректерімен салыстыру арқылы оқиғаның жаңа қырларын ашып, жеке тұлғаларды анықтауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қоңыратбаев Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: Ана тілі. 1991. - 279 б.
- 2 Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. -Алматы: «Қазақ көркем әдебиет» баспасы, 1962. - 428 б.
- 3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. -254 б.
- 4 Қазақ әдебиеті тарихы I том, 1 кітап. -Алматы, 1960. -780 б.
- 5 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. -Алматы, 1973. - 274 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС Өңірінің Әскери Тарихы:Зерттелу Мәселелері

Бердіғожин Л.Б.,

тарих ғылымдарының докторы

Алданазарова З.,

магистрант

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақ халқының әскери өнері – ұлттың тарихи дамуының өзегін құрайтын, мемлекеттіліктің қалыптасуы мен сақталуында шешуші рөл атқарған маңызды тарихи-әлеуметтік құбылыс. Ортағасырлық және жаңа дәуірлердегі жаугершілік оқиғалар, ұлт-азаттық қозғалыстар, сыртқы шапқыншылықтар мен ішкі саяси тұрақсыздық жағдайында қазақ жауынгерлік дәстүрінің маңызы арта түсті. Осы кезеңдерде қалыптасқан әскери құрылымдар мен соғыс жүргізу тәсілдері тек әскери мақсаттарды ғана көздеп қоймай, сонымен қатар ұлттық бірлік пен тәуелсіздікті сақтау құралына айналды.

Қазіргі таңда тарихи жадты жаңғырту, ұлттық қауіпсіздік мәселелері, патриоттық тәрбие және әскери мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігімен де тікелей байланысты. Әскери өнердің тарихы қазақ халқының саяси ұйымы, әлеуметтік құрылымы мен құқықтық дәстүрлерімен тығыз байланысты болғандықтан, оны зерттеу – тек әскери сала емес, тұтастай ұлттық тарихты кешенді түрде тануға жол ашады.

Сонымен қатар, жауынгерлік мәдениеттің элементтері – ұрыстың дәстүрлі тәсілдері, әскери лауазымдар, қару-жарақ жүйесі мен тактикалық шешімдер – қазіргі әскери ғылым мен этномәдениеттану үшін де маңызды эмпирикалық материал болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мәселенің

теориялық тұрғыда жүйеленуі мен нақты тарихи деректер арқылы қайта қарастырылуы – академиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып отыр.

Қазақ халқының тарихындағы кейбір мәселелер бұрын жеткілікті деңгейде зерттелмеген болса, қазіргі уақытта олар жаңа көзқарастармен қаралып, терең ғылыми зерттеулердің нысанына айналууда. Қазақ хандығының құрылуы мен оның күш-қуатының артуы, сондай-ақ халық ретінде тарихи сахнада өзін танытуы оңай жетістіктердің нәтижесі емес еді. Бұл үрдіс ұзақ уақыт бойы жалғасқан күрестердің, жер үшін болған жанқиярлық шайқастардың, бейбіт өмір үшін жүргізілген атыс-шабыс әрекеттерінің арқасында жүзеге асты. Осы күрестер барысында халықтың әскери іс-әрекетке бейімделіп, тәжірибе жинақтауы, қазақ хандарының әскери-қолбасшылық және дипломатиялық саясаттарының ықпалы зор болды.

Қазақ халқының әскери жүйесі өз жерін, халқын қорғау, оның аумағын сақтау және кеңейту мақсатында дамыды. Бұл жүйе түркі-монғол көшпелі халықтарының ғасырлар бойы жетілген әскери өнерінің кейбір элементтерін қабылдап, қазақ халқының көшпелі өмір салты мен мәдени ерекшеліктеріне сәйкес бейімделді. Әскери өнердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын жекпе-жектің осы жүйедегі орны мен маңызын арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды.

Түркі әскери өнерінің тарихи мұрагері болған қазақ әскери жүйесі, өз кезегінде, көшпелілердің барлық жетістіктерін өз бойына жинақтап, ұлттық әскери дәстүрлерінің негізінде өз ерекшелігін қалыптастырды. Ежелгі Қазақстан аумағындағы әскери істің даму ерекшеліктері мен сипаты жөніндегі мәліметтер антикалық және ортағасырлық авторлардың еңбектерінде көрініс табады. Бұл тұрғыда Геродот, Страбон сияқты антикалық тарихшылардың жазбалары, сондай-ақ көне түркі ескерткіштері, Қытай және Ресей деректері маңызды дереккөз ретінде танылады. Сонымен қатар Жүсіп Баласағұн, Рашид ад-Дин, Плато Карпини мен Марко Поло сияқты ортағасырлық авторлардың еңбектерінде де әскери құрылым, қару-жарақ түрлері мен жауынгерлік тактикаға қатысты құнды мәліметтер сақталған.

Соғыс пен әскери іс Еуразия кеңістігін мекендеген көне және ортағасырлық көшпелі халықтардың тарихында айырықша маңызға ие болды. Көшпенділер өзіндік ерекшелігі бар әскери жүйені қалыптастырып, сол арқылы ғасырлар бойы Ұлы Даладан тыс аумақтарда да өз қарсыластарына әскери-саяси басымдық таныта алды.

Көшпелі өмір салтының милитаризацияланған сипаты бұл халықтардың ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі материалдық әрі рухани мәдениет үлгілерінде көрініс тапты. Көшпелілердің әскери тарихына қатысты көпқырлы мәселелер Қазақстаннан тыс ғылыми орталарда қарқынды зерттеліп келеді. Бұған тарихшылардың, археологтар мен этнологтардың жазған монографиялары, ғылыми мақалалары мен конференция материалдары дәлел бола алады. Ал Қазақстан аумағын мекендеген көшпелі халықтардың әскери ісіне байланысты іргелі зерттеулер тек соңғы жылдары ғана жеке бағыт ретінде қалыптаса бастады. Дегенмен, әскери-тарихи тақырыптар бүгінгі таңда да

отандық тарихнамада жеткілікті деңгейде зерделенбеген өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр.

Қазақ әскери дәстүрлерін зерттеуде Шоқан Уәлихановтың еңбектері ерекше маңызға ие. Оның «Ежелгі замандағы қырғыздардың қарулануы және олардың әскери жарақтары», «XVIII ғасыр батырларының тарихи мұралары», «Абылай туралы ән» атты еңбектері мен халық ауыз әдебиетіне жататын эпостар, жырлар әскери мәдениетті тануда құнды дереккөзі болып табылады [1].

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов өз еңбектерінде қазақ халқының тарихи болмысын тануда халық ауыз әдебиетіне, этнографиялық мәліметтерге, сондай-ақ ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралған аңыздар мен әңгімелерге ерекше мән береді. Ол өз зерттеулерінде қазақ халқының этногенезін, жүздік құрылымның пайда болуын, рулық-тайпалық жіктелуді, сондай-ақ әскери ұйымдасудың құрылымдық ерекшеліктері мен тактикалық тәсілдерін жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов отты қару жасау әдістері мен дәстүрлі қару-жарақ түрлерін де ғылыми талдауға алған [1].

Қазақ халқының әскери дәстүрлері мен соғыс өнерін зерттеу – Қазақстан тарихи ғылымындағы дербес әрі маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мәселеге қатысты алғашқы ғылыми пайымдаулар XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастады. Атап айтқанда, орыс ориенталистерінің еңбектерінде көшпелі қоғамдардың әлеуметтік құрылымы мен әскери ұйымдасу ерекшеліктеріне назар аударылды. Солардың ішінде А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» [2] атты еңбегі қазақ халқының әскери жүйесіне алғашқы жүйелі сипаттамалардың бірі ретінде ғылыми айналымға енді.

Көшпелі өркениеттерді кешенді түрде зерттеудің бастапқы кезеңдерінен-ақ олардың әскери ісі мен соғыс жүргізу тәжірибесі негізгі зерттеу нысандарына айналды. Бұл бағыттағы зерттеулер көшпелі қоғамдардың өмір салты мен тарихи дамуын түсінудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Мәселені ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған алғашқы жүйелі талдаулар М.И.Иваниннің [3, 90] еңбектерінен бастау алады. Бұл салада Б.Я.Владимирцев [4], Эренжен Хар Даван [5], С.М.Абромзон, А.А.Росляков сынды зерттеушілердің ғылыми мұралары да елеулі қызығушылық тудырады. В.И.Кун өз еңбектерінде көшпенділердің әскери тактикасының қалыптасуына табиғи-географиялық факторлар мен рулық-тайпалық қатынастардың әсерін атап өтсе, Ю.С.Худяков көшпелі әскерлердің әскери стратегиясындағы «қоршау» тактикасына арнайы талдау жүргізген [6], [7].

Шетелдік (әсіресе ағылшын тілді) әдебиеттерге келер болсақ, әскери тарихтың нақты мәселелерін және көшпелі қоғамдардағы (оның ішінде қазақтардың) соғыс ісінің дамуын арнайы зерттеу дербес бағыт ретінде сирек қолға алынған. Әдетте, бұл мәселе көшпелілер тарихының өзге де аспектілерімен байланыста қарастырылады. Дегенмен, Батыс зерттеушілерінің еңбектерінің ішінде К.Д'Оссон, Х.Ховорт, Е.Паркер, Ф.Скрайн, Е.Росс, Дж.

Скэнлон, А.Хазанов сынды ғалымдардың да еңбектерін атап өтуге болады [8, 10].

Қазақстандық тарихнамада қазақтардың әскери тарихына арналған алғашқы әрі жалпы сипаттағы зерттеулердің бірі ретінде 1924 жылы «Советская Киргизия» журналында жарық көрген А.Рязановтың мақаласын атауға болады. Бұл кезеңде қазақтардан жеке әскери бөлімдер құру қажеттілігі туындап, тақырыптың өзектілігі артты. Осыған байланысты А.Рязанов қазақ халқының әскери өткені туралы зерттеу жүргізіп, олардың әлеуметтік-саяси құрылымының ерекшеліктеріне, өмір салты мен кәсібіне назар аударды. Ол бұл факторлардың қазақтардың әскери өнеріне өзгеше сипат бергенін атап көрсетті [8, 10-11-б.].

1960 жылдардың соңында Г.И.Семенюк XVIII – XIX ғасырлардағы қазақтардың әскери ісіне арналған мақаласын жариялады. Бұл еңбек толығымен ресейлік дереккөздерге сүйеніп жазылған. Онда қару-жарақ, ру-тайпалық жасақтар және Ресей империясының құрамына енген қазақтардың соғыс жүргізу тактикасы жайлы мәліметтер қамтылған. Алайда бұл деректер негізінде қазақ әскери ұйымының құрылымы мен қарулану деңгейі туралы нақты тұжырым жасау қиын. Соған қарамастан, автордың соғыс жүргізу тәсілдерін қазақтардың табиғи-шаруашылық жағдайларымен байланыстырған тұжырымдамасы еңбектің маңызды жетістігі ретінде бағаланады [8, 11].

1971 жылы К.Смағұлованың «XVI – XIX ғасырлардағы қазақтардың қару-жарағы» атты көлемі шағын зерттеу жұмысы жарық көрді [9]. Бұл еңбек ҚазМУ студенттерінің ғылыми еңбектері жинағында жарияланды. Зерттеуші қазақ жауынгерлік қаруларын үш топқа бөліп қарастырды: суық қару, лақтырмалы қару және атыс қаруы. Оның пікірінше, бұл кезеңдегі қару жүйесінде басты орынды суық қару иеленген. Қазақ қару-жарағын зерттеу мәселелері А.Т.Қайдаров [10] пен В.П.Курылевтің [11] еңбектерінде де қарастырылған.

А.Т.Қайдаров қазақтың бай жазба және ауызша дереккөздерін кеңінен саралай отырып, жекелеген ұрыс қарулары мен әскери жарақтардың көптеген түрлері мен атауларын анықтап, оларды этнолингвистикалық тұрғыдан түсіндіруге талпыныс жасады. Ал В.П.Курылевтің еңбегі Санкт-Петербургтегі I Петр атындағы Антропология және этнография музейінің қорында сақталған қазақ қаруларына арналған. Ол алғашқылардың бірі болып қазақтардың соғыс балталары, шоқпарлары, жебе ұштары, дойыр қамшылары мен мылтықтарын қару-жарақтану тұрғысынан мұқият зерттеп, олардың жасалу материалы мен қолдану формаларын айқындап көрсетті.

Соңғы жылдары қазақ халқының әскери өнері туралы тақырыбына деген қызығушылық айтарлықтай артты деуге болады. Қазақстандық ғалымдар арасынан И.Ж.Шаханов [12], Э.Ж.Валиханов [13], Ж.М.Жетібаев [14] және Қ.С.Ахметжановтың [15], [16], (17), Т.К.Алланиязовтың (18) еңбектері көшпенділердің әскери жүйесін зерттеуде маңызы өте жоғары.

Мәселен, Н.Ж.Шаханова қазақтардың жорықтағы дәстүрлі тағам элементтерін қарастырып, соғыс жағдайындағы ет тағамдарын дайындау әдістері мен қалбырланған азық-түлік құрамы туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Бұл көшпелі жауынгерлерді соғыс кезеңінде азықпен қамтамасыз ету мәселесін тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Э.Ж.Валиханов жоңғар-қазақ соғыстары кезеңіндегі әскери іс-қимылдардың негізгі кезеңдерін сипаттап, әсіресе қазақтардың қолданған стратегиялық және тактикалық әдістерін анықтауға баса назар аударды. Алайда әскери ұйым құрылымы мен қару-жарақ кешенін терең зерттеу бұл еңбекте толық қамтылмаған.

Т.И.Сұлтанов пен С.Г.Кляшторныйдың «Қазақстан: үш мың жылдықтың жылнамасы» [19] атты еңбегінде XV – XVII ғасырлардағы қазақ әскері мен оның сандық құрамы, әскери нышандары (жалау, ұран), сондай-ақ көшпелі жауынгерлердің әскери тұрмысындағы ерекшеліктер жөнінде құнды мәліметтер ұсынылған. Бұл деректер кейінгі ортағасырлық Қазақстанның әскери-саяси көрінісі туралы мәліметтерді толықтыра түседі.

Ж.М.Жетыбаевтың мақаласы Батыс Қазақстан қазақтарының жерлеу-діни сәулет ескерткіштерінде жиі кездесетін қару-жарақ бейнелерін талдауға негізделген. Автор бұл бейнелерді жалпы салыстырмалы түрде саралап, оларды топтарға бөліп, XIX ғасырдағы жазба деректермен байланыстыра қарастырған.

Қазақ соғыс өнерінің тарихнамасындағы ең ірі жетістіктердің бірі ретінде Қ.С.Ахметжановтың зерттеулерін атап өтуге болады. Ол қазақ халқының бай батырлық дастандарының мұралары мен мол заттық, жазба деректерді ұштастыра отырып, батырдың жауынгерлік қару-жарағының жиынтығын қалпына келтірді. Сонымен қатар, қазақ жауынгерлерінің қорғаныс сауыттарын мазмұнды түрде жүйелеп, көшпелілердің әскери ұйымы мен соғыс өнеріне қатысты күрделі мәселелер жөнінде өзіндік ғылыми тұжырымдар жасады.

Т.К.Алланиязовтың «Қазақстан көшпелілерінің әскери ісі туралы очерктері» атты зерттеуін тақырып аясындағы ірі еңбектердің қатарында атап өтуге болады. Бұл еңбек Қазақстандағы әскери тарихтың ең көне дәуірлерінен бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңін қамтитын кешенді шолу ретінде ұсынылған. Аталған зерттеу қазақ даласындағы ежелгі және ортағасырлық халықтардың әскери өнерінің даму тарихын зерделеудегі бұрыннан бар ғылыми олқылықтың орнын белгілі бір дәрежеде толтырады.

Соңғы жылдары бұл тақырыпты тереңдетуге тарихшы-ғалым А.Қ.Күшкімбаевтың ғылыми зерттеулері де өзіндік үлес қосып, Қазақстан аумағын мекендеген көшпелі этностардың әскери ісі мен әскери мәдениетіне қатысты мәліметтермен толықтырылып отыр. Оның XIII – XV ғасырлардағы Жошы Ұлысы дәуіріндегі ортағасырлық көшпелі қауымдардың соғыс ісіне қатысты бірнеше ғылыми мақалалары мен «XVII – XVIII ғасырлардағы қазақтардың әскери ісі» [8] атты зерттеу еңбегі қазақтардың әскери өнерінің тарихи негіздерін тереңінен зерделеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қаржаубай Жанзақов. Әскери іс және әскери өнер тарихы // Sarbaz.kz. – <https://archive.sarbaz.kz/volno/aeskeri-%D1%96s-gaene-aeskeri-oener-tarihy-163131716/>
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.
3. Серікбаева С.А., Шаметов С.Т. Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнері // Мәдени мұра | Культурное наследие | Cultural Heritage. – №1(108)/2025.
4. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. – Л., 1934.
5. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. – Алма-Ата, 1992 (переиздание).
6. Қазақ әскери өнерінің қалыптасуы. – <https://altyn-orda.kz/kaz/kazak-askeri-onerinin-kalyptasuy/>
7. Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск, 1986; Вооружение центральноазиатских кочевников в эпоху раннего и развитого средневековья. – Новосибирск, 1991; Военное дело древнего населения Северной Азии. – Новосибирск, 1987; Военное дело древнего и средневекового населения Северной и Центральной Азии. – Новосибирск, 1990; Этнографические аспекты традиционной военной организации народов Кавказа и Средней Азии. – М., 1990.
8. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII–XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
9. К.Смағұлова. XVI – XIX ғасырлардағы қазақтардың қару-жарағы. – Алматы, 1971.
10. Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском героическом эпосе и их этнолингвистическое объяснение // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. – 1973. – № 6.
11. Курылев В.П. Оружие казахов // Материальная культура и хозяйство народов Кавказа, Средней Азии и Казахстана: Сб. МАЭ. – Л., 1978. – Т. 34.; Курылев В.П. К вопросу об институте толенгутов у казахов // Этнографические аспекты традиционной военной организации народов Кавказа и Средней Азии. – М., 1990. – Вып. 2.
12. Шаханова Н.Ж. Специфика пищи в военно-кочевом быту казахов XVII–XIX вв. // Этнографические аспекты традиционной военной организации народов Кавказа и Средней Азии. – М., 1990. – Вып. 2.
13. Валиханов Э.Ж. Вооружение и тактика военных действий казахов в период борьбы против джунгарской агрессии // Освободительная борьба казахского народа за свою свободу и независимость в первой половине XVIII века: (Матер. науч.-практ. конф., посв. 300-летию батыра Богенбая). – Целиноград, 1991.
14. Жетібаев Ж.М. Маңғыстау және Үстірт қазақтарының халық суреттеріндегі қару-жарақтар // Изв. НАН РК. Сер. обществ. наук. – 1993. – № 5.

15. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы, 1996.
16. Ахметжан Қ. Қазақтың отты қаруларының тарихы: монография. – Астана: Фолиант, 2016.
17. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы, 2006.
18. Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы, 1996.
19. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.

ДЕЗЕРТИРСТВО В ПЕРИОД ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ: ПРИЧИНЫ И ОБСТОЯТЕЛЬСТВА (НА БАЗЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ)

Джумагалиева К.В.,
к.и.н., ассоциированный профессор,
Казахский агротехнический
исследовательский университет им. С. Сейфуллина,
город Астана

Дезертирство было присуще всем армиям во все времена. Причины этого явления были различными: экономические, политические, социально-бытовые, военные и психологические. Особенно разнообразным по типам дезертирства и методам борьбы с ним являлось дезертирство и уклонизм во время гражданских войн. Не стала исключением и Советская Россия, в том числе Казахстан. Во время Гражданской войны 1917-1922 годов дезертирство из Красной армии было массовым. Репрессивные методы борьбы советской власти были многогранными и касались не только военных лиц, но и гражданского населения.

Во время гражданской войны понятие «дезертир» имело довольно широкое значение и охватывало все формы уклонения от военной службы. Это было: самовольное оставление военнослужащими своей части, неявка граждан на призывные пункты по повестке о мобилизации, уклонение другими способами. Дезертирами большей частью были крестьяне, составлявшие основу новой армии Советского государства. Отказ от прохождения службы они объясняли плохим снабжением армии, а также нежеланием покидать свои дома и хозяйство. К другой причине дезертирства можно отнести усталость населения от бесконечных войн. Политические события начала XX века, русско-японская война, революции, истощили человеческие ресурсы и вызвали нежелание населения воевать. Комплектование в армию носило территориальный характер. Поэтому, призванные в армию солдаты, находясь рядом с домом, самовольно отлучались к семье. А этот факт иногда приравнивался к дезертирству.

В 1919 г. на всей территории Советской России проходили мобилизации в Красную армию. Решением проблемы уклонения от службы занималась

Центральная комиссия по борьбе с дезертирством (Центркомдезертир), созданная в декабре 1918 г. и подобные комиссии на местах (комдезертиры). Большевистское руководство находилось в поиске эффективных мер борьбы с этим явлением. Проблема дезертирства и его причины рассматривались на уровне высшего партийного руководства. Л.Д. Троцкий на VIII съезде РКП (б) в марте 1919 г. подтвердил решимость большевиков строить массовую регулярную армию путем принудительных мобилизаций. В своем выступлении он отметил, что первоначально был принят принцип добровольчества, с дальнейшим обязательным военным обучением для рабочих и крестьян. Одновременно шел набор в армию принудительной форме, где были выбраны определенные возрасты призывников. Эти меры были вызваны непосредственной политической обстановкой в деле создания армии в тех конкретных условиях [1, с. 176].

В связи с разнообразием толкования понятия «дезертир», а также множеством причин самого дезертирства возникает трудность в определении точного количества дезертиров в Красной армии. Нельзя относить к дезертирам лиц, не прибывших на призывные пункты и не принимавших ранее военной присяги. Весьма условна формулировка «уклонение от службы другими различными способами». К дезертирам относятся военнослужащие, оставившие свою часть, покинувшие поле боя или пост, доверенный для охраны, а также лица, принявшие военную присягу и не прибывшие на призывной пункт по повестке.

В архивных документах такого разделения практически нет. Поэтому количественные показатели дезертирства в Красной армии весьма относительны. Кроме того, многие дезертиры после соответствующего разбирательства возвращались в армию, а затем вновь сбегали. Иногда один человек «дезертировал» по два, а то и три раза. В итоге возникал повторный счет.

На начальном этапе строительства Красной армии, комплектовавшейся по принципу добровольности, дезертирства не было. Однако с весны 1918 г. внутривойсковая и международная обстановка потребовала отказаться от этого принципа [2, с. 108].

В связи с массовыми призывами, начавшимися во второй половине 1918 г., постепенно появляется дезертирство, которое вскоре принимает значительные масштабы. 29 июля 1918 г. в декрете СНК впервые было указано, что «уклонившиеся от призыва лица подлежат суду военного трибунала» [3, с. 113]. Основную массу дезертиров составляли крестьяне-середняки. Одновременно с призывом продолжалась добровольная запись в армию.

В постановлении Совета Рабоче-Крестьянской Обороны от 25 декабря 1918 года, № 1015 «О дезертирстве», предписывалось «всем Советским учреждениям немедленно приступить к повсеместному розыску дезертиров и передаче их в руки власти».

Одновременно на Революционный Военный Совет Республики возлагалось:

I. те дезертиры, которые в течение двухнедельного срока со дня

опубликования особого приказа, добровольно явятся в распоряжение военных властей, должны быть освобождены от наказаний при зачислении добровольно явившихся из отлучки в войсковых частях на особый учет. В случае повторного бегства, они подвергались наказанию. Эта льгота не распространялась на тех, кто самовольно оставил свои части или уклонялся от учета после опубликования постановления.

II. Для непосредственного осуществления мер для борьбы с дезертирством были предприняты ряд мер.

1. Была учреждена Центральная временная комиссия в составе представителей Всероссийского Главного Штаба, Всероссийского Бюро военных комиссаров и Народного Комиссариата Внутренних Дел.

2. Привлечение к совместной деятельности на местах представителей соответствующих учреждений и отдельных лиц, необходимых по ходу работ названной комиссии.

3. Для финансовых расходов на работу комиссии, ведомств и учреждений, привлекаемых к борьбе с дезертирством, выделялся кредит.

4. Революционный Военный Совет Республики предоставил в распоряжение Центральной временной комиссии по борьбе с дезертирством два миллиона рублей в виде аванса на чрезвычайные расходы.

5. Всероссийское Бюро Военных Комиссаров и Военный Отдел издательства Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета путем митингов и печати должен был проводить широкую и всестороннюю агитацию среди населения, с целью разъяснения всей преступности дезертирства при трудных условиях для страны.

6. Были определены меры наказания: 1) пойманных дезертиров в пределах от денежных вычетов увеличенном размере причитавшегося им за время отсутствия из части вплоть до расстрела включительно и 2) всех укрывателей дезертиров, председателей домовых комитетов и хозяев квартир, в коих будут обнаружены укрывающиеся, - к привлечению к принудительным работам на срок до пяти лет.

7. Вся ответственность ложилась на губернских, уездных и волостных военных комиссаров, сельские и волостные Комитеты Бедноты и Исполнительные Комитеты Советов Депутатов по своевременному принятию самых действительных мер по борьбе с дезертирством.

8. Народный Комиссариат Юстиции совместно с Народным Комиссариатом по Военным Делах должны были:

а) разработать для Революционных Трибуналов инструкции по определению степени виновности дезертиров и

б) установить совместно с Народным Комиссариатом Внутренних Дел, степень виновности должностных лиц в случаях недостаточной энергичной борьбы с дезертирством [4, с. 1426-1427].

3 марта 1919 года был принят Декрет Совета Рабочей и Крестьянской Обороны «О мерах борьбы с дезертирством» № 94.

В ст. 1 указывалось, что на все гражданские и военные учреждения, заведения и организации Советской Республики возлагается обязанность

строгого наблюдения за отношением сотрудников этих учреждений к отбыванию воинской повинности.

Согласно ст. 2 все учреждения ведут два отдельных списка сотрудников. В одном указываются освобожденные от призыва, в другом те, кто подлежит призыву на общем основании.

В ст. 3 отмечалось, что местные военные комиссариаты, отделы, управления, управления милиции, волостные и сельские Исполнительные Комитеты, и домовые комитеты обязаны неукоснительно и немедленно проводить в жизнь все декреты центральной власти, касающиеся борьбы с дезертирством.

Согласно ст. 4 ответственные лица, виновные в неисполнении постановлений ст.ст. 1, 2 и 3, подлежат местному народному суду.

По ст. 5 в случае укрывательства дезертира должностные лица, виновные в укрывательстве дезертиров, подвергаются заключению на срок до 5-ти лет, с обязательными принудительными работами или без таковых.

Согласно ст. 6 за упущения в деле проведения в жизнь мероприятий по борьбе с дезертирством и за несвоевременное принятие соответствующих мер ответственные в том должностные лица подвергаются наказанию, смотря по обстоятельствам дела, или исключению со службы, или заключению на срок до 3 лет, с обязательными принудительными работами, или без таковых.

В дополнение к ст. 5 в ст.7 говорится о том, что ответственности подвергаются и квартирохозяева, в помещении которых будут обнаружены дезертиры [5, с. 145-146].

В постановлении Совета рабочей и крестьянской обороны №287 от 3 июня 1919 г. «О мерах к искоренению дезертирства» был расширен список наказаний уклоняющимся за дезертирство:

а) конфискация всего имущества или его части (часть строений, скота, земледельческих орудий);

б) лишение навсегда земельного надела или его части.

Конфискованное имущество и земля передаются семьям красногвардейцев.

Семьи дезертиров, укрывавшие его, приговаривались к выполнению урочных работ в хозяйствах красноармейцев, нуждающихся в хозяйственной помощи (посев, пахота, сенокосение и др.). Могут быть приговорены к выполнению общественных работ (подводная повинность, дорожные работы и др.). Те, кто будет уклоняться от этих работ, подлежат аресту и суду.

На семьи самих дезертиров налагался денежный штраф.

Если же местное население упорно укрывало дезертира и не оказывало содействия в его задержании, то тогда налагались штрафы на целые волости, села, деревни, а жителям назначались принудительные общественные работы. От этих наказаний освобождались только семьи красногвардейцев, и те, кто оказал содействие в розыске и поимке дезертира.

Должностные лица, виновные в укрывательстве мобилизованного и дезертира подлежали строгому наказанию, вплоть до расстрела [5, с.418-419].

Когда Оренбург оказался в эпицентре военных действий, и возникла

угроза захвата города, комендант Оренбурга А. М. Бурчак-Абрамович приказом № 18 от 9 апреля 1919 г. объявил город на осадном положении. В городе сконцентрировались тысячи беженцев из сел и станиц, бежавшие от белогвардейцев [6, л. 4].

16 апреля 1919 г. приказом оренбургского военного комиссара было доведено до сведения населения, что все лица мужского пола из числа желающих вступить в Красную Армию в возрасте от 18 до 43 лет, как проживавшие в Оренбурге, так и прибывшие в город из местностей, занятых неприятелем, должны были зарегистрироваться в административно-мобилизационном отделе губернского военного комиссариата [6, л. 3].

В этих тяжелейших условиях военному командованию и органам правопорядка приходилось вести борьбу не только с белогвардейцами, но и отвлекаться на врагов внутренних – выявлять и наказывать уголовных элементов, задерживать и определять вину дезертиров. Сведения о задержанных дезертирах, представленные Оренбургской губкомдезертир в первой половине 1919 г., носили нерегулярный характер. Согласно общей сводке о задержанных дезертирах за 1919 г., в Оренбургской губернии в марте задержано 407 дезертиров, за апрель сведений нет, в мае – 32, в июне – 615 [7, л. 34; 8, с. 101].

Рапорты командиров воинских частей и соединений, подававшиеся на имя начальника обороны Оренбурга М. Д. Великанова, свидетельствуют о большом количестве дезертиров в период наиболее тяжелых оборонительных боев – апреле-июне 1919 г. 28 апреля командир эскадрона 210-го оренбургского полка донес, что в связи с недостатком продовольствия и фуража разбежалось много кавалеристов. В эскадроне осталось 30 человек. С 1 января по 1 июля 1919 г. в 7-й батарее 93-го Туркестанского артиллерийского дивизиона в дезертирах числилось 26 бойцов, в 1-м Оренбургском и 4-м кавалерийских полках 1-й кавалерийской бригады – 84 красноармейца [9, л. 3, 30-30 об.; 8, с. 103].

Наиболее тревожная ситуация с дезертирством складывалась в формировавшихся в Оренбурге рабочих стрелковых полках. К 15 июня начальник штаба 2-й бригады обороны Оренбурга представил сведения о дезертирстве из 210-го полка 105 красноармейцев, из 217-го – 44, из 218-го – 110, всего – 259. В качестве причины дезертирства указывалось близкое расстояние фронта от города [9, л. 66-66 об.]. Нужно заметить, что в мае-июне ни в рапортах, ни в сводках о дезертирах из воинских частей комиссия по борьбе с дезертирством не упоминается. Это дает основание утверждать, что с апреля до июля Оренбургская губкомдезертир не исполняла возложенных на нее обязанностей.

Советское государство подходило к дезертирам дифференцированно. Согласно постановлению Центркомдезертир от 28 февраля 1919 г., все дезертиры подразделялись на две категории: дезертиры по слабости воли и дезертиры злонамеренные (злостные). К первой категории относились дезертиры, находившиеся в отлучке менее 14 дней, а также те, которые хоть и находились за пределами своей части более 14 дней, но основания для их

отлучки были признаны комдезертир уважительными. К злостным дезертирам относили: а) дезертиров, пробывших в отлучке более 14 дней и побег которых сопровождался хищением казенного имущества и оружия; б) скрывших при задержании свое имя; в) оказавших сопротивление при задержании; г) дезертиры, совершившие побег два и более раза. Дезертиры по слабости воли могли быть отправлены по усмотрению комиссии в свою часть без суда. Злостные дезертиры обязательно предавались суду и направлялись в губкомдезертир [9, л. 3; 8, с. 104].

В сводке Центркомдезертир за 1919 г. представлены сведения о задержании в Оренбургской губернии 1852 дезертиров. В раскладке по месяцам отсутствуют данные за февраль, апрель, август, ноябрь. В феврале губкомдезертир еще только создавалась, в апреле шли упорные бои на ближних подступах к Оренбургу. Отсутствие статистики за август, ноябрь могло объясняться перераспределением волжско-уральских губерний по военным округам, потерей или непредставлением отчетов. Значительный прирост – 572 дезертира (30,9%) — пришелся в Оренбургской губернии на декабрь 1919 г. [10, л. 342].

Большой интерес представляет доклад за подписью зам. председателя Краевой комиссии Актюбинской области по борьбе с дезертирством от 04.02.1921 года, где описывается состояние борьбы с дезертирством в 1920 году. В докладе отмечается рост дезертирства и массового уклонения от бандитизма, затем организованного бандитизма, но в большинстве случаев носили контрреволюционные выступления. Все эти формы имели место в Кустанайском уезде летом 1920 года, в Уральской области и, особенно, в Оренбургском уезде.

На первом месте по количеству дезертиров стоит Оренбургский уезд, затем Кустанайский, Актюбинский и Букеевская область. Если в первых трех преобладало именно военное дезертирство, то в Букеевской области превалировало трудовое уклонение. Постепенно факты дезертирства изживались, но все же не в полной мере. Причиной слабой работы в ликвидации дезертирства в докладе отмечается отсутствие ответственных работников для проведения работы на высоком уровне, а также плохая связь с центрами и руководством региона.

Киргизский краевой комитет по борьбе с дезертирством (Киркрайкомдез) был не в состоянии контролировать ситуацию в уездах. Так как все пойманные дезертиры отправлялись в Киркрайкомдез и они сами были перегружены работой. Поэтому были предприняты следующие меры. Своих работников Киркрайкомдез направлял в уезды не более, чем на 3 месяца и менял их периодически местами. Это позволяло им быть более активными и решительными в области карательных действий. Сидя на одном месте длительное время они становились нерешительными в отношении к местным ответственным лицам. Новая же обстановка давала им чувство зависимости от Киркрайкомдеза, а не от местных властей.

В отчете также отмечается слабая работа партийных организаций. Так в целях борьбы с дезертирством с населением была проведена определенная

работа. В частности были организованы: митинги – 610, собеседования – 669, но ни одной лекции. Считалось, что работа проводилась на низком уровне. Одной мер стало распространение листовок, воззваний к населению. Всего было распространено 52 560 штук.

Для снижения уровня дезертирства и проведения карательных мер, было направлено 62 отряда. В результате действия военных было поймано 21 129 дезертиров. Добровольно явилось – 15 794 человек. Общая численность отрядов составила 10 011 человек.

В 1920 году в некоторых военных частях дезертирство составляло 15% - 20%. Главными факторами дезертирства в докладе назывались:

- а) чисто шкурническая тенденция, т.е. «боязнь фронта»;
- б) плохие жилищные условия в частях Красной Армии;
- в) недостаток обмундирования, продовольствия, т.е. холод и голод.

В докладе приводятся такие статистические данные по дезертирам.

Всего их 19 964, задержано 36 923, из них добровольно явилось – 15 794, направлено в Красную Армию – 34 176, признаны злостными – 2 747 человек.

За август-декабрь 1920 года за дезертирство и уклонение к родственникам дезертиров были применены экономические меры. У населения было конфисковано: рогатого скота – 1 395 голов, лошадей – 797, овец – 1 370, коз – 15, свиней – 78, верблюдов – 3, домашней птицы – 38. Кроме этого, были конфискованы сельскохозяйственные орудия, как сеялки, сноповязалки, молотилки, сани, плуги, предметы домашнего обихода [11, л. 1-2].

Применение большевиками как карательных, так и профилактических мер сыграли свою роль. Необходимо отметить, что крайняя мера за дезертирство – расстрел, применялась редко. Не нужно путать с мародерством, когда в войсковых частях командиры в отношении мародеров приводили карательную меру на месте. Чаще в отношении уклонистов и дезертир использовали систему заложничества и контрибуций, либо производили конфискацию имущества.

Кроме того, семьям дезертиров переставали выдавать продовольственный паек, что имело огромное значение для семьи в условиях войны. Пакет снова выдавался родственникам в случае его возвращения в часть или на фронт.

В облавах на дезертиров участвовали части ВЧК, ВОХР (военноизбранная охрана), отряды милиции и представители комиссий по борьбе с дезертирством.

Одной из эффективных мер следует считать так называемые «недели добровольной явки», когда дезертирам предлагали вернуться в строй, без наказания.

Большевики осознавали, что одной из причин массового дезертирства из армии были бытовые проблемы (плохое питание, отсутствие одежды, жестокость командиров и т.д.). Поэтому части пытались обеспечить продовольствием и амуницией любой ценой.

Благодаря всем этим принятым мерам большевики сумели переломить ситуацию в свою пользу и удержать Красную Армию от полного развала. Белогвардейскому командованию не удалось предотвратить деморализацию

своей армии, так как не смогли удержать в своих рядах широкие крестьянские массы. Но следует понимать, что война была гражданская и далеко не все хотели воевать. К тому же дезертирство всегда имело, имеет и будет иметь место в период военных действий. Данный фактор неизбежный спутник всех войн.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. VIII съезд РКП (б). Стенограмма заседаний военной секции съезда 20 и 21 марта 1919 года и закрытого заседания съезда 21 марта 1919 года. Заседания военной секции // Известия ЦК КПСС. – 1989. - № 9. – С. 175-181.
2. Овечкин В.В. Дезертирство из Красной армии в годы гражданской войны // Вопросы истории. – 2003. - №. 3. – С. 108-115.
3. Декреты Советской власти. Т. III. 11 июля – 9 ноября 1918 г. / Ин-т марксизма-ленинизма при ЦК КПСС, Ин-т истории акад. наук СССР. – М.: Политиздат, 1964. – 676 с.
4. Собрание узаконений и распоряжений правительства за 1917—1918 гг. Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1942. – 1483 с.
5. Собрание узаконений и распоряжений правительства за 1919 г. Управление делами Совнаркома СССР. – М., 1943. – 886 с.
6. Государственный архив Оренбургской области (ГАОО). Ф. Р-1512. Оп. 1. Д. 2.
7. Российский государственный военный архив (РГВА). Ф. 4. Оп. 1. Д. 551.
8. Джунджузов С.В. Создание и деятельность комиссий по борьбе с дезертирством в Оренбургской губернии в 1919 г.// Вестник Оренбургского государственного педагогического университета, 2021, №2 (38). – С. 98-106.
9. ГАОО. Ф. Р-1512. Оп. 1. Д. 6.
10. РГВА. Ф. 4. Оп. 10. Д. 318
11. Государственный архив Актыобинской области (ГАОО). Ф. 516п. Оп. 1, Д. 35

МАЗМҰНЫ

Қ.Сүндетұлы. «АЙҚАП» – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖУРНАЛЫ.....	3
Ахметова У.Т. БҰРЫНШЫҚ ЛАГЕРЛІК ПУНКТИ ТАРИХЫНАН (1934-1950 ЖЖ.).....	6
Нығметов Б.С. И.ТАЙМАНОВ ПЕН М.ӨТЕМІСОВ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХАНЫНДА.....	9
Турдалиев Ә.О. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ: ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	14
Кайргалиева Г. СЕРІК ҚУАНЫШ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	19
Қуандықов Д. АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ РӨЛІ.....	24
Ихсан Д. 1773-1775 ЖЖ. Е.ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ОРЫС ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ.....	29
Бердіғожин Л.Б. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ:ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ.....	35
Молдашева С.К. ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	40
Шарафиденова В.У. «АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ ТОПОНИМИКАСЫ ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ».....	44
Әлкенова А.К. АРХИВ ҚОРЛАРЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	48
Мурзагалиева Д.М. ИЗ ИСТОРИИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ КАЗАХСТАНА В 1920-1930 ГОДЫ.....	53
Жумабаева Б.Ж. ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА.....	56
Заулкашев Б.А. ҚАЗАҚСТАН - ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН.....	59
Қайырғалиева Г.К., Шарафиденова В.У. АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ ТОПОНИМИКАСЫ ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	62
Кауден И.А. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ӨМІРІНІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ.....	66
Рамазанова А.Т., Насиполла А.С., Латипова Л.І. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВИ КАДРОВ В ПРИКАСПИЙ.....	71
Мурзагалиева Д.М. ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫ ТАРИХЫНАН.....	74
Бердыгужин Л.Б., Мурзагалиева Д.М., Кауден И.А. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ ЗУЛХАРНАЙ АЛДАМЖАР.....	79
Сатенова А.Х., Асанова А.А., Баком И.С. ИСТОРИЯ КРАЯ В ПРЕССЕ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ В 1950–1991 ГГ.....	83
Шарафиденова В.У., Махахова А.С., Баком И.С. ТОПОНИМИКА	

АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ КРАЕВЕДЕН.....	87
Алданазарова З.К. ӘНЕТҰЛЫ ТӨЛЕПБЕТАР БАТЫР.....	91
Дарибек А.Ж., Жақсылықова Д.Т. Ә.МҰҚТАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КАСПИЙ ӨҢІРІ ТАРИХЫ.....	94
Алданазарова З.К. ТӨЛЕП БАТЫРДЫҢ ТАҢБАЛЫ ТҰҒЫРТАСЫ.....	98
Турарова Д. BLOG TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF TEACHING ENGLISH TO SENIOR CLASS PUPILS.....	102
Жумабаева Б.Ж. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕК.....	105
Серікбай П.Ж., Тургунбеков А.Ж. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНА.....	109
Серікбай П.Ж., Тургунбеков А.Ж. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТАРИХЫНАН.....	113
Урумбасаров Б. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ.....	121
Баком И. КЕҢЕС ОДАҒЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІНГІ ПОСТКЕҢЕСТІК РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	126
Еңсепов А.А., Абдуова Ж.К. ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ МЕН АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ТАТАР БАСПАСӨЗІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	133
Мирболатов С.М. КАСПИЙ, ЖАЙЫҚ БОЙЫНДАҒЫ БАЛЫҚ КОЛХОЗДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	140
Төлен Ә. БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	158
Исенов Ө.И., Кошбаев Ж.А. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЙ (1885-1937) ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ.....	163
Нүркен С., Исенов Ө. ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....	169
Сапанов С. Ж., Аймуханов С.С. «ПОЛИТИКА РОССИИ И НАЦИОНАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ В ТУРКЕСТАНЕ (НА ОСНОВЕ ПАРИЖСКОГО АРХИВА МУСТАФЫ ШОКАЯ)».....	175
Булеева А.И. ХІХ Ғ. АЯҒЫ -ХХ Ғ. БАСЫНДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ТАРИХЫ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ.....	188
Үржімбаева Ш.Б. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ Ә.Ү.ЕРМАҒАМБЕТОВАНЫҢ «БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ» МОНОГРАФИЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ «ҚАЛАЛАР ТАРИХЫ МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ КУРСЫНДА».....	194
Қуандықов Д.Т. ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ САРАЙШЫҚТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ.....	197
Кульмуканова А.А. ИСТОРИЯ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ТРУДАХ А.И.ТЕВКЕЛЕВА.....	201
Сапарбаева А. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІ ӨНЕРІ.....	206
Орынбасаров А.О., Қайырғалиева Г.К. ҰЛЫҚ ҰЛЫСТАН ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕЙІН: ТАРИХИ ТУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ВЕКСИЛЛОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ.....	210

Жумалиева Г. МАҢЫСТАУ – АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ	222
Ахметова У.Т. САРАЙШЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ӨНЕР	224
Сарбалина Ж.Т. ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ИСАТАЙ, МАХАМБЕТ БАТЫРЛАРДЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	228
Саулебаева С. ҚАЗАҚ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ	232
Бердіғожин Л.Б., Алданазарова З. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНІҢ ӘСКЕРИ ТАРИХЫ:ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	236
Джумагалиева К.В. ДЕЗЕРТИРСТВО В ПЕРИОД ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ: ПРИЧИНЫ И ОБСТОЯТЕЛЬСТВА (НА БАЗЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛ	242

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIX-XX ғғ.)»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ЖҰМЫСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 15,81 б.т.
Таралымы 100 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат, Марданова Сәуле
Мұхабасын жасағандар: Батыров Галымжан, Тукешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс

ISBN 978-601-262-580-6

